


# Есімдері ел есінде



Абай Тасболатов

Есімдері  
ел  
есінде

.2015.

FOLIANT  
баспасы

Астана-2012

**УДК 94 (574)  
ББК 63.3 (5. Қаз) - 8  
Е 96**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды  
түрлерін басып шыгару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

*Тасболатов А.Б. – құрастыруышы, жауапты редактор*

*Редакция алқасы: Жұмабаев С.Ж. – кітапты баспаға дайындаушы;  
Тұрғараев Б., Мұқанов Қ.М., Сүгірбаев Т.А.*

**Е 96 Есімдері ел есінде /Кұраст. Тасболатов А. – Астана: Фолиант,  
2012. – 252 б.**

**ISBN 978-601-292-599-9**

Кітапқа Солтүстік Қазақстан облысынан шықкан батырлар  
мен билердін, Еңбек Ерлері мен генералдардың өмірдеректері  
сияп. Кітап өлкетанушыларға, студенттер мен мектеп оқушы-  
шарына арналған.

**УДК 94 (574)  
ББК 63.3 (5. Қаз) - 8**

**ISBN 978-601-292-599-9**

**© Құраст. Тасболатов А., 2012  
© «Фолиант» баспасы, 2012**

# **ҚЫЗЫЛЖАР ӨҢІРІНІҢ ТАРИХЫНАН**

## **СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ**

**Облыстың жалпы сипаттамасы:** Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО) 1936 жылы құрылған. СҚО-ның қазіргі шекарасы 1999 жылғы 8 сәуірде белгіленген.

**Аумағы:** 97,99 мың шаршы км, республика аумағынын 3,6 пайызын құрайды. Облыс Қазақстанның киыр солтүстігінде орналасқан. Өнір аумағы Костанай және Ақмола облыстарымен және Ресей Федерациясының Қорған, Түмен, Омбы облыстарымен шектеседі.

**Халқы:** тұрғындар саны 2011 жылғы 1 қантарда 589,3 мың адамды құрады немесе республика халқының 3,6 пайызына тең.

Кала халқының саны 238,8 мың адам немесе 40,5 пайыз, ауылда тұратындар 350,5 мың адам немесе 59,5 пайыз.

**Облыс орталығы:** 1752 жылы іргесі қаланған Петропавл қаласы. Халқының саны 2011 жылғы 1 қантарда 203,6 мың адамды құрады.

**Облыстың әкімшілік-аумақтық бөлінісі:** ауылдық аудандар – 13; облыстық бағыныстағы қалалар – 1; аудандық бағыныстағы қалалар – 4; ауылдық округтер – 208.

АгроОнеркәсіп кешені облыс экономикасының аса маңызды салаларының бірі болып табылады. Оның үлесіне жалпы өтірлік өнімнің 30 пайызыға жуығы тиеді.

Өнеркәсіп өндірісі құрылымында ұқсатушы өнеркәсіп ең үлкен көлемге ие – 72,0 пайыз және электрмен жабдықтау,



газ, бу беру мен ауаны қалыпқа келтіру – 22,7 пайыз. Өнеркәсіпте негізгі капиталға құйылған инвестиция 2010 жылы 6252, 8 млн. тенгені құрады (2011 жылғы қантар-тамыз – 6148,4 млн. тенге).

2010 жылы өнеркәсіпте 28 жаңа өндіріс іске қосылды. Бүгінгі таңда өнірдің машина жасау саласында негізгі үш бағыт қалыптасты: мұнай-газдық, көліктік және ауылшаруашылықтық.

Қызылжар өнірі, шын мәнінде де, Қазакстанның басты астықты өлкесі саналады. Біздің дикандар еліміздің астығының үштен бірін өндіреді. 2009 жылы бұрын-сонды болмаған өнім алынды, қоймаларға 9 млн. тоннаға жуық солтүстікқазақстандық астық құйылды.

Агроөнеркәсіп кешені – экономиканың ең маңызды секторларының бірі, оның үлесіне облыс экономикасы құрылымындағы жалпы өнірлік өнімнің 30 пайыздайы тиеді. Саланың казіргі жағдайы мен нақты даму қарқыны – азық-тұлік қауіпсіздігінің кепілі және ішкі азық-тұлік нарығының негізгі факторы болып қалып отыр.

Облыста ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен 669 ауыл шаруашылығы қәсіпорны мен 3284 шаруа қожалығы айналысады.

Құнарлы жердің молдығы екі түбекейлі бағыт-бәсекеге кабілетті, азық-тұліктік бидай өндірісін кеңейту және еттісугті мал шаруашылығы мен құс шаруашылығын өркендету бойынша облысты дамытудың басым бағыттарын айқындалады.

Облыста өндірілетін картоп пен көкөніс есебінен облыстың ішкі қажеттілігі толығымен қамтамасыз етіледі.

Саланың экспорттық әлеуетінің тұрақты өсімі байқалады. Астық өнірі экспорттық айқындалама болып кала береді. 2010 жылы оның экспорты 1,5 млн. тоннаға жуықтады.

Аграрлық сектордың серпінді дамуының басым бағыттарының бірі техникалық жарактану болып табылады. Бес жылдың ішінде 6,5 мың данадан астам заманауи техника сатып алынды.

Мал басының орташа жылдық өсу қарқыны 2-ден 5 пайызға дейінгіні құрайды. Мал шаруашылығы өнімін өндіру көлемінде де осындан серпін байқалады.



«Болашақтың кешені», ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Зенченко және К» КС-нің 800 басқа арналған осы заманғы сүт кешенін осылай деп атады. Бұл шаруашылықта кол енбегін барынша азайтуға мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар колданылады. «Баско» ЖШС-нің 50 мың басқа арналған шошқа кешені, «Петропавл бройлер фабрикасы» ЖШС нәтижелі жұмыс істеуде, «Тайынша-Астық» ЖШС-де 1000 басқа арналған сүт кешенінің бірінші кезегінің күрылсызы аяқталды.

Облыста 2011-2015 жылдарға арналған етті мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы жүзеге асырылуда, соған орай 10000 бас маға арналған бордакылау алаңын, 4000 басқа арналған репродуктор-шаруашылықтар және 12100 басқа арналған фермерлік шаруашылықтар құру қарастырылған.


Өнірдің денсаулық сактау жүйесінің құрамына 29 аурұхана мен 103 амбулаториялық-емханалық үйымдар, сонын ішінде 96 дәрігерлік амбулатория енген. Сонымен катар 480 медициналық қосын және 46 фельдшерлік-акушерлік қосын бар.

Жыл сайын саланың бюджеті молайып келеді: 2010 жылы ол (2009 жылмен салыстырғанда) 3,5 пайызға артып, 17,4 млрд. тенгені құрады. Денсаулық сактау саласының шығыны 28 пайыздан 39,4-ке жетті, сейтіп 1 тұрғынды каржыландыру 3,3 пайызға артты. Кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі 7,8 пайызға артып, 15,2 млрд. тенгені құрады.

«100 мектеп, 100 аурұхана» бағдарламасы Петропавл каласында бір ауысымда 500 кісі қабылдайтын қалалық сімхананы және Жамбыл ауданындағы Пресновка ауылында ауысымына 90 кісілік емханасы бар ауданаралық туберкулезге қарсы 100 орындық диспансерді салып, пайдалануға беруге мүмкіндік берді.

Жоғары мамандандырылған медициналық көмек дамып келеді. Петропавл қалалық 3-ші аурұхана базасында жамбас сүйегін эндопротездеу бірегей отасы жасалуда. 2011 жылдың мамыр айында облыстық аурұханада алғаш рет титанды-никельді имплантанттар пайдаланылып, омыртқаға екі ота жасалды.

Петропавлдағы 2-ші қалалық аурұхана базасында заманауи медициналық қондырғылармен жарактандырылған Кардио-



логиялық орталық құрылышп, бүгінде табысты қызмет көрсетуде. 150-ден астам қолқа қантамырын түйықтау, 200 стент-тей және 2500 коронаграфиялау жүргізілді.

Түмен кардиохирургтарымен ынтымактастық қарым-қатынас жалғасуда, жүрек ақауымен туған балалар Түмен облыстық аурұханасы мен Петропавл қаласындағы облыстық балалар аурұханасы базасында хирургиялық көмек алады. 2003 жылдан бері 486 ота жасалды. 2011 жылы облыстық балалар аурұханасы негізінде кардиохирургиялық бөлім ашу жоспарланып отыр.

Бүгінгі күні Петропавл қаласында ЭКО (Экстрокорпоралдық ұрықтандыру) орталығын құру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Облыста 614 жалпы білім беру мектебі, 34 мектептен тыс мекеме, 552 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Орта арнайы білім беру жүйесі 2 ЖОО, 12 колледж және 20 лицейден тұрады. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті республикадағы жоғары оку орындарының ішіндегі алдыңғы қатарлысы болып табылады.

11 жалпы білім беру мекемесі республикада инновациялық жобаларды енгізу бойынша эксперименттік аланға айналды.

Облыста жыл сайын білім беру сапасы артып келеді, СҚО бойынша ұлттық бірынғай тестілеудің орташа ұпай саны 88,24-ті құрады. Жоғары оку орындары түлектерінің білім деңгейі мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сай келеді.

2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасын және ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен колға алынып, 2010-2014 жылдарға арналған арнайы «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру барысында айтарлыктай нәтижелерге кол жеткізілді. 16 жалпы білім беретін мектеп пайдалануға берілді. 2008-2011 жылдар аралығында балалардың мектепке дейінгі мекемелері 6 есеге көбейіп, бұлдіршіндерді мектепке дейінгі оқыту және тәрбиемен қамту екі есе дерлік өсті.



2011 жылы Петропавл қаласында Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың зияткерлік мектебінің құрылышы басталды.

Петропавл қаласындағы №17 ұлттық өркендеу мектеп-кешені 10 этномәдени орталықтармен белсенді карым-қатынаста жұмыс істейді.

Жыл өткен сайын облыстың білім беру мекемелерінде ыстық тамақпен қамтылған балалар саны ұлғайып келеді, «Мектеп балы», «Мектеп сүті» жобасы сәтті жүзеге асырылуда.

Облыста 566 мәдени объектілер: 3 театр, филармония, 226 клуб, 318 кітапхана, 11 мұражай, 7 кино мекемелері жұмыс істейді.

Тәуелсіздік жылдары солтүстікқазакстандық спортшылар үшін үлкен женістермен атап өтілді. Олардың арасында халықаралық дәрежедегі 70 спорт шебері бар. Велоспорттан еңбек сінірген спорт шебері Александр Винокуров ең үздік нәтижелерге кол жеткізді. Ол жазғы Олимпиадаларға үш мәрте катысты, ал 2000 жылы Сиднейде жеке жарыста күміс медальға ие болды.

### **Өнір тарихынан**

Археологиялық қазбаларға қарағанда адам Қызылжар өнірінде алғаш рет палеолит дәуірінде пайда болған. Бұған мемлекет корғауындағы 500-ге жуық археологиялық ескерткіштер дәлел. Қола дәуірінің қазбалары мәдениеттің, тұрмыс пен әскери өнердің жоғары деңгейі туралы мағлұмат береді. Энеолит кезеңіндегі ата-бабаларымыздың өмірін қайта калпына келтірілген «Ботай» конысы бейнелейді. Бұғінгі күні бұл коныс туристер көптег келетін мұражай кешеніне айналды. Әлемде алғашқы болып Солтүстік Қазақстанның орманды даласында жылқы малы қолға үйретілген.

Тағдырын жазуымен ата-бабамыз мыңжылдықтар бойы Еуразияның көші-кон жолдарының дәл ортасында өмір сүрді.

Біздің өлке қазақ халқының пайда болуының кең тарихи үрдісінің ажырамас бөлігі болды. XV-XVI ғасырларда көптеген түркі рулары мен тайпалары бір мемлекетке қосылды. Оның



нығаюына Жәнібек пен Керейдін, Қасым мен Есімнің, Тәуке мен Абылайдың, атақты батырлар – Карасай мен Ағынтайдың, Кожабергеннің, жанкешті Баян Батыр, Тілеке және Құлсары батырлардың, Ер Жабай, Жанатай, Жәпек батырлардың әрекеттері ықпалын тигізді.

Жұздерге бөлінген түрғындардың негізгі кәсібі қөшпенді мал шаруашылығы еді. Аталмыш атақсіп ерте кезде Еуразияның далаларында қалыптасқан басқалардан өзгеше шаруашылық-мәдени үлгі болатын.

Казактың белгілі ғалымы, Солтүстік Қазакстан облысының тумасы Шокан Уәлиханов XVIII ғасырдың басын қазак халқының өміріндегі ең катал кезең ретінде таныса, 1723 жылды ұлы апат болған уақытқа балаң еді.

Жонғардың Қазакстанға баса-көктеп кіруі салдарынан адамдар қаза тауып, мал қырылды, қыстаулар жойылып, халық солтүстік пен батыска жаппай жер аударды. Сыртқы саяси жағдай шиеленіскең сон, қазак хандықтарының басшылары Ресей мемлекетінің бодандығын қабылдады.

1752 жылы Есіл өзенінің сол жақ жағалауындағы «Қызылжар» деп аталған тоғайлы жерде Петр бекінісі салынып, кейін ол облыс орталығына айналған Петропавл қаласы мәртебесіне ие болды.

Өлкеміздің тарихы XVIII ғасырда Орталық Азияда аса беделді мемлекет қайраткері болған Абылай ханның есімімен байланысты.

Абылай ханның бастамасының арқасында Петропавл жүзжылдықтар ішінде ірі және айырбас және транзиттік сауда орны ретінде дами түсті.

Тарихи әдебиеттерде жазылғандай, XVII-XVIII ғасырларда Қызылжар өнірі «Қызылжар уәлаяты» деп аталды. «Уәлаят» сөзі кіші хандық, аймақ деген сөздердің ұғымын береді. Уәлаятты билеушіні «шора» деп атаған. Бұл сөз кіші хан, аймақ билеушісі деген мағына берген. Бұл аймақтың алып жатқан жері: батысында – Қостанай облысының Құсмұрын-Аманқарағай, одан әрі Тобыл өзені бойымен Звериноголовск калашығы, қазіргі Ресей елінің Қорған облысына қарасты Лебяжі, Мокроусов, Макушино, Петухов аудандары, Түмен облысының біраз жерлері (Есет, Құлшыман, Ишим аудандары), Омбы қаласы, Көкшетау жерлері болған. Орта



жұз қазактары бұл жерге XV ғасырдан бастап мекендей бастағанын айғақтайтын деректер жетіп артылады. Бұлар «Ақтабан шұбырынды» (1723) жылдарына дейін Қаратай маңын қыстау етіп, қазіргі мекендең отырған терістікті жайлauа еткен. Қалмактардан ығысқан Орта жұз қазактары тек 1723 жылдардан бастап бұл өнірді түпкілікті коныс етеді. Бұған дерек орнына Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанынан үзінді келтірейік:

*Шығысын Қаратаяудың қыстау етін,  
Батысын Сарыарқаның жайлauашы еді.  
Арқаны жыл аралата қыстап шығып,  
Жалғанның қызығына тоймаушы еді.*

*Тоғайын Омбы өзені жұртым қыстап,  
Баптаған алғыр тазы, қыран үстап.  
Ертеден Керей қоныс еткен Сібір  
Корғаған жаудан ерлер қару үстап.*

*Сібірдің батыс жағын мекендеген  
Ел жайлап Керей-Уақ еркіндеген.  
Ту үстап, «Ошыбайлан!» үран салсам,  
Жігіттер бірі қалмай соңыма ерген.*

*Баяндау шындық істі болар дұрыс,  
Қызылжар уәлаяты – біздің ұлыс.*

Қызылжар өніріне Орта жұз қазактарының ертеден коныстанғанына тағы бір дерек келтірейік. Қазіргі Солтүстік Қазақстан өнірінде коныстанған Керей руының тұп атасы Бағылан би екенін казак шежіресінен жақсы білеміз. Осы Бағылан би Тобыл өзені бойында туып есіпті. Оның атында Тобыл өзені бойында Бағылан тоғайы, Бағылан қыстауы, Бағылан өзені, Бағылан шоғы, Бағылан көлі, Бағылан жолы лсеген жер-сулар болыпты.

Бағылан би көп жасап, өзі дүниеге келіп өз есімімен атлатын тоғайда ауырып қайтыс болыпты. Оның сүйегін Тобыл өзенінің жарқабағына жерлеген екен. Кейін арада бірнеше



ғасыр өткен сон бұл арадан «Ашы белдеу» («Горькая линия») өтіп, «Звериноголовск», казақша «Бағылан» атты бекініс салады. Кейін бұл жерде «Бағылан базары» деген жәрменкес ашылыпты. Бұл қазіргі Ресейге карасты Корған облысының Половинка (Ақсиыр) ауданына карасты жер.

Қазіргі Жамбыл ауданы Қостанай облысында тұрып жаткан Керейлер – осы Бағыланның Фархад атты баласынан тараған үрпактар.

Керейдің Матақай руынан тарайтын академик Манаш Қозыбаев «Жұлдызым менің» дейтін кітабында: «Біздің 17-атамыз Бағылан би Алтын Орда биі болды деседі. Ал, сол Бағылан бидін қонысы – осы күнгі «Горькая линия» бойындағы Бағылан-Звериноголовск бекінісі, ендеше біздің ата-бабамыз бұл қоныста отырғанына 450 жыл шамасы», – деп жазды (Жұлдызым менің. – «Арыс» баспасы, 2001. – 88-бет). Манаш Қозыбаевтың бұл пікірі Қазақстан тарихы жылнамасымен дәл келеді, Бағылан би – XVI ғасырда өмір сүрген адам.

Калмактардан ығысқан Орта жүз казактары тек 1723 жылдардан бастап солтүстікке аяқ көшті. Осы бір ауыр кезенде Қожаберген жырау былай деп жырлады:

*Осындаі кең аймақты мекен еткен  
Орта жүз бүгін жаудан жапа шеккен.  
Айырылып атақоныс, мал-мұлқінен,  
Тұрмысы жұрттымыздың кері кеткен.*

*Жан-жақтан Сарыарқаға ел құлады,  
Куылып қыстауынан зар жылады.  
Киналған мекен таптай жаяу-жалпы,  
Шұбырып жүрген ізін жол қылады.*

1718 жылы Әз Тәүке қайтыс болғаннан кейін қазақ мемлекетінін бытыранқы күй кешкенін тарихтан жақсы білеміз. Абылай ханға дейін Орта жүзді билеген Сәмеке, Күшік, Барак, Әбілмәмбеттер елді басқара алмады. Халық қалмактардың талауына ұшырады. Осы кезен туралы Қожаберген жырау:

*Халық қалмактары*

*Төрелер Әз Тәукедей бола алмады,  
Оларға қазақ көңілі тола алмады.  
Батыр, Болат, Сәмеке дәрменсіз бол,  
Кездейсоқ ел жағдайы оқалмады.*

*Хан, сұлтан, төре күні өткен деді,  
Олардан ақыл-айла кеткен деді.  
Үш жүзім өзіңді өзің тұтас ел қып,  
Басқарар енді уақыт жеткен деді.*

*Данышпан топтан көсем сайла деді,  
Үш жүздің келешегін ойла деді.  
Қазақты төре бастап көгертер деп,  
Малтаңды би мен бектер езбе енді, –*

деп жырлады. Қожаберген жырау айтқандай, хандардан құдер үзген халық өз көсемдерін өздері сайлап, өздерін-өзі басқаруға кірісті.

Қызылжар өнірінде Қызылжар уәляяты (кіші хандық) құрылды. Уәляяты шора (кіші хан) биледі. Бұл уәляяттың бірінші шорасы – Қожаберген жырау, Аскап, одан кейін Баян бай Акшаұлы, Шакшак Қөшекұлы, Есеней Еstemісұлы сиякты Керей руының атакты адамдары болды. Бұл адамдардың бәрі де қазіргі Жамбыл ауданынан шыққан атакты ру басшылары, бәрінің де бейіттері Жамбыл ауданының жерінде. Қөшебенің Таузар атасынан тарайтын Қожаберген жырау мен Шакшак Қөшекұлы Гүлтөбе-Маманай жеріндегі Толыбай қорымына жерленсе, Қөшебенің Жоламан атасынан тарайтын Баян бай Жамбыл ауданына қарасты Петровка селосының онтүстік-шығыс бетіндегі «Баян» зиратына жерленген (зират өзінің атымен аталған).

Қазақ халқының тарихында «анау – сенін жерін», «мынау – менін жерім» деп ауызша айтқанмен, сол жерді қағазға сзып түсіру рәсімі болмаған. Жерді рәсімдеп шарт жасау бізге Ресейдің отарлау саясатымен, яғни шұрайлы жерлердің шекарасын корғап тұрған казактар мен қарашикпендерге жерді қазактардан тартып әперу саясатымен бірге келген.

Бірінші Петр 1708 жылы Ресейді тұнғыш рет губернияларға бөлді. Солардың бәрі қазіргі Солтүстік Қазакстан облысының



жері караған Сібір губерниясы, орталығы Тобыл каласы болды.

Ресей үкіметі XVIII ғасырдың ортасында Сібірдегі шептерін нығайта тұсу үшін мұндағы әскерді басқаруға Киндерман деген генералды жіберді. Киндерман бұрынғы Ишим шебін кей тұстарында 200, кей тұстарда 50 шакырым онтүстікке қарай жылжыта түсіп, оны Орынбор, Ертіс шептерімен жағастыруды ұсынды. Бұл отарлау ісін жасырмак болып, «Жонғарлар шабуылынан корғану үшін» деп атады. Шынына келгенде, Ресейге қауіп төндіріп тұрған жонғарлар жоқ еді. Бұл қазак-қалмақ соғысын пайдаланып, қазак даласының шұрайлы бөлігін басып алу амалы болатын. Айталық, бұрынғы шекара, «Есіл шебі» казіргі Лебяжье станциясы, Макушино және Петухов, Мамлют станциялары терістігімен, яғни Сібір трактасы бойымен өтсе, генерал Киндерманның ұсынысымен шекара Петропавл-Преснов, Пресноредут-Звериноголовск селоларымен өтті. Қазак жері болып келген Мамлют ауданының біраз жері, Тұмен облысының Ишим ауданы, Қорған облысының Петухов, Макушино, Лебяжье, Половинка (Аксисыр), тағы басқа жерлері Ресейге қарап қалды. Петропавл – Қостанай тас жолының солтүстік жағындағы Жамбыл ауданына қарасты жерлер түгелімен Ресейге қарап қалды. Кенес өкіметі кезінде орыс тарихшылары Россияның отарлық саясатын жасыру мақсатында XVIII ғасырға дейін Есіл өзенінің солтүстік бетін бос жатқан жер еді, қазактар ол жерде қоныстанбаған деп, тарихты бұрмалап келді. Бұл пікірдің кате екенін Кожаберген жыраудың мынадай жыр шумактарымен да дәлелдеуге болады:

*Атанған бабам Ғали Ашамайлы,  
Өсірген мыңдан тайлак, құнан-тайды.  
Сібірге үрпақтары қоныстанып,  
Ел болып ерте кезден қанат жайды.*

*Шалқар көл, ну орманды Сібір жері,  
Сібірді мекен еткен Керей елі.  
Егін сап, күн көрүдің қамын ойлап,  
Бас қосып кенес құрған би мен бегі, –*



дейді. Жырдағы Ашамайлы Ғалидың Керей шежіресімен жылын есептесек XV ғасырға келеді, яғни уақыт жағынан Қазақстан тарихымен үйлес.

Казіргі Солтүстік Қазақстан облысы жеріндегі казактар XV ғасырда Сібір хандығы – Жошы хандығы – Қазақ хандығы құрамында өмір сүрген қазактардың үрпағы екені анықталып отыр.

Корған қаласынан 7 шакырымдай жерде Баксары деп атап алған село бар. Бұл Балта Керей Баксары батыр Райжанұлының (1683-1778) есімімен аталған. Сол маңай Баксары батыр жері болған. Мокроусов ауданының шығыс бөлігі Керейдің Балта атасына тиісті жер болған. Макушино ауданының Мәртін, Күміскөл (Серебрянка), Сетевной ауылдары Таузар Қөшебесіне қарасты болған.

Салғара ақын (1759-1858) «Көшкен жұрт» атты өлеңінде:

*Жырма ауыл көшіп Балтадан  
Жүрекке жара салдырған.  
Немеребай, Рай орманын  
Есентай жатқа қалдырған.*

*Рай көлі дөңінде  
Тұған екен Есентай.  
Көшерінде қиналған  
Өз қонысы қия алмай.*

*Дұшпан алды еріксіз  
Бақсары батыр жерлерін.  
Пайдаланды, дариға-ай,  
Байлығы мол көлдерін, –*

деп жырлайды. Салғара ақынның осы өлеңіндегі ауыл, жерсу аттарын Макушино ауданының картасынан кездестіруге болады. Немеребай орманы деген жерде «Немеровка» селосы бар, «Рай» атты көлі де, «Есентай» атты жері де бар. Ресей отаршылдары негізінен Петухов ауданы жерінен 15 мың шанырақ Абак Керейді Ертістің сыртына Құлынды даласына қоныс аудартқан. Бұл көшті басқарған Бердәүлетұлы Жәнібек батыр (1710-1805) болатын. Осы уақиғаны Сегіз Сері «Тұған еліме» деген өлеңінде бывайша жырлаған:



*Кемірді берекендей сол көшкен ел,  
Күйінді жұрты азайып Маралдай ер.  
Ұтылды қартайғанда ер Жәнібек,  
Бір кезде болғанменен сіздерге бел.*

*Құлындыға төрт жүйе елің көшіп,  
Баласы Керей-Уақ бағың тайды.  
Ол жерге барғаннан соң тұрып қалмай,  
Алтайға ауамыз деп тартты қайғы.*

*Азшылығың қоныстан қозғалмадың,  
Сөзіне патша әкімі алданбадың.  
Марал ишан дүшпанмен соғысса да,  
Ақ туын қолына ұстап пайғамбардың.*

Осылайша Ресей мемлекеті XVIII ғасырдың ортасында жоғарыда көрсетілген жерлерден казактарды қуып, солтүстік шекарасын 50-200 шақырымға дейін кеңейтті.

Тарихта «Горькая линия» («Қайғылы белдеу») деп аталып қалған. Бұл белдеу тұтасымен біздін Солтүстік Қазақстан облысы жерінен өткен.

1819 жылғы Уәли ханның өлімі қазақ хандығының құлауын тездедті. Ресей патшалығы үшін хандықты жоюодың онтайлы сәті түсті. Хандықты жактаған халық Уәлидің бәйбішесінен туған Ғұбайдолланы хан сайлағанымен, Ресей патшалығы оны бекітпеді.

1822 жылғы М. Сперанскийдің «Сібір қазактарын билеу» туралы ережесінің шығуна байланысты қазақ даласындағы хандық билік жойылды. Ел іші ауыл (50-70 үй), болыс (10 ауыл), округ (15-20 болыс) болып бөлініп, аға сұлтандық басқару жүйесіне көшті. Яғни, біргұлас халық бір орталыққа бағынатын бас иесінен айырылып, іштей бөлшектенуге ұшырады. Округті билейтін аға сұлтандар елге билік жүргізген сияқтанып атка мінгенімен, оның атының да, өзінің де тізгіні патшалық Ресей әкімдерінің колында болды. Патша әкімдері казақ халқын аға сұлтандар арқылы биледі. Орталық Қазақстанда Каркаралы, Көкшетау, Баянауыл, Аягөз, Ақмола,



Көкпекті, Аманқарағай (Құсмұрын), Алатау округтері ашылды. Бұл округтер 1824 жылдан бастап ашылды, 1822-1823 жылдары бірде-бір округ аша алмапты. Себебі, Орта жүз хандығын бөлшектеуге казактың билері мен бектері, Есеней сияқты шоралары, Марал ишан және басқа имам, хазіреттер қарсы болыпты. «Замана» деген өлеңінде Сегіз сері осы кезең туралы былай деп жырлаған:

*Сүм патша елді алдағы расында,  
Келтірмей қозғалуға шамасын да.  
Билерге үш жылы бойы ерік берген  
Хандық жойылып, дуан құрылар арасында.*

*Хандықты жоймақ болып, жарлық келген,  
Сұлтандар дүлетінен тарлық келген.  
Патша уездері Сперанский жоба жасап,  
Он дуанга Орта жүз халқын бөлгөн.*

*Абылаі ханға тартпаған балалары,  
Ел билеуге жетпеген шамалары.  
Ұәли Орта жүзге хан болса да,  
Қазақтың жақтырмаған даналары.*

*Ұәли хан өлмей тұрып бір жыл бұрын  
Хандығы Орта жүздің таратылған.  
Көсемге ел басқарар билік тимей,  
Кәпірге қазақ жүртты қаратылған.*

*Он дуан бірақ бірден құрылған жоқ,  
Сүм патша жүрттты алдағы, ұтылған жоқ.  
Маралдың соғыстары аяқталған,  
Сол себеп өткенге ұлық бұрылған жоқ.*

*Біртіндең округтерді құра берді,  
Бектерді өздеріне бұра берді.  
«Жүрт қамы» деген сөзді дәлел етіп  
Шонжарлар ел үстауды мақұл көрді.*

*Бұл күнде құрылыпты сегіз дуан,  
Басқарған сегізін де өңкей жуан.  
Ішінде дуанбасы шонжарлардың  
Кейбірі сардар еді жауды құған.*



*Қыс қылған Ресей патшасы елдің жазын,  
Ұстаған қолиоқпар ғып жүрттың азын.  
Халайық, билік жайын ұғынған жөн,  
Аға сұлтан, дуанбасы – бір лауазым.*

*Шеттетіп көп көсем, не маңғазды,  
Басқарған аға сұлтан приказды.  
Сайланып заседатель-орынбасар  
Күндейді думанышы деп өнерпазды.*

**XIX ғасырда облыс халықтарының қоныстануы мен қоғамдық құрылсыы:** Ресей мемлекетінің 1822 жылғы «Сібір қазактарын билеу» туралы ережесі бойынша Қызылжар өнірінде бірінші болып 29.04.1824 жылы Қекшетау дуаны құрылды. Бұл дуанды (округті) Бурабай жерінде салу жоспарланғанмен, қазактар Бурабайдын сұлу табиғатын орыстарға былғатпаймыз деп Бұқпа тауының етегінде, Қопа көлінің жағасына салғызған еken. Бұл дуанға 1834 жылы Есіл өзенінің терістігінен Аманқарағай дуаны (кейін Құсмұрын дуаны деп аталған) ашылғанша қазіргі Солтүстік Қазакстан облысының біраз жері қараған. Тарихшы К. Эбуюевтің деректері бойынша дуанға 40 мын адам, 8778 шанырак, 144 ауыл, 17 болыс қараған. Дуанның алғашкы аға сұлтаны – Ғұбайдолла Уәлиев, заседательдері (аға сұлтанның орынбасарлары) болып Марданов, Боранбаев, Байтоқин, Мұсет Жәнібековтер сайланады.

Архив деректері бойынша Қекшетау дуанының әр кезде аға сұлтандары болғандар: Ғұбайдолла Уәлиханов – 1824, 1832-1838, Зілгара Байтоқин – 1824-1826, 1838-1841, Токтамыс би – 1826-1827, Мандай Токтамысов – 1845-1851, Әбдіғафар Мандаев – 1852-1854, Пірәлі Ғаббасов – 1854, Шынғыс Уәлиханов – 1860-1866, Мұса Жылғарин – 1866-1868 (*Жылғара Байтоқин, Галым Қадірәліұлы. – Арыс, 2004. – 28-б.*).

1844 жылғы санакта Қекшетау дуанының әлеуметтік, экономикалық жағдайы (АМА. 379-қор, 1-тіркеу, 1464-ic):

1. Андағұл-Ораз-Бәйімбет болысының ауыл старшындары: Тұрынбек Наурызбеков (Ерей ауылы). Байғазықұл Доныспаев (Андағұл ауылы). Сактан Шорин (Андағұл ауылы). Елток Кошанов (Шонай ауылы). Байтөбет Жандәuletov



(Үәнас ауылы). Нұртай Бектасов (Жәпек ауылы). Коржынбай Шабакбаев (Кошқұлы ауылы). Жанбатыр Ботанов (Сары ауылы). Шоқай Алтайбергенов (Кошқұлы ауылы). Босқымбай Жұдырықов (Түшке ауылы). Кыық Атағожин (Сырымбет ауылы). Мырзабек Бектасов (Монтық ауылы). Жанақ Бердин (Жұмық ауылы). Тиышпай Маймақов (Нарбота ауылы). Тоқыр Қойболов (Жұмық ауылы). Індібай Сүйіндіков (Тайберді ауылы).

<b>Болыстар</b>	<b>Ауыл</b>	<b>Күніз үй</b>	<b>Ерлер</b>	<b>Әйелдер</b>	<b>Жыныс</b>	<b>Кара маңы</b>	<b>Көй мен енгізі</b>
1) Бабасан-Бағыс	16	1047	3073	3173	19320	3820	29852
2) Аңдағұл-Ораз-Байімбет	16	1215	3291	3353	39303	5140	85519
3) Аңдай-Рсай	12	598	1627	1459	17863	1680	35703
4) Аққиік-Құлансу-Қойлы	11	601	1590	1615	13729	1979	194201
5) Есенбай	19	1219	2646	2233	37507	3932	54497
6) Карапаш-Жаулыбай	12	906	2390	2565	13685	2023	29949
7) Майлы-Балта	15	1045	2896	3167	27853	4273	38816
8) Қалды-Ногай	13	947	2652	2935	12906	2069	22258
9) Ақты-Қарауыл	19	498	1133	1323	22259	1655	38194
10) Жабар-Қарауыл	9	424	765	859	8814	1273	23054
11) Мөнтек-Сары-Қарауыл	7	405	795	771	9940	1769	20329
Дұан бойынша барлығы:	149	8905	22358	23453	223179	29603	574372

2. Аққиік-Құлансу-Қойлы болысының ауыл старшындары:  
Жұмбек Шайгенов. Қ. Жолдығұлов (мөрі бар). Қайдажан Жантілесов (Құлансу ауылы). Арықпай Қосағалов (Әлиәмбет



ауылы, мөрі бар). Куаныш Бекбасов (Аққиік ауылы). Байкосшы Күшібаев (Аққиік ауылы, мөрі бар). Рамазан Тұяков (Қойлы ауылы, мөрі бар). Сексенбай Кішкентаев (Аққиік ауылы). Көрпебай Байболов (Атығай ауылы, мөрі бар).

3. Қарауыл руының Қылды, Акты, Жауар, Мөнтік-Сары болыстарындағы ауыл старшындары:

Жұрымбет Қосағалов (Қарабай ауылы, мөрі бар). Байман Бектұров (Арыстан ауылы). Сәрсенбай Жанғұлов (Досай ауылы), Бабас Жасболатов (Айбала ауылы). Бейсен Коҗабаев (Қонай ауылы, мөрі бар). Бокай Қойбағаров (Досай ауылы, мөрі бар). Ұстабай Тайманов (Шеку ауылы). Әлібек Жұрынбаев (Мойындықұл ауылы). Байдол Қарамырзин. Томалак Бегалин (Алдияр ауылы, мөрі бар). Итжан Байбеков (Иман ауылы). Қашқынбай Бердікеев (Досай ауылы). Рысқұл Қосағалов (Сарыбай ауылы, мөрі бар). Қашқынбай Шошаев (Рай ауылы, мөрі бар).

4) Андай-Рсай болысы бойынша ауыл старшындары: Байток Қенжеғарин (мөрі бар). П. Карекин (мөрі бар). Сүйін Акашев (Бура ауылы, мөрі бар). Өмірбек Балапанов (Байтеле ауылы). Бекет Сандыбаев (Қоныспай ауылы, мөрі бар). Битен Елемесов (Тұмбай ауылы, мөрі бар). Қоспан Тұрғынбаев (Ақкозы ауылы, мөрі бар). Дінғожа Тайбаков (Акмәліш ауылы, мөрі бар). Құдас Тоқаев (Есенгелді ауылы). Жаныл Досжанов (Күйік ауылы, мөрі бар). Малдыбай Тышканов (Орыс ауылы).

5) Бабасан-Бағыс болысында 16 ауыл старшыны қызмет атқарған.

6) Есенбай болысында осы жылдарда 30 ауыл старшыны есепте тіркелген. Олар жиі-жиі ауысып отырған болуы керек.

Аталмаған болыстарда да ауыл санына қарай старшындар болған. Бір ескертे кететін жайт, адамдардың аттары, фамилиялары мұражайда, мұрагаттарда (архивтерде) орысша жазылған. Кезінде санак жүргізгенде орыстар да тізімді тіркеген болуы керек. Сондыктан накты сөздер, есімдер ауытқып, бұрмаланғаны көрініп түр. Кейбір ауылдардың аттары да бұрмаланған немесе мұлде жазылмаған.

Жоғарыда аталған ауыл старшындары 1834-1845 жылдар аралығында әркайсысы әр мезгілде Қекшетау дуанының шешімімен тағайындалған. Жалпы Андағұл-Ораз-Бәйімбет

болжысында 16 ауыл старшыны, Аққиік-Құлансу-Қойлы болысында – 25, Андай-Рсай – 11, Бабасан-Бағыс – 16, Есенбайда 30 ауыл старшыны болған.

1830 жылы қантар айында Аманқарағай дуанын ашпақ болып, оған қарайтын қазактардың тізімін алады (*Омбы архиві. «По устройству Аманкарагайского округа». З-кор, 12-тізім, 17681-ic*). Қазіргі Жамбыл ауданының жері Аманқарағай, кейін Құсмұрын дуанына қараған.

Есеп алу кезінде әр ру бойынша үй санын, адам санын, жылқысын, ірі қара малын, тіпті қой-ешкісінің санын алған (орине, салық салу үшін). Есеп алу жұмысына әр рудың белделді адамдарын және үкімет чиновниктерін пайдаланған. Сол 1830 жылғы қантар айындағы алынған есептің нәтижесі мүнадай:

#### I. УАҚ руы

1	Бидалы	500	40000
2	Жансары	525	25150
3	Баржакем	450	12620
4	Шайтоз	225	4450

#### I. КЕРЕЙ руы

1	Конебе	700	17500
2	Сибан	500	20000
3	Матакай	1000	32000
4	Самай	500	22000

**Жайлауы:** Нарөлген, Сарой, Алыпқаш, Талдықөл, Аббасшілік, Үшкөл, Мендеке бейіт, Аксуат, Қак, Қоралы, Шүрегей, Құмдықөл, Жарқайық, Байқотан.

**Қыстауы:** Жылқыалған, Жабайқыстау, Саздығаш, Найзакөл, Құланбай, Айдарагаш, Қоржынкөл, Түйғынқашкан, Ұзынқызық, Масалы, Қатақтығаш, Құрман, Жабы, Тайлақағаш, Сарымсақ қыстаған, Шертай қыстау, Айырлықөл, Жанай, Қарабисағаш, Сұлдікөл, Майлышағаш, Бектай қыстау, Төктәғаш, Қосмола, Қоскөл, Қатен, Шарбакты, Қоржынкөл, Құттыбай қыстаған, Қараөткел, Құдықағаш, Ұялысор, Сарыоба, Сартым қыстау, Қаратерек, Сарбалық, Желқызыл, Қорғантерек, Байғаш, Ащысор, Борсықағаш.

#### **4. Баржақсы-Жансары Уақ болысы.**

Уақ тобы: – 82, Жансары – 229, Шайгөз – 205, Баржақсы – 208, Сіргелі – 89. Жаубасар тобы (Шоға) – 217.

**Жайлауы:** Жасылбағар, Сарыоба, Ұзынкөл, Өгізбалық, Құндызды, Алабота, Қак, Қарасу, Қоғалы, Құмдықөл.

**Қыстауы:** Есіл, Мұқыр, Қоянды, Қойбағар, Есілдің он жағы: Ұлықөл, Шымылдықты, Келтесор.

#### **5. Ақташы Аргын-Қанжығалы болысы.**

Қанжығалы – 356, Ақташы – 248, Уақ тобы – Бидалы – 458 туғын.

**Жайлауы:** Ұзынкөл, Қак, Қарасу, Қызылайғыр, Жасылбағар, Сарыоба, Қауызды, Терісбұтак, Оймакөл, Алабота, Қойбағар өзені.

**Қыстауы:** Мезгіл орманы, Тыран, Қойнақ, Құсмұрын, Сарытубек, Куқамыс, Аман, Тілеген, Тымтәуір.

Жанадан құрылған Аманқарағай округінің аға сұлтандығына халық Есенейді ұсынғанмен, Ресей үкіметі басшылары бұл ұсынысты кабылдамайды. Өйткені, губерния басшыларының түсінігінде кара казактан шыққан адамдар ел басқара алмайды, қазақ елін тек қана хан тұқымынан шыққан адамдар ғана билеу керек деп санаған. Өзінің аға сұлтандыққа өтпесін білген Есеней ауыл арасына сінісп кеткен Абылай ханның көп әйелдерінің бірінен туған баласынан тараған Жалбыр Абдуллинді аға сұлтандыққа ұсынады. Бұл адамды хан тұқымынан болғандықтан бірден бе-

кітеді (Жалбыр Абдуллиннің кіші қарындасы Айтолқынды Есенейдің әкесі Еstemістің інісі Есіркептін баласы Есенәлі алған). Жалбыр Абдуллин жуас, ел басқару тәжірибесі де, оқығаны да шамалы адам болады. Сондыктан дуанның (округтің) барлық жұмыстарын заседательдері болып сайланған Есеней Еstemісов пен Тәбей Барлыбаев билейді.

Аманқарағай дуанына қарасты халықты жоғарыда аталған ру жігімен алдымен ауылға, ауылдарды болыстарға бөлген. Эр ауылдың, болыстың басшыларын сайлап, әр болыстың тиесілі жерін бөліп берген. Дуан (округ) құрыларда жасалған шарт бойынша казактар үйлерінің және малдарының санына қарай жасақ (салық) төлеуге міндеттенсе, үкімет казактардың жерлерін, малдарын барымташылардан қорғауға тиіс болған. Бірақ патша өкіметі тарапынан бұл өзара келісім орындалып отырмаған. Мысалы, 1831 жылы тамыз айында дуанның аға сұлтаны Жалбыр Абдуллин, старшындар: Есеней Еstemісов, Тәбей Барлыбаев, Құндыбай Мамашев, Біркен Малкаров, Тоқсан Малғаждаров Пресногорьков бекінісіне келген Тобыл губерниясы басқармасының бастығы генерал-губернаторы И.А. Вельяминовке жазбаша хабарлама (докладная записка) тапсырады (*Омбы архивы. З-қор, 12-тізім, 1868 I-ic*).

1830 жылы Есіл өзенінің терістік бетінде Тобыл өзеніне дейінгі аралықтағы жерді қамтитын Аманқарағай дуаны құрылғанмен тарап кеткен болатын. Оған бірнеше себептер болды. Біріншіден, дуанға қарасты халық өзара келісім бойынша дуанға жасақ (салық) төлеп тұру керек болса, дуан басшылары өзіне қарасты халықтың жерін, дүние-малын ұрықарыдан қорғауға тиісті болды. Дуан халықтан салықты жинап алғанмен, өзіне тиісті шартты орындаі алмады. «Ашы белдеу» бойында орналасқан казактар казактардың құнарлы жерлерін тартып алып, атаконыстарынан айырды. Жергілікті казактар мен белдеу бойындағы казактар арасындағы жанжал карулы қактығыстарға дейін барды. Марал ишан қозғалысынан басталған орыс старшындарына деген жергілікті халықтың өшпендейділігі басыла қоймады. Халық салық төлемей, дуан басшылығына бағынбады.

Батыс Сібір губерния басшылары 1834 жылдың тамыз айында тарап кеткен Аманқарағай дуанын қайтадан ашты. Жоғарыда айтылған жағдайларға байланысты Көкшетау

дуанынан он жыл кеш ашылды. Елді хан тұқымынан шыккан адам ғана билеу керек деген қалыптасқан дәстүрмен дуанның аға сұлтаны болып Шыңғыс Уәлиханов (1811-1902), орыс кенесшісі Язы Янов, қазақ кенесшілері (заседательдері) болып Есеней Еstemісов, Тәбей Барлыбаевтар сайланды. Дуанға қарасты халық болыстарға бөлініп, болыстар ру жігімен бөлінді. «Бөліп ал да, билей бер» саясатымен халықты жікке бөліп, бірігіп кетпеу үшін ру арасында жікшілдік туғызып отырды. Сол уақыттағы Аманқарағай дуаны халқының құрамы төмөндеғідей болды (*Алматы архиві. 345-қор, 1-тізім, 1869-ic*).

Болыс аттыры	Старшыны	Аудынды	Отбасы	Ерилері	Әжелдері	Жылды	Сыр	Кой
Баржаксы Уак	Ермек Токпанов	11	661	983	689	2977	1342	3103
Жансары Уак	Тілеп Байқүшіков	11	638	995	763	3567	1560	4770
Бидалы Уак	Берік Маккароров	10	661	692	684	5200	1650	21000
Сибан	Жұман Кондыбаев	6	403	1106	505	4066	1420	12000
Еменәлі	Күлібек Токсаков	11	701	1327	703	2100	1355	3000
Самай Шағалак	Тайпак Сапулатов	10	571	1091	667	2895	1333	5037
Балта		4	246	738	861	3406	1201	4383
Көшебе Есенбакты	Малдыбаев	5	320	910	450	3500	600	6600

**Ескерту: Балта, Көшебе Керейдің біразы Орынбор губерниясына қараған.**

Кейін (1835 жылы) Құсмұрын болып аталған Аманқарағай сыртқы округі Обаған мен Есіл өзендерінің аралығындағы, онтүстікте – Торғай өзенінің бас жағын, солтүстікте «Аңы



белдеу» бойына дейінгі жерлерді қамтыды. Округ (дуан) жерінде: 62 ауылдан тұратын (3192 шаңырак) Керей (Сибан, Балта, Қөшебе, Еменәлі, Самай, Матақай), 1773 шаңыракты біріктіретін Арғын, 123 шаңырактан тұратын Қыпшак, 1957 шаңыракты біріктіретін 32 ауылдан тұратын Уақ (Баржаксы, Бидалы, Жансары, Шайгөз) тайпалары мекендеді. Бұл округ казактары Есіл, Обаған өзендерінің жағалауларын, калың ормандар арасын қыстап, жазда шөптің жақсы жайылымдықтары бар жерлерге көшіп жүрді.

Патша үкіметі Сенатының 21 казан 1868 жылғы «Орал, Торғай, Ақмола, Семипалатинск облыстарын уақытшабасқару туралы ережесі» бойынша Ақмола губерниясы құрылды. Орталығы Омбы қаласы болды. Бұл казак жерін отарлаудың ен соңғы сатысы еді. Бұрын дуандарды (округтерді) аға сұлтандар басқарып, аға сұлтандар міндепті түрде казактардан сайланса, ел басқарудың бұл ережесі бойынша қазактар мұлдем ығыстырылды, көп дегенде кенесші (Кенесник), тілмаштық қызметтерге ғана ие болды. Сол кездегі Солтүстік Қазақстан облысы жеріндегі жоғарыда аталған Қекшетау және Құсмұрын дуандары Ақмола губерниясына қарады.

Казан революциясынан кейін өлкенің әкімшілік-территориялық бөлінісінде өзгерістер болып, 1918 жылы (19 қантар) Ақмола губерниясы негізінде жаңа әкімшілік аумак Омбы губерниясы (облысы) құрылды, орталығы – Омбы қаласы. Губерния құрамына Омбы, Петропавл, Қекшетау, Ақмола, Атбасар, Тары, Текелі уездері кірді.

21 сәуір 1921 жылы Петропавл қаласында Омбы губерниясынан бөлініп Ақмола губерниясы құрылды. 26 сәуір 1921 жылы КирЦИК-тің төмендегідей шешімі шыкты.

«1. Петропавл, Қекшетау, Ақмола және Атбасар уездері Омбы губерниясының құрамынан шығып, Қазақ Социалистік Кенестік Республикасына кіретін Ақмола губерниясы құрылсын.

2. Жаңа құрылған Ақмола губерниясының орталығы Петропавл қаласы болсын».

1932 жылдың 20 акпанында Қарағанды облысы құрылды. Бұл облысқа 21 аудан және Петропавл, Қекшетау, Атбасар, Ақмола және Қарағанды қалалары кірді.

1936 жылы 24 маусым күні Қарағанды облысы Қарағанды және Солтүстік Қазакстан облыстары болып екіге бөлінді.

Қоғам өмірінде жаппай террордың басталуы, 30-жылдардағы биліктің жүгенділігі, халыктың басына қара бұлт үйірді. БК(б)П ОК-нің акпан-наурыз (1937) пленумы елдегі саяси қуғын-сүргінді барынша қүшеттіп жіберді. 1936 жылы және 1937 жылдың 4 айында облыста 140 адам партиядан шығарылды және қамауға алынды, оның 67-сі халық жауы болып есептелді. 1937 жылы казанда Преснов ауданының басшылары тұтқындалды. 5 мыңнан астам солтүстікқазакстандық саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. 1937-1938 жж. болған зансыздықтар шаруашылық және мәдени құрылыштың дамуын түпкілікті тежеп таstadtы. Қоғамның моральдық-психологиялық ахуалын киындағып, елдің корғаныс қабілетін төмендетті.

Ұлы Отан соғысының алғашкы күндері облыстың ең-бек ұжымдарында көп адам жиналған митингілер мен жиналыстар болып, солтүстікқазакстандық Отанды қорғауға, елдің қорғаныс қабілетін қүшеттігіне дайын екендіктерін білдірді. Жұздеген жігіттер мен қыздар әскерге шакыру орындарына «Мені майданға жіберініз!» деген өтінішпен келді. Соғыс басталғаннан кейінгі бес күн ішінде Петропавлдан майданға 702-құрылыш батальоны аттаңды. 1941 жылғы тамызда Солтүстік-Батыс майданға Қазақстанның солтүстік облыстарындағы әскери міндеттілерден құралған 314-атқыштар дивизиясы жіберілді. Дивизия Ленинград түбінде, Балтық жағалауында жаумен шайқасты, Польшада, Чехословакияда жауды талқандады. Александр Невский орденімен марапатталды.

Мындаған жауынгер-жерлестер данкты Гвардиялық дивизиясында Мәскеу үшін шайқасты, көптеген солтүстікқазакстандықтар Сталинградты қорғауға қатысты. Курск доғасында, Днепрде, партизан отрядтары құрамында жеңіспен соғыса отырып, Германия жерін ғана емес, сонымен катар

Польша, Венгрия және Румыния халықтарын фашистерден азат етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында 92 мыннан астам солтүстікқазакстандық әскерге алынды, 14 мың адам еңбек әскеріне жіберілді, солтүстікқазакстандық 56 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды, 11 адам Данқ орденінің толық иегері болды. Облыстың «Жадынама кітабы» мәліметтері бойынша соғыс барысында 45364 адам қаза тапты, яғни майданға кеткен әрбір екінші адам үйіне оралған жок.

Соғыстың алғашкы жылында Петропавл қаласы Батыстан көшірілген 20 зауыттың ұжымы мен қондырғыларын кабылдады. F. 239, 347, 641, 675, АЛД-корғаныс кәсіпорындарының тобы құрылды. Тері илеу, хром зауыттарының, байпак-аяққиім, махорка фабрикаларының, өнеркәсіп артельдерінің қуаты екі-үш есө есті. Мындаған қалалыктар – карттар, әйелдер, жасөспірімдер бұл кәсіпорындардың ұжымын құрады. Петропавл теміржол бөлімшесінің теміржолшылары жанкиярлықпен енбек етті. Жұмысшы депосы соғыс кимылдана катысушы әскерге «Солтүстікқазакстандық» бронды пойызын, ал вагон депосы пойыз-моншаны және әскери асхана жасап жіберді. Соғыс жылдарында майдангерлер мен гвардияшылар бригадалары, екіжүздіктер және үшжүздіктер қозғалысы, шикізат пен электр энергиясын үнемдеу үшін қозғалыс кеңінен қанат жайды. Адамдар қыншылықты жеңе отырып, жарым көніл, жарты құрсақ бола жүріп, тұрмыстың қындығына мойымай, шикізатпен, электр энергиясымен, отынмен және құрал-жабдықпен қамтамасыз етудегі үзілістерге қарамастан Отанды гитлершіл басқыншылардан қорғау жолында бар қүш-жігерін аямай жұмсады.

Соғыс аяқталғаннан кейін бейбіт еңбекке көшуде үлкен қындықтар кездесті. 126 мың алқапта бұрынғы жыртылған жерді кайта өндеуге тұра келді. Машина, трактор паркінің қыскаруы да шаруашылыққа кері әсерін тигізді.

Соғыстан кейінгі алғашкы жылдарда астық тапсыру жоспарын көптеген шаруашылықтар жартылай ғана орындағы. 1946 жылы 102 ұжымшар мемлекетке астық тапсыруға катысқан жок.

Мал шаруашылығындағы жағдай көптеген шаруашылықтарда тіптен нашар болды. Онда негізінен жүк тартатын көлікке сиырлар пайдаланылды. 1941 жылмен салыстырғанда мал саны облыста 26%-ға кеміді.

1950 жылы ұжымшар өндірісін нығайту мақсатында БК(б)П ОК мен МК шағын ұжымшарды ірілендіру туралы қаулы кабылдады. Солтүстік Қазакстан облысындағы 426 ұжымшардан 230-ы ғана қалды. Күткендердегідей, бұл шара еңбек адамының мүддесіне сәйкес келмеді әрі тиісті нәтижелер бермеді. 1952 жылдың басына таман ұжымшарлардың несие карызы 32 млн. сомға жетті (1951 жыл кірісінің 70%-ы), ал 1950 жылы егіннің жақсы шығуы облыстың жоспардан тыс 7,6 млн. пүт астық тапсыруына және енбеккүнге 5-7 кг астық беруге мүмкіндік тузызды.

Ауылшаруашылық өндірісін арттыруға СОКП ОК қыркүйек (1933) және акпан-наурыз (1954) Пленумдары мүлдем өзгеше тәсілдерді, яғни тың және тынайған жерлерді игеру мен ауылшаруашылық өнімдеріне тауар қөлемін ұлғайтатын жаңа сатып алу бағаларын енгізуі ұсынды.

Қазакстанға Мәскеуден, Ленинградтан, Волгоградтан, Челябинскten, Дондағы Ростовтан, Харьковтан, Минск, т.б. калалардан жана техникалар үздіксіз келіп жатты.

Үш жылға жетер-жетпес уақыт ішінде (1954-1956) Қазакстан 180 мыннан астам тракторды, 70 мындаі комбайнды, 60 мын жүк машинасын, ондаған мын тұқымсепкішті, соқаларды, культиваторлар мен өзге де техникаларды алды. Облыста 53 кеншар, 106 ұжымшар, 18 МТС болды. Солтүстік Қазакстан мындаған тың игерушілердін туған үйіне айналды. Эрине, ауыл шаруашылығының дамуы экстенсивті жолмен жүргендіктен өндіріс кымбатқа түсті әрі экономикалық денгейі тұрақсыз сипат алды, табиғат жағдайларына байланысты нәтиже бірде жоғары, бірде төмен болды.

Қайта құру деп аталған жылдары өнеркәсіптің негізгі капиталын жаңартуда айтарлықтай ілгерілеушілік байқалмады. 1990 жылы соғыстан кейінгі жылдарға қарағанда алғаш рет өндірістің жалпы қөлемі мен тиімділігі төмендей бастады. Әрбір екінші кәсіпорын мен бірлестіктер өнеркәсіптік өнімді шығаруды қыскартты.



Өнеркәсіптік құрылыштың қарқыны құрт төмендеп кетті. 1990 жылы экспорт көлемі облыстың тауар өндірісі көлемінің небәрі 1,3%-ы болды, ал бұл кезде сегіз кәсіпорын алемнің 13 елімен сауда операцияларын жүзеге асыратын еді. 1930 жылдан кейін алғаш рет жұмыссыздық пайда болды. 1990 жылы облыстық енбекке орналастыру орталығына 10 мың адам жұмыс іздел, есепке тұрды.

Билік және басқару органдары қызметінде жалпы реформа жүргізу негізгі бағыт болып ұстанды, оның басты бағыты меншік нысанын өзгерту болатын. 1990 жылдан бастап облыста көп укладты экономика басталды. 30 шағын кәсіпорын мен ұйым тіркелді, мемлекеттік-ұжымдық меншік нысаны бойынша екі қауымдастық пен екі акционерлік коғам, сондай-ақ консорциум мен 14 шаруа қожалығы болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кенесі Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы зан қабылдады, ал 1992 жылы 9 кантардағы бағаны босату қоғамдық және экономикалық құрылыштың алмасуының басы еді.

Солтүстік өлкенің тарихына шолу жасай қарасақ, географиялық орны жағынан елдің шетінде, желдің өтінде, жаудың бетінде, табиғаты катаң өлкеде орналаскан Солтүстік Қазақстан облысы жоғарыда жазылғандай нелер аласапыран уақытты басынан өткізді.

Патшалық Ресей елімен шекарамыз 500 шакырымнан астам екен. Өз жерінді тартып алып отырған елмен шекарадас көрші болған халықта тыныштық бола ма? Ресей елімен жер үшін Ермактан басталған соғыстар, түрлі қактығыстар Кенес үкіметіне дейін созылды. Тарихшылардың деректері бойынша тек терістік өлкеде ғана Ресей елімен 500-ден аса қарулы қактығыстар болыпты.

Қазак-калмак соғысының 1723 жылғы «Актабан шұбырынды» жылдарынан бастап Қазақстанның онтүстік өлкесінің жонғарларға қарап қалғанын, батыс өлкенің Ресейдің бодандығын қабылдап, қалмактармен соғысудан бас тартқанын тарихтан білеміз.

Абылай хан басқарған қалмактармен болған шешуші соғыста жауынгерлер құрамының негізгі бөлігі терістік өлкеден жасақталғанын тарих теріске шығармайды.

Осы сияқты облыс жеріндегі түрлі қоғамдық өзгерістер, ұзак уақытқа созылған ел үшін, жер үшін болған қанды қақтығыстар, соғыстар атакты ел басшыларын, рухани көсемдерін (акын-жырау, би-шешендерін), ел қорғаған батырларын, ел үшін еңбек еткен еңбек ерлерін туғызды.



*Абылай хан*




*Ағынтай, Қарасай батырлар*



*Н. Назарбаев халықтың ортасында*



*Н. Назарбаев резиденцияның ашылу  
салтанатында*



*Жеңіс саябагы*

ХХХХХХХХХХ




Ботай қорғаны



Сырымбет

ЖЕҢІС



*Абылай ханның балауыздан жасалған бейнесі*

ЖАСАЛГАН



*Батыр Баян мұсіні*



*Күлшары мазары*

Х.б. (43) 670




*Кожаберген мұсіні*



*Магжан Жұмабаевтың мұсіні мен мұражайы*

ХАСАДЫЛЫК



**Шоқан Уәлихановтың мүсіні мен мұражайы**



**Сабит Мұқанов мүсіні**

*Манаш Қозыбаев мұсіні*



*Евней Букетов мұсіні*


А. С. А. С.

*Шал ақын мүсіні*



*Қарасай мен Ағынтай айқас қарсаңында*






*Ағынтай мен Қарасай батырлардың кесенесі*



*Владимир Шаталов мұсіні*

Х. (А.)

**Жамбыл Жабаев мұсіні**



**Ақан сері мұсіні**





*Габит Мұсірепов мұражайы*



*Үкілі Ұбырай мүсіні*



*Иван Шухов мүсіні*

Мемориалдар

# **ҚЫЗЫЛЖАР ӨҢІРІНЕН ШЫҚҚАН БАТЫРЛАР МЕН БИ-ШЕШЕНДЕР**

*Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан  
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.  
Арқаның селі, желі, шөлі, белі  
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас.*

*Мағжан Жұмабаев*

## **БАТЫРЛАР МЕН БИ-ШЕШЕНДЕР**

**Дәулен батыр**

XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген Дәулен – Қызылжар өнірі мен Батыс Сібір хандығы қазактарының ордабасы болып, Сібір хандығын орыс елінен корғау соғысына катысқан көрнекті тұлға.

«Бұл замандарда Қазак Ордасы мен Сібір хандығының еншісі толық бөлінбеген, шектестігі өз алдына, әуел бастан-ак Сібір жұртындағы ен негізгі түрік рулады – Керей, Уак, Арғын, Қыпшак, Жалайыр және Табын болған» (*Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы, 1995. – 154-бет*).

Бұл жөнінде Дәстем сал:

*Қазақтың ордабасысы  
Дәулен батыр дер еken.  
Керей-уақ көсемі  
Дәулен асқан ер еken.*



*Өз тұсында сол Дәулен  
Мұсылманға бел екен.  
Жармаққа қарсы соғыста  
Ерлігі оның көп екен.*

*Орта жұз Керей-Уақтар  
Жармақпен қатты соғысқан.  
Естекке де, татарға  
Олар шындал болысқан, –*

деп жырлаған.

### **Қожаберген жырау**

*Жырыма құлағың сал, азаматым,  
Ұнаса менің айтқан насиҳатым.  
Кеуденде шыбын жсаның болса егер,  
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын.*

### **Қожаберген жырау**

Қазак халқының XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақын-жырауларының, әнші, күйші-сазгерлерінің және халық батырларының бірі – Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлы (1663-1763) екендігі баршаға аян. Толыбай сыншы ұлы – ақын, тек жай ғана батыр емес, кезінде казак халқының әскерін басқарған қолбасшы, әйгілі ғұлама, шежіреші. Оған оның өз шығармасы «Елім-ай» жыр-дастанының бірінші бөліміндегі мына шумактар да айғақ бола алады:

*Өнерге жас шағымнан құштар болғам,  
Самарқанд, Бұхарадан білім алғам.  
Атанаң үздік шәкірт қатарында,  
Ең үлкен медресесін тәмамдағам.*

*Ерлікпен мағлұм болдым алыс-жатқа,  
Ән шырқап, қобыз тарттық көңіл шатта.  
Бітіріп медресені шыққаннан соң  
Имам бол он жетімде міндім атқа.*



*Он сегізде әйгілі балуан болып,  
Он тоғызыда іліндім батыр атқа.  
Жиырмада имам болмай, ақын болып,  
Сыймайтын іс жасадым шариғатқа.*

*Тіліне араб, парсы болдым жетік,  
Оны да қолданбадым өнер етіп.  
Шамамаша қол бастаған сардар болып,  
Мен жүрдім мұсылманға қызмет етіп.*

Сонымен катар, Қожабергеннің ғұлама ордабасы, әскербасы, батыр екендігіне оның шәкірті Бұқар жыраудың «Ұстазым» атты дастанындағы мына шумактардың өзі-ақ дәлел бола алады:

*Қожаберген ұстазым  
Бұхара барып оқыған.  
Төрт-бес тілді үйреніп,  
Көкейге берік тоқыған.*

*Жалаулы наиза, қобызды,  
Домбырасын қолға алған.  
Камалға шабар алдында  
Шығарып өлең толғаған.*

*Жырын сүйген баршасы,  
Болмаса кейір оңбаған.  
Алла, аруақ жебеу бол,  
Жорықта жолын оңдаған.*

*Киын-қыстау кезеңде  
Намысын қозғап өлеңмен.  
Батыр, ақын ұстазым,  
Қалың қолға дем берген.*

Қожаберген 1663 жылы наурыз айының басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының (бұрынғыша Қызылжар аймағының) Жамбыл ауданындағы Благовещенка селосы орналаскан жерде бұрын болған Толыбай сыншы карағайы

деген орманның қойнауында дүниеге келіп, сол туған жерінде 1763 жылы казан айында жұз бір жасқа қарағанда ауырып қайтыс болыпты. Оның сүйегін сол төніректегі «Бұркіт конған» деген орманның манындағы әкесінің есімімен аталатын Толыбай сыншы бейтіне елі жерлепті. Ақынның әкесі Толыбай сыншы Дәуленұлы (1603-1680) заманында Қазак, Ноғай (Қарағаш, Манғыт рулары), Қарақалпак, Сібір татары (Ескер, Барабы, Құралаш рулары, Шалабай естектерінің (Челябинск башқұрттарының) біріккен әскерінің ордабасысы болыпты. Барабы, Ескер, Құралаш руларының, Шалабай башқұрттарының жасағының қазақ әскерінің құрамында болуына оларға қазақ хандығының ықпалы басым болуы себепкер болған еken. Қожабергеннің өз әкесі Толыбай сыншы да, атасы Дәулен батыр да, бабасы Таузар сардар да өз замандарында үш жүздің әскербасылары және Орта жұз қазактарының ардакты ел билеушілері болыпты. Оларды өздерімен тұстас ақын-жыраулар өлеңдеріне қосып, ерліктерін жырларына арқау етіпті (шежіре деректері бойынша).

Жыраудың анасы – Ақбілек Баянауыл өнірін мекендейтін Орта жұз Сүйіндік Арғын Айдабол бидін қызы еken. Ол кісі де өнері аскан сыннықшы, тоқымашы, тігінші болыпты. Ол жайында Қожаберген өзінің «Елім-ай» жырының бірінші бөлімінде былай дейді:

*Орта жұз Арғындағы асыл текмен,  
Анамның шықсан заты Сүйіндіктен.  
Жиырма ұлдың көкжал туған ең кіші ем,  
Тұңғыш қызы Айдаболдың Ақбілектен.*

Толыбай сыншының өз анасы Жамал кезінде Самарқанд шаһарын және оған қоса Самарқанд үәлаятын билеп-төстеген, сол шаһарда үлкен ғимараттар салуға үлес қосқан, медресе ашқан. Кіші жұз ішінде Әлімұлының Төртқара руынан шықкан әйгілі Жалантөс Баһадұр Сейітқұлұлының (1576-1656) туған апасы еken. Сол себепті Толыбай сыншы қолбасшы өзінің Майлы би, Өтежан, Өтегелді, Өтеген, Өтепберген, Өтеулі, Өтеміс, Қарабас, Әмір, Өмір, Темір, Батыр, Бабыр, Бадыр, Өтебай, Өтегүл, Еділ, Жайық, Қожаберген есімді ұлдарын нағашылары Ақша би, Жалантөс баһадұрдың Самарқанд,



Үргеніш, Бұхара шаһарларындағы жоғары дәрежелі діни білім беретін медреселерде ұстаздық қызмет атқаратын өнерлі, білімпаз ұлдарына ертіп апарып, солардың үйлеріне қойып, сол білім ордаларында оқытады. Толыбай сыншының жиырма төрт баласының он тоғызы аталмыш қалалардағы медреседе оқып, хадимше сауаттарын жетілдіріп, діни білімдерін толықтырып, көне түрік, араб, парсы, өзбек тілдерін жақсы үйреніп, сол оку орындарын өте жақсы тәмамдап шығыпты.

Кожаберген өзіне дейінгі қазактың ақын-жырауларының өлең жырларын, медреселерде оқып жүргенде Шығыстың жеті жүлдізы атанған Жәми, Низами, Науай, Физули, Фирдоуси, Сағди, Рудаки шығармаларын оқып жаттап, солардан нәр алыпты. Сонымен бірге ол ертеде өткен Рашид әд-Дин, Мырза Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири және өзінен аз бұрын өткен Әбілғазы Баһадұр хан сиякты білімпаздардың жазып қалдырған шежірлерімен таныс болыпты. Сондай-ақ, ол тастағы ескі жазуларды да оки алады еken әрі оған көп мән беріпті. Бұл айтылғандарына оның «Ата тек», «Баба тіл» дастандары толық дәлел бола алады.

Өзінің «Ата тек» дастанында жырау казак халқын оғыз түріктерінен шығарады:

*Түріктен тараған ел тоғыз дейді,  
Тартатын күй аспабы қобыз дейді.  
Башқұрт пен қазақ, ногай, қарақалпақ –  
Төрткеін шежірешілер Өгіз дейді.*

Сондай-ақ, Кожаберген ақын сол «Ата тек» дастанында казаққа жататын тайпаларды Алаштан шығарады:

*Аннас тархан бабамыз –  
Ер Алаштың бұтағы.  
Біздің қазақ бабамыз –  
Сол Аннастың үрпағы.*

*Алаштан әрі Өгіз бар,  
Өгізден әрі Тұран бар.  
Кім десендер тегіміз,  
Арғы атамыз – осылар.*



*Өгіз түрік ішінде  
Аннастан қазақ жаралған.  
Біздің Үш жұз елінің  
Алаштан бәрі таралған.*

Толыбай сыншы ұлының шежіреші-жырау екендігін XX ғасыр басында өмір сүрген классик ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Құрбыма» деген өлеңінде былайша жырлайды:

*Толыбай сыншы баласы Қожаберген  
Тарихынан Өфyz түрік хабар берген.  
Үмбетей, Бұқар жырау, Тәтіқара –  
Үшеуі Қожекеңнен үлгі көрген.*

*Керейде Қожаберген, Сегіз өткен,  
Үш жұздің шежіресін жыр қып шерткен.*

(С. Торайғыров ақынның бұрын жарияланған өлеңдері // «Орталық Қазақстан» газеті. 7 тамыз 1988 ж.)

Қожаберген жыраудың шежіреші болғандығы туралы же-не оның «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырын шығарғандығы жайында қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында өмір сүрген белгілі философ-акыны Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы (1858-1931) өзінің «Даналарға» атты өлеңінде былай деп жырға косады:

*Өнерге құлаш ұрып бала жастан,  
Тарихын бұл үш жұздің етіп дастан,  
Баласы Толыбай сыншы Қожаберген  
Бой үрған ерлік іске әуел бастан.*

*Ұрпағы оның батыр Сегіз өтті,  
Нияздай асыл ерді қасына ертті.  
Қолына қобыз алып өр шабытпен  
Мұрағын шежіре-жыр тастап кетті.*

*Қолбасы, ақын-жырау һәм елші-би,  
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.*



*«Елім-ай» әні менен жырын тағы  
Шығарған Кожаберген бабаңды сүй.*

Кожабергенге ақындық аруақ оның жеті жасында көншілді. Жырау ақындықта өзінің әкесімен бірге туған ақын Аулабайдан, өз ағалары Майлы шешен мен Қарабас тарханнан үлгі-өнеге алыпты. Батырлыққа Кожабергенді ағалары Өтежан мен Өтегелі баулыпты.

Діни медреселерді өте жақсы тәмамдаса да, Кожаберген жырау мен оның ағалары дінбасысы бола алмайды. Себебі, Казак, Ноғай, Каракалпак, Шалабай естектері, Сібір татары халықтарына XVII ғасырдың бірінші ширегінен бастап Ноғай даласын мекен еткен қалмактар Еділ өзенінің батысынан шабуыл жасаса, шығыстан жонғар басқыншылары үздіксіз шабуылдан, екі жақтан қыспакка түскен мұсылмандардың әділетті, яғни азаттық жолындағы соғыстары ұзак жылдарға созылуы салдарынан Толыбай сыншы колбасшының балаларының имам, ишан, соғы, молда болуларына еш мүмкіндігі болмайды. Себебі, Толыбай сыншының ержүрек жиырма төрт ұлы (жиырмасы Ақбілекten, төртеуі әменгерлікпен косылған жары – Халимаштан туған екен) жоғарыда аталған мұсылман жұрттарының сыртқы басқыншы жаулардың екі жақты шабуылдарына қарсы бағытталған ұлт-азаттық әрі қорғану соғыстарына белсенді түрде катысып, олардың көбісі әскер басқарыпты. Ел-жұрттың шапқыншылардан қорғау жолындағы әділетті соғыста Толыбай сыншы тарханның ұлдары мен немерелері асқан ерліктің үлгісін көрсетіп, олардың бірталайы көппен бірге майданда қаза тапқанлығы шежіреден, сол кездегі ерлік жырлардан елге мәлім.

Кожаберген жырау 1683-1688 жылдары Әз Тәуке ханның елшілік қызметінде бес жыл басшылық етіпти. Соңан кейін немерелес туысы Бөгенбай Маянбайұлы ордабасы ауыр жара-ланған соң, оның орнына Әз Тәуkenін ұсынысы бойынша құрылтайда боз биенін сүтіне шомылдырып, үстіне ак киім кигізіп, ак кигізге отырғызып көтеріп, халық 1688 жылы ордабасы сайлайды. Сол күннен бастап Кожаберген жырау өзінің немере ағасы Бөгенбай баһадүрдың қызметін аксатпай, әрі қарай жалғастырып, үш жұздін жасағына Бас колбасшы болыпты. Ол қазак әскеріне коса Ноғайдың Манғыт, Қара-



ағаш руларының, Сібір татарына жататын Ескер, Барабы, Құралаш тайпаларының, Шалабай естектерінің (Челябинск башқұрттарының), Каракалпак халқының жасактарына да ордабасы болған екен.

Толыбай сыншы ұлы ақын әнді домбыраға қосып, күйді сыйбызыға қосып, жырды әнмен айтЫП, қобызға қосып орындаған екен (шежіре деректері мен ерлік жырлар бойынша).

Толыбай сыншы ұлы сардар – 1688-1710 жылдар бойында Қазақ, Ноғай (Қараағаш, Маңғыт тайпаларының), Каракалпак халықтарының біріккен қолына әскербасы болып, екіжақты қалмак шапқыншылығына қарсы ұзак жылдарға созылған соғыстарда талай рет үлкен-үлкен женістерге жетіп, ордабасы, тархан атағын алған үлкен баһадүр, әскери қайраткер. Оның жиырма үш жыл әскер басқарғанына өзінін «Үш би» атты өлеңіндегі мына шумак та дәлел бола алады:

*Басқарып үш жұз қолын жиырма үш жыл,  
Орнымды Бөгөнбайға бердім биыл.  
Еш сардар қайт қылған жоқ жарлығымды  
Кезінде ұзак соғыс құндер қыын.*

Жырау 1710 жылы жаздың аяғында өз шәкірттерінің бірі – жас батыр Қанжығалы Арғын Бөгөнбай Ақшаұлына ерекше ықыласы түсіп, өзінің орта жасқа таяп қалғанын, ұзак жылдарға созылған ауыр соғыстарға үздіксіз катысып, қалжырап-шаршағанын мойындал, Әз Тәуке ханға өзін ордабасы қызметінен босату туралы өтінішін айтады. Әз Тәуке әуелі келісім бермесе де, өз орнына қоятын кісі барын айтқан сон хандықтың астанасы – Түркістан шаһарына үш жүздін шораларын, бектерін, билерін, батырларын арнайы түрде хат жазып, кісілер жіберіп шақыртып алып, ордабасы сайлау үшін Құрылтай өткізеді. Онда уәзірлер, шоралар, билер, бектер, батырлар жыраудын ордабасылықтан кетуін қаламайды. Ақыры олар Әз Тәукеге зорға дегенде келісім береді. Сонда Қожаберген баһадүр ак батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына Бөгөнбай батыр Ақшаұлын Қазақ, Ноғай, Каракалпак жұрттарының біріккен әскерін басқаратын Бас колбасшы етіп сайлатады. Ол жайында өз ұстазы Толыбай сыншы ұлы батыр-



Акынға арнап шығарған «Ғаділ ер» деген өлеңінде әйгілі Бұқар жырау былай дейді:

*Қожаберген — ғадыл ер,  
Кадірін білген қалың ел.  
Бөгөнбайдай батырға  
Билігін берген ардағер.  
Қожекеме Бөгөнбай  
Шәкірт болған жан еді.  
Сайлатақан оны үстазым  
Қарадан шыққан хан еді.*

1710 жылдың жазының аяғында өз еркімен ордабасытың қызыметтен босаған Қожаберген батырды кезінде өзін тарбиселеп өсірген ағасы Қарабас тархан жасы ұлғайғанын айтты, өз орнына Орта жұз Керей-Уак елдеріне шора сайлатады. Сөйтіп, Толыбай сыншы ұлы жырау өз ағасының орнына шора болып, 1710-1723 жылдар аралығында өз жұрты Керей-Уакка басшы болыпты. Ол 1723 жылды қөктемде Сыр бойында мекен еткен Кіші жұздегі кайын жұртына қонаққа аттанарда ел-жұртының игі жақсыларын жиып, мәжіліс өткізіп, өзі ақ батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына ағасы Қарабас тарханның үлкен баласы Асқап сардарды Керей-Уак еттеріне шора сайлатады.

Голыбай сыншы ұлы жырау – 1723 жылғы «Ақтабан шұрыныды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апатты өз басынан откеріп, көзімен көрген, қырғынның жуан ортасында болған карт баһадүр. Сол аса қатерлі сапарда ол Науан, Әсет есімді екі батыр баласынан, өзіне әрі өкіл бала, әрі атқосшы саналған Айбек, Ермек атты екі батыр азаматтан айырылып, бәйбішесті екеуі әрен дегендеге көплен бірге жау коршауын бұзып өтіп, аман құтылады.

«Елім-ай» әнін, «Елім-ай» қүйін, «Елім-ай» жырының бірнеше бөлімін Қожаберген ақын сол коршауда тұрған кезінде шыгарыпты. «Елім-ай» атты өлең де, жыр да, ән де әр кезеңде дүниеге келген. Соның ішінде 1723 жылғы «Елім-ай» әнін, шастаңын шығарған – Толыбай сыншы ұлы жырау. Мысалы, «Елім-ай» атты өлең Міржакып Дулатовта да бар. Ал «Елім-ай» чөтін дастанды халық ақыны, әдебиетші-ғалым, белгілі әнші



ағаш руларының, Сібір татарына жататын Ескер, Барабы, Құралаш тайпаларының, Шалабай естектерінің (Челябинск башқұрттарының), Қарақалпак халқының жасактарына да ордабасы болған екен.

Толыбай сыншы ұлы ақын әнді домбыраға қосып, күйді сыйызыға қосып, жырды әнмен айтЫП, қобызға қосып орындаған екен (шежіре деректері мен ерлік жырлар бойынша).

Толыбай сыншы ұлы сардар – 1688-1710 жылдар бойында Қазак, Ноғай (Қараағаш, Манғыт тайпаларының), Қарақалпак халықтарының біріккен колына әскербасы болып, екіжакты қалмак шапқыншылығына карсы ұзак жылдарға созылған соғыстарда талай рет үлкен-үлкен женістерге жетіп, ордабасы, тархан атағын алған үлкен баһадүр, әскери қайраткер. Оның жиырма үш жыл әскер басқарғанына өзінін «Үш би» атты өлеңіндегі мына шумак та дәлел бола алады:

*Басқарып үш жұз қолын жиырма үш жыл,  
Орнымды Бөгөнбайға бердім биыл.  
Еш сардар қайт қылған жоқ жарлығымды  
Кезінде ұзак соғыс күндер қыын.*

Жырау 1710 жылы жаздың аяғында өз шекірттерінің бірі – жас батыр Қанжығалы Арғын Бөгөнбай Ақшаұлына ерекше ықыласы түсіп, өзінің орта жасқа таяп қалғанын, ұзак жылдарға созылған ауыр соғыстарға үздіксіз қатысып, қалжырап-шаршағанын мойындал, Әз Тәүке ханға өзін ордабасы қызметінен босату туралы өтінішін айтады. Әз Тәүке әуелі келісім бермесе де, өз орнына қоятын кісі барын айтқан сон хандықтың астанасы – Түркістан шаһарына үш жүздін шораларын, бектерін, билерін, батырларын арнайы түрде хат жазып, кіслер жіберіп шакыртып алып, ордабасы сайлау үшін Құрылтай өткізеді. Онда уәзірлер, шоралар, билер, бектер, батырлар жыраудың ордабасылықтан кетуін қalamайды. Ақыры олар Әз Тәүкеге зорға дегенде келісім береді. Сонда Қожаберген баһадүр ак батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына Бөгөнбай батыр Ақшаұлын Қазак, Ноғай, Қарақалпак жұрттарының біріккен әскерін басқаратын Бас қолбасшы етіп сайлатады. Ол жайында өз ұстазы Толыбай сыншы ұлы батыр-



Акынға арнап шығарған «Ғаділ ер» дегін өлеңінде әйгілі Бұқар жырау былай дейді:

*Қожаберген – ғадыл ер,  
Қадірін білген қалың ел.  
Бөгөнбайдай батырға  
Билігін берген ардагер.  
Қожекеме Бөгөнбай  
Шәкірт болған жан еді.  
Сайлатақан оны ұстазым  
Карадан шыққан хан еді.*

1710 жылдың жазының аяғында өз еркімен ордабасының қызыметтен босаған Қожаберген батырды кезінде өзін тәрбиелеп өсірген ағасы Қарабас тархан жасы ұлғайғанын айтты, өз орнына Орта жүз Керей-Уақ елдеріне шора сайнанағады. Сөйтіп, Толыбай сыншы ұлы жырау өз ағасының ортшына шора болып, 1710-1723 жылдар аралығында өз жұрты Керей-Уаққа басшы болыпты. Ол 1723 жылы қөктемде Сыр ойында мекен еткен Кіші жұздегі қайын жұртына қонаққа аттанарда ел-жұртының иғі жаксыларын жиып, мәжіліс өткізіп, өзі ақ батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына ағасы Қарабас тарханның ұлкен баласы Аскап сардарды Керей-Уақ етілеріне шора сайлатады.

Толыбай сыншы ұлы жырау – 1723 жылғы «Ақтабан шұмырыны», Алқакөл сұлама» атанған ірі апатты өз басынан откеріп, көзімен көрген, қырғынның жуан ортасында болған карт баһадүр. Сол аса көтерлі сапарда ол Науан, Әсет есімді екі батыр баласынан, өзіне әрі өкіл бала, әрі аткосшы саналған Айбек, Ермек атты екі батыр азаматтан айырылып, бәйбішесі скеуі әрен дегендеге көппен бірге жау қоршауын бұзып өтіп, аман күтылады.

«Елім-ай» әнін, «Елім-ай» қүйін, «Елім-ай» жырының бірнеше бөлімін Қожаберген ақын сол қоршауда түрған кезінде шыгарыпты. «Елім-ай» атты өлең де, жыр да, ән де әр кезеңде дүниеге келген. Соның ішінде 1723 жылғы «Елім-ай» әнін, дастаның шығарған – Толыбай сыншы ұлы жырау. Мысалы, «Елім-ай» атты өлең Міржакып Дулатовтада бар. Ал «Елім-ай» жетен дастанды халық ақыны, әдебиетші-ғалым, белгілі әнші



Тұрсынхан Әбдірахманова да жазған. Әдебиетте бір-бірімен аттас әндер, қүйлер, жырлар жиі кездеседі. Бірак оларды бір-бірімен шатастыруға әсте болмайды.

Ақындықта Қожаберген жырауға Дәстем сал, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтікара, Жанкісі (Көшебе Керей) жыраулар шәкірт болып, одан үлгі-өнеге алса, батырлықта Баксары, Бөгенбай, Жәнібек (Кіші Арғын) үшеуінен бастап, Бекенбай Мергенұлына (1717-1758) дейінгі батыр атаулы сол Толыбай сыншы ұлы ордабасыға шәкірт болып, одан тәлім-тәрбие алыпты.

Толыбай сыншы ұлы жыраудың «Елім-ай» дастаны – бір нұскалы жыр. Оның кейбір сөздері ауыздан-ауызға көше жүріп, өзгеріске ұшырағанына қарамай, әркімдердің қолында жүрген үзінділерін сол дастаның өзге нұскалары деп теріс түсінуден аулак болайық. Егер сол үзінділерді бөлек нұска деп, керісінше ұғынып жүрген адамдар әркімдердің қолында жүрген үзінділерді жинап әкеп, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімінің толық нұссасымен салыстыраса, олардың «Елім-ай» дастанының бірінші бөлімінің ел ішінде шашырап жүрген үзінділері екенін анық аңғарар еді.

«Елім-ай» жырын оқуға жұртшылық неге ынтық? Себебі Қожаберген шығарған «Елім-ай» дастанының тарихи жағынан құндылығы өте зор! Қожаберген бабаның өмір жолы да, оның тарихи шығармасы «Елім-ай» да жастарды, жасөспірімдерді, жас балдырған шәкірттерді отаншылдыққа, адалдыққа, бауырмалдыққа, турашылдыққа, әділдікке, татулыққа, ұйымшылдыққа, көвшілдікке, жауынгерлікке, достыққа тәрбие-леуге үндейді.

Сонымен катар, Толыбай сыншы ұлы сардар «Елім-ай» жырында 1723 жылғы үлкен апат тек өзінің туған халқы – қазаққа ғана емес, туысқан да көрші Ноғай, Қарақалпак, Қырғыз, Шалабай башқұрттары, Сібір татары халықтарына да кенеттен келген зор індет екенін ашық та дәлелді түрде баяндап өтеді. Эрине, бұл жағдайды екінің біре біле бермеуі де мүмкін.

Ақын «Елім-ай» қиссасының бірінші бөлімінде тек қана соғыстарды баяндап коймай, туған халқымыздың жерсуларының бұрынғы кездегі атауларын, тұрмыс-салтын, кә-



сібін, слідін ішкі-сырткы саяси жағдайларын, көршілес мемлекеттермен қандай карым-қатынаста болғанын, түрік текстес еңдерді, Сібір татарына жататын руларды, қалмактың шыккан іетін, оның түрік халқына жатпайтынын, қалмакка жататын гайналарды дұрыс, айқын түрде көрсетіп берген. Мұның кейінгі ұрпактар үшін маңызы аса зор екеніне ешбір дау жоқ.

Кожаберген ақынның «Елім-ай» дастаның дұрыс та жоғары бағалаган көрнекті білгір адамдардың бірі – халқымыздың әскери қайраткері, білімпазда аса дарынды, қадірлі жазушысы, атақты батыры, есімі әлемге әйгілі Бауыржан Момышұлы «Керей Кожаберген жыраудай бұрын-сонды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазак жұрты жерінің колемін, шекарасын айқындал берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры – әскери дастан! Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?» деген болатын бірде. Ал қазақ халқының аса корнекті ғылым қайраткерлерінің бірі, тарих ғылымының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханов «Көшебе Керей Кожаберген ақын Толыбай сыншы ұлының «Елім-ай» дастаны – тарихи эпопеялық жыр. Эрі сол «Елім-ай» ерлік киссасының бірінші бөлімі – 1723 жылғы «Актабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апаттың суретін ел көзіне елестеткен өірлең-бір тарихи құжат!» деп тұжырыпп еді. Осы мазмұндас бағаны академик-жазушы Ғабит Мұсірепов, академик Әлкей Марғұлан, академик Ақай Нұсіпбеков, тарих ғылымының докторлары Бек Сүлейменов пен Төлтай Балакаевтар кезінде шегелеп айткан еді.

Кожаберген жыраудың біздің кезенге жеткен екі дастанының бірі – «Елім-ай» болса, екіншісі – «Баба тіл». Бұл дастанды қазақ ауыз әдебиетіндегі бізге жазбаша түрде жеткен тұнғыш көне шығармалардың бірі емес, бірегейі деу керек. Дастан мазмұнын екіге бөлуге болады. Бірінші бөлімде жырау қазақ шежіресі туралы, қазақ халқының қалыптасуы, құрамы жайында өз пайымдауларын жазса, екінші бөлімде баба тілі – қазақ тілі туралы, қазақ тілінің тарихы, жазба тіліне жоне көне тіл, бай тіл екендігіне ғылыми талдау жасайды. «Баба тілді қастерлеу – азамат ерге лайық» деп туған тілді қалірлеуге, құрметтеуге, жетік білуге шақырады. «Елім-ай»



дастанынан және лирикалық өлеңдерінен Қожабергеннің қол бастаған батыр, сардар, ел бастаған көсем, сөзбастаған шешен, топ жарған ақын-жырау екенін білсек, «Баба тіл» дастанынан оны басқа қырынан шежіреші, тіл білімінін маманы, ғалым екенін аңғарамыз.

«Баба тіл» дастанының мазмұны Әбілғазы баһадүр хан (1603-1663) мен оның «Түрік шежіресі» деген атақты да көлемді енбегін сынаудан басталады. Бұл енбекті кезінде «Хандардың хронологиялық тізбесі ғана» деп «Қазак шежіресі» деген енбегінде Шоқан Үәлиханов та, «Түрік, қырғыз, қазак һәм хандар шежіреші» деген енбегінде Шәкерім Құдайбердіұлы да сынаған болатын. Ал олардан бұрын Толыбай сыншы ұлы жырау былайша сынайды:

*Біле тұра ол сұлтан  
Еске алмапты үш жүзді.  
Соның үшін, жарандар,  
Айтпақ болдым бұл сөзді.*

*Айналайын, үш жүзім,  
Әбілғазыға нальма.  
Шежіресі бар елімнің,  
Коймаспыш жатқа жалына.*

Кожаберген жырау «қазак» және «үш жүз» деген ұғымдар бір жүрттың екі атауы болып, бірдей шықкан сөздер деген пікір айтады:

*Қазақ деген атауға  
Ілескен үш жүз есімі.  
Бір жүрттың екі аты бол  
Тағдыры ерте шешілді.*

*Шыңғыс ханнан көп бұрын  
Қазақ пен үш жүз бар атау.  
Сөзіме нан, жәмиғат,  
Болмасын көңіл еш жадау.*



Сөйтіп, батыр-жырау «Қазақ» пен «Үш жұз» атауларының Шынғыс ханға дейін пайда болғанын үзілді-кесілді айтады. Сонымен қатар, «Баба тіл» дастаны ауыздан-ауызға көше жүріш, оның сөздері өзгеріске ұшырағанын байқадық. Мысалы: оны Керей, Жәнібек дегеннің орнына Әз Жәнібек деген сөздің қолданылуынан анғарамыз. Шынғыс хан жорығының алдында ғана халық бол қалыптаса бастаған казакқа Хорезм мемлекетінің құрамында хандық болу мүмкіндігі туса да, Шынғыс ханның шабуылына тап болып, халық болу дәре-жесінен айырылып, хандық та бола алмай, тоқырау кезеңі басталып, екі жарым ғасырдан кейін қайта қалыптасып, Керей, Жәнібек хандардың тұсында қайта хандық болып, қашқаша жазба қайта қалыптасқан екен.

Көлемі 325 шумак «Баба тіл» дастанының бізге жартысынан көбі жетті. Алайда Жейхұндария, Сейхұндария, Еділ-Жайық өзендерінің бойларын, Кердері, Атырау теніздері жағаларын, Орал тауы мен оның батыс, шығысын, Батыс және Шығыс Сібір аймактарын, Алтай тауын, Тянь-Шань тауын мекендеген түрік жұрттарында X-XI ғасырда, яғни Хорезм шахы Мұхаммедтен әлдекайда бұрын сонау Алаша ханның ғұсында ислам дінінің толық орнығып, салтанат құрғанын, араб әрпінің негізінде Түрік ғарпі пайда болып қалыптасқанын баяндаған «Баба тіл» дастаны шумақтарының түсіп қалғаны, яғни естен ұмытылғаны кімді де болса қынжылтарлық жайт.

*Керей ханның кезінен  
Екінші рет таңба іске асқан.  
Арабтың ғарпін негізге an  
Қазақша жазу құрасқан.*

*Таза қазақ тілінде  
«Жеті жарғы» жазылған.  
Әз Таукедей ханымыз  
Жоқ еді елді аздырған.*

*Өткенге дейін Әз Тауке  
Қолданды ел қазақ таңбасын.*



*Осы күнде сұлтандар  
Қолға алды татар жазбасын.*

*Үш жұз жылдан аса уақыт  
Қазақша жазды ел жазуын.  
Сөйтіе тұра көрдің бе  
Бектердің бүгін азуын?! —*

дейді де, «Сұлтандарға ермендер, қазақша жазуларының тастамандаңдар» дег ескертелі.

Дастанның бір топ шумактары баба тілді – ана тілді қадірлеуге, құрметтеуге, пайдалануға, тазалығын сақтау туралы насиҳатқа арналған. Жыраудың бұл насиҳат сөздерін өзінен артық сөзбен жеткізу киын, сондықтан үзінді келтірейік:

*Баба тілді сақта деп  
Айтып тұрмын жалпыға.  
Ақындардың жырларын  
Салып көр деп талқыға.*

*Кезің жетті, үш жузім,  
Ашатын анық қөзіңді.  
Түріктің басқа ұлынан  
Кем санама өзіңді.*

\* \* \*

*Осы тілді жек көрген  
Дүниеден қалар құр.  
Бағаласаң шынымен,  
Баба тілің асыл-дүр.*

*Пайдалан қазақ сөзіңді  
Жазғанда өз қалпында.  
Тұған тілді құрметте,  
Кір жүктырмай салтыңа.*

Бұдан әрі жырау қазақ тілінің қалыптасу тарихына токтады. Қазіргі казақ тілінің байлығы бір ғасырдың ғана жемісі емес, мың жылдан артық уақыттың жемісі дей келе, түрік



тектес халықтар тілдерінің ішіндегі ең сөзге бай, дамыған тіл чейді. Ақынның бұған дәлелі – тіліміздің оралымдылығын, бірнеше мағына беретін сөздердің көптігі және көптеген сөздердің бір мәнде келетіні, яғни синонимдік қатардың көптігі.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей, қорыта келгенде, Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлының казак тарихынан да, казак әдебиеті тарихынан да өз орнын алатын уақыты жетті.

«Иә, өлмейтін жан жок. Абай бабамыздың «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтүғын артына сөз қалдырған» дегендіңідей, казак халқының үш ғасырлық жүрекжарды жыры «Елім-айдың» авторы – Қожаберген жырау өз халқымен мәнгі оірге жасайды.

Қожаберген есімі Әз Тәуке хан, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Бұкар жырау, Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би сиякты ұлттымыздың ұлыларының қатарында Отан тарихында хат-талаады» (М.К. Қозыбаев, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Гарих және этнология институтының директоры. «Дауылпаз оаба – Қожаберген» (Қожабергентану проблемалары хақында)).

## Ағынтай батыр

Ағынтай батыр (туған жылы белгісіз – 1672 жылы қайтыс болған) – Есім хан мен Жәңгір ханның сенімді батырларының бірі. Ағынтай 1620 жылдан бастап жонғарлармен болған көптеген ұрыстарға белсенді түрде қатысқан. Талай рет жаудың батырларымен жекпе-жекке шығып, үнемі жеңіп отырған. 1643 жылы болған Орбұлак шайқасында болған Жәңгір ханның 600 сарбазының ішінде болып, жонғардың 60 мын әскеріне карсы соғысқан. Белгілі Шапырашты руының атақты Қарасай батырымен бірге Салқам Жәңгірді қалмак тұтқынынан босатып алуға қатысқан Ағынтай батырлың орасан күштілігі мен батылдығы туралы халық аныз-шарында көп айтылған. Замандастары оның жұдырығы кез



келген адамды құлатып салатынын білген, сондыктан халық жұдырығы күшті адамды Ағынтайдың жұдырығына тенеген. Ағынтай қайтыс болған соң өзінің үзенгілес досы Қарасай батырдың зиратының жаңына – Құлшынбай тауына жерленген. Қазір Солтүстік Қазакстан облысының Айыртау ауданындағы халықтың көздін қараашығындай сактайтын осы жерінде халықтық қазат ету қозғалысының әйгілі батырларына арналған ерекше мемориалдық кешен тұрғызылды. Кешенниң жобасын белгілі архитекторлар Бек Ұбыраев пен Садуакас Ағытаев жасаған. Кешеннің ашылу салтанатына (казан, 1999 ж.) мемлекет және қоғам кайраткерлері – Әбіш Кекілбаев, Даниал Ахметов, Өмірбек Байгелді, академик Жабайхан Әбділдин, т.б. катысты. Солтүстік Қазакстан облысының әкімі Қажымұрат Нағманов, Айыртау ауданының әкімі Армия Әбілқайыров жиналғандарға жүректен шықкан құттықтау сөздері мен шынайы алғысын арнады. Сол кезден бастап бұл кешенге келген халық нөпірі бір толастаған емес. Бұл халықтың ел корғаған батырларына деген зор сүйіспеншілігі мен алғысының көрсеткіші ғой.

1999 жылдың 22 маусымында Қызылжар қаласында облыстық драма театрының алдындағы аланда Қарасай мен Ағынтай батырдың ескерткіші ашылды. Ескерткішті Қазакстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ашты. Митингті облыс әкімі Д.А. Ахметов ашты. Ескерткіштің авторы – белгілі мұсінші Болат Сапарұлы Досжанов. Ескерткішті жасауға идея берген облыс әкімі Даниал Ахметов болатын.

### **Андықожа батыр**

Андықожа батыр Орта жұз Арғын ішінде Атығай руынан, оның ішінде Қойлы Атығай – Құдайқұл – Әлмәмбет. Әлмәмбеттен Андықожа батыр туады. Туған топырағы Солтүстік Қазакстан облысы бұрынғы Бейнеткор ауданы «Үшқызыл» колхозының шығыс жағында 3-4 км жерде, ата-



мекені «Қаршығаұстаған» деген қалын шұбар бауырында 1672 жылы дүниеге келген.

Облысымызға белгілі азамат Қаскеев Ғазездің айтуынша Андықожадан – Жабағы, одан – Төлек, одан – Малдыбай, одан – Естай, одан – Қаскей, одан – Ғазез. Сонда Ғазез Андықожа батырдың алтыншы ұрпағы болып табылады.

Андықожа батыр Абылай ханның бас қолбасшысы болған Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлармен дос-тығы берік, үзенгілес жолдасы болған көрінеді. Олар Андықожа батырдың табандылығын, ерлігін, батырлығын зор бағалаған.

Абылай хан Қызылжарға алғаш келгенде Андықожа өзінші 40 сарбазымен күндік жерден Жолдызек бойында қарсы алып, жол бастап отырған.

Сібірдің үскірік аязына, жаздың аптап ыстығына шынық-кан төзімді, жау жүрек сарбаздарын басқарған Андықожа батырға жаугершілік заманда Абылайдың қолбасшысы Бөгенбай батыр күні бұрын хабар беріп, шақыртып алып, ұрыстың сің киын, ең жауапты тұсына жұмсайтын болған. 1726 жылы Іүланты өзенінін бойында қазак жасактарының он қанатын Андықожа басқарған Атығай сарбаздары жаудың тас-тал-қанын шығарған көрінеді. Сонда Бөгенбай батыр: «Андеke, өзіне разылығым бұрын да, осы жолы да өз алдына. Бұл жолғы жігіттерінін жау жүректілігіне мұлде риза болдым. Эркайсысы да аман болсын, жарайсындар», – деп дән риза болған екен.

Бөгенбай, Жәнібек, Андықожа батырлар аралары екі-үш жас, шамалас болса керек. Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленгендердің жалпы саны – 121, оның ішінде сакталған 41 құлпытас қалпына қайта орнатылған көрінеді. Сол тізімнің орта тұсында (Ақ сарай қабырғасындағы үлкен планшетте) үш батырдың аты-жөндері келтірілген.

1. Қанжығалы Бөгенбай батыр (1690-1775);
2. Шақшақұлы Жәнібек батыр (1693-1752);
3. Атығай Қойлы Андықожа батыр (1672-1752) жазулар бар.  
*(Жолтай Жұмат, Есберген Алаухан. Қасиетті мекендері қала. – Түркістан).*

## Бақсары батыр

Қызылжар өнірінің тумасы Бақсары батыр 1683 жылы туып, 1778 жылы қайтыс болған.

Бақсары батыр Райжанұлының ататегі – Балта батыр. Еділ-Жайық бойындағы қалмактармен болған соғысқа Орта жүз Қызылжар өнірінен шықкан колды бастап барған атакты қолбасшы батыр. Кіші жүз елін түрікмен басқыншыларынан корғауға да қол бастап барған.

Бақсарының атақонысы қазіргі Ресейдің Корған қаласынан 10 шақырымдай оңтүстік жағында. Қазір де осы арада «Бақсары» атты село бар. Бақсары батырдың денесі осы селоның жаңындағы зиратқа жерленген. Ел аузындағы сөздерге қарағанда өзінен тараған ұрпақ жок. Кіші жүз елінен асырап алған Үйсін атты баласынан атакты Балуан Шолак тарағанын өлкетанушылар жазып жүр.

Жанкісі жырау Қөшекұлы (1736-1817) «Бақсары батыр» дастанында былай деп жазды:

*Балта Керей Бақсары –  
Батырлардың асқары.  
Әз Тұукенің тұсында  
Калың қолды басқарды.*

*Кожаберген бабама  
Шәкірт болып үлгі алған.  
Жекпе-жек шығып ылғи да,  
Өлтіріп жауды жүлде алған.*

*Тәуке ханнан кейін де  
Бақсары сардар атанды.  
Қамалын бұзып қалмақтың,  
Халықтан бата алды.*

## Жанатай батыр

Жанатай (кейде Жантай деп те жазылып жүр) батыр қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданындағы Өрнек

(бұрынғы Жанатай) ауылында дүниеге келген. Ол Орта жұз Аргынның Атығай руының Құдайберді бөлімшесінен тарайды. Жанатай Ақанұлы 1723 жылы туып, 1771 жылы қалмактармен болған қанды шайқаста каза тапқан. Ол ат жалын тартып мінгелі Абылайдың хас батырлары – Қанжығалы Бөгенбай, Қарақерей Кабанбай, Уак Баяндармен талай қанды жорыктарға қатысқан. Жанатай батырдың әкесі Ақан мындаپ жылқы айдаған бай, елге беделді, айтқан сөзі далада қалмайтын отімді адам болған. Жанатайдың анасы Болат бәйбіше қарулы, ожет адам болғанекен. Болат бәйбішениң төркіні Кіші жұз Адай руы екен. Ақан мен Болатта тоғыз ұл болыпты. Олар: Түгел, Жантүгел, Қонай, Жанатай, Үркін, Шағатай, Қарамырза, Сарымырза, Азнабай. Жанатайдан Тілеуберді батыр туады. Тілеуберді батыр Кенесары тұсындағы соғысқа қатысып, өшпес ерлігімен көзге түскен.

Жанатай батырдың ерлігін, қадір-қасиетті жактарын ел сінде қалдыրған. Жанатай батырды ұлы ақын Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасында былай көрсетеді:

*Жиылды өңшең ноян, ығай-сығай,  
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай.  
Түбаста Абылайды хан көтерген  
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.*

*Ашуы төккен қардай, шөккен нардай,  
Қос қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай.  
Бөкеннің жас жолбарыс жеткіншегі –  
Аузынан жалын шыққан жас Жанатай.*

Осы поэманың тағы бір жерінде Мағжан былай деп төгіледі:

*Қалың қол арасында батыр Баян,  
Баянның батырлығы Алашқа аян.  
Екі көз екі қызыл шоқ бол кеткен  
Аузынан көбік болып бүркырапт қан.*

*Оң-солға алдаспанды сілтегенде  
Бұлақтай қалмақ қанын бүркыратқан.*



*Жанында жалғыз жолдас жас Жанатай  
Кансырап зорға ғана кірпік қаққан.  
Түзеліп отыруға халі қалмай  
Қасқайып бара жатты құлап аттан.*

Қарақерей Қабанбай туралы жарияланған бір макалада Жанатайдың ерлігін тамаша суреттеген: «Қалмақтың Аманалы деген батыры қазақ жауынгерлерін ілгері бастырмай иіріп тастап, жекпе-жек сұрап тұрып алады. Қара нардай Аманалы батырға қазактан ешкім шыға қоймайды. Бір сәтте Жанатай батырдың екі көзі шоқтай жанып, арағы ұстаған бақсыдай «Иә, аруак! Абылай!» деп жалын шашқан жас Жанатай ак найзасын қүнге шағылыстырып шыға келіпті. Аманалы да қарсы ұмтылады. Көз ілеспес шапшандықпен жау батырын ак найзамен жүрек тұсынан түйреп жіберіпті Жанатай».

Жанатай батыр туралы қазактың әйгілі ғалымы Шоқан Уәлиханов өзінін «Исторические предания о батырах XVIII в.» деген макаласында жазған болатын (Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. Том I. – Алма-Ата, 1984. – Стр. 221).

Абылай хан 1771 жылы Ресейден Қытайға қарай ығысқан Еділ қалмак әскерін барлауға 500 әскер беріп Жанатай батырды жібереді. Жанатай батыр жау колына түсіп қалған інісі Аркандар батырды құтқармак болып, 10 мын адамдық жау шебіне бес жұз сарбазымен басып кіріп, осы соғыста Жетісү өнірінде Іле бойында каза табады. Осы ұрыстың сонына таман 500 сарбаз түгел қырылып, тек Жанатай батыр, баласы Тоқыш және 8 сарбаз қалады. Сол кезде Жанатай атынан түсіп баласын отырғызып, оған: «Сен тез қайт, қалайда тірі қалуға тырыс, әйтпесе мен үшін жаудан кек алатын адам қалмайды», – деп Тоқышты аттандырып жібереді. Өзі сол жерде каза табады. Тоқыш коршауды жарып өтіп Абылайға жетеді. Сол сәтті Шоқан былай келтіреді: «Когда Аблай узнал о смерти Жанатая, плакал неутешно, говоря: «Не дававший себя точить, черный булат мой!» (Там же, стр. 222)

Батырдың сүйегі Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданындағы Өрнек (бұрынғы Жанатай) ауылының жанында жерленген.



Жанатай батырдың жеті баласы болыпты. Олар: Таствемір, Таат, Болат, Кешубай, Онжеті, Бошан, Кенжеқозы.

**Таствемірден** – Еленбай, Мәутенбай. Еленбайдан – Нығмет. Мәутенбайдан – Эміржан, Азыхан. Эміржан Мәутенбаев – белгілі тарихшы, журналист. Одан – Аскар.

**Таңаттан** – Куандық, Бимақан, Әбіш, Айдос, Зікібай, Сейітқұл. Бәрінен де балалар бар. Зікібайдың Есләмі – белгілі ақын.

**Болаттан** – Коркыт, одан – Мәті. Мәтіден бес бала: Баязи, Қебен, Жұмалы, Сейдахмет, Қожаҳмет. Баязиден – Құрмаш (Құрмаш Баязиев көп жыл облыс мектептерінде директор болып қызмет атқарған) – Қожағали, Есмағали, Құрманғали (Құрмаш). Қебеннен – Мейрам, Қанат. Жұмалыдан – Моллағали, Әскер. Сейдахметтен – Баймұрат.

**Кешубайдан** – Байжан, Құжырақай.

**Онжетіден** – Мырза, Нарғожа, Мәмет.

**Бошанинан** – Тәшібай, Жұмабек, Жайлаубай, Нақымишен, Пұрқан.

**Кенжеқозыдан** – Шешенбай. Шешенбайдан – Шокай. Шокайдан – Қали, Смағұл, Қабдолла. Смағұлдан – Қабиболла, Гасқынбай. Қабиболладан – Қөшімбай. Осылардың бәрінін үрпактары бар.

## Жансүгір батыр

Жансүгір батыр – Қойлы Атығай Баубек батырдың баласы. Баубек бабамыз шамамен 1690 жылдары туып, 1760 жылдары дүние салған. Қалмактармен жойқын соғыста атағы Қожаберген жырау, кейінірек Бөгенбай батырдың жасактарының мынбасшысы болса керек. Баубек батыр картағайған шағында бәйбішесі Мысықтан Жансүгірді қореді. Қойлы Атығайдың бір баласынан Құдайқұл, Жиес деген екі ата тарайды. Бұл екі ата бертінге дейін енші бөліспей бірге болған. Бұғінде олардың үрпактары Қекшетау, Солтүстік Қазақстан өнірлерінде ғана емес, Ақмола, Костанай, Павлодар облыстарында да тұрады. Құдайқұлда бес бала болған: Әлмөмбет, Жәлмәмбет, Базар, Тікей және Карабалық. Ен кен-



жесі Қарабалықтан бес ата тарайды. Олар: Есенбай, Төлебай, Бөрібай, Саполат, Сүйіндік.

Жансүгірдің батырлық атағы 17-18 жасар кезінде шығады. Үш жүздің баласына жан-жактан жау анталап, түстіктен Қоқан Қоқандап, теріскейден орыстың назары ауа бастаған кез. Осындаі бір кезде Баубектің ескі досы Қараман батыр жасағымен келіп: «Мына жорыққа сарбаздарына бас етіп кімді жібересін?» – деп алдынан өтеді. Баубек ұлы Жансүгірді атапты. Содан бұл жасақ құба қалмакпен болған шайқастарда үлкен женістерге жетеді. Жансүгір батырлығымен көзге түседі. Басына бак конып, абыройы аспандай бастайды. Жансүгірдің жанында өзімен аталас Төлебайдан тараған Мырзатай, Жиестен Сарыбай сиякты үзенгілес серіктері болады. Бұл батырлар елін де, жерін де жауға бермей, тек бірлікті, татулықты ойлаған.

Жансүгір батырдың туған, өлген жылдарынан ешкандаі нақты деректер жоқ. Оның өмір сүрген кезеңі шамамен 1700 жылдардың соңғы ширегіне сай келеді. Атығай ұранды жалпақ елдің жауға бастар ұраншысы Андықожа, Баубек батырлар екен. Екеуі – бір-біріне немерелес, аталас жандар. Бұлардан кейінгі кол бастар батыр Жансүгір болады. Атығай ішіндегі Жиес елінен шыққан Сарыбай батырмен тізелес жаугершілікке бірлесіп аттанады екен, әрі екеуі – жан аяспас достар.

Кейін заман тыныштала бастаған кезде Сарыбай батыр: «Жәке, өзіміз болсақ картайдық. Ұрпағымызға бір коныс тауып тұрактайтын орын керек кой. Кейінгі ұрпакқа мұра болып қалар жерді қалай бөлеміз?» – дегенде Жансүгір: «Жиес атанын балалары, онтустігін – Азат, батысын – Жамантау, солын Назға дейін болсын. Құдайқұл атанын ұрпағы, Асанқайғы атамыз айткан «Жұз кетпес, мың бітпес» деген Жолдызек бойына қоныстансын», – деп екі елдің тұрағын бөліпті. Жансүгірдің тағы бір жанындағы досы – Нұрым атты ақын кісі. Ол жорыққа шықса да, елде болса да, іргелес конып, бірге жүріпті. Онын Теренкөл көлінің құбыла бетіндегі шок теректің бауырында мешіті болыпты. Нұрым дүниеден өтепінде өзін жерлейтін жерді айттып осы араны көрсетеді.

Нұрым ақынның негізі – естек. XVIII ғасырдың соны – XIX ғасырдың бас кезінде Есіл бойына келіп орнаған естектерді қуып тастағанда қазакқа үйленген бір естек ағайын

калып қойыпты. Содан туған Нұрым, қазактың жиені, жас қүнінен батырдың жаңында айырылмас дос болып өсken. Алғашқы жастық жалын, лапылдаған жігер көнілдерін көкке өрлеткен кездерінде Әлмембет Мырзабай батыр, Жансүгір батыр, Нұрым ақын үшеуі Кенесары Қасымұлы қол жинап жатыр дегенді естіп, соған барып қосылады. Онда бірер жыл болып, әлдебір себептермен елге оралып, ел басқару ісіне кірісіп, Жансүгір би дәрежесіне дейін көтерілген.

Кейін Жансүгір батыр өлерінің алдында өсиет етіп, өзін досынын жаңына жерледіпті.

Қызыл империяның идеологиясы солқылдай бастаған кезде ел ес жиып, өткенімізді еске ала бастағанда ұрпактар Сексен Исаұлы, Ескендір Мырзатайұлы аксакалдар орны жоғалмасын деп колдан құйып, бір белгі қойыпты. Ол сол қалпы әлі тұр.

Алқағаш ауылының тұрғыны Молдахмет Сұрағановтың айтуынша: «Жансүгір Баубекұлының туған және кайткан жылдары туралы накты дерек жок. 1800 жылдардың басында туып, 1880 жылдары кезінде дүниеден өткен болуы керек. Олай дейтінім – біздін Қойлыатығай тұрғындары Есіл өзені бойынан орыс отаршыларынан құғын көріп «Жолдызек» (елдін қазіргі мекені) жеріне көшіп келген сон, 1888 жылы менін әкем Сұрағанның әкесі Әбдіракым 43 жасында кайтыс болып, осы манайдағы жалғыз зират – Жансүгір мен Нұрым ақынның жаңына жерленіпті» (*Молдахмет Сұрағанов. Ауылым – алтын бесігім. – Қызылжар, 2010. – 62-бет*).

Жансүгір батырда төрт ұл болған: Есет, Еспене, Байжан, Жайық. Еспене ертерек дүниеден өтеді. Есеттен – Есмағанбет, Иса. Байжаннан – Макыш қажы, Аманжол, Көккөз. Жайықтан Смағұл, Ыскак тарайды. Олардың ұрпактары бар. Ара-лағаш ауылында тұрады.

Ержүрек батыр, ділмар шешен, ел корғаны болған атамыздың зиратын түзеп, басына көрнекті ескерткіш кесене орнатылса дейміз.

### Ер Жәнібек Төлеқұлы

Бұл – казак тарихындағы атақты Жәнібектің бесіншісі. Ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауда-

жылдары

нындағы Еменәлі жалы деген орманды, көлді қоныста (Архангелка селосы орналасқан жерде) дүниеге келіп, сол туған жерінде едәуір жасқа келіп, ауырып қайтыс болыпты. Сүйегі сол арадағы Еменәлі батыр зиратына жерленген екен.

Жәнібек – XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген қазақ батыры, әкесінің аты – Төлек, інісінің есімі – Қантай. Қантай – бұл күндеі Қантай Керейдің тұп атасы. Жәнібек жағасында дүниеге келген Қайранқөл (Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Архангелка селосының маңындағы көл) оның өз атымен күні бүгінге дейін «Жәнібектің Қайранқөлі» деп аталады.

Жәнібек жасында ауыл молдасынан оқып, хадимше хаттанып, діни білім алышты (шежіре дерегі бойынша).

Жәнібектің елі – Орта жүз Керей, оның ішінде – Ашамайлы Керей, оның ішінде – Тарышы Керей. Тарышы мерген Алтын орда ханы Өзбектің бас ақылшысы әрі қырық уәзірінің бірі болған Танаш батыр Фархадұлының ең кіші ұлы екен. Тарышы мергеннен – 1 бала: Мойын. Мойыннан – 3 бала: Естияр, Достиар, Есжияр. Достиардан – 3 бала: Ысмайыл, Ысмағұл, Ысқақ. Ысмағұл батырдан – 1 бала: Жалбыр. Жалбыр мергеннен – 6 бала: Еменәлі, Ералы, Бегалы, Иманәлі, Сералы, Шерәлі.

Еменәлі батырдан – 2 бала: Сырлыбай, Құнту.

Құнту мергеннен – 2 бала: Карабатыр, Сейтімбет. Бұл екеуінен тараған үрпактарды Еменәлі Керей ішінде Таз әuletі деп атайды. Сейтімбеттен – 3 бала: Елтоқ, Құнток, Байтоқ. Елтоқтан – 2 бала: Жанқадам, Жандамбет. Жанқадам батырдан – 1 бала: Шама – 1 бала: Айтұған – 2 бала: Киікбай, Бөкенбай. Киікбай Айтұғанұлы (1748-1842) атакты би болыпты. Сырлыбайдан – 3 бала: Үрыс, Нұрыш, Өріс. Үрыстан – 4 бала: Қожеке, Құдияр, Төлек, Сакау. Төлек батырдан – 2 бала: Ер Жәнібек, Қантай.

Құдиярдан – 1 бала: Алдай – 1 бала: Қара би – 2 бала: Жабай батыр, Дос Мерген. Ер Жәнібектің немере інісі Алдай би атакты Жабай батырдың атасы екен.

Жәнібек он жеті жасынан бастап батыр болып, көзге түсіп, жүрттап алғыс алған екен. Ол өзіне елдес Толыбай сыншы Дәулең батыр ұлы 1625-1668 жылдар аралығында әскерін басқарып, Харакұла, Батар хонтайжылар басқарған жонғар-

калмак басқыншыларынан мұсылман елдерінің жер-сүйн, жаткын корғаған кезіндегі қазақ-калмак соғысына қатысады. Құшпандармен соғыста талай ерліктер көрсетіп, жекпеске қалмактың бірнеше батырын жер жастандырыпты. Жөнібек заманында Салқам Жәнгір, Шығай хандардың, ортосы Толыбай синшының он колы болған екен. Ол өз үсінің Ер Жәнібек, Жәнібек баһадүр, Сынықшы Жәнібек, Жөнібек сардар деген күрметті атпен мұсылман қауымына моншүр болыпты. Ол туралы шығарған Қожаберген жыраудың «Ер Жәнібек» атты, Дәстем салдың «Сынықшы Жәнібек» істен тарихи дастандары болған екен. Бір өкініштің сол, дастандарды жатка білетін ақсақалдардың соны 1970 жылға деңгей омір сүрсе де, ешкім осы атамыш мұраларды жазып алған жок.

Жөнібек батырдан үрпактар бар. Олар Солтүстік Қазақстан соғысының Жамбыл ауданындағы Архангелка, Үлгі ауыларында, облыс орталығы Қызылжар (Петропавловск) шаһарында омір сүріп жатыр. 1916 жылы «Прием» атты тарихи әрі омірбаяндық дастан шығарған әйгілі ақын Біржан Берденұлы (1890-1921) осы Ер Жәнібектің сегізінші үрпағы екенінде Солтүстік Қазақстан облысындағы мұсылмандарға молім. Ұлы Отан соғысының ардагері, Социалистік Енбек Ері Есім Шайкеұлы да осы Ер Жәнібектің тоғызыныш үрпағы. Шоқанның өлімін Шынғыска, Зейнепке естіртуші екі атаманың бірі әрі Шынғыска бас көтерткен атақты Жолан батыр Сармантайұлы (1811-1898) да осы Ер Жәнібектің алғашкыны үрпағы екен.

## Жәпек батыр

Шоқан өзінің «Исторические предания о батырах XVIII в.» істен еңбегінде: «Калмыки, посланные для сего, настигли стоявшло на охоте, схватили с несколькими биями, с знаменитым батыром Худайберды атыгаевского рода Джапоком, и привели к Галдану», – деп жазған (Ч.Ч. Валиханов. Том I. – С. 217).

«Балталы, екпінді оттан Оразымбет,  
Сырғалы шапшаң оқтан ер Елшібек.

*Өзіне тірі жанды тең көрмейтін  
Тәкаппар Қошқарұлы ер Жәнібек  
Қалданға ханмен бірге тұтқын болған.*

*Жолдасы Абылайдың – батыр Жәпек.  
Сырттаны – Бәсентиін ер Сырымбет.  
Осындай өңшең көкжал жиылыста  
Күніреніп жолбарыстай «жасу қайдада?»*

деп.

Шоканның Джапек, Мағжанның Жәбек деп айтып отырғандары бір адам – Атығай руынын Құдайберді тармағынан шыққан атақты Жәпек батыр. Атақты Қалқаш батырдан 2 ұл – Құдайберді және Бәйімбет болса, олардың әрқайсысынан әлденеше ұл тарап, бас-басына бір ауыл болып кеткендігі тарихтан белгілі.

Тікелей Құдайбердіге келсек, Құдайбердіден – Ақмәліш, одан – Андай, одан – Есенгелді, одан – Рсай, одан – Құлымбет. Құлымбеттен – Кеккұлы, одан – Ораз, одан – Дәүітбай, одан – Жәпек. Жәпектің женгедей алған әйелінен Қарасай бұтағы шығады, одан бүтінгі есімі елге мәлім Шахмет Хұсайынов тарайды. Ал екінші әйелі атақты Малайсарының қарындасты Кежектен 5 ұл: Сейтен, Сарықазак (Құткелді), Жауқай, Жарты, Жортушы туған. Сейтен кол бастаған батыр болған. Сарықазағы бес жасында қалмақтарға кепілдікке берілген, атқан оғы зая кетпейтін мерген болған. Жауқай айткан сөзі алдынан шыккан қөріпкел бақсы болған. Абылай Сарықазакты кепілдікке берген. Ол қалмақтың ұлы жок бір адамына берілген. Құткелді Сарықазак атанған. Есейіп ержеткенде атқан оғы жерде қалмайтын мерген болып, көптің көзіне тұскен. Қонтайшы өзімен бірге аңға алып жүреді екен. Содан кызғаныш туады, одан құтылудың амалын іздестіреді. Соны сезген қалмақ әке Сарықазакқа өзінін қызын қосып, бір тұнде еліне аттандырып жібереді. Ол еліне аман оралады. Жеті әйел алған сүйегі Кожа Ахмет кесенесінде дейді. Одан туған ұрпак бүтінгі Айыртау өніріндегі Қоскөл, Қаратал, Кириловка елді мекендерінде молынан кездеседі.

Жәпек Абылаймен тұстас, өзіне аса жақын тұтқан сенімді серігі әрі кол бастаған батыры болған.



Галай рет тебінгісін қанға малған ұрыстарда кол бастаған Жепек жайлы арнайы зерттеу жок. Бар болғаны қөтеген саптаң өрлермен бірге есімі құрметпен аталады. Алайда Жекеңің іл корғаған ірі тұлға болғаны даусыз. Оған оның туған ұлы Сарықазактың кепілдікке берілуінің өзі-ақ біраз гана аңұатады. Қазак үшін қадірі биік батырдың баласын кепілдікке беру арқылы Абылай қалмак жағын сенімді кепіміге келуге шақырығандығы да даусыз. Сондай-ақ атакты Манайсары батырдың туған қарындасы Кежекті Жәпекке беруінде де үлкен мән бар.

2000 жылдың күздінде (казан айында) Жәпек батырға ес-герткіш орнатылды. Батырдың кіндік қаны тамған Жарасаш (Казанка) ауылында өткен митингіні ашқан жергілікті шаруа кожалығының жетекшісі Кәдіrbай Мәжитұлы батырның омір жолын баяндап берді. Аудан әкімі Армия Әбілғанайыров лентаны қыып, ескерткішті ашты. Одан кейін аудан мемліттің бас имамы Өмірзак қажы хатым оқып, Құран бағынғады. Салтанатқа катысушылар Кириловка селосында мерекелік концертті тамашалады. Сонында Жәпек батырға арналған ас берілді.

### **Жабай батыр Қарабиұлы**

Жабай Қарабиұлы 1703-1795 Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Қарағайлы көлі жал ағашында туған. Қазактың әскербасы батырларының бірі. Ол Орта ғүне жататын Ашамайлы Керей тайпасынан шыққан сардар Жабай батыр, Көшебе Керей ордабасы Қожаберген мен оның шілсі Дәстем сардардан, Балта Керей Тұрсынбай батырдан үші-онеге алған екен. Ол – казақ-қалмак соғысының қарманы. Жабай 1715-1758 жылдар аралығында жонғарғанымак басқыншыларынан және Еділ сыртындағы қалмак шапқыншыларынан, түрікпен феодалдарынан туған халқын, оның жер-суын корғау жолындағы азаттық соғыска белсене қатысип, үлкен ерліктер көрсетіп, батыр, мыңбасы, сардар істен әскери атактарға ие болыпты. Қарабиұлының сол ерліктері Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жыр-дастанында, Дәстем салдың «Қаһармандар» атты ерлік киссасында:



*Қарабиұлы Ер Жабай  
Жиырма алтыда жасы бар.  
Қырылған елге жаны ашып  
Жауға шапты аянбай.  
Дүштандарды тойтарды  
Тіккен туы жығылмай, –*

деп жырлады. Сонымен қатар Жабайдың ерліктерін Бұкар, Тәтіқара, Үмбетей, Жанкісі (Керей), Жанак (бірінші), Көтеш, Шал, Салғара ақындар да жырлапты. Жабай батырдың кейінгі ұлдары: Токсан би, Сексен батыр, Мынжасар мергендерден тараған ұрпақтар Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында, Қызылжар шаһарында және Ресейге қарасты Түмен облысында тұрады.

### **Жанкісі жырау**

Жанкісі Көшекұлы 1736 ұлу жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Гүлтөбе-Маманай деген жерінде дүниеге келеді. Сол тұған жерінде 1817 сиыр жылы кайтыс болады. Руы – Орта жұз Ашамайлы Керей ішіндегі Көшебенің Таузар тайпасынан. Жанкісінің әкесі Көшек Асқапұлы (1695-1783) да 1723-1758 жылдар арасындағы жат ел басқыншылығына қарсы азаттық соғысқа қатысып, қол бастап батыр, сардар атағын алған адам. Ол жөнінде атакты Кожаберген жырау Толыбай сыншы ұлы (1663-1762) өзінің 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына шығарған «Елім-ай» дастанында:

*Киыншылық ылғи болмас, алі-ақ өтер,  
Ерлерім жауды ұзаттай тентіретер.  
Бөгенбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Көшек  
Қалмақты қойша қырап, зар еңіретер, –*

деп жырлайды. Бұл жырдан соғысқа Жанкісі мен Көшектен басқа батырдың атасы Асқаптың да катысқанын көріп отырымыз. Көшек батырдың соғыстағы ерлігін Кожабергеннен басқа Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Бұкар, Жанак (үлкен Жанак), Көтеш есімді ақындар да жырға косқаны белгілі.



Кожаберген, Дәстем сал, Сегіз сері, Жанак сияқты Жанкісінің әкесі Көшек батыр да Қарабас би тұқымынан ертеде атты елге белгілі көп ақын-жыраулар шыққан еken. Көшек батырдың өзі Кіші жүзге күйеу еken, ол белгілі Сырым Дағуның анасы Ақбота сұлуға үйленген. Біз сөз етіп отырған Кошектің көп баласының бірі Жанкісі осы Ақботадан туған. Жанкісі Көшекұлының өмірі өте қыншылықпен отелі. Өйткені, ол қалмақпен жаугершілік тұста өмір сүрген. Жонғар басқыншылары тізе бүккеннен кейін ол Бұқара шаһарындағы медреседе оқып білім алады. Ақындық, жыршылық өнермен айналысады. Жонғар мен Еділ бойы қалмақтарының шапқыншылығына қарсы азаттық соғысина белсенді катысан жауынгер ақын еken. Жанкісі сонымен бірге ол і айтқан соғыста Қожекеұлы Бөгенбай батырдың (1698-1759) жасағында болып, талай-талай жорыққа катысан және миңкіншік бостандық жолындағы күрестеке шақырып, үгітшілік ғымет атқарған. Ол өзінің тұсында шығарған бір өлеңінде:

*Мен Таузарда Жанкісі,  
Жырыма құмар әр кісі.  
Ұран сап атқа мінгенде  
Соңыма ерген бар кісі.*

*Жау келгенде жасқанбау –  
Батырлықтың белгісі.  
Мирас болған біздерге  
Бабалардың улгісі, –*

Ісп жырлайды. Жанкісі жырау Көшекұлы жас жігіт кезінде өз атасы Орта жүз Ашамайлы Керей Бақсары батыр Райжанұлы (1683-1778) ордабасының мынбасшысы болып, Еділ-Жатық бойын қалмақ басқыншыларынан азат ету жорығына ғалысалды.

Жорықтан еліне жеңіспен оралған кезінде Үрғыз өзені оғанында түрікпендер шауып кеткен бірнеше ауылдың үстінен шыгады. Шапқыншылыққа ұшыраған ауылды көрген ақын осы жолы өзінің «Бақсары батыр» атты дастанын шығарды.

Жанкісі Көшекұлының Бөгенбай батырға арнаған шығармаларымен коса Кожаберген жыраудың інісі Бердікожа



Тобышұлына арнаған «Бердікожа батыр» атты белгілі дастаны бар. Жанкісі ақынның бұдан өзге де «Абылай хан», «Тұрсынбай батыр», «Тайлақ мерген», «Ер Сырым», «Батыр Жайнак», «Ер Ақпанбек», «АЗат батыр» атты жыр-киссалары, өзінің кім екені жайында өлеңі және басқа жыр мұралары ел аузында көп сақталған. Бұлардың дені, әсіресе Қызылжар, Омбы өніріндегі Корған, Түмен, Сверловск облыстарындағы қазактар арасында кеңінен тарағанын айта кетуіміз керек. Өзіміздің академияда сақталғаны «Керей Бөгенбай батыр», «Бердікожа батыр» дастандарыға.

Осы арада тағы бір деректі еске сала кетелік. Жанкісінің әкесі Қошек батыр атаконысы Гүлтөбе-Маманайды 1763 жылы қаза болғанына бір жыл толған Қожаберген бабасына арнап ас береді. Ол асқа Абылай хан, Бұқар жырау, Бөгенбай, Қабанбай батырлар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтікара, Көтеш жыраулар катысады. Жанкісі ақын осы аста Қожаберген бабасына арнап ұзак жоқтау жыр шығарған.

Бір айта кететін нәрсе, аты елге кеңінен танымал ауыз әдебиеті дүлдүлдерінің бірі осы Жанкісі шығармаларының әлі күнге дейін жиналып, толық зерттелмей келе жатқаны. Жанкісінің Маклұза есімді әйелінен Салғара, Зілғара, Шопан, Орхан, Бұрхан атты бес ұл тудады. Осы бесеуі де найзагер, мерген, палуан болғандықтан оларды арқа елі «Жанкісінің бес қаскасы» деп атаған. Бұлардың ішінен Жанкісінің үлкен ұлы Салғараның атакты ақын, композитор болғаны жұртқа белгілі. Оның «Жиырма бес», «Токсан бес» атты өлеңдері казақ елінің тұс-тұсына кеңінен тараған. Осы Жанкісі Қошекұлының өзге балаларының да өнерлі болғанын ел аузындағы деректер дәлелдейді.

## Дәстем сал Қарабасұлы

Әдебиет тарихында аты елеусіз болып, артында қалдырыған мұралары жиналмай келген тұлғалардың бірі – XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында Әмір сүрген сурыпсалма әнші-акын, күйші-композитор, халық батыры – Дәстем сал Қарабасұлы.



Ақынның туған жері – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының маңы. Оны сан қырлы өнерге – әншілік, мергендік, колөнершілік және басқа өнердің көптеген түрлеріне өз ағасы Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлы қалыпты. Ел аузында сакталған кейбір деректерге қарағанда Әстем бала кезінде ауыл молдасында, кейін медреседе оқып, оған алған көрінеді.

Аты мәлім өнерпаздың шығармалары көп болуына қарастан, дені біздің кезге жетпеген, ел есінен ұмыт қалған. Оның шығарған «Қызылжар», «Гүлтөбе», «Қарағай», «Ақ сауыт», «Көктау» атты әндері, «Адырна», «Мір», «Бұқпелім», «Сібір», «Ертіс» деген қүйлери, «Жалантөс баһадүр», «Салқам жонғір», «Фаділ Әнет», «Данышпан Қазыбек», «Қайран Өнтеке», «Акша батыр», «Дәстемнама», «Абак ана», «Жаман батыр», «Бозқозыұлы Бөкенбай» атты тарихи-ерлік жырлары болыпты. Қазір бұл шығармаларды жатқа біletін де, домырамен тартып, нақышына келтіре айтатын да көнекөз ғана қалған жок.

Ел ішінде Қарабасұлы жыраудың тек Абылай ханға, Жабан, Баян, Бөгенбай, Тұрсынбай, Малайсары, Қабанбай, Атлас, Олжабай, Есет, Жәнібек батырларға, Байжігіт қүйшіге, Іуқар, Тәтіқара, Үмбетей жырауларға берген баталарының үшінділері мен «Жаман батыр» деген дастанның үзіндісі, «Дәстемнама» атты тарихи жыры ғана сакталған.

Сонымен, «Дәстемнама» тарихи дастанының қазіргі сан түрі ауытқымалы пікір кайшылығына толы дүбірлі заман соғысмен қарағандағы танымдық қуат-құндылығы неде? «Дәстемнама» нендей толғакты мәселе көтеруімен ғасырлар сынестінен өте келе бізге қымбатты қазына болып тұр? Жауап соғысмен көрелік.

Біріншіден, «Дәстемнамада» орта ғасырлар шеніндегі Ория Азия халықтары басынан кешірген сан тарихи өткегілер жолай шолу түрінде болсын айтылып өтіп, түркі халықтарының тағдыр-талаіы, елдік қадір-қасиеті, мекен етегін жер-су аймағы жыр жолдарымен зерленеді. Екіншіден, Стюартегі түркі жұрттың қан каксата жүріп, белсенді отарлау сиясатын жүргізген Ермак қаракшының жауыздығы мен оның шт. олімі атамыш тарихи мұрада өз кезені түрғысымен алып



караганда алғаш рет көркем шығармаға арқау болып, біршама айқындықпен ашылып көрсетіледі.

Жалпы Ермактың өмірі мен өлімі жөнінде нешеме килы, қайшылықты пікір-байламдар бар. Алайда, «Дәстемнама» дастанының тарихи айфакты көлденен тартуы түрғысынан келсек, халық жадында сақталып келген Ермак өліміне қатысты «итке талатып өлтіруі» нұсқасының өміршендене түсетінін байқаймыз. Сол секілді «Дәстемнаманы» жырлаушы Ермакты Жармақ деп, оның әкесі Тимофейді – Темепей, Ібір-Сібірді жаулаушы саудагер-алпауыт Строгановтарды – Ыстыраған, Ібір-Сібірдің кіші санды халықтарын қазак тілінін ауызша айттылу макамына қарай әр түрлі айттып, жырлай береді.

Жырдағы:

*Қазақтың бегі – Ер Даулен  
Жармақты (Ермакты) бөгөп соғысын,  
Карсы түрдө көлденен.  
Орта жуз Керей Сейдек те  
Ер еді асқан санаттан.  
Сүйреп әкен Жармақты  
Қабаған итке талатқан, –*

деген шумақтарындағы Ермакты итке талатып өлтірген Сейдек батырдың Көшебенің Еламан атасынан тарайтынын айтады. Еламан атасын кейбір үрпактары Жамбыл ауданында тұратынын көпшілік біле бермеуі мүмкін.

### Есет батыр Қожабергенұлы

Есет батыр Қожабергенұлы 1688 жылы Жамбыл ауданындағы Гүлтөбе жерінде туған. 1772 жылы Түмен облысы Есет ауданында кайтыс болған.

Есет – Қожаберген жыраудың төртінші баласы. Самарқанд медресесін бітірген. Қазақ-калмак соғысында қол бастаған батыр болады. Есет татар, башқұрт, қазақтардың біріккен колын басқарады.



Есет батырдың ерлігі жайлы Дәстем сал, Жанкісі, Тәтікара, Үмбетей, Жанак, Көтеш ақындар жырлап өткен.

Сібір татарлары билері мен бектерінің өтінішімен Әбіл-мөмбет хан мен Абылай сұлтан Сібір татарларына басши (шора) қызып жібереді. 1746-1772 жылдар арасында татар ай-магының шорасы (кіші хан) болады. Қазіргі Ресейдің Түмен облысында өзі басқарған елден ағатын бір өзен Есет өзені деп, бір аудан Есет атымен аталады, орталығы – Есет қаласы.

### Құлеке батыр

*Құңғаренің ойлағанда Алаш жайын  
Жанымды орай берсе ұлы уайым,  
Кеудеме күннің нұры толғандай бол,  
Жырлаймын алты Алаштың Абылайын, –*

Ден Мағжан ақын мадақтаған Абылай ханның маңында топ-таскан, сыртқы жаулардан ел корғаған ерлер-батырлар, шешіп-жыраулар, атакты билер көп болғаны тарихтан белгілі. 11-ші күннің тарихына, Абылай ханға қатысты жазылған түрлі ынтымаларда, әлемнің шығармаларда Қанжығалы Бөгөнбай, Қарақерей Қабанбай, Шақшак Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, Бұқар жырау, Төле би, Қаз дауысты Қашыбек би, Эйтеке би, Қанай би, басқа да аты белгілі батырлар мен билер туралы сөз болады. Бұл орынды да. Дегенмен, осы тұлғалардан кем енбек етпеген, азаттық үшін жан аямай күрескен, хан санатында жетекші орын алғып, сындарлы саясатқа тікелей араласкан, Алаш ісіне ақыл-кенесін аямаған, орак әр түрлі себептермен осы күнге дейін кен айтылмай жүрген ел ардагерлері де аз емес. Соңдай Алашқа енбегі сінген ерлердің бірі – Құлеке Тәнірбердіұлы.

Құлеке батыр туралы жиған-терген деректерге сүйеніп, тоғызырақ әнгімелейік. Құлеке батыр – Абылай ханның сенімді серігі, он қолы болған тарихи тұлға. Ол батырлығымен шартта өз заманының көрнекті мемлекет қайраткері болып, Абылайдың елшілік қызметін де атқарған, ел ағасы ретінде іе зор беделге ие болған. Кейін де ел-жұрты оның аруағын



кадір тұтқан. Ол қайтыс болғаннан кейін сүйегі құрметtelіп, касиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне койылған.

Құлеке батырдың ататегіне келсек, былай өрбиді: Атығай ішінде Бәйімбет. Одан – Жоламан. Жоламаннан – Дәuletay. Дәuletайдан – Тәнірберді (ел ішінде Тәйірберді деп те жүр, шындығы – Тәнірберді). Тәнірбердіде төрт ұл болыпты: Тілеке, Құлеке, Қожаберген, Акан-Барак. Құлекеде алты ұл болған: Бөбеке, Мәңке, Тілеуке (Шал ақын), Шардак, Қазакбай, Жүсіп.

Құлеке 1710 жылы туып, 1771 жылы қайтыс болған. Ол Абылай ханнан бір жас үлкен, одан он жыл бұрын, 61 жасында дүниеден өткен. Оның 61 жасында дүниеден өткендігін өзінің туған баласы Тілеуkenін (Шал ақынның) әкесіне жоктау ретінде айтқан мына өлең жолдары да растайды:

*Құлеке жиырмада арқар еди,  
Отызда би, қырқында дарқан еди.  
Кешегі дулас өткен Құлекенің  
Алдынан орыс, қазақ тарқап еди.*

*Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,  
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.  
Кешегі дулас жүрген ер Құлеке  
Су тиген сөне қалдың өрттей болып!*

Тарихи құжаттарда Құлекенің есімі бірінші рет 1742 жылғы тамыз айында кездеседі. Сол 1742 жылдың 23-30 тамыз күндері Орынбор қаласында Орынбор комиссиясының начальникі, тайный Кенесник сенатор И.И. Неплюевтің алдында орыс патшайымына адалдығы туралы қазактың бір топ батырлары мен билері ант берген. Солардың ішінде Құлеке батыр 26 тамыз күні отыз бесінші болып ант беріпті. Қарасай батыр он тоғызыншы болып берген. Яғни, бұл екі батыр бір мезгілде ант беріп, кездескен деуге болады. Бұл №96 құжат «Русско-казахские отношения в XVI-XVIII веках» деп аталағын 1961 жылы Алматыда басылып шықкан кітапта (222-бет) берілген.

Бұдан кейінгі жылдары Құлеке батыр орыс үкіметімен жақсы катынастарда болады. Абылай хан атынан әлденеше рет

стілілікке барады. Орыс үкіметінің ресми құжаттарында оның есімі жиі кездеседі. Олардан Құлеке батырдың өз заманында аса ықпалды, беделді адам болғандығы көрінеді. Құлекенің Орта жұз атынан ант берген 148 би-батырлардың бірі болып, солардың қатарынан орын алуы оның өз заманында ру ішінде үстемдігін жүргізген беделді атқамінер болғанын танытады. Жазба құжаттарда оны батыр немесе старшина деп атап отырған.

Шал ақын өзінің бір өлеңінде әкесі Құлекенің атакты батыр болғанын атап өтеді:

*Құдай жақсы жаратқан Нұрекені айт,  
Елде жақсы бар болса бір-екіні айт.  
Атығайда төрт қасқа батыр өткен  
Жантелі, Жәпек, Тілеке, Құлекені айт! –*

Ішінде Атығай ішіндегі атакты төрт батырдың қатарына әкесі Құлекені де косып атайды.

Бұл батырлардың екеуі – Жантелі мен Жәпек Атығай-ның Құдайберді, ал Тілеке, Құлекелер – Бәйімбет атасынан. Тілеке мен Құлеке – бір туысқан ағалы-інілі бауырлар. Тілеке Қулекеден он жастай үлкен болса керек. Ол Жантелі, Жәпек батырлармен тұстас екен. Тілеке – Эбілмәмбет ханының ғысында жасаған атакты батырлардың бірі. Жоғарыда аталған кітапта («Русско-казахские отношения...») мынадай жолдар овар: «Генерал-лейтенант подарил хану (*Абильмамбету*. – *Л.М.*) белый хрестовый, пансырь железной, Абылай султану – пансырь железной. Джанибек батыру пансырь такой же. Тілеке батыру – пансырь же» (*167-бет*). Яғни, патша үкіметі Тілеке батырды да жоғары бағалаған.

Құлеке – Атығай руының рубасы, аткамінерлерінің бірі. Оғомір бойы дерлік Абылайдың қол астында, хан ордасында кызмет аткарады. Ол кезде Орта жұз ханы Эбілмәмбет Гүркістанда тұрады да, Абылай сұлтан Көкшетауда болып, Құлеке, тағы басқалары оның тапсырмасын орындаушылар боллады. Осыған байланысты олардың есімі Орта жұз хантынына, Абылай әкімшілігіне катысы бар Ресей шекара приказдарымен, шекара комиссиясымен жазысқан катынас ка-



ғаздарда, ресми құжаттарда жиі кездеседі. Ресми құжаттарда (документтерде) Құлекенің есімі 12 рет кездеседі. Олар – №93, 205, 233, 236, 237, 240, 247, 251, 257, 262, 267 санды документтер. Бұл документтер (құжаттар) 1742 жылдың тамыз айынан 1765 жылдың кантар айына дейінгі уақыт ішінде хатка түскен.

Осы документтерге қарағанда Құлеке батыр 1742 жылдан 1765 жылдың кантарына дейін – 24 жыл бойы Абылай ордасымен тығыз байланысты болып, қызмет көрсетеді. Абылай оны әр түрлі ұсақ нәрселерден бастап, ел дауын, кісі құнын шешуге, тіпті шекара комиссиясына катысты саяси мәселелерге дейін жұмсап отырған. Мысалы, Абылай жоғалған аттарын іздетіп оны Ойыл әскери линиясына, Ертістің ішкі жағына мал жаю үшін рұқсат сұратып сырткы істер коллегиясына және азық-тұлік әкелу үшін Святой Петр қорғанына жіберді («*Казахско-руssские отношения в XVI-XVIII в.в.*» 620, 623, 660-беттер). Кейде Абылай Құлекені Құлсарымен бірге саяси мәні бар ресми істерді бітіріп келуі үшін өз атынан жұмсап отырған. 1753 жылы наурыз айында Абылай Құлсары, Құлеке батырларды жонғар шапқыншыларына қарсы қөмек сұрауға Орта жүз Атығай руынын атынан Троицк корғанына елшілікке жібереді (*Сонда*, 675-бет). Сол жылғы сәуірдің 19-ында жазылған документте Құлеке батырдың сол жылдың жазында Абылайдың орнына Троицк корғанына немесе Орынбор қаласына баратыны жайында келісім бергені айтылған (*Сонда*, 614-бет).

Ресейдің сырткы істер алқасының Орынбор губернаторы А. Давыдовқа 1760 жылғы 18 шілдеде берген жарлығында Құлеке батырдың казак ішінде аса атакты, беделді адам екендігі айттылып, онымен жаксы катынаста тұру керектігі, ла-ықты сый қөрсетілуі қажеттігі ескертіледі.

Аталған кітаптағы («*Русско-казахские отношения...*») 240 документте «өте құпия» деген айдармен Ф. Гордеев деген аудармашының Троицк бекінісінін комендантты П. Роденге Абылай сұлтанның ордасына Орта жүз қазактарының Қытаймен қарым-катынасын байқауға барғаны туралы 1761 жылдың 3 шілдесінде жазған рапорты берілген. Енді әлгі рапортты сол қалпында орыс тілінде келтірейік:



«Первое. По отправлении от Вашего высокородия минувшего мая от 26-го числа, июня 22-го дня к Абылай султану я прибыл и письмо Вашего высокородия ему, Абылаю, отдал, которое того же дня при собрании довольноного числа киргизов и при мне через ево, Аблаева, писаря прочтено, которой, как тем письмом и присылкою меня был доволен. Посланые же со мною к старшинам Кулсаре и Кулеке батырами Вашего высокородия письма им персонально не вручен затем, что до прибытия моего к ним за десять дней уехали они из домов своих во отдаленные крайние Среднего же орды Аблаева владения, кочующие близ границы калмыцкой в пусте оставшей землицы киргиз-кайсацкие улусы для разбирательства учинившегося между двух киргизцов смертного убийства» (Сонда, 620-бет).

Бұл құжаттан Құлекенің орыс чиновниктерінің алдында белелді екенін көреміз және оның орыс тілін бірсыздырғы оттегі де анық.

Құлекенің Ресей үкіметінебеделді екенін Сібір әскерлерінің командирі генерал-поручик И. Шпрингердің сырткы істер алқасына 1764 жылғы 16 қарашада жазған мына рапортынан шақырылады.

«...В 1761-1764 г.г. Султану Абылаю ежегодно только из крепости святого Петра отпускалось 212 пудов зерна, муки, хлеба. Его брату султану Юлбарсу, батырам Кулсары и Кулляки и это же время выдавалось по 100 пудов в год» (В.Я. Басин. *Россия и казахские ханства в XVI-XVIII в.в. – Алма-Ата, 1971 г. – Стр. 204).*

Құлекенің есімі сонғы рет 1765 жылдың кантарында жаңылған «Сырткы істер алқасының казактарға астық сату жөнніңде жұмысының көшірмесінде» аталады. Бұдан кейін ресми документтерде Құлеке туралы ешбір дерек жок.

Құлеке батырдың ата-бабалары бұрын Сыр бойында тұрса керек. «Актабан шұбырынды...» кезінде халық босып көшкенді олар да көшіп, осы күнгі Ақмола облысына қарасты Алмат станциясының маңына орналасыпты. Құлекенің атакты уы Тілеуке (Шал ақын) сонда 1748 жылы дүниеге келген. Іолашақ ақын ес біліп, ержетіп қалған шағында Бәйімбет, Құлайберді тайпалары Есіл бойына қоныс аударады. Бұл жерді мекендереген естектермен соғыста Құлекенің ағасы Тілеке казабады. Алайда, осында көшіп келген казактар өздерінің




басшысы Құлеке батырдың кайраты арқасында естектерді Есілден ығыстырып шығарады. Естектердің Шуда, Бағанаты, Сарыбұлак есімді үш батырын Құлекенің жекпе-жекте өлтіргені туралы тараған аңызды осы құнгे дейін көнекөз қариялар айтып отырады. Ал еліміздің белгілі халық ақыны Ахметжан Нұртазин былай жырлаған:

*Сарыбұлақ, Шуда менен Бағанаты,  
Естектің батыры екен шыққан аты.  
Соғысып, сойылдасып берілмесстен,  
Белдеуден босамапты байлаулы аты.*

*Тілеке сол ұрыста қаза тапты,  
Құлеке ашуменен ерттеді атты.  
Өлтіріп Бағанаты, Сарыбұлақты  
Ағасы Тілекенің кегін атты.*

Бұл оқиғаның дәл қай жылы болғаны белгісіз. Аханның шамалауынша, бұл 1750-1760 жылдардың шамасы, өйткені «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Бәйімбет тайпасы Көкшетау манында 25 жылдай тұрған екен. Содан соң Есілге келіпті. Бұл есеп шындыққа келеді. Орыс үкіметінің ресми документтерінен Құлеке батырдың ауылы 1761 жылы Есіл бойында көшіп жүргенін білеміз. Алайда Құлекелердің бұл жерді накты қашаннан бері иемденгенін дөп басып айту киын.

Құлеке қайтыс болғасын Есіл өзенінің жағасындағы Аютас деген жерге койылады. Ол өзі дүние салар алдында денесін Түркістанға, ханның, әулие-әмбиелердің касына апарып жерлеуді өсиет еткен көрінеді. Сонынан сонау алыстағы Түркістанға Бетпакдаланы басып өтіп, жылқы терісіне оралған мәйітті бірнеше салт атпен айшылық жол жүріп, атакты Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне апарып, жер-ананың құшағына тапсырған баласы Тілеуке (Шал ақын) екен. Сөйтіп, ол әке өсиетін бұлжытпай орындалап, перзенттік борышын риясыз атқарыпты. Оның бейітінің басында ескерткіш құлпытасы осы құнге дейін сакталыпты. Ол туралы Құлеке батырдың жетінші ұрпағы, Қазакстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі Аманжол Қошанов ана бір жылдары әкесі Қошан марқұммен арнайы барып, Түркістандағы Қожа Ахмет Иас-



сауи кесенесіндегі Құлеке бабасының қабірінің басына зиярат жасап қайтқандарын айтқан болатын.

## **Құлсары батыр**

Уақыт көші ілгері жылжыған сайын аттары аңызға айналған үлкен бабалардың ел басына құн туған кездердегі еліне камкор болғаны, жаудың құтын қашырып, бітбес даудың түйінін бір ауыз сөзбен шешкендігі, ат сүрінгенше ақыл тапқан дана-ыктары жаңғырып, жарқын істері еске түсуде. Өздерінің ақыл-айла тапқырлығымен елін қырғынға ұшыратудан сактаған осы сияқты тұлғалардың алар орны ерекше екені соғысіз. Алаштың ардақтыларына, киелі бабалар рухына тағымын сту, өскелен үрпакқа үлгі ету – бәріміздің парызымыз.

Құлсары батыр Бөріұлы кім? Оның Отан тарихындағы, өзіндің өніріміздің тарихындағы орны қандай? Енді осы сауалдар айналасында әнгіме қозғайык.

Жоғарыда аталған зерттеулердің деректері бойынша Құлсары бабамыз 1715 жылы туып, 1776 жылы қайтыс болған.

Батыр бабамыздың ататегі туралы айттар болсақ, Орта жүз Аргын руының Атығай атасының Құдайберді тармағынан шрайды. Құдайбердінің алты баласы болған: Есенгелді, Ырсай, Андай, Ақмеліш, Жамет, Құлымбет. Ырсайдың алты баласының бірі – Бөрі. Бөріден Құлсары туады. Құлсарыдан – Құлыбек, Тау, Бейсеу, Ораз, Мамет, Калдаман алты балалар туған. Құлсарыдан туған осы алты баланың үрнектары өзіміздің Солтүстік Қазақстан облысында және республикамыздың әр жерінде тұрып жатыр. Біраз үрпактары бабасының мазарының ашылу салтанатына қатысты.

Құлсары батырдың Отан тарихындағы орнын Құлеке аттырыдан бөліп айтсак тарихи әділдік болmas еді. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет Абылайдың сұлтан кезінде оған Есіл өзені бойына коныстанған Атығай-Карауыл елінің билігін бергенін тарихтан білеміз. Абылай сұлтан бұл елді екі болысқа ру жігімен бөліп басқарды. Абылай заманында әкімшілік бөлініс жағрафиялық емес, румен бөлінетін. Қазіргі картамен айттар болсақ, Петропавл қаласынан Николаевка селосы төнірегіне




дейінгі коныстанған елді Құлсары батыр басқарды, бұл ел Құдайберді болысы деп аталды. Ал Николаевка селосынан әрі қазіргі Шал ақын ауданы жерін Құлеке батыр басқарды, бұл ел Бәйімбет болысы деп аталды. Абылай сұлтан бұл екі ел басшысына «старшина» атағын алғып берді.

Кейін Орта жүздің ханы Әбілмәмбет Абылай сұлтанға үлкен сенім артып, Орта жүз елін билеу тұтқасын қолына берген уақытта Абылай сұлтан сенімді серіктепі – Құлсары мен Құлекені Атығай елі ғана емес, бүкіл Орта жүз еліндегі дау-дамайларды шешуге араластырды. Елдің ішкі жағдайы ғана емес, Абылай ең сенімді кос батырын сыртқы дипломатиялық істерге де пайдаланды. Әсіреле Ресей елімен қарым-қатынасты осы батырлары арқылы басқарып отырды. Бұған орыс архивтеріндегі деректер жетіп артылады. Бұның бәрі жоғарыда аталған зерттеушілердің баспа беттерінде ба-сылған мақалаларында жазылған. Оны кайталаамадық. Алайда Құлсары бабамыздың бейбіт уақытта ел басқарған ел басшысы, ол кездегі сөзбен айтканда, «старшина» ғана емес, ел корғап жауға шабар батыр, әскери қолбасшы болғанына архив құжаттарынан дерек келтірейік.

1756-1757 жылдары Қытайдың Әскері Жонғар мемлекетін талқандап, казак шекарасына қауіп төндірді. Осы кезең туралы Р.Б. Сүлейменов пен З.А. Моисеев: «Положение становилось критическим. Повстанческие отряды в Джуңгарии были окончательно разгромлены карательными отрядами, население поголовно вырезано... Многие султаны и старшины откочевали вместе со своими улусами под защиту русских крепостей. Несмотря на это, Абылаю, Кулсаре и Кулеке батырам удалось собрать шеститысячное ополчение и в первых числах июня 1757 года выступить в походы», – деп жазды («Абылай хан: внешняя и внутренняя политика кітабында. 1988, 72-бет»).

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры Зарқын Тайшыбек «Абылай» атты кітабында «1757 жыл 30 қараша. Железин бекінісінен түскен рапорт.



Біл Абылай сұлтанның әскеріміз, басшымыз – Қожа-оғарен. Бір мың тұндікпен Ертісті жоғары бойлап көшіп ба-рамыз. Бұл жерде екі тұн тұрамыз да, Осморыж бекінісіне ғана одан әрі Құлсары батырдың әскеріне қосыламыз. Оның он мың әскері бар. Ертістің жоғарғы ағысында тұр» (*Омыртқалы, I-қор, I-тізбе, 118-іc, 65-бет*).

Құлсары бабамыздың батыр, қолбасшы болғандығына осы сипатты деректерді көтеп келтіруге болады.

Ені бабамыздың әулиелігі жайында бірер сөз. Расын айту берек, егер де орыс мемлекетінің мұрағаттары болмаса, казак ырынның біраз беттері жазылмай қалар еді. Оған дәлел, Еуісары бабамыз туралы қолда бар барлық деректерді деп айтта болады, орыс мұрағаттарынан алынды. Орыс мұрағатта күжаттары бойынша жазылған «XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» (*Алматы, 1961 жыл*) кітабында Еуісары бабамыздың есімі отыз шақты күжаттарда кездеседі. Оны күжаттардағы Құлсары есімі «Кульсары батыр», «старшина Кульсары» деп жазылса, кей жерлерде «ясновидец Еуісары», «предсказатель Кульсары», «лекарь Кульсары» деп да жазылан. Бұған қарағанда Құлсары бабамыздың көріпкел-зуше екендігін қазақ халқы ғана емес, сол кезде көрші орыс-тарың өзі мойындағанын байқауға болады.

Содан бері үш ғасыр уақыт өтсе де, осы уақытқа дейін шратына тәуап етіп, дертіне шипа тауып жүргендер бар. Бұл туралы «Солтүстік Қазақстан» газетінің 28 сәуір күнінде ғомірінде бабамыздың әулиелігі туралы арнайы мақала жазылған болатын.

Сондықтан кезде, әсіресе, Құлсары батырды «Абылайдың барлық ісін хабарлап отыратын патша өкіметінің жансызы» деген жаңсақ пікірлер айтылып жүр.

Рас, Құлсары батыр өзінің анты бойынша патша өкіметіне әтап қызмет етті. Мұны теріске шығаруға болмайды. 1742 жылдан 25-30 тамызында үш жүздің 128 батыры мен билері, старшиналары Ресей мемлекетінің бодандығын мойындалп, адал ғызмет етіміз деп қолдарына ұстаған Құрандарын сүйіп, Алла атынан ант бергенін тарихтан білеміз (*Присяжный лист хана Іоуихиана, султана Ераги, батыров, биев и старшин Малого, Среднего и большого жузов. АВПР. Ф.122, 1742 г., д.л.л. 158-169*).



Олардың арасында Орта жүздін батырлары мен билерімен бірге Құлсары мен Құлеке де Құдай атынан ант берді. Сондықтан діндеріне берік Құлеке мен Құлсары да анттарын бұзбай, патша өкіметіне адал қызмет етуге тырысты. Мұны архив құжаттарынан анық байқауға болады. Ислам діні бойынша да адамдардың өзі өмір сүрген көфамына қарсы шықпай, сол көфамға қызмет етуді теріске шығармайды. Немесе Ресей елі үстемдік еткен, кешегі Кенес өкіметіне беріле қызмет еткен адамдарды сатқын деп жазғырып жатқан ешкім жок қой.

Екіншіден, Абылайдың айлакерлік сыртқы саясатын түсінбеушіліктен де болу керек, Құлсары Қытаймен байланысқа қарсы болды. Жалғыз Құлсары батыр емес, Абылайдың немере туысы Салтамет сұлтанның, бұдан кейін старшын болған оның баласы Орыс сұлтанның да Абылайдың жүрістүрьсін Ресей өкіметіне хабарлап отырған хаттары архивте бар. Сондықтан бұл старшындардың бәрін Ресей өкіметінің жансыздары деуге болмайды.

Абылайдың Қытаймен қатынасын бақылап отыруды көбіне Құлсарыға тапсырған, оған төмендегі құжат дәлел бола алады. 1760 жылдың 18 шілдесінде жазылған Ресей Сыртқы істер алқасының жарлығынан үзінді келтірейін: «Абылай сұлтан да жонғар жерлеріне көшуді ниет етулі. Алайда, Абылай сұлтанның карауындағы казактарды жонғар жеріне көшіп кетуден Құлсары батыр тежеп отыр... Орта жұз жөніндегі саясатымыз: оларды Қытай карауына өтіп кетуден тежеп ұстау және казактардың Қытаймен байланысын үнемі бақылап отыру керек. Ол үшін Абылай сұлтанға, Құлсары және Құлеке старшындарға жалақы тағайындау керек» («XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары». – Алматы, 1961 ж. №236, 607-бет).

Бұл құжаттан Құлсарының казактардың Қытайға емес, Ресейге тәуелді болғанын қалағаны көрініп тұр. Бұл үшін Құлсарыны Ресейдің жансызы деп айыптау – аруаққа жасалған киянат. Бұл арада казактардың Қытайға емес, Ресейге бағынғанының озық рөл аткарғанын айтып жатудың кажеті жок. Құлсары мұны сол уақытта білген деуге болады.

Құлсары бабамызды зерттеушілерге көлденен тартылып отырған сұрактың бірі – бабаның денесі неге Жалғызтау жерине жерленген? Бұл орынды сұрақ, өйткені қазақ халқының ата дәстүрі бойынша мүмкіндігінше кайтыс болған адам оның атақонысына, бабаларының зиратына жерленуі керек. Құлсары батырдың Қызылжар өніріндегі атақонысы, яғни Аттітай атасының Құдайбердіден тарайтын Үріс үрпактарының атақонысы Есіл өзені бойымен алғанда қазіргі Нигомбетка селосынан бастап Петропавл қаласына дейінгі ара-шы жерді алып жатады екен.

Орыс архивтерінің деректері Құлсары әулие бабамыздың Аттітай тайпасының Құдайберді атасы елінің старшинасы болған уақыттағы конысы қазіргі Бескөл, Архангелка селотараның маңы болғанын аныктайды. Осы араға орыстардың Құлсарыға ағаш үй салып бергені де жазылған. Осылай бола тұра неге Жалғызтау жеріне жерленген?

Ішіншіден, Жалғызтау Құлсары батырдың жаз жайлауы болған екен. Бұған дерек мынадай:

• Орынбор облысы мемлекеттік архиві: РГАДА. Ф. 248, оп. 113, л. 864, л.13-19.

**О секретном деле.** Государственной Военной коллегии. Главного Кенесника и Оренбургской губернии губернатора Евдокимова.

Абылай владения киргизцы (*қазақтар* – С. Жұмабаев), и старшины Кулсары и Куле (*Кулеке* – С. Жұмабаев) кочевавшие имеют за Ишим-рекою, и следуют кочевьями все улусы вверх по течению реки Ишима, по степи в полуденную сторону. **Старшина Кулсары кочует при урочище Илгистав (Жалғызтау – С. Жұмабаев), Куле – вблизи Ишим-реки в верхних речки Борлык...**

Архив құжатының бұл дерегі Жалғызтау жері батырдың жазған шыны болғанына дәлел бола алады.

Ікіншіден, Жалғызтау жерінде Абылай ханның шаруашылық орны (усадьбасы) болған. Тағы бір дерек: Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің профессоры, сарық тылымының докторы, Абылай және оның заманын жерге үшіннің Қадыржан Абуев «Хан Абылай и его время» деген спектакль («Елорда» баспасы. – Астана, 2006 ж.) 201-бетінде оның деген жазады: «Другую усадьбу Абылаю поставили



близ реки Ишима в горах Енгизтау (точнее – Жалғызтау) по личному распоряжению вице-канцлера графа Воронцова в 1765 г. Она состояла из нескольких деревянных домов на каменном фундаменте и хозяйственных построек. И здесь Абылай завел земледелие и рыболовство на близлежащем озере Тарангул. По словам Левшина, построив Абылаю «дом со всеми нужными принадлежностями и помещениями, обнесли оный валом в виде крепости».


Тарихшы Кадыржан Абуевтің айтуы бойынша Абылай ханыны шаруашылық орны (усадьбасы) казіргі Жалғызтау жаңындағы түрменің жаңында болған, салынған үйдің іргетасы кейінгі уақытқа дейін сакталып келген екен.

Ауызша жеткен деректер бойынша атақты Марал ишаның әкесі Нұрымбет Керей Құрман мен Құлсары емші, әулиелерді Абылай хан өзіне емші, алдағыны болжап отыратын көріпкер әулие ретінде жаңында ұстап отырған. Бұл да Құлсары әулиенін Жалғызтау жерін мекен етіп, осы жерде жерленуіне дерек бола алады.

Жалғызтау өнірі әулие-батырлардың пантеоны іспеттес, бұл жерге Құлсары, Төлек, Максұт, Естек, Зейнолла сияқты бес әулие жерленген. Осы әулие-батырлардың ішінде Құлсары мен Карапул Төлек Баянұлы екеуі бір жылда туып, бір жылда қайтыс болған, екеуі де казақ-қалмақ соғысының батырлары. Екеуі де Жалғызтау етегіндегі қатар жаткан екі қырат тәбеле жерленген. Кім біледі, мүмкін екеуі Ағынтай мен Карасай батырлардай қатар жерлеуді аманат еткен болар.

### **Мендеке батыр**

Мендеке батыр Байжігітұлы шамамен XVIII ғасырдың орта кезінде туып, XIX ғасырдың бас кезінде дүниеден өтсө керек. Өйткені, оның үлкен ұлы белгілі Шәңкі шешен 1811 жылы туған деп жазылып жүр. Шәңкіден кейін туған Арқай, Шокай, Шауыпкел, Батырак, Мендібай, Белгібай есімді балалары болған. Соған қарағанда Мендеке батыр шамамен 1750 жылдары туып, 1820 жылдары дүние салды деуге болады. Жас шамасына қарағанда ол Абылай ханың қалмақтармен және қытайлармен соғыстарына катысады. Біздің өнірдің



герін сырткы жаулардан қорғаған. Ел аузындағы бір анызға сараланда ол ел, жері үшін, Отаны үшін соғыста шәһит болған. Оның сарбаз жолдастары батырды өзінің кару-жарағымен тоға жерлеп, моласының үстінен биік қорған жасаған (оба).

Екінші бір аныз бойынша, қорғанның (обаның) астында горші тайпалардың өзара таласын тоқтатамын деп жүргенде сараланып каза тапқан батыр жатыр делінген.

Қазіргі Қостанай облысының Урицкий ауданында тұратын батырдың ұрпактарының айтуы бойынша, XVIII ғасырың екінші жартысында ру-тайпалардың мал жайлайтып жерлерге таласы кезінде Мендеке батыр өз жерін Алтай, Аксуат Керейлерден қорғап жүргенде мерт болған горшеді. Өлерінің алдында батыр өзінің денесін Қанжығалы мен Алтай-Аксуат руларының шекарасында жерлеуді өсінет енгізілген. Ондағы айтқаны рулар осы шекараны сактап, бір-бірімен қактығыспай бейбіт, тату болсын деген екен. Оның бұл өсінеті ұрпактан-ұрпакқа тарап, әлі күнге ұмыттымай, сл жадында сакталып келеді.

Батырдың сүйегі жаткан жер Тимирязев ауданындағы Ақтаң селолық округіне қарасты Приозерное селосынан 3 км жерде. Көпке дейін ол жерде кімнін мәйтіт жатқанын ешкім отырған. Тың игеру кезінде сырттан келген тың игерушілер соғын манайдағы жерді жыртып жүріп зираттың шетіне келіп, оны да жыртқалы жатқанда жергілікті Ақжан селосының баштары тұрғыны агроном Иван Яковлевич Дроконов оларды толығатын: «Бұл ескі зират кой, әне бір белгі тас та тұр, казір мен кариялардан білейін», – деп тракторларды бұрғызып гүерді. Содан селодан бір-екі карт кіслерді әкеліп, тастағы оннріліш бара жатқан жазуды оқып, бұл жерде жатқан Мендеке олтыр екенін білді. Кейін мұны естіп Урицкийден Мендеке олтырдың туыстары келіп, зиратты коршап, құлпытасын түсеп, жондеп, көрнекті етіп қояды. Содан кейін сол кездегі Приозерное селолық округінің әкімі Байдалина Сайран Елшікенкізы 2001 жылғы 5 казан күні Мендеке батырдың шаралының тарихи ескерткіш ретінде занды түрде қорғауға алады.

2007 жылғы 29 маусым күні Мендеке батырдың басына оның кірпіштен арнайы кесене салу жұмысы басталды. Оны олутты колға алған батырдың кейінгі туыстары – ағайынды Батыловтар. Кесененің жобасын жасағандар – алматылық ар-



хитекторлар. Ал батырдын туған елінде, Урицкий ауданында (Сарықөлде), батырға арналып ас беріліп, дүға бағышталды. Оған мыңға жуық адам қатысты. Сөйтіп көктен ұмыт қалған батыр халқына қайта оралды.

Ал батырдың шежіресі бойынша ұрпактары мынадай: Байжігітten – Мендеке. Мендекеден 7 бала: Шәнкі, Арқай, Шоқай, Шауыпкел, Батырак, Мендібай, Белгібай. Шәнкіден – Төкіш, Тұрлыбек, Сарыбек. Шоқайдан – Баймағамбет, Эбен. Баймағамбеттен 6 бала: Ахметжан, Эбітжан, Мырзахмет, Рамазан, Дүйсенбі, Ғалым. Ғалымнан – Амантай, Ғабиден, Аманбай. Бұл деректерді 2002 жылы 7 қыркүйекте Қостанайдан келген Мендеке батырдын ұрпактарынан көп жыл Ақжан мектебінің директоры болған, қазір зейнеткер, сол селоның тұрғыны Серікбай Ақанов жазып алғыты.

Мендеке батырдын ұлы Шәнкі шешен бір өлеңінде әкесі туралы былай депті:

*Он жеті жаста әкеміз  
Жасанған жауды түсіріп,  
Астынан тұлпар ат алды.  
Үйірлеп жылқы айырып,  
Жаудың бетін қайырып,  
Атақты батыр атанды.*

### **Итіке батыр**

Аталарымыз айтып отыратын жаугершілік заманда қазқтан көптеген батырлар шығып, жаудан ел мен жерді ерлікпен корғаған ғой. Сол батырлардың бірсызырасы ұмытылып, аттары аталмай қалуда. Кейбіреулерінің аттары белгілі болса да, олар туралы деректер аз болғандықтан, баспа бетіне түспеуде. Сондай батырлардың біреуі – жерлесіміз Итіке батыр Жандосұлы.

Енді осы батырдың кім болғанын және оның ататегін таратып көрейік. Итіке Жандосұлы 1759 жылы осы күнгі Шалакын ауданындағы Коноваловка елді мекенінің маңындағы ауылда туып, 1831 жылы 72 жасында қайтыс болады. Ол әуелі ауыл молдасынан, кейін Қазан қаласындағы медреседен оқы-



тап. Онда діни біліммен қатар араб, парсы, ежелгі түркі және қатар тілдерін үйренген.

Итіке Ашамайлы Керей ішінде Балтадан тарайды. Итіке батырының өзі құрастырған шежіресін казір Қызылжар қасына тұратын бесінші үрпағы, зейнеткер Қайырбек Қамзаулы жинап толықтырған. Осы шежіре бойынша Балта шілде Мұраталыдан – Өтеулі, Өтеуліден – Жандос, Жанғостан – Итіке, Айтуар, Қыпшакбай туған.

Итіке батырдан – Аулабай би, Жаулабай, Жұсіп туған. Ахабайдан – Жақып, Жарылғас. Жақыптан – Ахмет, Мырзахмет, Молдахмет. Ахметтен – Сағи, Байжұман, Балдырақ, Қази, Қемел. Мырзахметтен туған Қамза 1885 жылы туып, 1965 жылы 80 жасында дүние салған. Қамзадан – Қайырбек, Жасөулан деген екі ұл және Нұржамал, Қайни, Құсни атты үш салындарынан туған.

Итіке батыр өз аталарының ғана емес, Керейдің біраз алғаштарының шежіресін де білген екен. Бұл туралы тарих салынының докторы, профессор, казақтың этникалық, жүзінші рулық шежіресімен айналысқан Марат Сәбитұлы Мұсановтың «Из истории прошлого» (Алматы, 2000 ж.) атты спектакліде былай дедінген: «К XIX веку шежире кереев дошло в единственной рукописи. В первой четверти XIX века еекопотили образованные люди из кереев, такие как Табей сын Барлыбая, Шонке сын Маманая, Есеней сын Естемиса, записав родословные из уст Итіке батыра, Тленши батыра, Шакшак бия, Токсан бия, Кикбай бия и дополнив своими сносками».

Итікенің батырлығы XVIII ғасырдың 70-80 жылдары байқалады. Сол кезде Еділ бойынан Қытай жеріне ауа бастаған салын қалмақ қолымен Абылайдың соғысы болғаны тарихтан аян. «Шанды жорық» атанған осы соғыс туралы Шокан Уәлиханов өзінің «Исторические предания о батырах XVIII века» деген еңбегінде: «Последнее преследование бежавших торгоутов в преданиях народа известно под наименением «Пыльного похода». В этом походе народу было око 3 счета», – деп жазады (Ч.Ч. Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. Том I. – Алма-ата, 1984. – С. 221). Осы соғыска жас Итіке де катысқан екен. Ал негізінен ол өзінің туған жерінде туған.



калмактардан, естектерден (башқұрттардан) тазарту кезінде батырлық көрсетіп көзге түсken.

Итіке батыр ғана емес, сөзге шебер, тауып сөйлейтін шешен де болған. Оның шешендігі туралы жоғарыда аталған Итікенің бесінші ұргағы Қайырбек Қамзаұлы әкесінен естігенін былай әнгімелейді: «Бір жылы керемет жұт болып, мал қырыла бастайды. Содан Итіке батыр жылқысын түстікке Қараой деген жерге айдауға мәжбүр болады. Жолда Мырзатай ку деген кісінің үйіне інірлете жетіп, қонуға рұқсат сұрайды. Дәм үстінде Мырзатай ку:

— Иә, батыр, шығар жан болжаусыз деген, келер қонақ болжаусыз деген, мына бұйырған дәмге риза боларсыз, — дейді. Сонда Итіке батыр:

— Шығар жан болжаусыз дегенің – надандығын. Надандығың демей не дейін, туғаннан кейін өлерінді білмейсін бе? Ал келер қонақ болжаусыз дегенің – сарапандығын. Сарапандығың демей не дейін, бір омыртқанды артық салсан, келсе қонағың жейді, келмесе өзін жемейсін бе?

Ертенінде ас үстінде Мырзатай ку тағы да:

— Батыр, мынау арнайы қонақасының, женіз! Біздін үйге келген қонактар көп асатымпаз келеді, женіз, – деп қағытады. Сонда Итіке батыр:

— Сенін басқа қонағың не тойғанынан асататын болар, не қорыққанынан асататын болар. Ал мен тойғаным да жок, қорықпаймын да. Сондықтан мен ешкімге етті асатпаймын да, – депті.

Мырзатай куға алғысын айттып, Итіке жүруге ынғайланғанда:

— Батыр, жүруге рұқсат жок, – дейді Мырзатай, ертеніне де рұқсат бермейді. Үшінші күні Мырзатай ку:

— Ал, батыр, сыртынан батырлығынды да, шешендігінді де естуші едім. Енді, міне, көзіммен көрдім. Сен женілдің, мен женілдім. Сол үшін мына атты жылқыдан әдейі алдырып сізге мінгіздім, ал мына жұттан арып келе жатқан малыңыз әрі қарай айдауды көтере алмас, осында қыстасын. Бұл сізге жапкан шапаным болсын, – дейді. Содан былай екеуі достас болып кеткен көрінеді».




Итіке батыр мемлекеттік қызметкө де араласады. 1830 жылда Аманқарағай округі құрылған кезде аға сұltан Жалбыр Қодулиннің бірінші орынбасары болып сайланған. Меккеге барып қажылық сапарын өтеп қайтқан. Өз ауылында әкесінің канашын мешіт пен медрессені қаржыландырып отырған.

«Бала кезімде, біздің үлкен үйде, яғни Маметұлы Қемелдін үшінде Итіке батырдың жаугершілікте киетін сауытын, дұлықтын, жорықта ала жүретін көк шатырын көрген едім, кейін тоқтасқанда олардың кайда кеткенін білмеймін», – дейді Қайырбек Қамзаұлы.

1960 жылдардың аяқ кезінде Қайрекен іссапармен сол гендергі Сергеев (казіргі Шал ақын) ауданындағы «Афанастьев» сөхөзының Рясинка бөлімшесінде болғанында бабасы Итікеңін зираты сол жерге жақын екенін естіп, барған үйінің пісіне ат жектіріп, батырдың зиратына барып дұға оқытып ғанағады. Зираттың орта тұсында үш үлкен оба бар екен. «Осылардың ең үлкені Итіке батырдің деседі ғой жұрт», – тәніті қасындағы кісі. Сол күні сол манай жағы Балта руына қалатын бір ауылдағы жасы токсаннан аскан бір кариядан: «Оғанасы, осы Итіке атамыз қандай ерлігі үшін батыр атанып?» деп сұрадым», – дейді Қайрекен.

Сонда кария: «Е, шырағым, ол кез жаугершілік заман ғой. Остресс қалмак жаугершілері қазақ жеріне талай ауыз салған ғон. Сонда сол қалмактарды осы өнірден қуып, жерімізді, сімізді қорғаған қазақ батырларының бірі осы Итіке атанды», – депті.

Итіке батырдың баласы Аулабай да әкесіне тартқан шешен көне кезінде ірі беделді билердің бірі болыпты. Алдына ғенін даулы істерді қара қылды как жарғандай әділ шешіп, құрттың алғысына бөленіпті. Сол Аулабай билің шөбересі Қайырбек Қамзаұлы көп жыл еліне адаптың қызмет жасады. Осы ғун ол – соғыс және енбек ардагері, зейнеткер. Ол өзінің бабалары мен немерелеріне Итікедей батыр, Аулабайдай әділ оның бабаларының еліне, халқына камкор болған игі істерін айтты, олардың бойларында мактанды сезімін ұлатады. Сондай бабаларының қасиетті істері мен асыл сөздерін ұлғыстырып, қорсетіп, ұрпактарын отансуйғыштік рухта тәрбиелеуге нарысалды. Осылайша бабалардың жақсы үлгі-өнегесі ұрпак-тап үріпакқа жалғаса бермек.



## Тұрсынбай батыр

Балта Керей Тұрсынбай батыр Ертісбайұлы 1701 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Соколов (казіргі Қызылжар) ауданындағы Атық тоғайында туған, 1800 жылы Ресейге қарасты Челябинск облысындағы Иткөл ауданында (шежіре деректері бойынша) қайтыс болған. Қазак халқынан шыққан сардарлардың (әскербасылардың) бірі – Тұрсынбайдың атасы Атық XVII ғасырда батыр әрі әулие атанған. Әкесі Ертісбай да Орта жүздің белгілі батыры болған екен.

Тұрсынбай 9 жасында ата-анасынан айырылып жетім қалғанына карамастан, отбасы шаңырағын күйзелтпей, інілері Есілбай мен Толыбайға қамкорлық көрсеткен. Өзі Түркістан түбіндегі «Карнак» медресесінде білім алады, хадимша хат таниды. Ол Әз Тәуке ханның асында (1719) Кокан хандығынан келген Коңыраулы Түйе балуанды жығып, бас балуанның бәйгесіне ие болады. 1718 жылғы жазда, Әз Тәуке хан қайтыс болар алдында, казак сарбаздары казак жеріне басып кірген қалмақ әскеріне қатты тойтарыс бергенде он жеті жасар Тұрсынбай үлкен ерлік көрсетіп, батыр атағына ие болады. «Актабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары інілері Есілбай мен Толыбай жау колынан каза табады. Тұрсынбай батыр жасақ құрып, жонғарлармен құресте ерен ерлігімен көзге түседі. Онын ерлігін акын Дәстем Карабасұлы жырға коскан. Тұрсынбай батыр жауға алдырмас небір ұтымды, айлалы тәсілдерді білген. Ол құралайды көзден аткан мерген, гүрзі, қылыш сілтеп, наиза шаншуға шебер болыпты.

«Актабан шұбырындыдан» кейін ата жаудан кек алмакқа казак батырлары Абылай ханның ақ туы астына жиналып жатыр дегенді естіген Тұрсынбай да бес қаруын асынып жорыққа аттаныпты. Тұрсынбай батыр казак әскерлеріне басшылық жасап, әсіресе 1750-1780 жылдары Абылай ханның сенімді қолбасшыларының бірі болады. Сол тарихи кезеңде ол (1745 жылдан бастап) Шалабай (Челябинск) өнірінен коныс алып, Таймас қаракшының шабуылын тоқтатып, казак пен башқұрт халықтарының туыскандық, достық карым-қатынасын қалпына келтіруге елеулі үлес қосыпты.

Тұрсынбай батырдың ерлік істері жайлы Бұқар жырау, Үмбетей, Тәтіқара, Жанкісі, т.б. жыраулардың мұраларында

Конғестен мәліметтер бар. Қазақ халқының ержүрек батыры жөнде білікті әскербасы ретінде Тұрсынбай Кожаберген жыраудың «Елім-ай!» жыр-дастанынан да орын алған.

*Үш биден, менен бата алған,  
Түйе балуан атандын  
Балта Керей Тұрсынбай,  
Асқап батыр қатардан.*

*Он жетісінен мәлім Тұрсынбай –  
Ертісбай ердің баласы.  
Жас та болса ол шаһбоз,  
Қазақтың үлкен панасы.*

*Дүштан шошыр айбатты,  
Көп батырдан қайратты.  
Қалмақ тигенін естісе,  
Дей бер жауды жайратты.*

С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романында да Тұрсынбай батырдың аты аталады (*1 том*).

### **Сары, Баян батырлар**

Халқымыздың сан қырлы тарихы мен сан қырлы тағырына үніле қарасақ, біздерде өнеге тұтар ірі тұлғалар да, қолім аларлық қанды-қансыз оқиғалар да баршылық екен. Отарнылықтың илеуі, тоталитарлық өкіметтің билеуі кезінде шан-тозан басқан тарихымызды, аттары халық жадынан ұмытыла бастаған біртума арыстарымызды аршып ала бассақ, «Осылардың батыр-билері таусылмайды екен. Ұшарымызды жел біледі, конарымызды сай біледі деп, қанбак сияқты қысы-жазы көшіп жүрген қазактарда қандай мемлекет болсын, қаранғы, жартылай жабайы халықтың не тарихы оар дейсін?! Ел бастаған серкесі, қол бастаған батырлары да болмаған» деп күнкілдейтіндер көбейіп бара жатыр. Қазақтың оғытрай қонған елін, ұлан-байтақ жерін қызығыштай қорғап,



«толарсақтан кан кешкен» бабаларымызды ұлықтай берудің бір кажеттілігі осында.

Күнкілдеушілер ғана емес, басқа ұлт өкілдері де қазақтың егеменді, іргелі ел болғанын, шетінен жауынгер, айбынды ер болғанын біле берсін. Біз әңгімелеп отырған Сары, Баян батырлар да казак халқының ұлт болып қалуының өзі қыл үстінде тұрған кезде Қабанбай, Бөгенбайлармен тізе қосып жонғар басқыншыларына төтеп берумен коймай, оларды жер бетінен жойып жіберуге атсалысқан сардарлар. Екеуі де Уақ руынан. Он екі аталарына дейін батыр болған еken. Орта жүздің алты арысының екеуін құрайтын Керей мен Уақ (шын аты – Жанар) – ағайынды екі кісінің баласы. Керейдің әкесі – Ошыбай, Уақтың әкесі – Жаубасар, екеуі де ел ұранына айналған адамдар. «Жаубасар» деп жауға шабатын Уақ руынан шықкан батырлар – Каракаска атты Қамбардан бастасақ та бір төбе. Қазак кауымына танымал тұлғалар: Еркөкше, Еркөсай, Бетеге, Қылды батыр, Өтеміс, Ерсары, Батыр Баян – ел тарихында іздері сайрап жатқан батырлар.

Кейбір тарихшылар Сары мен Баянды бір-ак адам, Баян батыр денелі сары кісі еken, сондықтан халық «Сары Баян» деп атап кеткен дейді. Ол – кате, Сары, Баян батырлармен жорықта бірге болған Тәтікара ақынның:

*Бекейді айт Сарыменен Дулаттағы,  
Дәріңсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы.  
Өзге батыр қайтса да, бір қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт Уақтағы, –*

дегені бар («Әй, заман-ай, заман-ай». I том, 70-бет).

Үмбетей жырау да Сары мен Баянның ерлігін көзімен көрген адам:

*Каракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Сары, Баян мен Сағынбай  
Қырман па еді жауыңды,  
Қуантап па еді қауымды,  
Ұмыттың ба соны, Абылай?*

(«Әй, заман-ай, заман-ай». I том, 79-бет).



Сары батырдың Баянның ағасы екенін Шокан Уәлиханов да растайды. «Исторические предания о батырах XVIII века» деген еңбегінде Баянға тұсінік бере отырып былай деп айлан: «Это любимец Абылая и первый храбрец того времени. Родом был из рода Уак-Керей и был убит в одном из походов на калмыков с братом своим батыром – Сары: от чего часто называют их вместе Сары-Баян» (*Ч. Валиханов. Избр. произведения. – Алматы, 1958 г. – С. 122*).

Сары (Ерсары) 1690 жылы туып, 81 жасында қайтыс болған екен. Оның зираты Солтүстік Қазақстан облысының Іокучаев селосынан 4-5 шакырымдай жерде. Сары және Сүнір батырлар жерленген қос оба алыстан көрінеді.

Сары батыр (көзсіз ерлігіне риза болған жұрт «Ерсары» деп құрметтеп, кейбір әнгімелерде осы атымен белгілі) Баяннан сол мүшделден де артық үлкендігі бар екен. Қазақ әскерінің 28 жылдан өткеннен көньяқта ордабасысы болған атакты Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында:

*Бөгөнбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Көшек  
Калмақты қойша қыrap, зар еңіретер, –*

Ін Ерсарыны атайды да, Баян батыр туралы айтпайды. Оның сарыры мынада: «Елім-ай» дастаны туғанда (1723 жылдары) Баян батыр 9 жаста ғана, көзге түсіп, ерлік жасайтын жасқа тоған жоқ еді. Ал Ерсары орда бұзар 30 жасты енсеріп тастанған, Уак жасағының қолбасшысы болатын. Сары батыр ұзын өйілі, екі иығына екі кісі мінгендей зорденелі адам болыпты. Жас кезінде атакты балуан болды деп те кәрікәз қариялар айттып отыратын еді. Оның жорықка мінетін тортөбелі есік нең төрдей, басқа аттар тортөбелдің қасында тайдай ғана болып көрінетін еді деген де әнгімелер есімізде. Қару-жарағы да озіне сай болса керек, беліне қыстырып жүретін шокпарын екі кісі көтере алмайтын еді деген әнгімені жас кезімізде есітігеніміз бар.

Сары батыр жау көргенде екі көзі қанталап, жонғар әскерінің қалың тобына кіріп кететінін өзі де білмейтін әдеті болса керек. Ержетіп, жау түсіре бастаған батыр Баян жауға жақындағанда ағасының тортөбелін шылбырынан ұстап алып үшіп әскерінің бір шетінен ұрыска кіргізетін көрінеді. Солдан тізе айырмай тиіскен ағайынды қос батыр қойға шапкан



кос бөрідей калмактарды жапыра қуып отырса керек. Ақын Мағжан Жұмабаев:

*Баянның ер ағасы – Батыр Сары,  
Кос қыран тізе қосып жауын қуған, –*

дайтіні содан. Сары батыр Баян өлгеннен кейін 80 жасқа келсе де, Еділ бойындағы қалмактармен соғысқа қатынасқан көрінеді («Қазақ батырлары». №11, 2002 ж.). Осы жорық туралы ертеректе үлкендерден естіген әнгіме бар. Қалмактармен кескілескен бір ұрыста (шылбырынан ұстап, тізерлесе соғысар Баян жок) Сары батыр көзі канталап, жау тобының ордасында қалып кояды. Жараланғанына қарамай, онды-солды шоқпар сілтегенімен, көптің аты – көп, батырды әлсіретіп-ақ тастайды. Сол кезде «Жаубасарлап» ұрандатып бір топ қазактың сарбаздары лап қойып, қалмактарды тықсырып тастайды. Көз тоқтатып, жан-жағына қарап тұрған карт батыр «Жаубасар» деп ұрандатып, бір топ сарбаздарды бастап келген жігіт өзінің баласы – Қыстаубай (Ноян) екен. Баласын танып қалған Сары батыр иғынан қаны сорғалап тұрып: «Әй, арамсідік, сен әлі тірі ме едің, кет жолымнан!» – деп бұрылып жүре берген екен. Бұл Қыстаубай Сары батырдың бәйбішесі Макпалдан туған кенжесі болатын.

Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Ноян – осы Қыстаубай. Шындығында тұтқын қызы Құралайды алып қалмаққа кашкан Қыстаубайды (поэмадағы Ноянды) батыр Баян Жолдызек деген (казіргі Ақкайын ауданында) жерде қуып жетеді. Бірак Баян Қыстаубайды да, Құралайды да өлтірмейді. Жағалбайлы елінде Қыстаубайдын нағашы жұрты болатын, соған жол сілтеп, батасын беріп коя береді. Екі жастың киімдерін атып алған анның канына былғап, ағасы Сары батырға өлтірдім деп баяндайды. Кіші жүзге сіңіспіп, қол бастаған батыры болып кеткен Қыстаубай – Ноян әкесі Сарыменен осындай жағдайда кездесіп қалған екен. Сары батырдың өлім аузында тұрса да, баласының жас кезіндегі ағат ісіне кешірім жасай алмағаны біrbеткей қайсарлығы маекен? Әлде баласының қалмак еліне қашты деген ойынан арыла алмағаны ма? Қалмактармен болған осы соғыста ауыр жараланған Сары батыр еліне жеткенмен, жарадан сауыға алмай, 1771 жылы қайтыс болады.



Қыстаубайдын үрпактары нағашы жұртымен қоштасып, 1888 жылы Ақжайыктың Қызылжар деген жерінен жеті шанырак болып еліне оралады.

Қазір олар Шал ақын, Тимирязев аудандарында (Солтүстік Қазақстан облысы) тұрып жатыр. Сары батырдың үлкен баласы Сексенбайдын үрпактары да осы облыстың Шал ақын ауданында. Ал батырдың қалған бес баласының үрпактары бізге беймәлім.

Баян батыр 1714 жылы казіргі Мағжан Жұмабаев ауданы Арапағаш деген ауылда туған, әкесі Қасаболат момын адам болған. Темірден түйін түйген ұста, бірақ зергерлік өнері басым екен. Баянның шешесі Ажар – Байбакты Шопан батырның қызы, Сырымның әкесі – Даттың қарындасы. Шон Гораіғыр-Едігे бидің балаларының анасы – Аккенже Даттың екінші қарындасы (біреулер қызы деп жүр).

Баян Уактың Шоға руынан тарайды. Шоға баласы Бәйім-беттеген екі ұлы болған. Қырғызәлі, одан – Баян, Козымеріктен Сары батыр тарайды. Баян батыр он төртінен жорықка катаискан, он жеті жасында аты шыға бастаған. Абылай ханмен жасы тетелес болғандықтан ба, ханның жорықтарына түгел катаинасқан. Абылай батырларының ішінен қөзсіз ерлігіне сүйсініп, жақсы көретіні Баян екен. Шоқан өзінін жоғарыда атаған еңбегінде: «Когда спросили у Абылай хана, кого он из своих батыров более уважает из всех 3 орд, он ответил... «Из моих батыров Басентине Малай-Сары, по богатству и по характеру и Уаковец Баян по уму и храбости стоит выше всех» (Ч. Валиханов. Избр. произв. – Алма-Ата, 1958 г. – С. 126) іеген Шоқанның сөзін растағандай Мәшһүр Жұсіп Абылай хан туралы әңгімелерінде мынадай жолдарды келтіреді:

*Ғақыл тұрмас қашқанда,  
Дегбір тұрмас сасқанда.  
Баяндаі ерді көрмессін,  
Бұрылып жауды шанышқанда.  
Үйде батыр көп еді,  
Жау жолында Баяндаі  
Көзге түсері жоқ еді.*

(Абылай хан. Тарихи жырлар. 1-том, 1993 ж.).



Баян батырдың ерлігі, батырлығы, қол бастаған беделді сардар екендігі туралы қазак-жонғар шайқастарына бірге касықсан ақын-жыраулардың толғауларапында ғана емес, тарихи шығармаларда да айтылады.

Ілияс Есенберлиннің «Жанталас», К. Жұмаділовтың «Дара-боз» шығармалары соған дәлел.

Баян батыр туралы айтқанда қазақтың ақыны Мағжан Жұмабаевка соқпай өте алмайсын, өзінің атышулы «Баян батыр» поэмасында:

*Қанайым, ойың удаій, тілің шаян,  
Амал не, келген жоқ қой Батыр Баян.  
Көп жаудың албастысы, ел еркесі –  
Баянның батырлығы Алашқа аян.  
Баянның аруақтың құр атынан  
Көп қалмақ болмаушы ма еді қорқақ қоян.  
Жас Баян жауды талай көрмен пе еди,  
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еди.  
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,  
Сан қолға аш бөрідей кірмен пе еди? –*

деп жырлаған. Көркем шығарма болғанымен, осында көп шындық бар. Шоқан келтірген Абылайдың бағасымен Мағжанның толғауы үндесіп жатканың көру киын емес. Жаупты жорықтарға аттанарда Абылайдың Баян батырды іздейтіні шындық сиякты. Абылай хан жинағында: «Абылай хан атакты, ардакты, бакытты хан болған күнде Уақ Сары, Баянсыз, Балта Керей Тұрыснбайсыз, Шанышқылы Бердікожа, Көкжайл Барак, Сырым, Малайсарысыз жорыққа аттанбайды екен», – деген тұжырым ойымызды бекіте түседі («Абылай хан». Тарихи жырлар. 1-том, 1993 ж.).

«Батыр бір оқтық» дегендегі, талай шайқаста «жауларын койдай қырған» батыр Баян 1759 жылы ауыр жарапанады. Сол кезде шартарапқа аты шықкан Еруәлі деген емші болған екен, батырдың сарбаздары найзаға салып майдан шебінен Қарқаралы өніріне қарай жолға шығады. Бірақ енбектері еш болып, емшіге жете алмай, Баян батыр көз жұмады. Батырдың жерленген жері Шекшек (Каракесек) бейітінде, Қарқаралыда бұрынғы «Нұркен Әбдіров» кеншары деген пікірге көпшілік дең қойған сиякты. Оны айтып отырған себебіміз,



Баян батыр казасы туралы басқа да пікірлер бар. Шокан өзінің соғарыла аталған еңбегінде: «Баян батыр 1000 сарбазымен қалмактарды қытай шекарасына дейін қуып тастайды. Егер елге оралып келе жатып жонғарлардың өлімтік тастап үшіншірын кеткен күдігінан су ішіп, кара тышқақтан біраз қалмактерлерімен бірге Баян батыр да өлген», – дейді. Тағы ойра көріндегі: «Қалмактардың бір шабуылы кезінде өзінің ағасы батыр Сарымен бірге өлді», – дейді. Бұл да кате пікір, өйткені Сары батыр көп кейін (1771) өлген. Міне, бұл қазактың қос соғары туралы сакталған әңгімелерден үзінді ғана.

### Шақшак батыр Көшекұлы

Шақшак батыр Көшекұлы казіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка селосы жеріне карасты Гүлтоғай-Маманай қонысында 1740 жылы дүниеге келіп, 1743 жылы осы қоныста қайтыс болған батыр, би, шора (хан) соған адам. Шақшак жас кезінде Самарқандтағы медресені өзіншілдеп, діни білім алған. Оның ақындық дарындылығы да соған екен. Одан қалған толғаулар бар, «Ақтық пен шактық» деп атташыуы сакталған.

Шақшак халықтан батырлық атты Ресей отаршылдарына сарыл күресте алған. 1819 жылға дейін Қызылжар уәләятының шорасы болды. Марал ишан козғалысын қолдады. Шақшак соған 16 бала: Эйтемір, Байтемір, Ертемір, Міртемір, Жан-темір, Остемір, Шынтемір, Шойтемір, Битемір, Бектемір (білесін қажы атанип кеткен), Баһрам, Бауыржан, Есенжан, Еланыржан, Шағырай сал, Жанат сері. Бұл балаларының бәрі өзөнериз, ел билеуші атакты адамдар болды.

Шақшак би өз тұсында Петропавл қаласында мешітке кресте салғызған. Есеней Естемісов және тағы басқа көрнекті қарихи ғұлғалар Шақшак медресесінен білім алды.

### Баһрам Шақшакұлы

Казак халқының XVIII ғасырдың соңғы ширигі мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген сұрыпсалма әнші-



акындарының әрі халық батырларының бірі – Баһрам Шакшақұлы.

Баһрам – әйгілі әнші-акын, күйші, композитор, әрі ел корғаны батыр, әрі атакты түйе балуан Сегіз сері өнерпаздың туған әкесі.

Баһрам 1779 жылы (доныз жылы) наурыз айында қазіргі Солтүстік Казақстан облысының Жамбыл ауданындағы «Благовещенка» (Жекекөл) кеншарына қаасты Гүлтөбе деген орманды, көлді коныста Шакшак би Қөшекұлының шанырағында дүниеге келіп, Омбы шаһарында 1826 жылы (ит жылы) жазда ауырып қайтыс болған (шежіре деректері бойынша).

Баһрам жас бала кезінде ауыл молдасынан оқып хадимше хат таниды, онан соң әкесі Шакшак би Баһрамды Уфа, Қазан шаһарларындағы достарының үйлеріне қойып, сол қалалардағы медреселерде оқытады. Баһрам әуелі Қазан медресесінде оқып, оны жақсы бітіреді де, онан кейін Уфадағы медресеге окуға түсіп, оны ойдағыдай тәмамдайды. Шакшак би 1793 жылы (сиыр жылы) өзінің тоғызыншы баласы Баһрамды Самарқандағы таныстарының үйлеріне қойып, сондағы медресеге окуға береді, оны тәмам еткен соң Бұхара шаһарындағы медреседе Баһрам екі жыл оқып, діни білімін жетілдіре береді. 1798 жылдың жазынан бастап ол жерсу үшін отаршыл әскерлермен болған соғыстарға катысып, 1821 жылдың аяғына дейін Марал ишан Құрманұлын колдан, қуреске катысады. 1821-1826 жылдары аралығында Омбы шаһарында медреседе балаларға дәріс беріп, ұстаздық қызмет аткарады. Баһрам ақын кезінде «Жағыфар – Тайир», «Жанәбіл сардар», «Хамза балуан», «Қайғылы белдеу», «Дәулен батыр», «Таузар сардар», «Сойырғаш батыр», «Қара батыр» және басқа дастандар шығарған. Оның көптеген насиҳат өлеңдер де шығарғаны елге мәлім.

Баһрамның анасы Айман Атығай Құлеке батырдың қызы екен, ал оның зайыбы Жамал – Жаулыбай Карапуыл Қанай шешеннің Бакы деген баласының қызы.

Баһрам ақынның бар айыбы – шығармаларының дер кезінде жиналмай, зерттелмей қалғандығы.



## Сексен батыр (1770-1865)

Халқымыздың тарихында қалың жауға қарсы жалғыз шапталған батырлар, ердін күнын екі-ак ауыз сөзбен шешкен шептептер, ел бастаған қосемдер, акпа ақындар аз болмаған. Мұндай ұлыларын әсте естен шығармай, ауыздан-ауызға аныз әртап осы уақытқа жеткізді. Алайда ұлттық шежірелерінде естен аныздарымыздың тарихымызды танудағы орнын төлемелін алып жүрміз. Оның орнына казак жерінен жүріп отсан шетелдіктердің, отаршылдардың өз дүниетанымдары тұрғасынан жазып кеткендерін тарихи дерек етуге әуеспіз. Оның ішінде ұлттық тарихымызды қастерлер болсақ, алдымен оның аныздың шежірелеріндегі, аныздарындағы ұлкенді-кішкенділіктерді есепке алып, сараптауымыз керек. Мұндай оның әдебиеттіктердің таным үшін де, тарих үшін де, тәрбие үшін де ғана оның отсан жоғары.

Шапша үкіметінің қазак жерін отарлауына қарсы куресте өткізу жеткен аныз деректерінің бірі – Жабай батырдың баласы Есептің жайлы. Атақты Карабидің баласы Жабай Абылай ханның шапталғаны батырларының бірі болған. Кезінде Тәтіқара ақын:

*Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт,  
Жігіттік, ерлікті айтсаң, Бөгембайды айт.  
Найзасының үшіна жау мінгізген  
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт, –*

шапталған. Қожаберген «Елім-ай» дастанында:

*Киыншилық ылғи болмас, әлі-ақ өтер,  
Ерлерім жауды ұзатпай тентіретер.  
Бөгенбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Кошек  
Калмақты қойشا қыrap, зар еңіретер, –*

шапталған. Ер Жабайдың ерлігін Үмбетей, Ақтанберді, Бұқар, Жапырақ ақындар да жырларына қосқан. Осы Жабай батыр өлеңде екі баласы Сексен мен Токсанға: «Сексен, саған ершіншілі, Токсанға әкем Қара биден калған билікті бердім», – шапталған. Есептің айтыпты.



Табиғатында ожар, тентек мінезді, бірбеткей Сексен әкесі өлген сон бұл өситетке риза болмай, жасының үлкендігін бетіне ұстап, аталас Киікбай биге жүгініске барады. «Бүгін бір жерге барып қонып, ертең келіндер», – дейді Киікбай. Ертеңіне еке-уін тағы тыңдал:

– Ал, шырактарым, кеше екеуіңе бір жерге барып кон дегенім, Сексен, сені үлкендік істеп, сабасына түсер, ақылға тоқтап, әке өситетін сыйлар деп едім. Айтқанынан қайтпайтын катыгез екенсін. Экен Жабай өситетіне қосарым жоқ, – дейді. Киікбай биге риза болмаған Сексен шыға тартады. Сол кеткеннен жүгін артып, көшін тартып, малын айдал, Наймандағы Бабыр нағашыларына жол тартады. Бұған намыстанған Киікбай Сексеннің көшінін артынан куып жетіп, былай деген екен:

*Beу, Сексенім, Сексенім,  
Бұл барғаннан баарсың  
Бағаналы Бабырга,  
Барған жылы сый қылып,  
Хан көтеріп, би қылып,  
Қос табақпен тартады  
Қос қазыдан сыбаға.  
Келер жылы болғанда  
Тартар сынған қабырга.  
Онан келер жылы болғанда  
Қонарсың тал жайылған тақырға.  
Қадірің кетер шашылып,  
Ыстық демің басылып,  
Бірте-бірте айтқаның  
Алынбай қалар қабылға.  
Жазғытуры болғанда  
Ақ ордаңды тігерсің  
Ыласты батпақ сабырға.  
Күзді күні болғанда  
Тағы амалсyz қонарсың  
Мал жайланаған тақырға.  
Жаныңа ерген жанасып,  
Жақын болған жаны ашып,  
Табылмас бірі жаныңда.*



*Екі кісі бас қосса,  
Кіре алмассың сыйырга.  
Аңға шықсаң атпенен  
Атын алған олжасын  
Канжығасына байлар да.  
«Жатта сұлтан болғанша,  
Өз еліңде ұлтан бол»  
Деген нақыл бұрынғы  
Бар ма, батыр, жадыңда?  
Қағынан құлан жерісе,  
Сүт таба алмай шөлде өлер.  
Кеңінен толғап, Сексенім,  
Әлі де тоқта, сабырла,  
Соған құлақ салмасаң,  
Айтқан тілді алмасан,  
Еркің білсін, жарқыным.  
Жеріңе барап адымда.  
Қайран туған елім деп  
Кейіп, жаным, налыма.  
Қотер, Сексен, басыңды,  
Аш қабақ пен қасыңды.  
Мениң атым Киіkbай,  
Келген жоқпын бекер жай,  
Немере туыс тілді алмай,  
Болғаным ба сұмырай?!*  
*Мінгенде атың торы ма,  
Киіkbайдың соры ма?  
Кеткенді ізден келмеспін,  
Жуа бітсін жолыңа, –*

шті. Ат үстінде тұрған Сексен салбыраған басын көтермес-  
ген соң Киіkbай кейін оралып жүріп кетіпті. Орнында үнсіз  
тұрып қалған Сексен әлден уақытта шошып оянғандай басын  
көтеріп, жан-жағына қаранып алып: «Көшті кейін бұрын-  
тар!» – депті.

Солдан әкесі Жабайдың өсиеті орнына келіп, Тоқсан билік  
шті, Сексен елге бас болыпты дейді аныз.

Сексен мен Тоқсанға қарасты жерлер қазіргі Жамбыл ауда-  
нындағы Благовещенка, Карагаш, Суатқөл, Амангелді, Тал-



пын ауылдары екен. Осы жерлерді иемдену туралы тәмен-дегідей аныз бар. Қытайлардың шабуылынан жасқанған Жабай батыр елін Семей жерінен осы жерге көшірмек болады. Елді көшірмес бұрын көшіп келетін жерге белгі қалдырады. Қалайыдан бакыраш құйғызады да, оны төртке бөліп, көшіп келетін жердің төрт бұрышына тыққызып, балалары Сексен мен Токсанға өсінет қылады. Жабай батыр дүние салғаннан кейін елі көшіп келсе, белгіленген жерге Қанжығалы руына қарасты ел коныстанып алған екен. Екі ру арасында жергес талас болып, жекпе-жек ұрыста Сексен Қанжығалының батырын өлтіреді. Ақыры Жабай батырдың төртке бөлгеннөх бакырашын қосып, билердің шешімімен жерді Алдай елінс қайтарған екен.

Сексеннің ел басқаруы мен патша өкіметінің облысы-мыздың казіргі Жамбыл ауданы жерін отарлау кезені бірге келеді. «Ашы шенбер» бойына салынған Пресногорьков, Преснов бекіністеріне орналасқан жазалаушы отрядтар Керей руының Нұрымбет, Нұралы (Біржан салдың аталары) ауылдарын атақоныстарынан айырса, Таузар Көшебесі (Сегіз серінін туыстары) елін Пресновка станицасы жерінен ығыстырады. Эрине, бұл жергілікті халықтың наразылығын тудырмай койған жок. Көп жыл бойы патша отаршылдарына қарсы соғысқан Марал ишан көтерілісі басталды. Сегіз серінің аталары Сартай, Шақшак, әкесі Баһрам отаршылдармен қарсы соғыста батыр атанды. Осы бір кезенде Сегіз сері «Тұған елімі» атты өлеңінде:

*Тұған ел, сіздер үшін болып алаң,  
Дүшпанға қарсы тұрган Сартай бабам.  
Талқандап ата жаудың бекіністерін,  
Ер болды халайықтан алғыс алған.*

*Кайғылы белдеу орнауына қарсы болып,  
Шақшақтай ағасына ере шыққан.  
Серттесіп екі атаммен Марал ишан  
Оларды заманында пана тұтқан.*

*Ер Сартай талай жауды кескілеген,  
Жай өлмей, көп солдатты ала өлген.*



*Он жеті ұлы, жуз сарбазы көп соғысып  
Дүштанды оңайлықпен берілмеген, —*

біл кырлаган. Қазіргі Жамбыл ауданының орталығы — Пресновка сол кездегі патша жазалаушы отрядының командирі болған Пресновскийдің атымен аталған. Пресновканың олинша аты — Капитан осы «капитан» деген сөзден алынған.

Капитан Пресновский Сексен мен Токсанның елі — Егершің Алдай елін де өз жерінен кумақ болған. Бірақ қол Сексен Сексен елін жауға бермей, Пресновка станицасының оның шабуыл жасап, адамдарын өлтіріп кетіп отырған. Станица оргалыктан әскер алғызып, күзетпен отырған деседі. Оң руин тана емес, осы төніректегі елді қорғаған. Станица басынылары Сексендері өте қауіпті адам деп жоғары орнаттарға өтініш жазған. Ел аузындағы аныз бойынша, Пресновскийді Сексеннің өзі өлтірген. Сексеннің өзі де станица адамдарының қолынан опат болады. Сексеннің түсіп түретіп үй иесін сатып алғып, у бергізеді. Сексеннің өлгенін көпшіл станица (Пресновка) халқы үш күн тойлаған дейді. Сексен Благовещенка селосының онтүстік жағына «Бейіт» деген «Бейіт ағаш» деп аталатын жерге жерленеді. Өшіккен станица адамдары денесін мазак қылмасын деп, зиратының үлкен койдың жүнін балшыққа илеп, оба жасатады.

Інші Сексен туралы шежіреге келейік. Жоғарыда айтылған Екінші батырдан — Сексен, Токсан би, Мыңжасар тудады. Оның үшіншінің үрім-бұтқартары негізінен Жамбыл ауданының Екінши, Қарағаш, Жамбыл, Сұатқөл, Жекекөл ауылдарында тұратын. Сексеннен — Бегей, Бектен, Бекентай, Бегалы, Қазан, Екінші тудады. Сексеннен тараған үрпақ негізінен Талпын ауылдарында тұрады. Қазір көзі тірі төртінші үрпактары бар. Айтағанда бір жайт, Сексеннің кісе белбеуі қазір Қызылжар қаласында тұратын төртінші үрпағы Мәлгаждар карттын үйінде оның шаулы.

## Сартай батыр

XIX ғасырдың орта кезінде Ресей үкіметі қазақ жерін отарлау ісіне шұғыл кірісіп, Сібірдегі шептерін «Қалмак-



тардан қорғану үшін» деген сылтаумен Есіл өзені бағытындағы шекарасын кей тұстарда 200-250 шақырым созып «Горькая линия» («Аңы белдеу») жүргізгенін тарихтан жаксы білеміз. Қазіргі Қорған облысының Половинка, Лебяжье, Макушино, Мокроусов, Петухов, Тұмен облысының Қазан ауданы жерлеріндегі казактарды (Керей-Уақ рулары) зорлық, корқыту, алдаумен Ертіс өзені сыртындағы Құлынды даласына көшірді. Осы бір уақыға туралы Сегіз сері:

*Құлындыға төрт жүйе елің көшіп,  
Баласы Керей-Уақ бағың тайды.  
Ол жерге барғаннан соң тұрып қалмай,  
Алтайға ауамыз деп тартты қайғы, –*

деп жазған. Жоғарыда аталған «Аңы белдеу» көзірігі Жамбыл ауданы жерінен Қостанай – Петропавл тас жолы бойымен жүргізілген. Шекараны құзеткен казактарға «Аңы белдеуден» қазак жері бағытында он бір шақырым жер тиесілі болған. Осыны пайдаланған казактар он бір шақырым емес, 20-30 шақырым жерлердегі казактың шұрайлы жерлерін тартып алған. Патша отаршылдарының бұл зансыздық істері жергілікті казактардың наразылығын тудырып, колдарына кару алғызыды. Жамбыл ауданы жерінде Баян бай Ақшаұлы, Марал ишан Құрманұлы, Шақшак би, Сартай батыр Қәшекұлдары, Алдай Сексен батыр Жабайұлдары бастаған казак жасактары отаршылдармен ашық соғысқа шығып отырды. Бұны айғектайтын құжаттарды Тобыл, Омбы қаласы архивтерінен көздестіруге болады. Осы жолғы әңгімені Сартай Қәшекұлының арнадық.

Көшебе Толыбай сыншыдан – Карабас (Кожаберген жыраудың туған ағасы), Карабастан – Аскап батыр, Аскап батырдан – Қәшек батыр, Қәшектен Сартай тудады. Сартай Қәшекұлының атаконысы көзірігі Айымжан мен Островка селоларының арасындағы бұрынғы Кожаберген, кейін Молалы, Шөптікөл аталағын көлдін маны болған. Преснов бекінісі казактары он бір шақырым жер бізге тиесілі деген желеумен Сартайды атаконысынан ығыстырмак болады. Бұған көнбенген Сартай кол ұстап казактармен ашық соғысып отырған. Найза, қылыш, жабайы құралдармен каруланды Сартай



Салынгерлерінің саны 150-ге жетіп, Преснов станицасының ошында күштік төндіріп отырған. Бұл жөнінде Сегіз сері «Туған әмбеб» дейтін өлеңінде:

*Туған ел, сіздер үшін болып алаң,  
Дүшінға қарсы аттанған Сартай бабам.  
Талқандап ата жаудың бекінісін  
Ер болды халаіықтан алғыс алған, —*

Ошында жазған. Катты сескенген Преснов станицасы басшыла-ры оздерінің жазалаушы отрядының шамасы жетпегендік-ті. Гобыл қаласынан арнайы армия бөлімін алдыратады. Қасырын келген қарулы отряд 1821 жылдың тамыз айында шамасын отырған Сартай ауылын оқтың астына алады. Сартай оның жасағы жан аямай соғысқанмен, капыда келген күші оның жауға қарсы ештеңе істей алмайды. Сөйтіп бүкіл ауылды қорының кетеді. Сартай батыр 150 сарбазы, 17 баласымен оқса үшінші. Ауыл адамдарын тегіс өлтіріп, ауылды өртеп жібереді. Олардың де біраз солдаттарын даласында көмусіз қалдырып, шұның аттанып кетеді. Жергілікті халық бүкіл ауылды қырып тапқаннан келесі күні ғана білген екен. Бұндай қырғынды көрінген халық аза тұтып, осы Шөптікөлдің дөнінде каза тапқан ауыл адамдарын жерлеген екен. 1821 жылғы осы қандың оғашының ізіндей қазір де осы көлдің дөнінде кабірлері сакталады. Көлдің аты осы оқиғадан кейін Молалы көл деп аталады.

Бұл кайғылы оқиға жергілікті халықтың орыс отаршыларына қарсы ашу-ызасын тудырды. Сартай батырдың тузысы Шлемшак би және оның балалары, оның ішінде Сегіз серінің отбасы Баһрам батыр, Марал ишан, Алдай Сексен батырлар оғарышылдармен ашық соғысты.

Сегіз серінің жазалаушы отрядка қызмет етуден бас тартуы, орыс аскерімен қактығысып қалуы, сөз жок, атадан келе тапқан кек болуы керек. Осы оқиға туралы Сегіз сері «Туған әмбеб» атты өлеңінде былай деп жазған:

*Ер Сартай жау аскерін кескілеген,  
Жай өлмей, көп жендетті ала өлген.*



*Он жеті ұлы, жүз сарбазы көп соғысын,  
Дүшпанға өлмей, тірі берілмеген.  
Оларды зеңбірекпен атқылаған,  
Өлігін қылышпен шапқылаған.  
Колына түскен малды алдына сап,  
От қойып, ата дүшпан кете берген.  
Әрт шалған солдаттарға қарамаған,  
Жерлеуге өліктерін жарамаған.  
Өзінің адамына мейірімсіз жасау  
Кісі деп басқаларды санамаған.  
Туған ел, бұл сүмдықты қөрдіңіздер,  
Қайғырып Сартай үшін жүрдіңіздер.  
Осындай айуандыққа барған жаудың  
Ешкімді аямасын білдіңіздер.*

Бұл оқиғаны көпшілік біле бермеуі мүмкін. Тарихтың қойнауында қалып қойған бұл тарихи қайғылы оқиғаны Кеңес әкіметі кезінде айтуға мүмкін болмай келді, өйткені Ресей мемлекетіне тіл тигізу Құдайға тіл тигізумен бірдей болды. Шынырау түбінде қалған осындай шындықтарды шығарудың уакыты енді туғанда жасырып кою ұлтыңа жасаған киянатпен бірдей деу керек.

«Ашы белдеу» («Горькая линия») бойына орналасқан, әсіресе, Жамбыл ауданының қазактары отаршылдардың құрығына бірінші түсіп, құлдықтың қасіретін бірінші болып тартты.

### Толыбай сыншы

Толыбай сыншы Дәүленұлы 1603 жылы Гүлтөбе-Маманай жерінде дүниеге келіп, осы мекенде 1680 жылы қайтыс болады. Қазак-қалмак соғысының батыры, ордабасы болған. XVII ғасырда қалмактардан казак жерін корғау үшін соғысады. Толыбай Дәүленұлы қара қылды как жарған әділдігімен, адамды, атты, ұшқан құсқа дейін сынай білетін сыншылдығымен, көріпкелдігімен халықтан Толыбай сыншы атағын алады.

Денесін атақонысы Гүлтөбе атты мекенде жерлейді (Благовещенка селосының батыс жағында 7-8 шақырым жерлс),



Толыбай сыншы жерленген зират Толыбай корымы деп атты кетеді.

## Қара би Алдайұлы

Қара би Алдайұлы XVII ғасырдың екінші жартысында қалған Жамбыл ауданы жерінде туған. Халықта танылған белгілі ойнолдердің бірі, Қожаберген жыраудың шәкірті.

Алдайұлы Қара би казак-калмақ соғысының батыры. Үрлемин мәдресесінде парсы, араб, шағатай тілдерін үйреніп, рухани білім алған. Еліне оралған соң мәдресе ашып, бала оғынумен айналысты. Дау-дамайларға араласып, әділдігімен анық арасында беделге ие болған. Бидін балалары – Дос болыр, Жабай батыр. Жабайдың баласы атақты Тоқсан би үстинен атасы туған Қарағайлы жерін иеленді.

Алдайұлы Қара би – Ашамайлы Керей руынан. Оның үрнекшіліктері Солтүстік Қазақстан облысында және Ресейде тұра-

## Құртай би

Халқымыздың XVIII ғасырдағы атақты билері – Төле би, Қалыбек би, Әйтеке билердің есімдері тарихтан бүкіл қазақтардың белгілі. Осындай бүкіл қазақ еліне әйгілі болмағанмен, көрілікті өнірге белгілі әділ билер біздің Солтүстік Қазақстан өнірінде де аз болмаған (Киікбай би, Тоқсан би, Құрымсы би, т.б.).

Сондай қара қылды қак жарып, әділ билік жүргізген билерің бірі – Құртай би. Ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданындағы Құртай ауылдық округіндегі Құртай (казір Ракитное) ауылында 1810 жылы туып, 1888 жылы қайтыс болып сонда жерленген. Құртай Каршамбайұлы – тарихтан белгілі атақты Танаш бидін онынша, бүтін бір руға есімі берілген Қөшебе батырдың тоғыншыны үрпағы. Шежіре бойынша, Танаш бидін баласы Қөшебе батырдан Жанбыршы туған, одан – Ораз. Ораздан – Жоламан. Одан – Үмбет. Үмбеттен – Құл. Құлдан – Аманбай.



Аманбайдан – Қартамбай. Қартамбайдан – Құртай. Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатының (64-кор, 1-тізбе, 891-іс) 1899 жылғы деректеріне қарағанда, ол өз замандастары Ж. Итанов, И. Бозданов, О. Иманов, О. Жартанов, А. Рамазанов отбасыларымен Петропавл uezінін Преснов болысына қаасты №5 және №6 ауылдарын мекен еткен. Көнекоз қариялардың айтуына қарағанда Құртай өзі бай болса да, адал, әділ және уәдесіне берік жомарт би болған. Эсірессе байлардан зорлық-зомбылық көрген кедейлер оның билігіне жүгініп, колдау тауып отырған. Жарлы-жакыбайларға, жетім-жесірлерге қамкоршы, жақтаушы болуының арқасында өз ауылында ғана емес, болыста, уезде әділ би атанған. Сауатты, араб тіліне жетік болған Құртай Қартамбайұлы шешендігімен, саясаткерлігімен, алдағыны болжай билетіндігімен көзге түскен. Сондықтан ол өзі өмір сүрген ортада «әділ би», күрметпен «Құртай ата» атанған.

«Тектіден текті туады» дегендей, оның ұлы Мұқыш Құртаевтың есімі де әкесіндей әділдігімен, шешендігімен елге жайылған. Ол жайындағы деректі академик-жазушы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» кітабында жазған болатын. Сәбениң айтуынша, XX ғасырдың басында Керей және Уак руладына жататын бес болыс қазактардың ішінде шешендік өнерімсі танылған үш адам болыпты. Олар: Самай руынан Шаймерден Есілбаев, Ұқтан – Костангелді, Көшебеден Мұқыш. Бастапқы екеуі сауатсыз болыпты да, Мұқыш татар және орыс мектептерінде оқыған баласы Ғабдолланың үйретуімен газет-журналдар оқитын болыпты. Сондықтан ел атынан талай жиындарда сөз сөйлейді екен. Мұқыштың қазак тарихын, халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жақсы билетіндігін Сәбен сонғы жазған «Халық мұрасы» кітабында да сипаттаған.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының соңында Құртай бидін балалары мен ағайындарын Кенес үкіметі төркілеуге ұшыратып, Ресейдің Түмен, Астрахан облыстарының жер аударады. 80 жастағы Мұқыш Түмен облысында қуғын-сүргінде аштан өледі. Эйтеір, оның балалары аман қалады. Одан Қасым, Әлім, Оразбай, Уәли атты ұлдар, Тұқірік атты



шындаған калады. Мұқыштың Әлім, Оразбай, Уәли атты балалары оның ишінде жылдары елге оралып, қазіргі Тимирязев ауданындағы Ұнтымак ауылында тұрды. Ал Қасымның отбасы сол Гүмен облысында қалған болатын. Қасым 1940 жылы сол заманда дүние салған. Ол өлерден бұрын баласы Ахметжанға ономы Құртай би, атасы Мұқыш шешен туралы, туған жері туралы айтып, соларды ұмытпауды, өз үрпағының да құлағына сиптурулған тапсырган екен, оның осы арманы орындалды. Құртай билін кейінгі үрпағы Ахметжанның балалары Ағжан, Сабыр, Ақылтай, Ержан, Түкірік Құртай бабаларының дәстүрлі жалғастыруды. Атасы Қасымның өсietін орындау үшін олар елге келіп, Құртай бабасының зиратын тауып, оның останына бабасына арнап кесене, мрамор тастан белгі қойып, түркізып, дүға оқытып, ас берді. Ал кейін бабасының туған ерінде Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 14 қазандағы шешімімен Степной ауылдық округіне Құртайдың есімі берілді. Округіне Степное, Ракитное (бұрынғы Гүргай) ауылдары қарайды. 2010 жылдың шілде айында округтің Құртай би есімімен аталуына және оның туғанына 700 жыл толуына байланысты үлкен мереке болып өтті. Салтанатты мерекені облыс әкімінің орынбасары Фархад Шаймуратұлы Куанғанов ашып, құттықтау сөз сейледі. Салтанатта оған одан кейін өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөз сөйлеген Парламент Мәжілісінің депутаттары Жарасбай Сүлейменов, Токтар Қадабаев, Еуразия университетінің профессоры, зан ғылыминың докторы Ербол Ахандинов, философия ғылыминың кандидаты, профессор Розига Баймагамбетова, жергілікті өлкетанушы Қайролла Мұқанов, Құртай билін шөбере-шөпшектері – Түкірік Қасымова, Темірболат Тайпаков мерейтой иесінің Қызылжар атындағы алатын орны жайлы келелі әнгіме козғады.

XVIII ғасырда өмір сүрген Құртай билін бүгінгі үрпактары шаобаларының дәстүрін жалғастыруды. Мысалы, оның шөбере-шөпшектері Сабыр Қасымов – Республика Президенттің Парламенттегі өкілі, оның інісі Ақылтай Қасымов – ЕР Жогары Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының борчасы, Түкірік Қасымова – ардагер ұстаз (қазір зейнеткер).



## Киікбай шешен Айтуғанұлы

Киікбай би Айтуғанұлы 1735 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Баян ауылына карасты жерде дүниеге келген, 1842 жылы сонда қайтыс болған. Белгілі би әрі шешен. Бала кезінде Қожаберген жыраудың медресесіндегі оқыған. Самарқанд медресесін бітірген. Айтуғанұлы ауылында медресе ашып, балаларды оқытады. Әкесі Айтуған, атасы Шама жонғарға қарсы шайқастанда батырлық көрсеткен. Сондай-ақ Айтуғанұлы Киікбай 1770-1771 жылдары казак жерін Еділ калмактарынан азат етуге, XVIII ғасырдың аяғында Батыс Сібірдегі патша отаршыларына қарсы қуреске қатыскан. Оның көптеген тапқыр сөздері, даулы мәселелерді шешудегі әділ шешімдері, мысалы: Сексен батырға, Токсан би, Есеней Еstemісов батырларға айткан сөздері, т.б. халық есінде сакталған.

## Құрымсы би

Құрымсы Табынбайұлы (Шалқарұлы) 1759 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданында Алуда көлінің маңы Қаратал ауылында туған. Ол бала кезінен алғыр, шешен, өжет болып өседі. «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен» болады дегендей, Құрымсы да есейе келе өскен ортасына орай сөзі дуалы, күміс көмей, жездандай, сөйлесе келгенде алдына жан салмайтын «Құрымсы би» атанип, ел аузында аныз болып қалады.

Андағұлдың бір топ иғі жақсылары мал дауымен қыпшак еліне аттанады. Елдін ділмәр би-шешендерімен бірге Табынбайдың (Шалқарұлының) тоғыз жасар баласы да барған еken. Екі жақ сөз жарыстыра бастағаннан-ақ қыпшактың бір біi: «Елдерінде аталы сөз айтарлыктай кісі таба алмаған соң бала-шағада қалған еken-ау құндерін», – деп кекетеді. Сонда Құрымсы бала іркілместен мына сөзді айткан еken:

*Арғынның ұлы арыспын,  
Азұым кере қарыспын.  
Жақсылыққа қаныспын,  
Жамандыққа шалыспын.*



*Берсөң – бітем,  
Керсөң – кетем,  
Дөнен, бесті өгіздің  
Терісінен істеген  
Шикі баспақ талыстын.*

Ішілданың бұл сөзінен кейін қыпшақ жағының жұні жығынан, мал дауы Аңдағұлдың пайдасына шешіліпті.

Құрымсы ессе е келе бүкіл Есіл өніріне, манайдағы алыс-такын елдерге жайылған дау-дамайды әділдікпен бітірген би-шапады.

Бір күні Керей Токсан би, қасына ерген бір топ кісісі бар, гелекті бір дауға кетіп бара жатып па, әлде даудан қайтып ете жаткан жолда ма, жасы үлкен қадірменді кария еді, әдейі бұрыллып сәлем бере кетейін деп Құрымсы бидің ауылына соңынты. Бірак Құрымсы үйде жок екен. «Томар жакқа кетіп си, қазір-ақ келіп қалар, үйге түсініздер», – дейді бидің кемшири. Токсан би түспейді, атынын басын бұрып алып, томарға шартады. Тегінде, не болса да, Атығайдың ділмәрін, тұтқылған үстінен түсіп, сөзден тосылдырайын десе керек.

Құрымсы бір тізерлеп, бір тұрып бүгежендереп, әлденелер-шіниап, теріп, колындағы дорбасына салып жүр екен. Кәртікке бой алдыра бастаған кезі ғой, құлағының мүкісі де соңы мүмкін, желке тұсынан сау ете түскен аттылы кіслерді өзіншамапты. Токсан би катты дауыстап сәлем бере сала Құрымсыға тиісе кетеді. Бұрынғының би-шешендері, сөз жүйесін ойлайтін айтқыр адамдары әдетте тақпактап сөйлеген ғой. Токсан да сөйтсе керек, бірак өкінішке карай, оның тап сол ерде не дегені, қалай үйқастырып, Атығайдың пір тұтқан шашын қандай сөздермен тұқыртпак болғаны бізге жеткен ток. Алайда Құрымсының қайтарған жауабына карасақ, Керей бийнің сөз ынғайы оп-онай анғарылатын сиякты.

«Уа, Құрымсы, сен дүйім елге данқың жайылған би едін, үшпаралай аға сұлтан інің бар, соның намысын жыртам деп, сасына ере жүріп, талай-талай шиеленіскең дауларды бір соңен бітіріп кетуші едін, енді саған не көрінді, үсті-басын жалау, кара құрым үйінді көргенім анау, қыс болса әлі түскен жок, сонда да тышқаншылаған тұлкідей томар ішінде тоқташтаған бұл тірлігін не тірлік?»



Сонда Құрымсы би іркілместен: «Теріп жүргенім – кермек, бай кісінің көзіне көрінер бір ермек. Мен сиякты кедейлер тоңқандап мұны жимаса, қыс түскенде артының ашылғанын көрмек!» – депті.

Кермек – өсімдік тамыры, тері бояйтын зат. Тоқсан би сәлем беріп, құшактасып көріскеннен кейін былай дейді:

*Уа, Қүреке, жатырмысың томар қазып,  
Сөзіне бір әйелдің кеттің бе азып?  
Көңілін бір әйелдің табамын деп,  
Киналып жатырмысың жерге жазып?*

Сонда Құрымсы би былай деп жауап қайтарған екен:

– Уа, Тоқсанжан шырағым! Томар емес, қазғаным – кермек. Жұмыссыз отырғанға бұл да ермек. Қой терісін киім қылып киер болсан, бетіне салатын бұл – өрнек. Қой терісін киім қылып кимегенге акпан мен қантар сыйбағасын бермек. Дүние қадірлесен қадірлейді, адамға бір уақытта бұл да керек. Жүргенім – тірліктін камы үшін, әйел үшін жүргем жок босқа терлеп.

Сонда Тоқсан би:

– Уа, Қүреке, пана едініз көлеңкең тиген көпке, бұлбұл едініз шығармайтын сөзді шетке. Қартайып кетті ме деп сыйнауға айттым, шүкір, жаксы екенсін, сөзімді айып етпе, – дес Құрымсының қолын ұстап, ғапу сұрап, үйіне барып, қонақасы ішіп аттанған екен.

Зілғара мен Құрымсының бір-біріне ет жақын туыс експидігінде ешбір дау жок. Зілғараның әкесі Байтоқа мен Құрымсы – тетелес кісілер, екеуі де Андағұлдың шөбересі, аталары ағалы-інілі кісілер болған.

Казакта үлкенді сыйлау – парыз, Зілғара да би ағасын қадір тұтып, әр кез болып жататын дау-дамайларға барғанында оны қасынан тастамайды екен. Сөз өнерін куған Құрымсы би мал жиуды мансап етпеген кедей кісі болса керек, осынын ескерген Зілғара кайсыбір даудан түскен олжадан оған үлес, сыйбаға беріп тұрған көрінеді.

Мынадай бір әңгіме сакталған. Құрымсы би үйіне келген конакқа соятын мал таба алмай жиі-жиі қысыла береді екен. Зілғараның ұйымдастыруымен бидін жақын ағайын-туистары



Одан бір-бір қойдан мал жинап беріпті. Қарасы елу шақты  
сөзін Құрымсы осы малын өріске шығарып, өзі бағып жүреді.

Бір күн Зілғара қорығына бөтен біреудің малы түскенін  
тіскімдерден естиді де, ыза кернеген бойы атына міне са-  
шыра шабады. Келсе, кой жайып жүрген Құрымсы екен.  
Анын басып үлгермеген екпінмен Зілғара: «Мұның қалай,  
оны шалғы салайын деп отырған пішендігіме малынды жайып  
шығарғаның, немене, басқа жайылым құрып калды ма?» – депті.

Сонда Құрымсы:

*Зілғаражсан, ағаң қалып еді суалып,  
Конақ келсе сасып қалушы еді үялып.  
Біраз ғана қой жиын беріп едіңдер  
Кісі келгенде отырсын деп жұбанып.  
Ағаңа бір аз ғана қой бітті деп  
Шауып келгенің бе сонша қуанып, –*

Бұдан сон Зілғара: «Тілін кесілсін, тілің, сайрауын қа-  
ратын де атынын басын бұрып алыш кете беріпті.

Құрымсы би айтты деген тақпак, накыл сөздердің ел аузын-  
дағы шығарған кейбір үлгілері төмендегідей:

*Мұқалған жаман дейді жақыныңан,  
Ез болма ақыл сурап қатыныңан.  
Бойында берекесі бар жігіттің  
Шықпайды қатын, бала ақылынан.*

*Жабағы, тайды қорлама,  
Жазға шықса ат болар.  
Жас жігітті қорлама,  
Жүртыңа ертең бас болар.*

*Көрген сайын «сіз» десін  
Сыйласқанға не жетсін.  
Шашылғанды бірлесін  
Жинасқанға не жетсін.*

*Желі тұрған оңынан  
Жеті өзеннен өтеді.  
Адаспаған жолынан  
Жеті таудан өтеді,  
Арманына жетеді.*

*Адамды алдау –  
Арыңың алдында қылмыс.  
Ағаңды алдау –  
Анаңың алдында қылмыс.*

*Жол жүргенде  
Шабанға кіріптар қылмасын.  
Жолдас болсан,  
Наданға кіріптар қылмасын.*

**Тоқсан би**  
**(1737-1839)**

Халқымыздың тарихында қалың жауға карсы шапқан ба-  
тырлар, ел бастаған көсемдер, ердің құнын екі ауыз сөзбен  
шешкен шешендер, акпа ақындар, ақылманabyздар аз бол-  
маған. Осындай асылдарымыздың бірі есімі үш жүзге жайыл-  
ған Жабайұлы Тоқсан би еді.

Атакты Қара бидін баласы Жабай Абылай ханың мынба-  
сы батырларының бірі болған. Оның ерлігін ақын-жыраулар  
ел-жүртқа өнеге еткен.

Тоқсанның ұлы әкесі Қара би де қазак тарихында белгілі  
адам. Оның ғибраты кейінде немересіне дарығаны да осы та-  
рихтан аян.

Ел аузында сакталған әнгімелер көп. Соның бірі былаї  
өрбітіледі. Жабай батыр дүниеден озарында Тоқсан мен Сек-  
сен деген балаларын шакырып алып өситет етіпті: «Сексен,



Солтүркілікті, Токсан, саған әкем Қара биден қалған билікті берім!

Оніме-шежірелерде Токсанның дүниеге келуі туралы мындаған аңыз бар. Токсанға аяғы ауыр болған шешесі бір күні сарықашығып тұрса, атына мінген атасы Қара би келе жатыр деп. Сонда жанында тұрган келіні енесіне:

Шіркін-ай, атамның атының құлағын жесем ғой! – деп енсіндеңді.

Ой, коргенсіз, не деп тұрсын өзін?! Кір үйге! – деп енесі үрлемі гастайды.

Би үйге кірген соң бәйбіше оған келінінің сезін жеткізеді. Аны шакырар деген бидің екі көзі шырадай жанып:

Но, аруак! Бұл бала жай болмайды екен. Кәне, жылқының шакырылар да, екі құлағын келінге асып беріндер! – деп шакырынты. Сол дүниеге келген баланың есімін атасы Токсанға берінты.

Токсан бидің қай жылы туып, қай жылы өмірден өткенін шын пакты дерек жок. Өзінен қалған сөздерге, ел аузындағы шын мәрте қарағанда ол XVIII ғасырдың екінші жартысында туып, токсан жыл өмір сүрген.

Би жасынан ел аралап, иғі жақсылармен жүздесіп, олар-шының қалғия сөздерін тыңдал, өзі де билік айтып, сөз сайыста шын түсіп, сөз өнеріне ерте тәрбиеленген. Киікбай, Калғамшын билермен, Нұрым төремен кездесіп, солардың үлгі-шындарын, тәлімін алған. Солардың берген батасы дарып, сөз шындарының майталман жүйрігіне айналған.

Калғар біздің колымызда накты «Токсан би айтты» дейтін шыншылдік, билік сөздердің отыздан астамы бар. Олар – биліктің шыншылдіктеріндеңдің толғаулар, арнаулар, айтыстар, сөз қағысулар түрінде. Дәүір шындығын актарып, заманның ұнамсыз жағдайларын батыл сынаған, жақсы мен жаманды безбендеген, ел шындары, коныска, мал-жанға байланысты дауларды шештегін. Оз руын басқару ісіне жастай араласып, өмір құбылыс-шындарын зандаудықтары, әлеуметтік жағдайлар, адам тіршілігі, когам болашағы жайлы толғаныстарын айтқан. Өз шыншылдіктеріндеңдің талғампаз ақын-жырауларға тән әдетпен салып салып шығарған. Эрине, бір-біріне ұксас ойлар, толғамшылар сол дәүірдің ақын-жырауларына, би-шешендеріне ортақ сияқты көрінүі де мүмкін. Бұл ретте Токсан сөздері де



ел ішінде өзгеріске ұшырамады дей алмаймыз. Алайда жер-жерде «Токсан сөзі» деген сипат алған шығармалар оның көптеген шығармаларының барынша толығырақ сакталғанын да аңғартады. Сейтіл, олардың негізінен оншалықты өзгеріске ұшырамағаны байкалады.

Токсан бидің қоғамдық қызмет аткарған, билік құрған кезеңі патшалық Ресейдін казак даласын, оның ішінде осы солтүстік теріскей өнірді отарлауына дәп келеді. Бұл кездे «Қасірет белдеуін» құрған орыс отарлаушылары басып алған жерлердің аумағын кеңейтіп, әсіресе, Керей руы қоныстанған шұрайлы қоныстарды иеленіп алған еді. Мұның өзі казак халқының занды наразылығын туғызып, Марал ишан «Фазауат» соғысын бастағанда Токсан би оған дем берушінің бірі болған.

Патшалық Ресей 1822 жылдан бастап хандық құрылышты жою үшін Орта жұз казактарын басқару жөнінде ереже шығарғанға дейін Токсан би солтүстік-батыс қазактарының төбе биі болса, 1830 жылы Аманқарағай дуаны құрылғанда Еменәлі Керей болысының билігін қолына алған. Бұл дерек Омбы мұрағатында бар, 3-кор, 12-тізім, 17681-істе жазылған. Бұдан сон Тобыл губерниясы казактарының төбе биі болған тұсында есімі барша қазак даласына тарайды. Оның осы данқын Сегіз сері байлайша жырлайды:

*Ер Сырымдай халқының көсемі бол,  
Токсан бидей үш жүздің шешені бол!*

Токсан би – орыс отарлаушыларына қарсылықты ашық жасаған адам. Оның екі сөзінің бірі осы мазмұнда отарлаушыларға қарсы айтылған, біраз кітаптарда шыққан. Алайда кейінректе бұл жырлар мен сөздердің саясатқа байланысты тұстары алынып тасталған, шешендік сөздер туралы жинақтарға да енгізілмеген, тек ел аузында «Токсан би солай деген» сияқты деректермен сакталып калған.

Айбынды би патшага ашық қызмет қылған жарамсактарды жактырғаған. Сондай әнгіменің бірі атакты Есеней Естемісұлына байланысты айтылады. Токсан онымен «Орыстың қолтығына кірдің, патшага қызмет еттің!» деп араздасып кеткен екен. Оны Батыс Сібір казактарының шорасы (аймак



он күні, кіші хан сиякты қызмет) сайлаған. Өзінің туған ұлы Толқакты да патшаға қызмет атқарғаны үшін айыптаған. Бұл ғонитде сл аузында мынадай сөзі қалыпты:

*Доғалақ болыс болды дегенше  
Орыс болды десейши.  
Ғаріп пенен ғасірге  
Корыс болды десейши.*

*Аққа – қара, теріске  
Дұрыс болды десейши.  
Елінен безген босқынға  
Коныс болды десейши...*

Інде биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дегенді Тоқ-сипатты ұстанған екен. Шындық, әділет жолында ол кара ғонитты как жара білген емес пе!

Би іш туған інісі Сексен де орыс отаршыларына өлердей ғары болып, қол бастап, халқынан «батыр» атағын алған болып. Орыс әскерлерімен үнемі соғысып, жазалаушы отряд құрамашының Пресновка станицасына шабуыл жасап, адамдарын оғып кеткен кездері болған.

Сексен жорықтарынан зәрезап болған қазактар оны ашық қылмыста жеңе алмағасын амалын тауып, у бергізіп өлтіреді. Есекеншілдегі әнгімелерге қарағанда Сексен батырдың қазасынан кейін пресновтықтар үш күн ұдайы тойлаған дейді.

Сексен батыр казіргі Благовещенканың (Жекекөлдің) тұстапшыстары «Бейіт ағаш» аталатын жерге жерленіпті. 1995 жылы селолары батырдың басына ескерткіш орнатып, ас берді.

Токсан мен Сексенте қараған жерлер – қазіргі Жамбыл қаланың Жекекөл, Карағаш, Амангелді, Талпын, Жамбыл қаласындағы селолары қоныстанған мекендер. Қазір де осы ауылдарда Есекен батыр балаларының үрпактары тұрады. Аталарының орнында осы жерлерде.

Токсан би өмірінің соңғы кезінде орыс отарлаушыларының жырақ («Қасірет белдеуінен» әрірек) жерлерге қоныс қарашы, қазіргі Ғабит Мұсірепов ауданының Западное, Стерлитамак селоларының жерінде қыстап жүрген. Өзі өситет ажад жеткенде осында жерленді. Бейіті Западное се-



лосының жанындағы Тоқсан би төбесінде. Тоқсан бидің бейітін тапқан К. Мұқанов, С. Жұмабаевтар еді. Ұрпактары, ел сыйлаған азаматтар атақты қазы әрі би есімін ардак тұтып, оның бейітінің басына ескерткіш орнатуды көзделген еді. Осы ретте облыстық соттың төрағасы Бекет Тұрғараұлы Тұрғараасы азаматтық танытып, өз басшылығымен ескерткіш орнартты.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Тоқсанға Киікбай би былайша бата берген екен:

*Уа, Тоқсанжсан, Тоқсанжсан,  
Бұл бір күнім тоқталған.  
Үй артына жау келді  
Сұр жебесі оқталған.  
Жалғыз жігіт би болмас,  
Жалғыз ағаш үй болмас,  
Шын жүйріктеп күй болмас.  
Хас жақсының белгісі –  
Жауға түссе, күйзелмес.  
Ардақты атаң Қара би –  
Үш жүзге мәлім дара би,  
Жабай әкең тағы би,  
Күміс көмей, жезтаңдай,  
Қаусырып түрған жағы би,  
Санатында үш жүздің  
Аруағы қонып атапңың  
Сен болғайсың сана би!*

Тоқсанның өзі де сұнғыла шешеннен алған батаға сай да-нышпан болған. Ол былай дейді:

*Бұлбұлдан шешен құс жоқ,  
Бармақтай-ақ қарасы.  
Оқтан жылдам ажсал жоқ,  
Тырнақтай-ақ жарасы.  
Көңілің қалса жақыннан  
Алыстығын айтайын –  
Жер мен көктей арасы.*

Көбіне-көп шешен-бillerдің айтар түйінді тағылымы соңғы жолдарда болады. Міне, осы жырда да Тоқсан бастапқы



жолдарын кіріспе ретінде косып, кейінгі түйінді үш жолда  
жолдар аракатынасын, сыйластықты, жарасым табуды мен-  
шеңді.

Би тұра сөз айтарында төре, сұлтандарға да дес бермей,  
жолдарын жасырып қалмаған.

*Сен секілді төрелер  
Суда жузген балық қой,  
Судан суырып тастаса,  
Өкпесін соғуы анық қой! –*

Інші осыған айғақ. Ғұмыры жаугершіліктे, қан майданда  
шашын халқымыз өлім-жітім жолын қатты ұстанғаны анық.  
Мұндағыда халық рәсімінде көніл айтуға айрықша рухани да,  
богамыр та сипат пен күш-қуат берілген. Сөйтіп, халық ауыз  
шашынде «көніл айту» деген бір жанр пайда болған. Көніл  
айту шап бірталай үлгілері қазір мәлім. Тоқсан би де өзінің тұ-  
шында ест аласы болып, қазаға душар болған адамдарға көніл  
айту Мұның өзі философияға, даналыққа, кеменгерлік  
үшін ошарға толы екені даусыз. Бұл сөздерде би адамды рух-  
ансыздыр, бойына сенім мен қуат берер өткір де шебер кес-  
кінші. Кестелі сөздерді таба білген. Мысалы, Жаппас деген  
шаршын жалғыз баласы каза болғанда айтқаны:

*Ей, Жаппас, көтер беліңді.  
Жылатпа еліңді.  
Хас нар қабыргасын сөксе де елемес.  
Откен қайтып келмейді,  
Ошкен қайтып жанбайды! –*

Інші иен сөздер ел аузында жатталып қалған. Эрине, Тоқсан  
шашында, небір айтыстарда, шешендік дауларда, төрелік  
шашында шактарда шешімді, кесімді түйін жасаған лебіздері  
тотынан сакталып отыр дей алмаймыз. Оның жасаған ғұ-  
мырының озі баулып, елдің ардактысына айналған тұлғасын  
ошындағы сөздерде айткан ойтолғамдары одан әрі асқактатып, тәнті  
шешінде түседі. Аздың өзі-ақ атакты бабамыздың асыл бейнесін  
шашында жетіп жатқанын мактаныш етеміз.



## Есеней Еstemісов

Есеней Еstemісов 1798 жылы – ұлу жылы наурыз айында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының орталығы – Бескөл селосында Орта жұз Ашамайлы Керейдің Сибан руына жататын Кошқарбай батыр ауылында, Еstemес мұрзаның шаңырағында дүниеге келеді. Бескөл қонысы Кошқарбай батыр ауылының атақонысы болған жер екен.

Есенейдің әкесі Еstemіс балуан Сейітұлы өз тұсында Аша майлы Керейдің басты адамдарының бірі болыпты. Есенейдің аталары туралы Сегіз сері «Ер Есеней» атты толғауында былаі деп жырлаған:

*Орта жуздің ішінде  
Ашамайлы Керейде  
Балға батыр үрпағы.  
Ақылы сай қүшіне,  
Заманының сұңқары –  
Есеней ердің бабасы.  
Әріде өткен Ақпанбет  
Жауға тиген болып өрт.  
Бергі атасы – Сейіт би,  
Өз әкесі Еstemіс  
Ел жақсысы ғадыл ед.*

(Балға батыр – Сибан Керейдің тұпкі атасы, Балғаның әкесі Танаш би Ақ Орданы гүлдендіргендердің бірі екен).

Бұл өлең шумактарынан Есеней бабаларының ел корғаны батыр болғанын көреміз. «Керей шежіресі» бойынша Есенейдің анасы Ақжәми – XVIII ғасырдың төртінші ширигінде, яғни 1773-1775 жылдары және 1783-1797 жыллары отаршылдық езгіге карсы бағытталған Кіші жұз қазактары шаруаларының көтерілісінің көсемі Сырым Датұлы батырлыны (1712-1802) қызы екен.

Сонымен катар, Есенейдің әкесі Еstemіс те, атасы Сейітте Меккеге қажылыққа барып қайтқан екен. Сейіт пен онның баласы Еstemістің қажы болғандығына Сегіз серінің мына өлең шумактары да дәлел бола алады:



*Әкесі де атасы  
Есеней ердің қажы еді.  
Сибан Керей ішінде  
Басқа атадан аз еді.*

Керей шежіресінде Есенейдін аталары былай таратылады:  
Ішін би – Сибан (Балға батыр) – Коркыт – Қошқарбай –  
Аманбет – Сейіт – Еstemіс – Есеней.

Есенейдін ұлы әкесі Сейіт Ақпанбеттен үш жасында жетім  
тапан, жастық шағы нағашы жұртында етіпті. Сейітті жігіт  
боның кезінде немере ағасы Бесбай Токпанбетұлы мен Балта  
Керей Ермұхамед Тұрсынбай батыр ұлы Байбакты елінен  
төшіріп әкеліпті. Тұрсынбай батыр мен Ақпанбет батыр екеудін  
шілдесін тұқымы деп аталатын көп жылды біткен Сейіт қызыры  
тұрғынан бай болыпты. Сейіт өзінің Еstemіс, Есіркеп атты екі  
балашын әуелі Қажым деген молдадан оқытып, одан кейін  
Есіншіжардағы Шакшақ (Сегіз серінін атасы) медресесін  
төркінде беріпті. Ол Қызылжар, Омбы шаһарларының ба-  
сауарына келіп жүрген, сауда-саттықпен айналысадын  
Енған, Хиуа, Бұхар хандықтарының саудагер байларымен  
тапасып, олармен жақсы араласып, дос болып, енді сол  
жынысты Шакшақ медресесін тәмамдаған екі ұлын оқыту  
үшін наідаланады. Ол Еstemіс пен Есіркепті Үргеніштегі  
басшарының үйіне қойып, сондағы медресеге оқуға береді.  
Онда үшінші актап, Еstemіс те, Есіркеп те Үргеніш медресесін  
тапасықып бітіреді.

Есіркеп молда болып Шакшақ шора медресесіне ұстаз  
бен орнадасып, балаларға дәріс береді. Ал Еstemіс ірі балуан  
бесшамны. Сонымен бірге ол Сибан Керей еліне билік жүр-  
ген. Ресей отаршылдарымен жер-су мәселесінде тартысқа  
туған кісілердін бірі болыпты. Сибан Керейдін басшысы  
рекеңде тарихи деректерде Еstemіс Сейітұлының есімі көп  
шараптапты.

Еstemістен Есенкелді, Есеней, Еменәлі атты балалар туады.  
Алданмен ауыл молдасынан діни сауат ашқан Есенкелді мен  
Есенейдің әкесі Еstemіс өзі оқыған оку орындарына, алдымен  
Шошың мәдресесінде, одан кейін Үргеніш мәдресесінде оқуға  
береді. Бұл мәдреселерді оқып жүріп Есенкелді мен Есеней



араб, парсы, көне түрік (шағатай) тілдерін үйренеді. Сондай-ақ, екеуі де Қызылжар шаһарындағы Шақшак медресесіндегі оқып жүргенде көрші тұратын татар, орыс балаларымен ойнаш жүріп, татарша, орысша сөйлеуді жаксы менгеріп алады.

Дін жолына шын берілген Есеней 1815 жылы – доңыз жылы жазда Үргеніш медресесін тәмамдалған соң Батыс Сібір мұсылмандарының (казак, башқұрт, татарлардың) Ресей патшасы Әкіметінің рұқсатынсыз өздері сайлаған Бас мұфтіи – Марал ишан Құрманұлына (1780-1841) арнайы барыш, сәлем беріп, оған мұрид болыпты (мұрид – діни шәкірт). Әкесінен жастай қалған Есеней аз уақыт Марал ишанның тәрбиесінде болады. 1818-1819 жылдары Нұрымбет Керсі Марал ишан бастаған Батыс Сібір мұсылмандарының дін үшін, жер-су үшін, ел бостандығы үшін Ресей патша Әкіметі отаршылдарына карсы бағытталған ғазауатына (ұлт-азаттық козғалысына) белсene катысады.

Есеней алдымен катардағы жауынгер болып соғысқа күткінен күннен бастап ерлік көрсетіп, жұзбасы, одан кейін мынбасы атағын алады. Марал ишан қөтерілісіне катыса жүріп, Ресей отаршылдарына карсы құресте ерлік істері үшін Ер Есеней деп аталады. Бірак, Марал ишанның ұлт-азаттық козғалысы мен Есенейдің отаршылдарға карсы құрестегі ерлігі ескерілмей, тарихтан өз бағасын ала алмай келе жатқаны өкінішті-ак

Абылай хан (1711-1781) қайтыс болып орнына Уәли хан болған кез қазак хандығының (мемлекеттілігінің) әлсірен, бытыраңқылыққа ұшыраған кезі болатын. Осы кезеңде Қызылжар уәляяты (кіші хандық) құрылған болатын, оны билсуз ші адамды шора (кіші хан) деп атады. Есеней ел басқаруга араласа бастаған кезде Қызылжар уәляятының шорасы Шакшақ Қөшекұлы (1740-1837) еді (Сегіз серінің атасы). Жасы келіп қалған Шакшақ шора елден өзін ауыстыруды сұрап жүреді екен. Бірде жоғарыда аталған Керей руының басшылары арнайы барып, сәлем беріп, мәжілісте өздерінің ұсыныстарын айтады: «Сардар аға, сіз қырық жылдай шора болдыңыз. Елінің сіздің ғаділдігінізге риза болып, бәрі сізге сыйлады. Жасының сексенге келді. Орнынызды басатын баляларының да, жақын туыстарының да бар екенін білсеміз. Дегенмен, аға баласына жол берсек кайтеді. Өзініздің ішінде



Есемістің баласы Есеней сіздің орныңызды басуға жарап  
тепшіл сиякты», – депті. Сонда өз орнын басатын батыр да,  
пешен де ұлдары, туыстары бар екеніне карамастан, Шакшак  
шоғы «Сибан аға баласы екені рас. Олардың біраз жыл би-  
негін кол үзгені де мәлім, жолымды бердім. Екпіні тау жық-  
тап кий жалынды да талапкер жастың бірі Есеней ғой. Есеней  
мен шоралық тағыма отырып, Сібір қазактарының одағын  
шакшаксын! Билігімді Есенейге сыйладым. Менен калған  
шоғын оған құтты болсын! Ісін Алла онғарсын! Тек ел үмітін  
алғанын көсем болсын!» – деп бірден батасын беріпті. Сонда  
Бектер мен бектер карт ағасының кенпейілділігіне разы болып,  
оған ашыс айтып, ишкіна жанат ішік жауып, босағасына  
алғоз жорға атты байлат кетіпті.

1819 жылдың жазында хан жайлауда Керей-Уақ, Атығай  
Ертурул слдерінін басты адамдары құрылтай ашып, Қак кө-  
шінші жағасында (Қак көлі – казіргі Тимирязев ауданы Моск-  
варек селосының жанындағы ұзындығы – 12 шакырым,  
толынен 1 шакырымдай ұлken көл) Есенейді боз биенін сұ-  
тты шомылдырып, үстіне ак кімдер кигізіп, ак кигізге отыр-  
ып, шора сайлапты. Еstemісұлына сол арадағы ел құтты  
айтып, Шакшак, Тіленші, Киікбай, Тоқсан, Маманай,  
Калдаңысы сынды дуалы ауыз билер, әулие Марал ишан,  
Колдас, Жолдыбай, Сартай, Мәуліт, Итіке батырлар,  
Баһрам ак баталарын беріпті. Есенейді шора сайлау-  
бының қызылжар, Қорған, Тұмен, Омбы шаһарларындағы татар  
шаршылары да катысыпты. Сол күннен бастап Еstemісұлы  
ІІІ Қайылға дейін Қызылжар уәляятының және Батыс Сібір  
шаштарының шорасы болады.

Есеней шора болумен катар, үстазы Марал ишанның ғазау-  
шының көлдап, оған әскер жинап, жауынгерлерге ат жинап  
беріпте. Сойтіп, ол өзі де бұрынғыша Ресей отаршылдарына  
Ертурул соғыска белсene катысыпты. Оған Серіз серінің әкесі  
Баһрам батыр Шакшакұлының (1779-1826) «Қайылы белдеу»  
шаштарының дастанындағы мына шумактар айғақ бола алады:

*Марал ишан үстазын  
Есеней шора қолдаған.  
Сарбаз жинап берсін деп  
Бектерге сәлем жолдаған.*



*Көпірге қарсы шықсын деп  
Елге жаршы жіберді.  
Сарбазға ат жинады  
Жеңістен үзбей күдерді.*

Есенейдің шора болған уақытта да орыс отаршылдарынан жер-суды қорғап, әділ басшы болғандығын Мұсайын Серіс Серіұлының (1843-1920) жоктау өлеңінен байқауға болады.

*Жорыққа шығар алдында  
Марал ерден бата алған.  
Жер-суды қорғап дұштаннан,  
Есеней сардар атамаған.  
Шора болып жасында,  
Төрт момынды басқарған.  
Төрелік айтса дауларда,  
Бұзықтар бүғып жасқанған.*

Есеней ел басқарумен бірге ислам дінін әрі қарай дамытуға күш салып, өз қол астындағы елдерді мешіт пен медреселерді көп ашуға жұмылдырады. Мұны Керей Жанак Қамбарұлының (1760-1857) мына өлең жолдарынан көруге болады:

*Есеней – ісләм діні қамалындаій,  
Таңданды барша ел оның амалындаій.  
Мешіт пен медресені көп ашқызды  
Өзінің шора болған заманында-ай.*

Ірі тұлғалардың өмірі қашанда ұлттың тарихи тағдырынан ен бір толымды айғақ болып отырады. Сондыктан Есенейдің өмірін жеке бастыңғана өміrbаяны деп қарауға болмайды. Сол кездегі тарихи оқиғаны Есеней сияқты тарихи тұлғалардың өміrbаянына дең кою арқылы анғаруға болады.

Қандай ғана тарихи тұлға болмасын, өзі өмір сүрген заманы тұрғысынан, сол уақыттағы атқарған қоғамдық қызметі тұрғысынан бағаланатынын ескеріп, Есеней ел басқарған тұстагы тарихи жағдайға тоқтала кетейік.

1819 жылғы Уәли ханның өлімі қазақ хандығының құлауын тездетті. Ресей патшалығы үшін хандықты жоюдың онтайлы



Солтүстік. Хандықты жақтаған халық Уәлидің бәйбішесінен ғанаған Ғұбайдолланы хан сайлағанымен, Ресей патшалығы оның сөкітпеді.

1826 жылы жаздың басында Есеней Қызылжар шаһары топреғіндегі өзінің атақоныстарының жартысынан көбін Ресей отаршылдары өз иеліктеріне айналдырған соң Нұралы Қерейден (Біржан сал ауылның жері) босап қалған, яғни шыло салудың сәті түспеген жеріне Сибан Қерейдің Қоркыт аулетіне жататын ауылдарын бастап көшіп барады. «Қожағұл бүрсекү» деп аталатын осы жердің тарихына тоқтала кетейік.

Біржан салдың атасы Қожағұл Бертісұлы (1774-1868) казір-ті Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Жанажол аулетінің жерін мекен ететін. 1826 жылы Батыс Сібір губерниясы осы жерге жаңа бекініс салмақ болып, Қожағұл аулетін еріксіз Қөкшетау жеріне көшіреді. Бірақ бұл араға белгіле сала алмайды, жаңа салынып біте бастаған үйлердің күнделігінде ғарнитурырылған жергілікті қазактар өртеп жіберіп отырған. Бітілдік жаңа губерния басшылары құрылышты тоқтатып, бұл арағты мемлекет меншігіне айналдырып, жағалай орлап тас-санып. Есенейді орталықтан алыс ұстағысы келген үкімет Есене ауылны осы жерге көшіреді. Еstemісұлының Бескөлден ғомбасынан оның аталас ағайыны Шон Дәuletұлы зергердің атынан аның атынан қоштасып шығарған мына өлең шумактары болға алады:

*Есеней тоқтамайды үдере көшіп,  
Жәнібек сөз сөйлейді желдей есіп.  
Бескөл мен Қызылжарым, қош-есен бол,  
Жерім ең кірім жуған, кіндік кесіп.*

*Туған жер, кейін қалдың, уа, дариға-ай!  
Мұндай жер енді бізге табылар ма-ай?!*  
*Егін сап бала-шаға асыраған,*  
*Бескөл мен, қош-есен бол, Қызылжар-ай!*

Бұл олең жолдарынан Есеней ауылның еріксіз көшкенін белгілеуга болады.

Акына қоныс Есенейге құтты бола қоймапты. Өйткені, Қызылжаршаты бір кезде өзі оқыған Шакшак шора медресесінен



(1767 жылы ашылған медресе) апарып оқуға орналастырмак болған Есенейдін тоғызы жасар Аманжол, жеті жасар Аманқұл деген ұлдары (женге алған әйелі Ғайнижамал Байтоқақызының туған) шешекпен ауырып, бір күнде қайтыс болыпты. Оған әнші-ақын Сегіз серінің «Ер Есеней» тарихи дастанының ішіндегі мына шумақтар да айғак бола алады.

*Жақпады Есенейге «Бүркеу» мекен,  
Бір кезде Қожағұлдың қыстауы екен.  
Көшіріп Нұралыны еріксізден  
Сол жерге штаб түспек болған екен.*

*Астыртын мұсылмандар әрекет қып  
Бүркеуде штаб үйін салдыртаған.  
Әрт салып, солдаттарын түгел қырып,  
Ұлықтың ойлағанын болдыртаған.*

*Қызығып бос қоныс деп қонса-дағы,  
Бүркеуде Есенейге апап келген.  
Аманжол, Аманқұлдай екі ұлы  
Бір күнде шешек шығып қабат өлген.*

Есеней – ислам дінінің қазақ жерінде таралуына өте зор үлес қоскан адам. 1826 жылдан бастап Ресейдін рұқсатының терістік өнірдің қазысы болып тұрғанда да, кейін де колының жүз мұрид (шәкірт) ұстаған екен. Ол сол мұридтер арқылы ислам дінін насихаттаумен қатар, ел ішіндегі содырлардың жөнге салып, ұрлыкты тыйған екен. Ұрыларға өте қатал шара колданған.

1832 жылдың аяғында қазактың беделді де мықты адамдарының бірі Есеней екеніне генерал-губернатор И.А. Вельяминовтың көзі әбден жетіп, оның Қызылжар аймағын мекендейтін Керей елінің және Қызылжар қаласында тұратын мұсылмандардың ортақ қазысы екенін толық мойындағанты. Сондықтан губернатор Естемісұлына жаксы мінездеме береді. 1835 жылы Ресей патшасының Бас министрі Есенейді Нептербургкө шақыртып алғып, ел тыныштығын сактағаны үшін оған «Құрметті казак» атағын, Анна лентасына қадаған алтын медальды грамотамен бекітіп беріпті әрі Батыс Сібір

шет аралық комиссиясына мүше етіпті (*Алматы архиві, 345-кор. 1-тізім, 950-іс. «Списки награжденных казахов окружных приказов»*).

Ресей басшылары Есеней Еstemісов пен Ораз-Андағұл-Топибет болысының болысы, Көкшетаудуанының заседателі Аманара Байтосыннен катты корыкты, өйткені Қызылжар топшыңда екеуінің беделі өте зор болды. Есенгелді, Саржан, Енесары Қасымовтардың көтерілісіне қосылып кете ме деп түрлі саясатпен қолдарында ұсташа тырысты, өйткені екеуі де орнұттарының көсемі, халықты сондарынан ерте алатындарын өткегін. Алдында қара қазактардан шықкан адамдардың ел берегінде ақыл-ойлары жетпейді деп ойлаған Ресей басшылары Есеней мен Жылғарадан кейін бұл ойларының теріс етешін біліп, қарадан шықкан қазактардан аға сұltан қызындағы сайлай бастады.

Солай бола тұра Ресей басшылары Есенейді ерекше бағытуға алды. Өйткені, Есенейдің інісі Еменәлі Кенесарынан карындасты Бопай Қасымқызына үйленген, құдалары жана шығып кете ме деп сескеніп отырған. Расында, Есеней 1838 жылға дейін Есенгелді, Саржан, Кенесары көтеріле беріне тікелей қатыспаса да, қолдап, міністеріне саяк аттар, анық түлікпен көмектесіп отырған.

Бағыс Сібір губерния басшылары 1834 жылдың тамыз айында тарап кеткен Аманқарағай дуанын қайтадан ашты. Жағарыда айтылған жағдайларға байланысты Көкшетаудуанын он жыл кеш ашылды. Елді хан тұқымынан шықкан атамағана билеу керек деген қалыптасқан дәстүрмен дуаның атасуғаны болып Шынғыс Уәлиханов (1811-1902), орыс кеңесшісі Язы Янов, казак кеңесшілері (заседательдері) болып Есеней Еstemісов, Тәбей Барлыбаевтар саланды. Дуанға қарасты халық болыстарға бөлініп, болыстар ру жігімен бөлінді. «Они ал да, билей бер» саясатымен халықты жікке бөліп, бірнеше кетпеуі үшін ру арасында жікшілдік туғызып отырды.

Аманқарағай дуанына аға сұltан болып салланған Шынғыс Уәлиханов (Шоқан Уәлихановтың әкесі) пен Есеней 18 жылдың айында жұмыс істейді. Есеней 1834 жылдан 1841 жылға дейін Аманқарағай дуанының кеңесшісі (заседатель), 1841 жылдан 1852 жылға дейін Сибан болысының старшины болып жетті. Омбы қаласындағы Сібірдің линиялық казактары-

ның әскери училищесін тәмамдаған Шыңғыс 23 жасында осы дуанға аға сұлтан болып сайланады. Ол бұл жұмысты 1852 жылға дейін атқарады, Шыңғыс – орыс тілін жете мен-герген тұнғыш қазактардың бірі, соның арқасында ол орыс мәдениетінің бай қазынасымен терең танысады. Кеңестік саясаттың хан тұқымынан шыққан адамдарға теріс қарауынан қазақ тарихындағы өзінің тиісті бағасын ала алмай келе жатқан тарихи тұлғанын бірі – осы Шыңғыс Уәлиханов.

«Шыңғыс өз заманының мәдениетті және білімді адамы болған, ғылым мен әдебиетті, көркемөнерді жоғары бағалай білген. Ол өзінің мемлекеттік және коғамдық қызметімен қазактардың алдыңғы қатарлы орыс мәдениетімен танысын, одан тағылым алып, үйренуіне көп жәрдемдескен», – деп жазды Э. Марғұлан.

1834 жылы Құсмұрын дуанында аға сұлтанның – Шыңғыс Уәлихановтың кеңесшісі (заседателі) болып сайланған Есеней бұл қызметте 1841 жылға дейін істейді. 1840 жылы Кенесарымен астыртын қатынасы ашылып қалған Есенейді ту берния басшылары аға сұлтанның кеңесшісі қызметіне бекітірмейді.

Есеней Еstemісовтың коғамдық қызметінің тізімі төмсін дегідей.

1815-1819 жылдары Марал ишан бастаған Батыс Сібір мұсылмандарының жер-су үшін Ресей отаршылдарына қарсы бағытталған ғазауатына діни және ұлт-азаттық қозғалысынша белсene қатысады. 1817 жылы Марал ишан қозғалысының жүзбасы атағын алады. Есілге құятын Есет өзені бойында Шатыраның солтустігінде болған ұрыстарда 1818 жылдың кок темінің аяғында Марал әскері отаршылдар жасағын женіліске ұшыратыпты. Осы ұрыстағы ерлігі үшін халық оны Ер Есеней деп атап кетіпти.

1819 қоян жылы жаздың басында Керей жайлауында Қак сорының жағасында Сібір қазактарының шорасы етіп сайладты. Орта жүзде хандық билік 1824 жылға дейін сакталыпты.

1824 жылдың тамызында патша өкіметінің рұқсатының Есенейді Ашамайлы Керейдін рубасы әрі қазысы етіп сайладды (*Бұлардың бәрі Керей шежіресінен алынды*).

1830 жылы Аманқарағай дуаны құрылып, дуанның кеңесшілдік Есеней Еstemісов сайланды (*Дело по устройству Аманқарағайского округа. – Омбы, 3-кор, 541-ic*).

1834 жылы 30 тамызда тарап кеткен Аманқарағай дуаны құрылып, аға сұltаны Шыңғыс Уәлиханов, кеңесшілері болып Есеней Еstemіsov, Тәбей Барлыбаев сайланады.

1842 жылдың 18 тамызында Сибан Керей болысының старшыны болып сайланады, бұл жұмысты 1852 жылға дейін атқарады. 1843 жылы Тұрлыбек Көшеноңтың орнына Батыс Сібір губерниясы Кенеснігі қызметін біраз жыл коса алғады.

1852 жылдың шілде айында Құсмұрын дуанының аға сұltаны болып сайланып, бұл жұмыста 1959 жылдың мамыр айынан дейін істейді. 12.04.1859 жылы Құсмұрын дуаны жағалады.

1859 жылдың мамыр айынан бастап, Батыс Сібір губерниясынан Кенеснігі қызметіне тағайындалады (*Омбы мұрағатта 3-кор, 3-тізбе, 4258-ic*). Бұл жұмыста кай жылға дейін белгісіз, мұрағатта мұндай дерек кездеседі.

Ағында аталған қызметтерді адаптацияны үшін Ресей үкіметінен тиісті шен-шекпенін алып отырған. Соған сәйкес Ресей патшасының Бас министрі Петербургке шакыртуымен сұтыныштығын сактағаны үшін оған «Құрметті қазак» аталып, тағы басқа марапат алғанын жоғарыда атап өттік.

Солтүстік 10.06.1846 жылы – хорунжи, 30.08.1853 жылы – сотник, 05.04.1858 жылы – есаул, 07.05.1859 жылы майор атап тараптады.

### **Зілғара шешен айтты деген сөздер**

Зілғара Байтоқаұлы Солтүстік Қазақстан облысының Есіл қаласы жерінде 1767 жылы туып, 1849 жылы дүниеден өткен.

Ол жауірінде ел басқарған ірі тарихи тұлға. 1824-1826, 1828-1841 жылдары Қекшетаудуанының аға сұltаны қызметін алғарған. Республикасынан танымал коғам қайраткері Мақтай Рызғашұлы Сағдиевтың жетінші атасы. Төменде Қазақстан Генерал академиясының 573-папкасынан алынған Зілғара шешен айтты деген шешендік сөздерін беріп отырмыз.

Зілғараның қартайғандағы айтқаны:

*Лақтайын секірген, әттең, он бес,  
Бұлақтайын тасыған отыз бес,  
Отызыда орда бұзған ойран салып,  
Ол дәурен енді айналып қайта келмес.  
Қырықта қыран құстай қалықтадым,  
Елуде алды-артты ойлан тұрақтадым.  
Алпыста әрлі-берлі тәуір едім,  
Жетпісте жер таянбай тұра алмадым.  
Ей, жігіттер, енді сексен деген бір жас бар,  
Секіріп атқа міне алмас.  
Тоқсан деген бір жас бар,  
Толық аяқ ас іше алмас,  
Ауыл үйге кіре алмас.  
Кәрілік шіркін жат дейді, тұрма дейді,  
Қыдырып ауыл үйге барма дейді.  
Қыдырып ауыл үйге бара қалсан,  
Түреген салып бермес төрге төсек,  
Теріс қарап құңқілдер келін-кепшек.  
«Осы үйде алары жоқ, берері жоқ,  
Осы шал неғып жүр?» деп артынан  
Қылады өсек.  
(Папка №573, №3. Жинаған Жақпаев Бозтай. 1940)*

Зілғара өзі туралы:

*Өзім бай, өзім батыр Зілғара едім,  
Алмаған адам тілін қиқар едім.  
Халқымның қанын жауға сорғызбаған,  
Айтқанын ақ сүйектің болғызбаған  
Арғында менен өткен кім бар едің?  
Базардан алып келген сары қауын,  
Өседі сары қауын жауса жауын.  
Басыңа кеңес құрап Зілғараң жоқ,  
Тұрмысың адыра қалып Қекшетаум.  
Сәлем айт Арғын, Қыпшақ адамына,  
Би сөзім болсын сана заманына.  
Үй тігіп, асау сойып отыруши еді-ау*



*Қақ жарып халық аралап барғанымда.*  
Ауылдың қонған жері қырадан-ай,  
Өрнек іс табылады ақылдан-ай,  
Халқымның қара мойын серкесі едім  
Күнелтер қайда барып серкесіз-ай?  
Өзім бай, өзім батыр Зілғара едім  
Және де сөйлер сөзге ділмар едім.  
Көшкенде сексен нарды бос айдаған  
Арғында менен өткен кім бар едің?  
Ат міндім алма мойын дөңгелентін,  
Жиырма бес не тапты менен өтін?  
Жарлының жалғыз қара бұзауындаі,  
Сексен бес, ұстадың ба мөңіретін?  
Жақсыға зар болсын деп қой бермеген,  
Жаманға қор болсын деп ой бермеген.  
Сүңқардай бауыры шұбар жиырма бес  
Бір ажалдан басқаға бой бермеген.  
Мен журдім жиырма бесте салып ойын,  
Саналы адам білер сөздің жайын.  
Сексен бес көк желкеге мінгеннен соң  
Халқымның көре алмадым жиын-тойын.  
Халқыма бізден солем көп айта бар,  
Өлімнен кәрілік еken берген хабар.  
Мал тапқан аттай желіп жиырма бес  
Тапты еken менен де өтін не мархадар?  
Жайлайды Арғын барып Тобылменен,  
Домбыра тарттым сырнай-қобызбенен.  
Басыма анық тоқсан мінгеннен соң  
Жарыстым от басында қоңызбенен.  
Жау келсе ел шетіне қамданатын  
Сөзіне им дүшпанның шамданатын.  
Сексен бес көк желкеге мінгеннен соң  
Берік ұстан керегеден зарланамын.  
Көшеді ауылым тура тепсөңменен,  
Зілғара жолдас болды сексенменен.  
Басыма анық сексен мінген жылы-ақ  
Тоқалдар араз болды бөксемменен.  
(Папка №573, №1. Жинаған М. Қуанышалиев. 1938)



Зілғараның Әлібекке ескертуі:

Жүрмісің аман-есен, Әлібегім,  
Секілді атаң сұңқар, асыл тегің.  
Аралап елдің ішін біліп жүргің,  
Көп болар көргеніңен көрмегенің.  
Халықта әкім болып ел аралап  
Біреудің алдың зорлап бермегенің.  
Жасым бар 85-те, жылым тауық,  
Жатырмын кәрілікпен есім ауып.  
Хан болып таққа мініп, ел аралап,  
Халқыңды құртып баrasың қойдай сауып.  
Адамға жаман екен мынау тоқсан,  
Балаларға ақыл болмайды менің болсам.  
Сөзімді насиҳаттан мен сөйлесем,  
Келіндер мазақ етеді, қылып сыпсаң.

Бұрын да би болып еді дара-дара,  
Бұл күнде билер сияқты егегу ара.  
Болғаның егегу ара мұнан деп біл,  
Қиналмай үстінен жейді пара.  
Болғанда таңда машқар Тәнірі алдында  
Қор болып өзің қаларсың жүзі қара.  
(№573 папканың №5 дәптерін арабшадан аудартқан

Мұсатай Ғалым)

### Мұсіреп шешен

Мұсіреп шешен Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Қарағаш ауылы жерінде өмір кешкен. Мұсіреп қонысының орны осы уақытқа дейін сакталған.

Мұсіреп Арғынның Қанжығалы атасынан тарайды. Айдағай Керей еліне кірме, жас кезінен Токсан бидің ағасы Сексен ба тырдың баласы Бекентайдың жалшысы болады.

Ақынжанды, шешен, сері, саяткер болған. Мұсіреп Бекентай байдың басты адамдарының бірі болады. Ғабит Мұсіреповтың «Ұлпан» романында жазылғандай, сол тоңіректе екі Мұсіреп болады. Бірі – Ғабенің атасы түрікпен



Мұсіреп, екіншісі – сөз етіп отырған Алдай Мұсіреп. «Азырак астаға сойлейтін, азырак асыра сөйлейтін» («Ұлпан». 8-бет).

Кеңінде Мұсіреп шешен айтты деген сөздер ел ішінде көп айттылып келген. Шешеннің бір бата-толғауын жазушы Коншыгар Салғарин өзінің «Кембе» (361-363-бет) романында белгіліша баян еткен:

Естулерін бар шығар, мына өзіміздің Тоқал Арғында ортеректе сөзге ұста, еменнің қарсы біткен бұтағындағы қыныр мине і бар Мұсіреп деген шешен болған. Өзі кедей екен. Сол Мұсіреп бірде жолаушылап келе жатып Керейдің атакты байы Бекентайдың отарлап жатқан қалың жылқысының үстінен ғүсіп. Жолсокты болып қажып келе жатқан сон Мұсіреп ғылқышылар қосына соғып, біраз тынығып алуды кош көріп, ал оның әдейі бұрады. Келсе, ортасында Бекентайдың ерке берасы Жұсіп мырза бар, жылқышылар бір токтының етін ғауанды жатыр екен.

Кара қоска сәлем беріп кіріп келген Мұсірепті отырғандар ғарнайтынды, келініз деп асқа шақырмайды. Мұсіреп те сүйкесін бос жерге барып жайғасады. Қостағылар тамакқа тоғаш, әбден сен же, мен же болған кезде ғана Жұсіп келген күнни жана анғарғандай: «Ау, мына аксақал құр қалыпты ғой, ет беріңдер», – деп жігіттеріне айтады да, өзі әбден қырым етін ғана шырмай мұжілген басты әкеп, «мұжініз, аксақал» деп атаппа кояды.

Мейман болып келіп, мазакқа ұшырағанына назаланған Мұсіреп табаққа қол салмайды. Жұсіп Мұсірептің киім киіспен Аргын екенін біліп:

Капе, Арғыным, тойып келсен, асты тоғын басылған сон шірепті. Ал қазір бата бер, – деп қолын жаяды. Сонда Мұсіреп он ғана бастаң:

*Тілесең бата Арғыннан,  
Сиырың өссін тарғылдан,  
Жылқы өссін сарғылдан.  
Келемежбен бата тілесен,  
Өмірің өтсін зарығумен,  
Күнің өтсін тарығумен.  
Адаспас сапар жөндікі,  
Таусылмас дұға кеңдікі.*



*Атамыз Арғын – халық ағасы  
Тілеу болған халыққа.  
Арғын, Қыпшақ бас қосса,  
Төменгі орын сенікі,  
Жоғарғы орын менікі.  
Таңда мақшар болғанда  
Жеті тозақ сенікі,  
Сегіз жұмақ менікі.*

*Орның тозақ болған соң  
Былышыл сөзің ненікі?  
Дәм айдал келдім қосыңа,  
Көрсетеңен сыйың осы ма?  
Сенен көрген сыйымды  
Арғын, Қыпшақ бас қосса,  
Айтартмын талаі досыма.  
Бес-он малдың арқасында атқа мініп,  
Бекентайың дарқан болған.  
Шотайың аз ғана күн  
Жұртына қалқан болған.  
Әлін білмей аға жұртқа тілін тигізіп,  
Ақырында оның талқан болған,  
Білмедіңдер сендер халімді,  
Сыйламадыңдар кәрі шалыңды.  
Абайлай жүріп анық бас,  
Қуатың халыққа мәлім-ді.  
Мужіп әкеп бас қойдың,  
Жемесін деп ас қойдың.  
Мінеки деп ұсынбай,  
Шайыңды ішіп дәс қойдың.  
Сұрамасаң да айтайын,  
Менің атым – Мұсіреп,  
Құрмет қылсаң болмай ма  
Келген соң қосқа түсіріп?  
Самаурынмен шай ішіп  
Ақ батамды бермес не ем.  
Дүғамды қаршиға ұшырып,  
Келемежге не бата,  
Сөзімде жоқ еш қата.*



*Сақалымның ағы үрғыр,  
Ер жігітін бағы үрғыр.  
Адал досың арам бол,  
Айналып келіп тағы үрғыр.*

*Жасы үлкен деп сыйламай,  
Келгеннен қойдың мазаққа,  
Тәңірім салсын азапқа.  
Мени Құдай жаратса,  
Бұл дүниеде қор болып,  
Киямет күн болғанда  
Түсерсің бәлем тозаққа, —*

жетекшік Мұсіреп шешен.

### **Жарылғамыс би**

Ресей мен қызылдардың құрығына бұрын тұскен солтүсін оғыстың ұлттық тарихы ертерек тұмшаланды және де орталықтан алшак болуына байланысты аз зерттеліп, өнірмозайт талай тарихи тұлғалары тарих қойнауында ұмыт, сөзгерсіз қалды. Сондай тұлғалардың бірі – Жарылғамыс би Токпайұлы.

Жарылғамыс би 1804 жылы казіргі Жамбыл ауданының Пресногорьков мекені маңында дүниеге келіп, 1885 жылы бүрнаны Мұқыр, казіргі Ғабит Мұсірепов ауданының Алғабас ауылында дүниеден өтті.

Жарылғамыс би жөнінде жазушы С. Мұқановтың «Аққан ғұлпас» кітабында, Н. Төреқұловтың «Қазактың 100 би-шешен» жайлы кітабында жазылған.

Жарылғамыс бидің тарих сахнасына шығуы, қоғамдық ғылыми ініштік басталуы Ресей патшалығының қазак жерін отарлаған Россияның Есіл өзені бағытындағы шекарасын 200-250 шағарында дейін көнектіп, «Қасірет белдеуі» шекарасын жүр-шүте ойланысты туған киын уақытка тұспа-тұс келеді.

Омбұл мұрағатының «Аманқарағай дуанының құрылымы» жетек құжатта Жансары Уак болысының би Жарылғамыс Токпайұлы, старшыны Тілеп Байқүшіков деп, Жансары



Уақтын үй саны – 5215, жылқысының саны – 25150 деп жазылған (1835 жылғы есеп бойынша – С.Ж.) осы құжатта Жарылғамыс билігіндегі Жансары Уақтын қыстауы деп қазір і Жамбыл ауданының Пресногорьков және Озерный селолық округіне қарасты жерлерді жазған.

Бағланнан («Звериноголовск») басталатын «Қасірет бел деуі» бойындағы Пресногорьковта казақ жерін отарлаудың бір штабы орналасуына байланысты Жарылғамыс би еліп отарлаушылар Пресногорьковтан және белдеу бойынан қуын, атақонысынан ығыстырады. Омбы мұрағатының құжатында казактардың осы озбырлық істеріне қарсы Жарылғамыс биліп шағым хаты бар. Хатта казактардың озбырлығын айта келе, бұрынғы Керейдін Бәйтіке аталарына пайдалана тұруға беріген Уақ жерлерін қайта алып беруін сұраған. Губерния басшылары Жарылғамыс би арызын қанағаттандырмағандықтан жерсін қалған Жансары Уақтын Жарылғамыс би басқарған Токай, Самай деген аталары Есілге құбын Бітікей өзені маңындағы Мұқыр атты мекенге, қазіргі Ғабит Мұсірепов ауданына қарасты Алғабас ауылы жеріне коныс аударуға мәжбүр болады. Кейін отаршылдардан қуғын көрген Жансары Уақтын басқа аталары да Есіл өзенінін қазіргі Ғабит Мұсірепов ауданына қарасты жерлерге коныстанады. Жарылғамыс би басқарған бұл жер 1847 жылға дейін Құсмұрын дуанына қарасты болып келсе, осы жылдан бастап Қекшетау дуаны жеріне қараша калады. Ол былай болады: Алматы мұрағатында «О спорных местах между казахами Кушмуринского и Kokchetavskого озера по реке Ишим» деген құжат бар. Осы құжатта Құсмұрын дуаны мен Қекшетау дуаны Жансары Уақ қоныстанап жерге таласып, ақыры Андағұл-Ораз, Бәйімбет болысының старшыны Зілғара Байтоқин женіп шығып, Қекшетаудуаның қаратып алады.

Жиырма жасынан бастап билікке араласа бастаған Жарылғамыс Токпайұлы алдымен Токай ауылының, одан кейін Жансары Уақтын, одан кейін Құсмұрын дуанына қарасты Уақ руының биі болып билік құрса, 1850 жылдардан бастап Токсан бидің орнына Құсмұрын дуанының төбе биі болып сайланады. Ол кездегі сот жүйесі бойынша Қостанай, Сол түстік Қазақстан, Сібір, Орынбор казактары жыл сайын оте тін төтенше съезге бағынышты болған. Осы елдердегі бар



даулы мәселе осы төтенше съезде каралып отырған. Кан шешендігімен, кара қылды қак жарған әділдігімен атында Жарылғамыс бисіз бұл съезд шешім шығармаған.

Жарылғамыстың төрт әйелінен тоғыз ұлы, бес қызы болған. Үлкен әйелі Балдай – Бағанаты елінің атақты адамы даойын қызы, аға сұltан болған Ерденнің қарындасы, шісі – Кіртан Сибан елінің Есенеймен аталас Өсіп деген-кызы. Ушінші әйелі Мәүке – Атығай еліндегі Мырзабек қызы. Төртінші әйелі Қунтай – Бидалы Ұактың Өтей степінің нәсілі. Осы төрт әйелінен тоғыз ұл туады: Жәнис, Жантемір, Ахмет, Махамбет, Қазыбек, Қазымбет, Қажақ, Жұзен, Жұзрахмет. Осы аталған балаларының бәрі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде Петровавл уезі жерінде ел баскарған, ірі қызметтер аткарған. Ресейдің Сүргіт қаласында дәрігер болып қызмет атқарған жүрген өлкे зерттеуші, Шал ақын ауданының Бірлік аудан тұмасы Амангелді Малдыбаевтың Петроград қызы мұрағаттарынан алған деректері бойынша Жарылғамыстардың шетінен би болған екен. Жарылғамыстың әкесі Есетов 1828 жылы Жансары Ұактың биі болған (*И. Словесные и Путевые заметки*. – Омбы, 1897).

Посек Жарылғамысов Құсмұрын болысының екінші атты (Базарбай атты коныста), Жантемір 1887-1890 жылдарда Петровавл уезі, Құсмұрын болысының биі болған («*Пакеты Ақмолинской обл.*» – Омбы, 1887). Қасымбек Жарылғамысов 1896-1899 жылдары осы болыстың биі болып атқарылған («*Ақмолинские областные ведомости*», 1898 ж. №36). Ногихаповиен бірге Омбының кадет корпусын бітірған. Посек Жарылғамысов та өз дәуірінің озық ойлы адамы болған оны Құсмұрын болысы алтыншы ауылдың биі деген. Қазір осы тоғыз ұл, бес қыздан тараған ұрпактар Қазақстан, Қостанай облыстарында, Қекшетау да ғүрті лауазымды қызметтер аткарып жүр.

## Қозыбай Нәупілұлы

Халқының XIX ғасырда өмір сүрген айыр көмей, шілдепендерінің бірі – Қозыбай шешен.



Қызылжар аймағынан шыққан өнерпаздардың бірі саналған Қозыбай шешен өз заманында үш жұзге атағы әйгілел адамы болыпты. Ол дауларда әділ төрелік беріп, халық алдында зор беделге ие болып, көпшіліктен алғыс алған екен. Оның үстіне, ол колы ашық мырза кісі болып, елдегі ғарыш қасер, міскін, жарымжан, жетім-жесірлерге, баласыз корі құртандарға көп жәрдем беріп, сонын аркасында жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөлөніп, Қозыбай жомарт атанады.

Қозыбай Нәупілұлы 1822 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданына қарасты атақты тарихи мекен Гүлтөбе-Маманай жерінде дүниеге келген. Атақты Шақшақ батырдың ұрпағы, Сегіз серінін туған ағасы Нәупілдің отбасында туған. Он жасында Болатнайдағы (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Новорыбинка ауылы) Көрпештің медресесіне окуға түсіп, оны үш жылдан соң 1835 жылы бітіріп шығады. Одан кейін Қызылжар қаласындағы ұлы атасы Шақшақ медресесіндегі екі жыл оқиды. Қызылжар медресесін тәмамдар алдында әкесі, одан кейін көп ұзамаш шешесі Балым қайтыс болып, бұдан кейінгі тәрбиесі Есеп ғұл, Балташ атты нағашыларының колында болады. Ел ішінде «Балташтың Қозыбайы» атанады. Он жеті жасында Қозыбай нағашысының ауылында күреске түсіп, атақты палуандар сапына косылады. Ол мұның үстіне ән салып, домбыра, кобын, сыйбызыңы тартады, салдық-серілік құрады. Өмірінің соңын осы нағашыларының ауылында өткізеді. Картайған шағынша тоғыз ұлының көмегімен 150 адам еңбек ететін шеберхана ашкан. Онда зергерлікпен, ұсталықпен, тігіншілікпен айна лысқан, сондай-ақ Қозыбай шешенге қарасты ауыл адамдары аншылықты, егіншілікті, балықаулауды да кәсіп еткен. Қазіргі Қостанай облысы Қарасу ауданында Қозыбай атындағы ауыл бар. Қозыбай шешен денесі осы ауылда жерленген.

Қозыбай жас жігіт кезінде Кіші жұз елінде жүрген әкесі нін інісі Сегіз серіге барып жүріп, сол жактағы елдердің арапалапты. Сейтіп жүргенде ол Кіші жұз Алшын ішінде Әлім ұлы, Жетіру тайпалық одағы саналатын жұрттардың небір маңдайалды сабаз жігіттерімен танысып, олармен төс түйіс тірген дос болады. Сол достарының бірі Кіші жұз Алшын ішінде Әлімұлының Алты Шекті руының Қабак атасынан шыққан жас батыр Бекет Серкебайұлы (1822-1857) екен. Ақыры Қоны



Ош сері сол елдегі Кенжалы есімді тәуір кісінің Айнұр деген атының өзіне атастырып, қырық жетіні қырқа матап беріп алғаны. Кенжалы беделді де ақылды адам болыпты. Ол Бекет болырдың немере туысы екен.

Бекет Серкебайұлы кім? Бекет – Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазактары көтерілісіне (1855-1858) қатысқан батыр. Елінің еркіндігі мен атақонысы үшін күресіп, Ресей отаршылдарына қолдау көрсеткен Арыстан төрөні өлтіруге өттісқан. Көтеріліс женіліс тапқан соң ел арасынан жаңадан ғасак жинап жүргенде колға түсіп, Сібірге жер аударылады. Арыстан анасы мен жары іздеп шығады. Ел аузындағы әнгімелерге қарағанда Бекет батыр өзін опасызыздықпен ұстап беріп Шернияз ақынды өлтіріп, заң орындарына барып: «Өз ғана миңнан кегімді алдым, енді мені жазалай беріндер», – деп. Бекет батырға байланысты ерлік пен елдікті, азаттық пен әмбеттікты өсінет ететін «Бекет батыр» атты дастан жазылған. Бул дастан «Ерназар – Бекет» болып та аталған. 1942 жылы Мұхтар Әуезов осы дастан негізінде 4 актілі драма, «Бекет болырдың қысқаша әнгімесі», «Бекет батыр» жырының мопсісі» атты зерттеу макалалар жазған.

Шекті еліне күйеу жігіт Қозыбай сал ақырында екіжақ-тасқауға карсы қазақ шаруаларының халық-азаттық қозғалысының әрі насиҳатшысы, әрі үйымдастырушыларының біреу болады. Ол 1853-1858 жылдары Шектінің ағайындас болырлары Есет Көтібарұлы мен оның інісі Бекет Серкебай-ұлы басқарған Кіші жүз Алшын ішінде Әлімұлына жататын Ағасе, Шекті, Шемішті елдерінің шаруалар көтерілісіне белгесе катысып, әуелі жүзбасы, онан соң мыңбасы болады. Соның жылдары (1855-1857) Қозыбай құрдасы әрі қайнағасы Есет Серкебайұлы сардардың бірінші орынбасары болады.

1855 жылы шілдеде Есет, Бекет бастаған көтерілісшілер сұлтан орласын тұтқыылдан шабуылдан, Арыстан Жантөрін бастаған он шакты би-старшындарын өлтіріп, жазалаушы отрядының талқандайды. Бұл оқиғаға мазасызданған Орынбор оттіншілігі көтерілісшілерді басуға тағы да қосымша жазақшылық отрядтар жіберіп, олар казак ауылдарын қырғынға



ұшыратады. Әскери дала соты құрамында Бекет Серкебаси, Қозыбай Нәупілұлы бар, 18 адамды Сібірге жер аудару туралы үкім шығарады.

1858 жылы – жылкы жылының аяғында Сам құмы деген жерде Есет батыр Көтібарұлы бастаған қазақ шаруалары патша өкіметі отаршылдарының бақайшағына дейін қарулантан зенбіректі жазалаушы әскерлерімен соғыста женіліске үшін рап, Есет патша өкіметіне қарсы шығын токтатқанда Қозыбай сардар бала-шағасын, өзіне ілескен үш жұз сарбазды ертіп, еліне қашып келеді. Қызылжарлық Керей жұрты шеңен де батыр баласын жақсы қарсы алғып, катты қуанып, тоғы жасайды.

Тойдан кейін Қозыбайды Керей елінің басшысы аға сұлтан Есеней Естемісұлы онаша шакырып алғып, оған пайдалы кенестер айтып, Қозыбай шешенді әуелі Сіргелі Уакқа старшина сайлатады. Артынан үш жыл өткен соң бүкіл Уак атаулыға аға старшина (рубасы) сайлатады. Уакты өз ырқышан шығармау үшін Есеней ол елге өз елінің адамы Қозыбайды әдейі басшы кояды.

Әуелі Сіргелі Уакқа старшина сайланарда Қозыбай билуан өзімен аталас Көшебе Керейден шыққан Қызылжар ай мағынын (Қызылжар өлкесі деп Омбы қаласы мен Аманқарағай орманы аралығындағы көңінірді атаған) әйгілі қалызысы Тәбей Барлыбайұлының қауіп-кательден сактандырылған кенесін құп алғып орындайды. Тәбей сол кезде тобе би екен. Ол руласы Қозыбайға уақытша болса да, руынын, әкесінін, жерінің аттарын, туған жылын өзгертіп, алдын алғы документтер жасап алғып, күғын-сүргіннен ада болу үшін бірден сақтық жасау туралы ерекше акыл береді. Алда-жалғыз Орынбор чиновниктері Қозыбайды іздеп, Омбы ұлықтары на хабар салған күнде ізін жасыру үшін жерінің, руынын, әкесінін аттарын басқаша етіп, жасын да кішірейтіп көрсеттін, өзін жауға тапқызбау керектігін ойластырып кояды. Оның үстінен, Тәбей Қозыбайға Кіші жүздегі шаруалар көтерілісіне қатыскандығы туралы елге дабыра етпеуі кажеттігін катты ескертеді. Тәбейдін ол кенесі Қозыбай үшін аса қажет еді.

Қозыбай Нәупілұлы шешен өзін ұлықтарға тапқызбағ үшін «Есенғұлов Қозыбай», «Балташев Қозыбай» деген екі түрлі атқа документ жазғызып алады. Туған жылын 1822 жыл



ша 1832 жыл етіп, документін өзгертеді. Руын Бидалы Уақ етіп жалызызады. Сөйтіп, ол басқа Қозыбай, яғни Уақ Қозыбай боп шыға келеді. Қазакта не көп, Қозыбай атты адам көп, ұлыктар оның қай Қозыбай екенін қайдан білсін?!

Орынбор генерал-губернаторы алғашында қолға түспей еткен мынбасы сардар Баһрамов Қозыбайды қауіпті қаш-ған деп іздесе де, одан ешбір дерек таппаған соң істі әрі Қарай қозғамаған. Қалың ел, яғни Төрт момын деп атала-шып Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл жүртшылығы Қозыбайдың ғызылжарлық Керей екенін білсе де, оның документте қаш-ған жазылғанын да, Кіші жүздегі шаруалар көтерілісіне ғалысқанын да сезбеген. Тіпті Қозыбайда ешкімнің ша-рмасы да болмаған, оны ел жаксысы, ер жігіт деп қатты ғалыптаған. Тек «Екі бірдей нағашысында ер бала болмаған соң нағашысы Есенғұлдың атына көшкен ғой» деп өздерінше топшылай салған.

Қозыбайдың туған жылы – жылқы жыл – 1822 жыл екенін де Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдері өте жақсы білсе де, оның туған жылын он жылға кейін шегергенін білмеген, оның жұмысы да болмаған. Тек кейбір ауылнайлар мен стар-шинаштар ғана білген. Олар: «Қозықен әйелі картаймай тұрып-шын жақ тоқал алғысы келсе керек. Жасару үшін қағазда жасын ғаштрайтіп беріпті», – деп оны сырттай әзіл ғып қана қояды да өзінші ораз жылдан соң ол мәселе тіпті әнгіме де етілмей қала береді. Қалың жүрт ол жағын мүлде еске де алмайды.

Тек біраз жыл арада өткен соң бұл мәселеге Қозыбайды қүнінші, жасы оның балаларымен қатар Шайгөз Уақтан ғана шыққан болыс Торсан Тілемісұлы ғана көп көніл бөле болғанды. Ол Қозыбайды жену үшін жоғарыдағы айтылған ғашттарды егжей-тегжейіне дейін қалдырмай сұрастырып аштарын білген (*F. Мұсіреповтың «Ұлпан» романындағы Торсан өтінші С.Ж.*).

Қозыбай 1912 жылы – тышқан жылы көктемде ауырып, соғып соғын жылы казан айының ортасына дейін қатты нау-ғасанын, ақыры балалары, үлкен немерелері күймелерге үшіншін жегіп, әр елден емші, балгер жинап әкеп, әкесін



емдетеді. Қозыкенді дәрігер де қарайды. Ақыры тышқан жылы қазан айының ортасында жасы тоқсан бірден аскап кәрілігіне қарамастан, атақты шешен өлім аузынан қалады. Сырт елге «Қозыбай шешен қайтыс болып кетті» деген лакап та тарайды. Ол лақаптың бекер екендігін айтып Қозыбайға жанашыр адамның бірі әрі оның ұлдарының досы, белгілі әнші-ақын Жақсылық Қарауыл Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913) төмендегіше өлең шығарады:

*Откені Ер Қозыкеңнің бекер еді,  
Жайлана Бозшакөл мен Мәтен еді.  
Есілдің бүгілісін таңдал алып,  
Өзіне жайлы қыстау еткен еді.*

*Заты оның Ашамайлы Керей еді,  
Керей мен Үаққа ортақ мерей еді.  
Қартайса да қазы бол жүрді сабаз,  
Казақтың баршасына бірдей еді.*

*Қозыкең жең ұшы емес, жаға болды,  
Жетім-жесір, міскінге пана болды.  
Керейдің Таузарынан шықса-дағы,  
Төрт болыс ел Үаққа аға болды.*

*Ел айтпас Қозыкемді еді-ау паң деп,  
Қарадан айттар едім шыққан хан деп.  
Бетімнен келгенімде қаққан емес,  
Өзімді еркелеткен Ақанжсан деп.*

*Өзінің ұлдарынан кем көрмеуші еді,  
Мені жынды дегенді жөн көрмеуші еді.  
Сан қашқанды қорғаған бәйтерегім,  
Пендені жауға ұстап еш бермеуші еді.*

*Өтті деп Қозыкеңді қате естін,  
Кайғыдан жүрттың есі кетін еді.  
Арыстан қартайса да тез жазылсын,  
Халыққа жақсылығы өттін еді.*



*Кезінде Ақмолла ақын паналаган,  
Кем-кетік қорған көріп жағалаган.  
Үш жүздің шешендері бас қосқанда  
Бәрі де Қозекемді ағалаған.*

Ақанға осы өлеңі үшін Қозыбай да, оның ұлдары да алғыс атын, сыйлық берген. Әрине, біздің қолға бұл өлеңнің толық түскасы түскен жок.

Қозыбай 1868-1870 жылдары Орынбор базарына барып ғұргенде сондағы жаңа ұлыктармен тіл тауып сөйлесіп, оларда астыртын сыйлық беріп, өзі туралы жазылған қаралашты материалдың көвшілігін жойғызған көрінеді. Өйткені, 1898 жылы құзде Қозыбайды айыптау кезінде оны қаралап ғана жазылған документтердің басым көвшілігі Орынбор ұлыктары генесіндегі архивтерден табылмаған. Оның үстіне оқиға есептірілді. Сондықтан да Қозыбай мен оның ұлдары, нөкерлері ғалорга қесілмеген.

Қозыбайдан көп жақсылық көріп, оған жетім кезінде паналаган адамның бірі Уак Ыскак Сәлібайұлы жыршы екен. Қозыбай оны медресеге оқуға беріп тәрбиелеп, Қызылжараш мәдресесінде бітіріп келген соң оған келіншек әперіп, алдына мал салып, оны жеке отау үй қып шығарады. Өзіне Ыскакты әрі оқіл іні, әрі шәкірт, әрі ақын етіп, оны Нәупілұлы шешен ассына ертіп жүріпті.

Қозыбай 1912 жылы қатты ауырып, сол жылдың қазан айының бас кезінде өлім күтіп жатканда ер үшін қатты қайтарып, қүйзелген адамның бірі де сол Ыскак Сәлібайұлы екен. Қозыбайдың басында отырған ақын Ыскак: «Жас балаға имде ата-анам бірдей қайтыс болып, панасыз қалдым. Соғында әке орнына әке, аға орнына аға бол, мені бірсесе үшіншіздай, бірсесе інініздей көріп, асырап сактап, әуелі ауыл монастырынан, онан соң Болаттай, Қызылжар мәдреселерінен оғындып, адам етіп едіңіз. Онан соң келіншек әперіп, басыма үшіншін, алдымға мал салып, отау етіп шығардыңыз. Ақырында атыңыз, шәкіртіңіз болдым. Бұл жақсылығыңызды екі түннеде де менің қайтаруға шамам келмейді. Жолыңызға ғанаңым құрбан!» – деп солқылдан жылап жібереді. Сонда смалып, шамалы әл жиған Қозыбай шәкірті Ыскакқа ка-



рап жатып: «Мен дүниеден өтсем, маған арнап жоктау өлең шығаратын ақындардың бірі – сенсін. Ал, сонда шығаратын жоктауыңды қазір шығарып айтшы, шырағым! Өз құлағыммен естій! «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, менің ауруымның жартысы кетіп, сенің жоктау өлеңіңнен бойым жеңілденіп, дергтен айығар ма екем?!!» – депті.

Козыбайдың көнілі тетік болып, бері қарап, өлім аузынан қалғанына оның бала-шағасы да, ауыл адамдары да, көнілін сұрауға келген кісілер де қатты қуанады. Солармен бірге Сәлібайұлы ақын да бек қуанады. Ыскак ақын қуанса да, қазының өзіне қойған талабынан қысылып: «Ой, би аға, о не дегенініз? Тірі кісіге жоктау шығарған ұят емес пе? Иншалла, енді былай да сауығып кетерсіз», – депті.

Бірак карт балуан Нәупілұлы оның сөзіне тоқтамай, қайратын жиып, басын жастықтан көтертіп: «Алла, аруақ өзі кешіреді. Ешбір ұяттығы жок. Жоктау өленді шығаруды өзім сұрап отырмын. Менің өзінә жасаған азды-көпті жаксылығым кайтын десен, мені разы болсын десен, мені тәуір болып, науқастан айықсын десен, жоктауды қазір шығар! Бәрібір түбінде шығаратын жоктау өлеңің ғой. Қысылмай, тез арада қазір шығар. Өзім рұқсат еттім ғой», – депті.

Сонда Козыбайдың төсегінің маңында отырған ел адамдары да, шешеннің өз балалары да, олардан туған немересшөберелері де: «Өзі рұқсат беріп, сізге тілек қойып отыр ғой. Ағаныздың сөзін қайт қылманыз!? Рас, бәрібір түбінде шығаратын жоктауының ғой. Соны қазір-ақ шығара берініз!» – дейді де Ыскактың колына кобыз бен домбыра әкеп ұстатаады. Сонда әkkі ақын Сәлібайұлы қинала отырып, әуелі кобызben шешеннің арғы бабаларының бірі – Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлының «Елім-ай!» күйін тартып береді. Онан соң қобызды қасына қойып, колына домбыра алып, домбыраға қосып, сол Қожаберген жырау шығарған «Елім-ай!» әнін орындаап береді. Сол шакта Козыбайдың аз да болса көнілі сергіп қалғанын үйде отырған кісілер анғарып қалады. Содан үміттеніп көнілі орныға бастаған Сәлібайұлы жырау домбыраға қосып, әндетіп жоктау өленді шығарып айта бастайды. Ақыры толық шығарып аяктайды. Жоктау өлең Козыбайға да, басқаларға да қатты ұнап, олар ыскак ақынға



көп-көп алғыс айтыпты. Қазы Қозыбай сол арада Сәлібайұлы жырғаға: «Қазір онаша үйге барып, қолына қағаз, қалам, сия алып, осы жоктау өлеңді хатқа түсіріп әкеп, өз қолыма табыс ет!» – дег бірден тапсырма береді.

Біскак медресе үйіне барып, шәкірттер тарай салысымен-ак, қолына қағаз, дәүіт, қалам алып, үстел басына орнығып отырып, өзі шығарған жоктау өлеңді «Қозыбай қажыны жоктау» іеген атпен табан аузында хатқа түсіреді. Сол жоктау олеңті Қозыбай би кіші баласы Тұмырзаны шақырып алып, оған қараждат беріп, қолына Орынбор ведомствосындағы, сондай мешіт, медреселерде қызмет атқаратын достарына хат жаһып беріп сәлем жолдап, касына сенімді серік қосып беріп. Орынборға аттандырады. 1913 жылы Орынбордағы «Дін һом мешіт» баспасынан Қозыбайға арнап шығарылған Ыскік Сәлібайұлының жоктау өлеңі шағын кітапша бол шығарылған, елге тарапады. Соған байланысты Қозыбайдың руы – Бидем Уак, әкесі – Есенғұл, туған жылы – 1832 жыл, кайтыс болған уақыты 1912 жылдың қазан айының 12-сі (жоктау шығарышаш күн) болып қалыптасып кеткен. Қозыбай шешеннің өміршілігінің бұлай өзгеру себебі жоғарыда баяндалған.

Қозыбай сынды қазының көзі тірісінде өзіне жоктау өлең шығарғып, оны арнаулы кісі арқылы Орынборға жолдап, сондай кітапша етіп шығарғанына онымен көрші отырған елдеңің діндар адамдары да, шонжарлары да, болыс, би, ауылшарлары да катты танғалады.

Цәнноз Уактың шонжарлары Торсан мен Молдаш: «Қозекең көп жасады, оны кәрілік адастырған-ак екен!» – десті. Қозыбай 1858-1861 жылдар арасында Сіргелі Уакка старшина болса, 1861-1868 жылдары Қызылжар өніріндегі 4000 үйлі Уікка аға старшина бол (рубасылық) қызмет атқарады. 1868-1890 жылдар арасында ол Қызылжар уезіндегі Құсмұрын құшысында болыс (волостной управитель) болып, қызмет атқауды. 1890-1898 жылдар арасында ол төрт болыс Уакка төбебен әрі указной имам болады. 1898-1901 жылдар арасында Қозыбай қажы Семейге жер ауып, үш жыл бойы сол жакта болады.



## КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ

**Асеев Григорий Сафонович** 1920 жылы Солтүстік Қазакстан облысы Володар (қазіргі Айыртау) ауданындағы Петропавл селосында туған. 1939 жылы Әскери-теніз флотына қызметке шакырылған. Кейін Тынық мұхит флотының әскери-әуе күштерінің кіші авиа мамандарын дайындайтын біріккен мектебіне окуға жіберілген. 1942 жылдың кантарынан Ұлы Отан соғысының шайқастарына катысты.

Гвардиялық аға сержант Г.С. Асеев 81 рет әуе шабуылышын катысып, жаудың 4 көлігін, 2 құзет кораблін және 7 мотоботын су түбіне жібереді. Бірнеше жау самолетін атып түсірелі. 1944 жылдың 16 қазанында Хибергесет мүйісі (Норвегия) аумағында Асеевтің самолетіне ок тиеді. Соған қарамастан жаңып бара жатқан машинаның экипажы торпеданы жіберіп үлгерді, сөйтіп жаудың кораблін суға батырды. Бірақ ұшқышын каза тапты.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1944 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен Григорий Сафонович Асеевке Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Сонымен қатар ол Ленин, Қызыл Ту, 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен маралатталған.

Солтүстік флот мұражайының алдына батырдың мүсінін койылған. Оның есімі Иркутск қаласындағы Отан Батырларына арналған ескерткіш тактаға жазылған. Улан-Удэ қаласында онын атындағы көшеге ескерткіш такта койылған. Чигири облысында қалалық типтегі Корымское елді мекенінде бір көшеге Г.С. Асеевтің аты берілген.

**Ахременко Никифор Акимович** 1914 жылы Петропавл қаласынан 35 километр жердегі Новоникольск (Татарка) селосында туған. Петропавл локомотив депосында жұмыс істеген. 1942 жылдың желтоқсан айында Н. Ахременконы Петропавл қалалық әскери комиссариаты Кенес Әскеріның катарына шакырады.



116-Харьков атқыштар дивизиясының 441-атқыштар полкінің күрамында Украинаны азат етуге қатысты.

1944 жылғы қантардың алғашкы жартысында II Украин мемлекеттің әскерлері Кировоград операциясын өткізді. Соның нәтижесінде Кенес әскерлері 40-50 километр алға жылғаны, жаудың өте құшті қарсыласу торабын басып алғып, оларның Корсунь-Шевченко тобының канатына шықты. Соның неміс әскерлерін кейіннен коршаудың алғышарттары ғана туы.

1944 жылғы 12 қантардың түнінде 441-атқыштар полкінің боршыл атқыштар ротасы Каниж деревнясының маңындағы 111,16 метр биіктікегі жау траншеяларын шабуылмен басып алғып, немістер тым-тыракай қашты. Шайқасқа қолайлы өткікті кайтарып алуды ойлаған немістер қарсы шабуылға ғана тіркелі мен жаяу әскерін шығарды. Біздің артиллерия мен әзіз әскерлер жаудың шабуылына тойтарыс берді. Көп шығында ұшырағанына қарамастан, жау бірнеше рет қарсы шабуыл шықты.

Жаудың жетінші қарсы шабуылын тойтару кезінде фашисттердің бір танкісі рота орналасқан жерге өтіп кетті. Жағдай оған моте шиеленісе түсті: танк біздің жауынгерлерді пулғанмен атқыштап, оларды шыңжыр табанымен жаңыштап ғана. Кіші сержант Ахременко танкіге қарсы қолданылатын ғранаталарды беліне байлап алғып, танкінің астына құлады. Гана от құшағына оранды, сөйтіп осы күнгі жаудың соңғы қарсы шабуылына тойтарыс берілді, ол біздің әскерлерге оның алған шепте нығыз орналасуға мүмкіндік берді. Біздің әрлесіміз 1944 жылғы 12 қантарда ерлікпен қаза тапты.

Сол жылғы 17 мамырдағы КСРО Жоғарғы Кенесі Төралының Жарлығымен Н.А. Ахременкоға Кенес Одағының Батыры (қаза тапқаннан кейін) атағы берілді.

Батырдың есімі Петропавл қаласындағы көшелердің біріне берілгенімен біздің зердемізде сакталуда.

**Бережной Иван Михайлович** 1924 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Кременчуг селосында туған. Украина. Білімі орталау. 1942 жылдың тамызынан Кенес әскері катарында болған. 1943 жылы кіші лейтенанттар курсант ойріп, майданға жіберілген. IV Украин майданындағы



87-гвардиялық атқыштар дивизиясының 261-атқыштар полкінде пулемет взводының командирі. 1944 жылы сәуірде Қырымдағы Перекоп мойнағында жаудың корғанысын бұзуда ерекше көзге түсті. Бережнойдың взводы шабуылға шықкан батальонды жау оғынан тасалады. Жаудың шабуылына тойтарыс беру кезінде бір атыс тобы жарамсыз болып қалғанда Бережной пулеметпен қаруланып жауға қарсы оқ жаудырды. 1944 жылы 10 сәуірде ол қаза тапты.

1945 жылдың 24 наурыздағы КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығы бойынша И.М. Бережнойға Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Қырымдағы Красноперекоп ауданының Суворово селосында жерленген. Херсон қаласының №1 ГПТУ ғимаратына Батырдың құрметіне мемориалдық тақта орнатылған.

**Булавский Виктор Константинович** Ақмола облысының Алексеевка селосында 1914 жылы туған. Балалық шағында отбасымен бірге Петропавл қаласына көшіп келген. Киров атындағы орта мектепте оқыған. Оныншы класты бітірген сон Ленинградтағы Қызыл тұлы 2-артиллерия училищесіне окуға түсті. Оны тәмамдаған сон жас лейтенант Булавский Москва әскери округінің 402-полкінің артиллерија полкіне жолдама алды.

1939 жылдың күздінде 402-артиллерија полкінің 8-батареяның командирі болып тағайындалады. Финляндиямен соғыс қымылдары басталысымен 402-артиллерија полкінің майданға жөнелтіледі.

1939 жылдың 26 желтоқсанында лейтенант Булавскийді полк командирі жаяу әскердің алғы шебіне оның алға жылжуына кедергі жасайтын жаудан оқ ату нүктелерін барлауға жіберді.

65,5 жетасының онтүстік-батыс баурайындағы орман-ның шетіне жер бауырлап жеткен ол орман арасындағы жолды оқ астына алатын жаудың пулеметтері біздің әскерлерге көп шығын әкелетінін түсінді. Жасырына отырып, барлаушы оқ ататын нүктеге жакындалды. Жауға дейін бірнеше жұз метр қалғанда Булавский оқтын ашық позициядан емес, кішкентай төбешікте орналаскан дзоттан атылатынын көрді. Барлаушы артиллеријаның оған нысанаға дәлдеп түземей дзотты жою



мүмкін емес екенін түсінді. Қайтып оралған ол бұл жөнінде полк командиріне баяндады.

1939 жылғы желтоқсанның аязды таңы. Айнала ақ көрпеге оранған. Қалыптасқан жағдай қайткен күнде де уақытша болсын дзоттың үнін өшіруді талап етіп еді. Бұл міндетті орындауға ауыр карулар батареясының командирі лейтенант Булавский тілек білдірді.

Пулеметтер мен артминометтерден атылған оқ бес сағатқа созылды. Өз батареясының әр жарылысын бакылап отырган лейтенант оқ атуды түзеп отырды. Дзоттың үні өшті. Тапсырма орындалды. Булавский орманға қарай шегіне бастады. Орманның шетінде дейін он метрдей қалғанда күтпеген оқиға болды. Неміс мергендерінің екі оғы ержүрек офицерге шарыды. Бұл 1939 жылғы 27 желтоқсанда болған еді.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1940 жылғы 15 кантардағы Жарлығымен В.К. Булавскийге Кенес Одағының Батыры (қаза тапқаннан кейін) атағы берілді.

Карель мойнағында каза тапқан және Сестрорецк зирағында жерленген ержүрек кенес жауынгері Виктор Булавскийдің есімін есте сактау ретінде 1940 жылдың аяғында Ленинград қаласының Новая көшесіне оның есімі берілді. Петропавл қаласында бір көше оның есімімен аталады.

КСРО Корғаныс министрлігінің 1967 жылғы 18 маусымдағы бүйрекшімен Кенес Одағының Батыры В.К. Булавский жоғары артиллериялық училищенің I батареясының тізіміне мөңгілік енгізілді. Бірінші батареяның казармасында Кенес Одағының Батыры В. Булавскийдің мүйісі жасақталған.

**Быковский Виктор Иванович** Саратов облысының Терновка селосында 1919 жылы дүниеге келген. 1935 жылы атапасы қайтыс болған соң оны Петропавл қаласында тұратын атайы тәрбиеледі.

Петропавл медицина техникумын тәмамдаған соң Быковский Қызыл Армия қатарына шақырылды.

Ұлы Отан соғысының шайқастарына 1942 жылдың шілде айынан бастап қатысты. 72-армиядағы 224-гвардиялық атқыштар полкінің санитарлық взвод командирі, медициналық қызметтің лейтенанты Быковский 1942 жылғы бір оқиға туралы белай деп еске алады: «25 қыркүйекке қараған

түнде біздін батальон Днепр өзенінен өтуді бастады. Тан алдында Бородаевка деревнясының шетінде кескілескен шайкас болды. Мен басшылық жасаған санитарлық взвод шабуылға катыса отырып, жараланғандарға көмек көрсетті.

Тан алдында біз деревняға басып кірдік, көшелерде кескілескен ұрыстар жүріп жатты. Деревнядағы үйлердің бірінен мен өз санитарларыммен бірге өлім жазасына кесілген барлаушыларды – 11 қызыл әскерді аман алып қалдық. Немістін үш офицерінің көзін құртып, екеуін тұтқынға алдық. Барлаушылар ауыр соққылардан кейін аяктарын әрен басып тұр екен.

Тұс әлетінде Бородаевка деревнясы фашистерден азат етілді, ауыр да қиян-кескі ұрыстардан кейін жаралылар көп болды. Медициналық көмек көрсеткен сон оларды тас подвалдардың біріне орналастырдық. Алайда көп ұзамай жау карсы шабуылға шыкты. Олар біздін корғаныстың бір тұсын бұзып өтіп, деревняға кайта кірді. Фашистер, әсіресе, батальонның медициналық пунктінің қасына көп шоғырланды. Қолдарына қару ұстай алатын жаралылар санитарлармен бірге фашистерге карсы соғысты».

Осы ұрыста Виктор Иванович екінші рет жараланды, сол колының сүйегіне оқ тиді. Кешке қарай ұрыс әлсіреп, жау негізінен тізе бүкті. Екі рет жараланған Быковский түнгі сағат екіге дейін барлық жаралыларды Днепрдің жағалауына жөнелткенше әскери міндептін аткарумен болды.

Виктор Ивановичтің жеке өзі шайкас аландарынан 80-нен астам ауыр жараланғандарды алып шыкты, жаудың оғынын астында жүздеген солдаттар мен офицерлерге Днепрдің он жағалауында медициналық көмек көрсетті. Оған Кенес Одағының Батыры атағы 1943 жылғы 26 қазанда берілді.

1944 жылғы тамыз айында II Украин майданы медициналық құрамының конференциясында В. Быковский «Днепрден өту кезіндегі атқыштар батальонына медициналық қызмет көрсету» тақырыбында баяндама жасады. Быковский бүкіл II Украин майданындағы Кенес Одағының Батыры атағын алған бірден-бір медик еді.

Ол 1945 жылы тіс дәрігері курсын бітірді, ал 1956 жылы медициналық қызметтің майоры запасқа шыкты. Ангарскіде, Иркутскіде және Кишиневте жұмыс істеді. 1973 жылғы 31 шілдеде қайтыс болды. Кишинев қаласында жерленген.



**Викторенко Александр Степанович** 1947 жылы 29 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданындағы Ольгинка селосында туған. Ғарышкер, КСРО ұшқыш-ғарышкері (1987). Кенес Одағының Батыры (1987).

Орынбор жоғары әскери авиация ұшқыштар училищесін бітірген соң (1969) Әскери Әуе Құштерінде қызмет еткен. I-дәрежелі әскери ұшқыш және 3-дәрежелі ұшқыш-сынақшы мамандығы бар.

Викторенко Ғарышкерлер сапына 1978 жылы алынды. 1987 жылдың 22 шілдесінен 1987 жылдың 30 шілдесіне дейін «Союз ТМ-3» ғарыш кемесінің командирі болған. Ол Александров және Сирия Араб Республикасының азаматы М.А. Фариспен бірге ғарышқа ұшты. 1987 жылы 24 шілдеде «Союз ТМ-3» кораблі мен «Мир» ғылыми-зерттеу кешенін түйістіру жұмыстары жүргізді.

1997 жылы полковник дәрежесінде зейнеткерлік демалыс-ка шықты. Жұлдызды қалашақта болашақ ғарышкерлерді даярлау тобымен жұмыс жүргізді. Қазір құрметті зейнеткер. Мәскеу қаласында тұрады. Туған өлкесімен тығыз байланыс жасайды.

**Гончар Павел Иванович** 1905 жылы Чернигов облысындағы Смолянка селосында туған. 1907 жылы ата-аналарымен бірге Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданы Семиполка селосына көшіп келеді. 1935 жылы ол тракторшы болды, ал бес жылдан кейін колхозшылар оны ауыл шаруашылығы артелінің төрағасы етіп сайлап алады. 1941 жылы 16 шілдеде Павел Иванович әскер катарына алынады. Оны солтүстікқазакстандықтардан құрылған 314-атқыштар дивизиясына жібереді. 1942 жылы 21 сәуірде алдыңғы шепті минадан тазарту жөніндегі тапсырманы орындау кезінде Павел Иванович біздін «КВ» ауыр танкісін басып алмақшы болған және корғанысты бұзбакшы болған жау солдаттарын көреді. Осы кезге дейін пулеметтен атып көрмеген ол танкten пулеметті алып, екі минуттың ішінде оның құрылышымен танысып алды. 2 ротага жуық белофиндер өзіне жақындағанда Павел Гончар бұлк етпеді. 40 метрге дейін өзіне жақындастып Отанымыздың жауларын нысанана тақап койып атқылады. Ұрыс даласында 25 адамы өліп, 50 шактысы

жараланып, қарсыластар кейін шегінді. Оқтың жарқыншағы Павел Гончардың бас киімі мен шалбарын тескенмен, өзі аман-сау қалды.

Артиллериялық дайындықтан кейін жау жағы тағы шабуылға шықты, бірақ біздің батырды жеңе алмады. Ұрыс даласында 30-ы өліп, 70-і жараланып, немістердің екінші шабуылы да жеңіспен аякталды. Осы шайқас үшін П. Гончарға Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Синявский биіктігін аларда төніп тұрған жаудың оғына қарамастан, ержүрек сапер 212 неміс минасын тауып, жарамсыз етті. 1943 жылдың 12 кантарында ерлікпен каза тапты. Синявский биігінде бауырластар зиратына қойылған бес метрлік обелискіге (ескерткіш) мемориалдық тақтаға Павел Иванович Гончардың есімі алтын әріппен жазылған. «Семипольский» кеншарында оның балалары, әйелі, туыстары тұрады. Қайтқаннан кейін ол Ленин орденімен, Кенес Одағы Батырының «Алтын Жұлдызымен» және медальдармен марапатталған.

**Губарьков Григорий Максимович** 1926 жылы 1 акпанды Солтүстік Қазакстан облысы Володар (казіргі Айыртау) ауданындағы Качиловка селосында туған. 7-сыныпты бітіргеннен кейін Өзбекстанға №2 Жизак МТС-нде жүргізуші болып істейді. 1943 жылы қарашада Қызыл Армия катарына алынған. Мотоатқыштар батальонының (Белорус майданы) пулеметшісі, гвардияшы, катардағы жауынгер Г.М. Губарьков 1945 жылдың 21 кантарында жаудың боратқан оғына қарамастан алғашқылардың бірі болып жаудың корғанысын бұзып, Иновроцлав қаласын (Польша) фашистерден босатты. Жау контршабуылына тойтарыс беру кезінде жараланса да, ұрыс аланынан кетпеді.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1945 жылғы 27 акпандары Жарлығымен Григорий Максимович Губарьковке Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Соғыстан кейін ол армиядағы қызметін жалғастырды, тек 1951 жылы запаска шықты. Жизак қаласына келіп, алдымен ұжымшарда, кейін кеншарда жұмыс істеді. Соңғы жылдары Запорожье қаласына қоныс аударды. Ленин, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

**Гуденко Сергей Гаврилович** 1915 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Колдоман селосында туған. 1936 жылғы караша айында С.Г. Гуденко Қызыл Армия катарына шакырылды.

Көпбалалы шаруа отбасында дүниеге келген Сергей балалық шағында бастауыш білім де ала алмай қалады. Қызыл Армия катарында жауынгерлік қызметі ликбез курсымен бірге өтті. Армияда Сергей ұлғілі пулеметші болып, комсомолға өтті. Жапониямен соғыстың басталуын Сергей былай еске алады: «1938 жылғы 29 маусымда жауынгерлердің бәрі де қатты ұйқыда жатқанда кенет құлакты жарған сирена үні естілді. Бес минут өткен де жок, біздің бөлім толық даярлықта болып, бүйрек күтіп тұрды. Жапон әскерлері артиллерияның колдауымен Қенес территориясына екі жактан бас салып, Хасан қөліне өтіп, Безымяный мен Заозерный жотасын басып алды. Таң ата біз нұсқау берілген жерге келіп, барынша жасырынып, Безымяный жотасына қарай жылжыдық. Қарсыластар бізге артиллериядан қатты оқ жаудырыды. Біздің артиллерия еселей жауап берді. «Отан үшін! Ұлы Сталин үшін!» деп ұрандалап ұрыска ұмтылдық. Көп кешікпей біздің артиллерия жаудың бекініп алған артиллерия және пулемет нұктелерінің үнін өшірді. Мен он шакты метр жерден біздің тылымызға өтіп кетуге жанталаса талпынып жаткан жаяу әскер взводын байқап калдым. «Максимкамен» бір рет оқ жаудырып жіберіп, мен жау взводын, барлаушы тобын офицерімен қоса жойып жібердім. Солдаттары сасқалактап қаша жөнелді, бірақ менің «максимкам» оларды кесілген ағаштай қылп түсірді.

Олардың бірде-бірі Маньчжур территориясына оралған жок. Сол күні маған жапонның төрт станокты пулеметін оқ-дәрісімен бірге жинап алуға тұра келді. Кешке қарай біз Безымяный жотасына біржола бекініп алдық. Біздің бөлімшеге Заозерный жотасының он жак шебіне қарай жылжуға бүйрек берілді. Кешке қарай біздің шебер маскировка жасай отырып, самурай оғының астынан шығынсыз шығуға мүмкіндік берген қалың тұман түсті. Танертең 4 тамызда он қолдағы көрсетілген позицияны алып, сонда бекіндік».

Гуденко позициясын жиі ауыстыра отырып, ұзак уақыт бойы Приозерный жотасын жалғыз қорғап тұрды. Одан кейін

алға ұмтылған жаяу әскерлердің алдында жылжи отырып, өзінің пулеметімен қарсыластын бір ротаға жуық солдатын жойып, біздің бөлімшенің шабуылға шығуна мүмкіндік жасады.

Сол ұрыстарда көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін қызыләскер Сергей Гуденкоға 1938 жылы 23 казанда Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

1939 жылы Қыыр Шығыс әскери округі Сергей Гуденконы Киевтің жаяу әскер училищесіне жіберді. Оны бітірген жас лейтенант шекарарада жаңадан жасалған доттар іске қосылып жатқан корғаныс ауданына қызметке келді. Училищенің тұлегі пулемет взводының командирі, «Кровель» дотынын коменданты болды.

Соғыстың алғашкы күндері пулемет взводының жауынгерлері қарсыластын қөптеген шабуылына тойтарыс берді.

Өз өміріндегі ен соңғы ұрыстағы ерлігі үшін Кенес Одағының Батыры Сергей Гаврилович Гуденко каза тапқаннан кейін Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды. Оның туған жерінде – Мамлют пен Петропавл қаласында қөшелерге есімі беріліп, батырдың аты есте қалды.

**Дәуітов Ескендер Садықұлы** 1923 жылы Омбы облысының Есілкөл станциясында туған. 1927 жылы Дәуітовтар отбасы Петропавл қаласына қошіп келеді. 1942 жылғы 23 қарашада ауыл шаруашылығы техникумының бірінші курс студенті Дәуітов Қызыл Армия қатарына шакырылады.

1943 жылдың қыркүйегі. Шегініп бара жатқан жауды тықсыра отырып, 16-гвардиялық Чернигов дивизиясының бөлімдері Днепрге тақап келді. Алла – ұлken су айдыны. Соңдықтан да өте шапшан түрде ауыр шайқастардан әлсіреген жаудың есін жиғызбай жедел өзеннен өту керек еді.

– Жауынгерлік тапсырманы орындауға рұқсат етініз, – деді қатардағы гвардия жауынгері Дәуітов. Бір топ батыл жігіттер балықшы қайығымен келесі жағаға қарай жылжи жөнелді.

Карсы жак өзеннен өтіп келе жаткандарға зенбіректер мен пулеметтерден оқ жаудырды. Міне, жаға да жақын қалды. Ескендер алғашқылардың бірі болып Днепрдің он жағалауына аяқ басып, пулеметімен жау траншеясына ұмтылды.

Екі гитлерші ержүрек пулеметшіге тап берді. Батыл жауынгер сасқан жоқ, қанжармен екеуін де жайратып салды. Жедел пулеметті орната салып, жауға оқ жаудырды. Алғашында сасып калған жау артынан шабуылды ұдете түсті. Днепрдің он жағалауына жетіп, жаумен жағаласа кеткен біздің жауынгерлерден екеу-ак – Ескендір Дәуітов пен онын жолдасы ғана қалды. Олар жаумен жанталаса шайқасты. Дәуітов позициясын бірнеше рет ауыстырды.

Бір мезгілде гимнастеркасынан қан тамшылай бастады. Жаралы жауынгер жаудың екпінін қайтарып, жалғыз өзі оқ боратып жатты. Гитлершілер қайтсе де Дәуітовтың пулеметінің үнін өшіруге тырысты. Оқ бүршактай борады. Ескендірге көмекке ұмтылған жолдастары жеткенде ол екі қолы пулемет тұтқасына қарысып калған күйі жансыз жатты. Ұрыс аяқталды. Бірақ бұл женісті көру Ескендірге бұйырмады.

Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кенесі Төралкасының Жарлығымен Е. Дәуітовке 1944 жылы 15 кантарда қайтыс болғаннан кейін Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Жерлестері өз үлдарының есімін қастерлеп есте сактауда. Ескендір Дәуітовтың өзі соғысқа дейін мастер болып істеген ет-консерві комбинатының училищесі қазір батырдың атымен аталады.

**Дмитриев Алексей Федорович** 1919 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Володар (қазіргі Айыртау) ауданындағы Карапсека селосында туған. 1938 жылы Корған Төбе АӘК арқылы Қызыл Армия катарына алынған. 1940 жылы Мәскеудің артиллерия училищесін бітірген. Ұлы Отан соғысының бірінші күнінен майданда болған. Капитан Дмитриев Литваның Шакийск ауданындағы Францкабуда поселкасының маңында 1944 жылы 7 тамызда жаудың катты шабуылына тойтарыс беріп, 5 танкісін киратты. Бірақ жау алға жылжумен болды. Санаулы уақыттың ішінде капитан өз позицияларына корғаныс үйымдастырып, дивизион қаруаларының оғын өзіне бағыттатты. Осылай жеке ерліктің үлгісін көрсете отырып, Дмитриев өзі жаудың 16 солдаты мен 3 офицерін жойды. Тәғы бір шайқаста, 1944 жылдың 21 тамызында, Дмитриевтің дивизионы жаудың 8 танкісін жоқ қылды. Осы жылдың 17 казанында болған жанкешті шайқаста Алексей Дмитриев

ерлікпен қаза тапты. Литваның Кудиркас-Науместис қаласында жерленген.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығымен Алексей Федорович Дмитриевке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған. Қорған Төбе (Тәжікстан) қаласындағы бір мектепке батырдың есімі берілген.

**Довженко Виктор Михайлович** Орынбор облысының Ташла селосында туған. Кейін Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Симаки селосына көшіп келіп, мектепте мұғалім болды. 1940 жылғы қыркүйекте В.М. Довженко Қызыл Армия катарына шақырылып, Украина дағы Ішкі Істер Халық Комисариаты (НКВД) әскерінің 228-полкіне жіберіледі. Ұлы Отан соғысына 1943 жылғы ақпаннан бастап қатысады.

1945 жылғы 15 ақпандың 1281-атқыштар полкінің автоматшылар ротасының (І Белорусс майданы. 47-армияның 60-атқыштар дивизиясы) командирі аға лейтенант Довженко өз ротасымен Висла-Одер операциясына қатысты. Негізгі міндеті Польшаны азат етуді толық аяктап, Берлинге шешуші соккы беру үшін қолайлыш шепкес жету болатын. Довженконың ротасы орман ішімен жүріп жаудың 100-120 адамдай болатын тобымен ұрыска түсken Крубин елді мекенінің онтүстік шетіне жетіп, жаудың тылына шықты. Довженконың шебер басқаруымен рота қарсыластарын талқандады. Қөптеген жауқаза тауып, бесеуі тұтқынға түсіп, қалғандары қашты. Бұл ұрыста Довженко жалғыз өзі автоматпен немістерді автомат және пулеметпен каруланған жиырма адамдай болатын тобына тұтқылдан қарсы шыққан кезі де болды. Шебер де батыл кимылдап, олар жауды кейін шегінуге мәжбүр етті.

16 кантарда өзет офицер Нова-Двур қаласы маңында Висла өзенінен өтіп, екі жауынгер үшеуі танкіге қарсы қолданатын граната мен немістін өздігінен жүретін зенбірегі мен екі солдатын жойды.

Кеңес Одағының Батыры атағы оған 1945 жылы 27 ақпандың беріліп, Ленин ордені мен «Алтан Жұлдыз» медалі қоса тапсырылды. Ал, бірнеше күннен кейін, 1945 жылы 4 наурызда ұрыста қаза тапты. Батыр Варшава қаласында жерленді.



**Досмұхамбетов** Әбу 1920 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Приишим ауданындағы Үшкөл ауылында (казіргі Бескөл ауданының «Андреев» кеншары) туған. Ферма менгерушісі, комсомол үйымының хатшысы болып қызмет істеді. 1939 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. Ұлы Отан соғысына 1942 жылдан бастап катысты.

Женіспен аяқталған Курск иініндегі сұрапыл шайқастан кейін Кенес әскерлері батыл түрде гитлерлік қорғаныстың манызды шебі – Днепрге қарай жылжыды. Днепр өзі сиякты жалпак та терен Десна, Припять сағаларымен бірге шабуылдап келе жаткан Қызыл Армияның әскерлеріне өте елеулі кедергі болатын. Биік жағаға бекініп алған гитлершілер қатты карсылық көрсетті.

1943 жылдың 22 қыркүйегінде түнде жау артиллериямен күшті оқ атып тұрғанда өзеннен алғашқылардың бірі болып өткен Ә. Досмұхамбетовтың ротасы полктің басқа бөлімшелерінің өтуін демей отырып, бірден ұрысқа кірісті. Үш күннен кейін, 25 қыркүйекте дивизия Припять өзенінен өтіп, онда да Әбдін ротасы ерекше көзге тұсті.

Ә. Досмұхамбетовтың ерліктері оны Кенес Одағының Батыры атағына ұсыну туралы марапат паракшада тізіліп, жазылған: «Деснаның, Днепр мен Припятътің айдындарынан өту кезінде өзін шапшан шешім қабылдауға және оны іске асыруға қабілетті шебер командир екенін көрсетті. Ешкандай жұзу құралы болмағанның өзінде ол қарсыластың күшті артминомет атысы астында бұзылған көпірден алынған тактайлардан сал жасап, ротаны өзеннен шығынсыз алып шықты және қарсыластың жағалауында шайқасқа кіріп, келесі бөлімшелердің өтуін демеді. Припять өзенінен өту кезінде оның ротасы немістің мотоколониясының атысына тап болды. Досмұхамбетов жолдас бір топ жауынгерлерімен қарсыласқа білдіртпестен колоннаның тылyna өтіп кетіп, оны қашуға мәжбүр етті...

*229-атқыштар полкінің командирі, подполковник Шишиков»*

Бұл ұсыныс 1943 жылғы 1 казанда, яғни ол қаза табардан бір апта бұрын жазылып, сатылап (дивизия, корпус, армия, майдан) жіберілген еді. КСРО Қорғаныс министрлігі архивінін материалдарына сүйене отырып П. Белан «Қазақстандықтар



Украина мен Молдавияны азат ету жолындағы шайқастарда» (Алматы: «Ғылым» баспасы, 1967 ж.) деген кітабында осылай деп жазады. Автордың ойынша, бірқатар кітаптар мен мерзімді баспасөз макалаларында Э. Досмұхамбетовке Кенес Одағының Батыры атағы қайтыс болғаннан соң берілді деген тұжырым дұрыс емес. Беланмен келіспеуге кисын жок.

Егер полк командирі Д.К. Шишковтың ұсынысына Э. Досмұхамбетов каза тапқаннан кейін қол койылса, онда полк командирі батырдың актық шайқасы туралы айтпауы мүмкін емес еді. Тегінде Э. Досмұхамбетовке Батыр атағы каза тапқаннан кейін берілді деген байлам КСРО Жоғарғы Кенесі Тәралқасының Жарлығына 1943 жылдың 16 қазанында батыр каза тапқаннан кейін қол койылуынан болса керек.

Э. Досмұхамбетовтың соңғы шайқасы екі апта бойы фашистермен кескілескен ұрыс жүргізілген Припять плацдармында өтеді. Карсылас жақ жана құштерін коса отырып, бірнеше әрекет жасайды. 6 қазанға қараған түнде жау мото-колоннасы бірінші батальонның позициясына қайтадан шабуыл жасайды. Жауынгерлер оқ атады. Оларды танкке карсы ататын зенбіректер батареясы колдайды. Бірнеше танк пен броневик өртенеді. Сау қалған жау машиналарының бұрылуға шамасы келіп, шепкे жақындаған келіп, бірінші ротаның позициясына баса-көктей кіреді. Осынау сәтте жаралы командир Э. Досмұхамбетов құшін жинап, карсы келе жатқан танкіге енбектей жылжып барады да, оған танкіге карсы қолданатын минаны лақтырады. Жақын жердегі жарылыс әлі 23-ке толып үлгемеген жас офицердің өмірін киып кетті.

**Ершов Александр Матвеевич** 1908 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Мәскеу ауданындағы Славянка селосында туған. Соғыска 1941 жылғы шілдеден бастап катысты.

1945 жылғы 24 наурызда КСРО Жоғарғы Кенесі Тәралқасы Жарлығымен Александр Матвеевич Ершовқа Кенес Одағының Батыры атағы беріліп, «Алтын Жұлдыз» бен Ленин ордені коса тапсырылды.

Марапат паракшасында былай жазылған: «Ершов 1944 жылы 17 шілдеде Неман өзенін кесіп өтуде асқан өжеттілік пен қаһармандық және ерлік көрсетті. Ол өз бөлімшесінде бірінші болып бөгеген суды кесіп өтіп, өзеннің екінші жағасына



шыкты. Артиллериялық және пулемет оқтарының толассыз атылуына, сондай-ак жау авиациясының үсті-үстіне бомба тастаудың қарамастан, Неманның карсы жағасына шығып, бекініп ұлгерген оның бөлімшесі қарсы шабуылға шықкан фашист роталарына тойтарыс беріп, оларды 30-40 метрге дейін жақындағы алып, мылтықпен және гранатамен жусата кырды. Оқ-дәрі таусыла бастағанда Ершов «Сталин үшін алға» деп бірінші болып орнынан көтеріліп, фашистермен жекпе-жек шайқасқа түсіп, әріптестеріне батырлық ұлгісін көрсетті. Өз винтовкасының найзасымен және дүмімен Ершов 12 фашисті жайратты. Жаудың беті тойтарылып, 100-ден астам неміс солдаттары мен офицерлерінің өлігі, сондай-ак айтарлықтай қару-жарак ұрыс даласында калды. Немістердің қарсы шабуылының беті тойтарылды. Неманның сол жағасындағы плацдармды жауға бермей, біздін әскерлер өзеннен өтіп, шабуылға шықты. Онтайлы шептерге бекінді».

Александр Матвеевич 1980 жылдың 21 акпанында кайтыс болды, алайда оның ерлігі халықтың мәңгі жадында. «Көніл зердесін беріп қоюға болмайтын плацдармдай сақтау қажет. Өмір үшін, тірілер үшін одан айырылмау керек», – деуші еді Ершов.

**Забелкин Николай Иванович** 1923 жылы 21 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Володар (казіргі Айыртау) ауданында Восточное селосында дүниеге келген. Жетіжылдықты бітірген. 1941 жылы электротехникумның төртінші курсынан Қызыл Армия қатарына алынған. 1942 жылы Москвандың артиллерия-минометшілер училищесін бітірген.

III Украина майданындағы 58-ғвардиялық миномет полкінің барлау дивизионының бастығы ғвардия лейтенанты Н.И. Забелкин 1943 жылы 16 тамызда айқын ерлік жасады. Донецк облысы Славян ауданындағы Голая Долина селосының маңында Северский Донец өзенінің батыс жағалауында плацдармды кеңейту үшін болған ұрыста жау бекінісіне өте жақын келді. Жаудың екі жаяу әскер батальонының контршабуылына тойтарыс бере отырып Забелкин өз дивизионының оғын өзіне бағыттауын бұйырды. Соның нәтижесінде жаудың қарсы шабуылы тоқтатылды.



1943 жылдың 23 қазанында Днепропетровск облысы Криничан ауданындағы Аулы елді мекенінен онға қарай жаутылына радиостепен өткен Забелкин минометшілердің атысына бағыт беріп отырды. Оның мәліметіне қарай минометшілер 5 автокөлікті қаратып, бір взводтан артық жаудын автоматшыларын құртты.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1944 жылғы 3 маусымдағы Жарлығымен Николай Иванович Забелкинге Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін Мәскеуде тұрды. Мәскеудін Мемлекеттік халықаралық байланыстар институтын бітіріп, Саяси Жаңалықтар Агенттігінде қызмет аткарды.

Ленин, екі рет «Отан соғысы» ордендерімен және шетелдер орденімен марапатталған.

**Зәкіров Ғали Зәкірұлы** 1910 жылы Татар АССР-і Сабин ауданы Сабы селосында туған. 1940 жылы Солтүстік Қазакстан облысының Ленин ауданындағы Ильинка селосына көшіп келген. МТС-та жұмыс істеген.

Ғ. Зәкіровтың бөлімшесі 1257-ші жотаға орналасып, оны косымша күш келгенше ұстап тұру туралы тапсырма алды. Жауынгерлер танертенмен ертелеп қарсыластарының он жак бекінісіне таман жақындай тұсті. Басында бәрі тып-тыныш болды, кенетбатыл жауынгерлердің төбесіне оқтар жаңбырдай жауды. Максатты жерге ондаған метр қалған. Зәкіров жау траншеясына бірінші болып секірді. Мылтығының найзасы және оның дүмімен ол 14 немісті жайратты. Бөлімшенің қалған солдаттары да ерлікпен шайқасты.

Жаудың бірінші бекінісі осылай алынды. Зәкіров өз бөлімшесімен шабуылды ұдете отырып, олардың екінші корғаныс шебін бұзып өтуге алғашқылардың бірі болып ұмтылды. Аядай ұрыс аланы үшін кескілескен айкас басталды. Күш бірдей емес еді: 10 кенес жауынгері 120 фашистке қарсы күш көрсетті. Соған карамастан біздің бөлімше үшін ұрыс жеңіспен аяқталды. Соғыс аланында жаудың 70 өлігі жайрап жатты, қалған 50-і қашып құтылды.

Зәкіров 1257-ші жотаға «Жер біздікі, оны ешкімге бермейміз!» деп мактанышпен жазып, желбірете қызыл жалау тікті.

Жаулар жағы үш рет карсы шабуылға көтерілді. 200-300-ге дейін солдаттарын ұрыс алаңына шығарды, алайда олардың әр шабуылы катты соққыға тап болып, үлкен шығынға ұшырады. Жотаны біздің жауынгерлер ұстап тұрды. Күн еңкейе көмек те келіп жетті. Осы ұрыста ғана Зәкіровтың жеке өзі 100-ге жуық гитлершіні өлтірді. Ержүрек жауынгерлер және оның командирі туралы аныз полк арасына тез тарады.

Киев облысының Вышгород ауданындағы, Днепрдің он жағасындағы Ясногород селосы тұсындағы плацдармды кеңейту үшін болған ұрыста қорсеткен ерлігі, манызды жотаны ұстап тұрған қайсарлығы үшін 8-гвардиялық әуе-десант полкінің 3-батальонының (3-гвардиялық әуе-десант дивизиясы, 60-армия, Воронеж майданы) бөлімшеге командирі, гвардиялық кіші сержант Зәкіровке КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен 1944 жылдың 10 кантарында Кенес Одағының Батыры атағы берілді, Ленин ордені қоса тапсырылды.

Батырға Ленин ауданындағы Ильинка селосында бюст қойылды. Петропавл қаласында бір көшеге оның есімі берілді.

**Зебницкий Николай Владимирович** 1919 жылы 17 желтоқсанда Солтүстік Қазакстан облысы Красноармейский (қазіргі Тайынша) ауданындағы Новосухотино селосында туған. 1938 жылдан Воронеж облысындағы Борисоглебскіде тұрды. Осында теміржол орта мектебін және педкурсын бітірген. Алдымен мұғалім болып істеген, содан кейін армия катарына шақырылған. Орлов жаяу әскерлер училищесін бітіріп, офицер атағын алды. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Аға лейтенант Зебницкий Батыс майданда ерекше взводтың командирі болып, Витебск және Смоленск облыстар аумағындағы шайқастарға катысты. 1942 жылдың сәуірінде комиссар, ол шілде айында «Вторые» деп аталатын партизан отрядының командирі болып тағайындалды. Бұл отряд Могилев, Гомель, Орлов, Смоленск және Чернигов облыстарының жерінде жаумен шайқасты. Жаудың гарнизондары мен әскери нысандарын жою үшін бірнеше әскери операцияларды жүзеге асырды.

**КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1944 жылғы 1 қантарындағы Жарлығымен Николай Владимирович Зебницкийге Кенес Одағының Батыры атағы берілді.**

Майор Зебницкий 1955 жылға дейін МҚҚ органдарында қызмет етті. Екі рет Ленин, Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. 1975 жылы 29 қарашада қайтыс болды. Нальчик қаласында жерленген.

**Ильин Степан Петрович** 1915 жылы 2 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Володар (қазіргі Саумалкөл) селосында туған. Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың сәуірінен катысады.

65-армияның бөлімшеге командирі аға сержант Ильин 1943 жылы 15 қазанда Гомель облысы Лоев елді мекенінің маңында Днепр өзенінен өткен. Ол үш атқыштар взводының осы жерден өтуін үйімдастырып, жаудың бірнеше шабуылына тойтарыс берген.

**КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1943 жылғы 30 қазандағы Жарлығымен Степан Петрович Ильинге Кенес Одағының Батыры атағы берілді.** 1946 жылы әскерден оралды. 1960 жылы мелиоративтік техникумды бітіріп, гидротехник болып істеді. Та什кент қаласында тұрды. Осы калада 1993 жылы қайтыс болды. Ленин, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

**Карушин Александр Федорович** 1923 жылы 7 тамызда Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласында әскери қызметкердің отбасында туған. 1929 жылы ата-анасымен Свердлов қаласына қоныс аударған, осында №67 мектепті және аэроклуб курсын бітірген. Қызыл армия катарына 1941 жылы алынған. Осы жылдың желтоқсанында ол Троицкінің Әскери-авиация мектебін бітірген.

Эскадрилья командирі гвардия лейтенанты Карушин 1943 жылдың шілдесінде жаудың қаптаған зенит карулары мен авиациясына қарамай 25 рет жауынгерлік тапсырмамен аспанға көтерілді. 1943 жылдың 11 шілдесінде жауынгерлік тапсырыстан оралып келе жатқанда оның самолеті шабуылға ұшырап, радиосы өліп, ал Карушиннің өзі ауыр жарапанды. Соған қарамастан ол самолетін аэроромба аман-есен кондыра-



ды. 1943 жылдың 28 тамызында Ахтыр ауданы маңында Ворсина өзенінен өтетін өткелді жою жөніндегі жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде Карушиннің самолеті ауыр жаракат алып, ал ұшқыштың өзі қолынан жараланды. Осыған карамастан тапсырыс ойдағыдан орындалды.

1943 жылдың қазан-қараашасында Днепрден өту үшін және Киевті азат ету үшін болған шайқастарда А. Карушин 38 рет жаудың бекіністеріне шабуыл жасады. 1943 жылдың 3 қарашасында Киевтің солтүстігіне орналаскан жауға шабуыл жасағанда олардың 5 танкісін, 8 автокөлігін, 30 солдат-офицерлерін жойды.

1944 жылдың тамызына дейін Карушин гитлершілердің әскери техникасы мен жанды құштерін бомбалауға және шабуыл жасау үшін 104 рет аспанға көтерілді.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1944 жылғы 26 қаңдардағы Жарлығымен Александр Федорович Карушинге Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін даңқты батыр Әскери-әуе құштерінде қызметін жалғастырды. 1951 жылы Әскери-әуе академиясын бітірді. 1981 жылдан авиация генерал-майоры А.Ф. Карушин запаска шығып, Мәскеу қаласында тұрды. 1993 жылы қайтыс болды. Ленин, 2 рет Қызыл Ту, Александр Невский, 2 рет I-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз, «Отан алдындағы қызметі үшін» ордендерімен және Югославияның 2-дәрежелі «Партизанская звезда» орденімен марапатталған.

**Қизатов Жәлел Қизатұлы** Солтүстік Қазакстан облысының Ленин ауданындағы Аяқкөл ауылында 1920 жылды туған. 6-классты бітіргеннен кейін Жәлел «Бұлак» ұжымшарында сепеші болып сырттай оқыды. Ленин ауыл шаруашылығы техникумына түсті. Техникумдағы сабактарымен бір мезгілде Петропавл мұғалімдер институтында сырттай оқиды. Ленин ауданындағы «Қарағай» ұжымшарында мектеп менгерушісі болып істеді.

Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың қыркүйегінде келіп кірді. 1942 жылы Сталинград майданы жанындағы кіші лейтенанттар курсын бітірді.

Майданға аттанар алдында ол былай деді: «Исатай, Мамбет, Кенесары, Амангелді сияқты ел үшін күресіп, олар-




дын атына кір келтірмек үшін, мен халқымның аман-сау болуы үшін шайқасатын боламын. Қасық қаным қалғанша жаулармен шайқасатыныма ант етемін».

Кизатов Чернигов қаласы үшін болған ұрыста және Днепр өзенінен өтуде батылдық пен ерлік танытты. 1943 жылдың 27 қыркүйегіндегі ұрыста зенбіректерден бораған оқтарға қарамастан алғы шептегі қадағалау пунктіне дейін барып, онда пулеметті, өзі жүретін және танкіге қарсы колданылатын кару-жараптарды қоріп, батареяның тұра нысанасына алып, жауларды жойып жіберді. Сөйтіп, біздін жаяу әскерлердің ілгерілеуіне мүмкіндік туғызыды.

1943 жылдың 28 қыркүйегінде 154-гвардиялық артиллериялық полктін (76-гвардиялық атқыштар дивизиясы, 61-армия, Орталық майдан) батареяларды басқару взводының командирі, гвардия лейтенанты Кизатовка Днепрдің он жағалауындағы жаулардың атыс нұктелерін барлау және біздін әскерлердің өзеннен өтетін тұсын табу жөнінде бүйрық берді. Бұл жөнінде Жәлел былай деп баяндайды: «Біздін взвод жауларды тез айналып өтіп, ымырт кезінде өзенге келіп жетті. Тұн қаранғылығын пайдаланып, біз україндық партизандар әкелип берген қайықтарға отырып, дыбыс шығармaston арғы бетке өттік. Жардың астына жасырынып, ілгері қарай барлаушыларды жібердік. Олар анықтағанында, немістердің қорғанысы кіріп-шығатын ауыздары көзге түспейтін окоптар жүйесінен және 12 блиндаждан тұрады екен. Сақшысын ләм дегізбестен жайраттық та, шағын топтарға бөлініп, блиндадарды қаумалай бастадық. Жаулардың ішінде аман қалғандары аз. Плацдармды басып алған біз онда берік орнығып алдык.

Тан ата бес танктің колдауымен фашистер қарсы шабуылға шықты. Мен рация арқылы өзіміздін артиллеристермен тілдестім. Солардың көмегімен жаудың жаяу әскерлерін танктерінен бөліп тастаудың сәті түсті. Танкіге қарсы колданылатын қарумен екеуін күйреттік, бірақ қалғандары жылжи отырып, біздін қорғаныстың алғы шебіне дейін жетті. Мен ен алдындағы танктің шынжыр табаны астына гранатаны лактырып, күлін көкке бір-ак ұшырдым. Оның экипажы автоматтың бір жайпағанынан қалмады. Басқа танктер кейін шегінді».



Онын марапаттау парақшасынан: «Қизатов зенбіректерден, минометтер мен пулеметтерден бораған оқтың астында үш станокты пулеметті, миномет батареясын барлап, оларды біздің артиллерия заматта жойып жіберді. Сөйтіп, біздің жаяу әскерлердің Днепрдің оң жағалауына өтуіне мүмкіндік туғызды».

Қизатов жаяу әскерлердің алғы шептегі топтарымен бірге өзеннің оң жағасына шығып, жаудың атыс нұктелерін, артиллерия өтетін және жаяу әскерлер өтетін тұстарды дөп барлады. Жағаға шыққанда ол жаудың атыс нұктелері қайда орналасқанын дәл көрсетті. Батарея жаудың атыс нұктелерін от жалынға орап, біздің әскерлердің Днепр өзенінің құнгей жағалауына сенімді жайғасуына мүмкіндік туғызды. Қизатов 1943 жылдың 28 қыркүйегінен 3 казанға дейін Днепрден өту кезіндегі ұрыстарда артиллериялық батареялардың мұлтіксіз атын үйлестіріп отырды, мұның өзі жаяу әскерлердің ілгерілеуіне жағдай жасады.

Осы ерлігі үшін 1944 жылдың 15 кандарында Қизатовқа Кенес Одағының Батыры атағы берілді. «Алтын Жұлдыз», Ленин ордені, Отан соғысы ордені, «Ерлігі үшін», «Одессаны қорғағаны үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдары – зенбірекші Қизатовтың омырауында жалт-жұлт еткен осынау марапат белгілері, теңдесі жоқ батылдық пен батырлық көрсеткен жауынгерлер Отанды жаудан қорғауда кеуделерін тоскан қаһарлы құндердің бірден-бір күсі.

1945 жылы Қизатов Ленинградта Жоғары артиллерия мектебін бітірді. Одан соң I Белорус майданының бір бөлімінде батарея командирі болды. Сталинградтан Берлинге дейін – казак халқының адал ұлы, гвардиялық аға лейтенант Жәлел Қизатовтың даңқты жауынгерлік жолы, міне, осындай.

Капитан Қизатов 1945 жылы запасқа шығарылды. Туған жерге оралып, партиялық және шаруашылық қызметтерде болды. 1952 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жаңындағы Жоғарғы партия мектебін бітірді. 1969 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын тәмамдады. 1957 жылы Қизатовқа екінші Ленин ордені тапсырылды.

**Кирдищев Гавриил Федотович** 1919 жылы Алексеев ауданындағы Приозерск селосында туған. Содан кейін ата-ана-



сымен бірге Петропавл қаласына көшіп келіп, 7 класты бітірді. Петропавл станциясының депосында енбек етті. 1939 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды.

1944 жылдың шілдесіндегі Кенес әскерлерінің Белоруссиядағы шабуылдары діттеген жерден шығып жатты. Шілденін I-нде кіші лейтенант Кирдищевтің заставасы Рудница селосында тынығып жатқан-ды. Майдан алдынғы жакта, алыста еді. Қалжырағанында киын-ақ, десе де шекара әскерлерінде қызмет істей Кирдищев пен оның жауынгерлерін сактыққа, кез келген жағдайда және кез келген жаумен тайсалмай айқаса кетуге әзір тұруды үйреткен болатын. Қүзет орындарын аралап өткен застава бастығы селоға қарай келе жатқан немістер тобын байқап қалды. Шамасы, бір ротадан кем емес, ал Кирдищевтің заставасындағылардың саны – 30. Ұбак-шұбак болып келе жатқан немістер сәлден кейін тізіліп, коршай бастады.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1945 жылдың 24 наурызындағы Жарлығымен күші басым жауды женуді қамтамасыз еткен жеке өжеттігі, қайсарлығы мен ерлігі үшін, әскери шеберлігі үшін кіші лейтенант Г.Ф. Кирдищевке Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Гавриил Федотович Вильнюсте жерленді. Алексеевка қаласының бір көшесі, мәдениет және демалыс паркі, Вильнюс қаласындағы бір мектептің балалар отряды және Теніз Флотындағы бір кеме батырдың есімімен аталады.

**Киреев Семен Яковлевич** 1916 жылы Алтай өлкесіндегі Косихин ауданының Червово селосында туған. 1939 жылы үй ішімен Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы «Чистов» кеншарына көшіп келді. Онда есепші болып енбек етті. 1941 жылдың 17 шілдесінде Булаев аудандық әскери комисариаты Кенес Әскері қатарына шақырды. Ол кіші лейтенанттар курсын тәмамдады. 1942 жылы майданға кірді.

1944 жылғы маусым мезеті 272-атқыштар дивизиясындағы 1061-атқыштар полкының взвод командирі лейтенант Киреев әскери қызметте жүрген 7-армияның әскерлері Свирь өзенінен өтуге дайындалып жатты.



Алдын ала артиллериядан атқылау басталып та кетті. Бұл кезде өзеннен өткелі жатқан барлаушылар мен жауынгерлердің алғашкы топтарын көзге түсірмес үшін мұндағы жауынгерлер жалған салдар жасап, кайыктарға кісі киімін киген қырышактарды отырғызып, немістердің назарын осы жаққа аударуға әрекет жасап жатқан.

— Маған өз взводыммен бірге өзеннен бірінші болып өтуге рұқсат етініз, — деді лейтенант Киреев полк командиріне. Тұракты офицер болып табылатын мосқал командир өз жауынгерлерінің батылдығы мен батырлығына әрқашан сүйінетін ол сымбатты, көзі аспан түстес жас офицерге әкелік мейіріммен қарады:

— Кірісіндер.

Жауынгерлер кайыққа секіріп-секіріп мініп, ескектерін есе жөнелді. Жылжу қынға сокты, жау снарядтарының толқыны қайықты қатты-қатты шайқалта берді. Міне, өзеннің орта тұсы.

— Қайық тесілді! — деп айқай салды бір жауынгер. Жарықшақ тесіп кеткен қайық суға толып, баяу бата бастады.

Киреев тездетіп көйлегін шешіп алды да, тесікке тыкты, сосын барлығы лықсыған суды төге бастады. Жаға таяқ тастам жерде, бірақ қайықты толқын көміп кетті де, суға батырып жіберді.


— Суға секіріндер! — деп бұйырған лейтенант Киреев он жақ жағанын топырағын бірінші болып басты. Жағаға шықкан Киреевтің взводы көп немістермен атыса кетті.

Жаулар біздің жауынгерлерді Свириден суына батырмак, бірақ «Отан үшін алға!» деп ұрандалап, сарбаздарын соңынан ерткен Киреев қарсыластардың траншеясына секіріп-секіріп түсे қалғанда ондағылар қаша жөнелді.

Киреевтің взводы плацдармға ие болып, бүкіл батальонның өзеннен бөгетсіз өтуін қамтамасыз етті. 1944 жылдың 27 шілдесіндегі Жарлықпен Семен Яковлевич Киреевке Кенес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі тапсырылды.

Ал өзеннен өту жалғасып жатты. Бірінші эшелонның бөлімдері Свириден аман-есен өтіп, плацдарм үшін ұрысқа кірді.

Мина іздеушілер салдар мен көпірлерді өзеннің басқа түстарына апарып, әскери техниканың өтуіне дайын етуге



жедел жұмылды. 7-армияның соккы беретін тобы ұзакты құн плацдармын кеңейте отырып, онда бекініп алды.

Тас-талқан болудан корықкан фин әскерлері екінші корғаныс алқабына шегінді. Шегініп бара жатқан олар жолдарға, көпірлерге мина койып кетті немесе киратып кетті, сым коршауларын калындана түсті, атыстарын да ұдете түсті.

Жағдай бүкіл құш-куатың мен жігерінді талап еткен сол бір ауыр құндері лейтенант Киреев ерлік пен қаһармандықтың үлгісі бола білді. Семен Киреев соғысқан жерде женілмей қалған жау жоқ. 25 маусымда біздің әскерлер жаудың екінші корғаныс алқабының нығайтылған торабы мен Олонец каласын шабуылмен алып, Питкяранта каласына шабуылды бастады. Фин Әскері салынған корғаныстардан, көптеген солдаттары мен офицерлерінен және әскери техникасынан айрылығандарына қарамастан, Кенес әскерлеріне қатты карсылық көрсетуін коймады.

1944 жылдың 10 шілдесінде жау корғанысының маңызды торабы – Питкяранта каласы алынды. Лейтенант Киреев оны азат ету кезінде ауыр жарапанды, шілденің 17-нде ауыр жаракаттың салдарынан мәнгілікке көз жұмды. Карелия каласының қақ ортасында Семен Киреевке орнатылған ескерткіш бар, сол каладағы бір көше батырдың есімімен аталады, Чистов орта мектебі де батырдың атында.

**Кириченко Михаил Михайлович** 1923 жылы 28 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы Володар (қазіргі Айыртау) ауданы Лавровка селосында туған. 1941 жылы Алматының жаяу әскерлер училищесін бітірген. Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың тамызынан катысқан.

I Белорус майданы 8-гвардия Әскеріның батальон командирінің орынбасары гвардия капитаны Кириченко 1944 жылы 1 тамызда Висла өзенінен өту үшін жаудың үлкен күшімен шайқаска түсті. Төрт сағатка созылған ұрыста Кириченконың отряды карсыластарының корғанысын бұзып, Руда-Тарновска, Вулька-Тарновска (Польша) елді мекендерін басып алды. Осындағы қолайлы плацдармды басып алған Кириченко біздің әскерлердің Висла өзені арқылы өтуге жағдай жасады. Осы қундері ол үкімет наградасына ұсынылған болатын. Бірақ КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жар-



лығы тек 1991 жылдың 5 мамырында шықты. Михаил Михайлович Кириченкоға Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін батыр армиядағы қызметін жалғастырды. 1945 жылы офицерлер құрамын жетілдіру курсын бітірді.

1955 жылдан майор Кириченко запаста болды. Мәскеу қаласында тұрды. «Главмосавтранстың» автожолдар бас-кармасында аға инженер болып істеді.

Екі рет Ленин, екі рет Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталды. Харьков облысындағы Изюм қаласының Құрметті азаматы. 1994 жылдың 8 мамырында кайтыс болған.

**Константинов Михаил Романович** 1922 жылы 25 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы Рузаев (қазіргі F. Мүсірепов) ауданы Ерназаров селосында туған. Магнитогорск қаласында 9 сыныпты бітірген. Қызыл Армия катарына 1940 жылы шақырылған. 1944 жылы Орынбордың ұшқыштар дайындайтын әскери-авиация мектебін тәмамдаған.

II Белорус майданында 4-әуе Әскеріның 43-гвардия авиация полкінің аға ұшқышы, гвардия кіші лейтенантты М. Константинов соғыс біткенше жаудың техникасын және жанды күштерін жою үшін 147 рет аспанға көтеріліп, әскери тапсырысты орындаған. Осындағы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кенесі Тәралқасының 1946 жылғы 15 мамырдағы Жарлығымен М.Р. Константиновке Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

1955 жылы Әскери-әуе академиясын бітіріп, әскери-әуе күштерінде қызметін жалғастырды. 1970 жылы полковник Константинов запасқа кетті. Қырым Республикасындағы Фрунзенское елді мекенінде тұрып, ауданарапық ауылшаруашылық техникасының Алуштинск кенесінде жұмыс істеді. Кейінірек Тирасполь қаласына қоныс аударды.

Ленин, 2 рет Қызыл Ту, 2 рет 1-2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталды.

**Коваленко Павел Васильевич** 1917 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Ленин ауданындағы Явленка селосында туған. Баставыш мектепті бітіргеннен кейін Ворошиловград облысының Сватово қаласына көшіп кетеді. Жүргізуі,



моторшы болып жұмыс істеген. 1941 жылғы маусымнан бастап майданда болды.

1941 жылдың күзі мен қысында Коваленко Москваны қорғауға қатысты.

Ол біздін әскерлер Наро-Фоминск ауданында карсы шабуылға шыққан өзінің «КВ» ауыр танкімен жау қорғанысының алдағы шебін бұзып өтіп, дүшпанның екі танкі мен үш батареясын жойып жіберді. 1942 жылғы 16 қантарда Коваленко қалаға бірінші болып кірді, жаудың екі бронды машинасын және бір танкісін төте тиген окпен катардан шығарды. Қалада атыстың қызу әрі шалымды болғаны соншалық, ол біздін жаяу әскерден бөлініп кетті де танкі отка оранды. Павел Васильевичтің өзі қолынан жарапанды. Неміс автоматшылары машинаны қоршап алды, бірақ әкипаж ерлікпен, жан кия соғысты. Ол – ол ма, колма-кол шайқас үстінде ержүрек танкистер немістін орташа танкін ок-жарағымен колға түсіріп, соған ауысып алып, жауды жайратада берді.

1942 жылы Коваленко кіші лейтенанттардың курсын тәмамдап, сол жылдың тамызында лейтенант Коваленко миңнөметшілер взводының командирі болды. Соғыс үстінде ол атқыштар бөлімшесінің шабуылын жауға ок жаудырып колдап отырды. Жаудың ок жаудыратын нүктелерін жылдам да дәл атқылау жаяу әскерлердің шабуылына жағдай жасады.

1944 жылғы тамызға дейін Коваленко жаудың тоғыз атыс нүктесін құртып, жетпіске тарта неміс жауынгері мен офицерінің көзін жойды.

Павел Васильевич өз взводымен Бжоузовка өзені маңындағы 165,6 жотасы үшін болған соғыстарда гитлершілердің үш атыс нүктесін құртты. Үш құннен соң жаудың жаяу әскері Давидовизна деревнясы маңында қарсы шабуылға шықпақ болды. Аға лейтенант немістердің шоғырланғанын байқаған соң минометтен ок жаудырып, дүшпанның жиырма бес жауынгерін жер жастандырды. Коваленконың омырауына Қызыл Ту орденінің жанына 2-дәрежелі Отан соғысы ордені тағылды.

Коваленко Неман өзеніндегі плацдарм маңында немістердің корғанысын бұзып өту кезінде және Шығыс Прессия маңындағы шабуылдарда үлкен ерлік көрсетті.



1945 жылдың қантарында аға лейтенантқа жаяу әскерлердің шабуылын қолдау бұйырылды. Взвод командирі өзінің 120 миллиметрлік минометтерімен сым коршаулардан екі түстен жол салып берді. Осы кезде ол дұшпанның үш пулемет нүктесін, миномет взводын, 75 миллиметрлік пушкасын жойды және отызға тарта фашисті құртты. Жауынгерлік тапсырма тамаша орындалып, біздін бөлімшелер корғанысты бұзып өтті.

Коваленконы Кенес Одағының Батыры атағына ұсына отырып, полк командирі полктің женістері аға лейтенант Коваленконың ержүректігілінің арқасында қамтамасыз етілгенін атап көрсетті. «Оның Ұлы Отан соғысы жылда-рындағы барлық жауынгерлік ғұмыры үлкен ерліктер мен Отанға шексіз берілген сүйіспеншілікке толы», — деп жазды подполковник Хомуло. Отан оны батыр деп таныды. КСРО Жоғарғы Кенесі Тәралқасының 1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығымен Коваленко осы жоғары марапатқа ие болды.

1946 жылдан бастап капитан Коваленко запаста Сватово қаласында тұрып, гараж менгерушісі болып жұмыс істеді. 1949 жылғы 24 тамызда дүниеден өтті. Сватово қаласындағы I Мамыр бас алаңында жерленген. Сол калада оның атында көше бар, ол тұрған үйде мемориалдық такта орнатылған.

**Ковалевский Анатолий Николаевич** 1916 жылы Чернигов облысының Бахмач қаласында әскери қызметкер отбасында туған. Экесі төңкерістен бұрын армияда прaporщик шенінде қызмет еткен. 1917 жылы көтерілген халық жағына шыққан.

Анатолий электротехникум курсын бітірген, бірақ арманы әке ізімен әскери қызметкер болу еді. 1933 жылы ол Дзержинский атындағы Екінші шекара мектебінің бронетанк бөлімшесіне окуға түседі. Мектепті 1936 жылдың қарашасында бітіріп, лейтенант атағын алған Анатолий Ковалевский жеке мотомеханикаландырылған дивизия күрамындағы 1-полктың танк взводының командирі болып тағайындалды. Мұнда ол екі жыл қызмет аткарды.

1938 жылы әкелі-балалы Ковалевскийлерді «халық жауларымен сыйбайластығы үшін» армиядан қуып, отбасымен бірге бес жылға Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданындағы Успенка селосына жер аударады. Бұл жер аудару



1956 жылға дейін созылады. Бұл кезде Ковалевскийлердің отбасы акталған еді.

1939 жылы Финляндиямен соғыстың басталуымен Анатолий тұрақты армияға шакырылып, 86-жеке танк батальонының танк взводын басқарады. Соғыс қимылдары аяқталғанда оны іскер де білікті офицер ретінде аттестациялық комиссия әскери қызметте қалдырады да Ленинград әскери округінің қарамағына жіберіледі. Мұнда ол 2-дивизия 1-танк полкының ауыр, орташа және женіл, содан соң қайта ауыр танк батальондарында қызмет атқарады.

Ұлы Отан соғысының басынан-ақ 8-армия құрамында соғысады. 1941 жылдың қарашасында білгір басшылығы үшін Қызыл Ту орденімен марапатталып, жеке танк батальоны командирінің орынбасары болып тағайындалады. Ұрыстардағы ерлігі, жеке батылдығы және болімшелерге білгілікпен басшылық еткені үшін Ковалевский тағы екі Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы және 2-дәрежелі Кутузов ордендерімен марапатталады.

1944 жылы Ленинград қоршауы бұзылған соң қаһарман танкист I Украина майданының құрамына ауыстырылып, Польшаны азат етуге катысады.

Бұл уақытта Ковалевский енді полковник шенінде Қызыл Тулы 152-Ленинград жеке танк бригадасын басқарады. Міне, осында оның жеке батылдығы, жанкярлығы, ұрысты басқару шеберлігі айғақталады. 1945 жылғы 17-19 кантар аралығында Висла-Одер операциясында Ковалевский Krakow бағытында бригаданың шабуылын шеберлікпен ұйымдастыруды. Оның бригадасы 19 кантарда Krakowка алғашқылардың бірі болып басып кіріп, қала үшін болған ұрыста дүшпанның адам қүшін және техникасын жоюда ұлкен шығын келтірді.

27 кантарда Нейбурн қаласы үшін ұрыстар болды. Танктер алға жылжи алмады. Нағыз жауынгер және өз халқының батыл ұлы танкистерді шабуылға жаяу бастап шыкты. Командованияның тапсырмасы орындалды, алайда полковник жау оғынан мерт болды.

Бригаданың соғыс қимылдарын шебер басқарғаны, жауынгерлік тапсырмаларды үздік орындағаны, жеке ерлігі және Отан соғысындағы жанкярлығы үшін Ковалевский

Анатолий Николаевичке КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1945 жылғы 4 сәуірдегі Жарлығымен Кенес Одағының Батыры атағы өлгеннен соң берілді.

Анатолий Ковалевский Львов қаласындағы Данқ жотасында жерленген.

**Колойда Николай Васильевич** 1922 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы Воскресенка селосында туған. Орта мектепті соғыс басталардан бір жыл бұрын Свердлов облысы Полевской қаласында бітірген.

Колойда Николай Васильевич әскери-жаяу әскер училищесін лейтенант дәрежесінде тәмамдап, алғашкы ұрысқа Москва корғаныс аймағында кірісті. Оның әскери шежіресі осыдан басталады. Содан соң Солтүстік-Батыс майданы, Воронеж түбіндегі, Днепрдегі ұрыстар, Варшава манындағы екпінді шабуылдар мен Прага көшелеріндегі соңғы шайқастар.

1943 жылдың күзінде 52-армияның әскерлері өзенге беттеді. Осы армияның 254-атқыштар дивизиясының басшылығы Днепрден өту және батыс жағалауда плацдармды басып алу үшін шабуыл тобын жасактауды ұйғарды. Оған барынша тіскәккән әрі қажырлы жауынгерлер іріктелді. Топты басқаруды капитан Колойдаға жүктеді.

1943 жылғы 30 қыркүйектен I қазанға караған түнде шабуыл тобының 102 жауынгері Днепрден өтіп, Крещатик деревнясының түбінде «Ұлы Германия» СС дивизиясының полктарының бірімен ұрысқа кірісті.

Кесілескен ұрыста немістердің өздерінің айтуынша капитан Колойданың тобы 270-ке тарта адамды жер жастанлырды, капитанның өзі операцияны басқарып, айрықша ерлік көрсете отырып, колма-қол ұрыста СС-тің 17 гитлершісін өлтірді. Сөйтіп, капитан Колойданың тобы Днепр өзенінен өту мүмкіндігін қамтамасыз етті. Кенес жауынгерлеріне өсесшілердің 18 танкі мен екі батальоны карсы тұрды. Олар бір күнде жеті рет шабуылға шықса да, плацдармды құрта алмады.

Днепр өзенінен өтуде көрсеткен сәтті де қаһармандық кимылдары және дүшпанға карсы ұрыста жасаған жеке ерлігі, дивизия бөлімдері келіп жеткенше бір тәулік бойы шепті колда үстап тұрғаны үшін капитан Колойдаға КСРО Жоғарғы

Кеңесі Төралқасының 1944 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыс біткен соң Н.В. Кологойда партия мектебіне окуға жіберіледі. Содан соң Свердлов облысы Артин аудандық аткару комитетінің тәрағасының орынбасары болып екі жыл қызмет атқарады. Содан кейін тағы да В.И. Ленин атындағы Эскери-саяси академияда оқиды. Академия түлегі мајор Кологойда 1956 жылдың жазында әскери бөлімдер бірінін командирінің орынбасары қызметіне тағайындалады. Николай Васильевич өзінін жауынгерлік тағылымын, білімін жас жауынгерлерге дарытады. 1963 жылғы 8 мамырда полковник Кологойда әскери делегация құрамында Берлинде Кенес жауынгерлеріне арналған ескерткіштің ашылу салтанатында болды.

Бір жылдан соң ауыр сырқатка шалдыққан Николай Васильевич төсек тартып жатып калады. 1964 жылғы 18 қыркүйекте ол дүниеден өтті.

**Королев Виталий Иванович** 1916 жылы Солтүстік Казакстан облысының Приишим (қазіргі Бескөл) ауданындағы Боголюбово селосында туған. Челябі облысының Копейск каласындағы тау-кен техникумында оқыған. 1935 жылдан бастап әскер қатарында. 1939 жылы Сталинград әскери-авиация мектебін бітіреді. Соғысқа 1941 жылдың маусымынан бастап қатысады.

2-әуе авиациясы 32-истребительдер авиациясы дивизиясының 482-истребительдер авиациясы полкы командирінің орынбасары, мајор Виталий Иванович Королев соғыс жылдарында 435 рет әуеге көтерілген.

«Отыз үш батыр» деген кітабында Е.З. Воробьев біздің жерлесіміз бен оның достарының жауынгерлік іс-кимылдарын былай баяндайды: «...Буянов, Королев, Хлуд, Филатов төртеуінін «мессерлер» тобымен шайқасын біз көзге шалынбастан көріп отырмыз. Қым-қуыт шайқас кезінде кенет Буянов айғай салды:

— Көтер, әйтпесе өртейді! Тағы да сәл көтере түс! Жағдайларының жаман екендігін бәрі де түсініп тұр.

Үзіп-жұлып естілген бірен-саран сөздеріне қарап шыр-каудағы әуе ұрысында не болып жатқанын білмейсін, алайда



онын жалын демі жердегілерді де күйдіріп барады. Кенет құлакқа келіп тұрған радио толқынының ию-қиу ызыны мен шарт-шұрт шуылы арасынан біреуінің көңілді әрі қалжын аралас даусы ап-анық естілді:

— Ауа жаудан тазартылды!

Бұл аспанның әлдебір шаршысында женіске қуанған Королевтің әзіл қосқан рапорты еді».

Соғыстың екі аптасы ішінде Виталий Королев немістін жеті ұшағын, ал топтасып екі ұшағын құлатты.

Араға 15 минут салып, Королевтің «ЯК-3»-і аэродромның үстінен қылан берді. Тағы бір-екі минут өтті мемлекеттік міністри, Королев машинасын жағын шашынан қаумалаған орманның шетіндегі қайыннан жасалған тұрағына апарып койды.

Оның машинасының фюзеляжында қара мысықтың суреті салыныпты. Бұл «қара мысық» 97 әуе ұрысында Королевтің тікелей өзі құлаткан жаудың 21 ұшағының және топтасып құлаткан 10 ұшақтың алдарынан кесіп өткен еді.


1945 жылдың 27 маусымында жауынгерлік іс-қимылдары, ерлігі мен өжеттігі үшін Кенес Одағының Батыры атағын алды.

1948 жылы Жоғары офицерлік ұшу-тактикалық курсын бітірді. Полковник Королев 1957 жылы запаска шығарылды. Калининград облысында Ржев каласында тұрды. Ленин орденімен, үш рет Қызыл Ту орденімен, екі рет Қызыл Жүлдзым орденімен, медальдармен марапатталды. 1957 жылдың 4 күнешінде дүниеден өтті.

**Кошуков Вениамин Борисович** 1922 жылы Түмен облысының Ильинка селосында туған. 1928 жылы отбасы Солтүстік Қазакстан облысына көшеді. 8-кластан кейін химия-технология техникумын, одан соң Чкалов әскери-әуе мектебін бітіреді.

Жас лейтенант В.Б. Кошуков 1942 жылдың қыркүйегінде 190-бомбалаушы авиаполкке жолдама алады.

Сталинград түбіндегі әуе шайқастарында Вениамин Кошуков жауынгерлік ұрыска катысып, шыдамдылыққа үйрениді, ерік-жігерін шындаиды. Оның ұшқыш ретіндегі тамаша касиеттері, әсіресе, немістің «Көгілдір желісін» жою жөніндегі кескілескен шайқас өрістеген Кубаньда танылады.



1943 жылдың 13 акпанында Хабель разъезінде карсыластың броньды пойызын жою жөніндегі тапсырмасын орындау кезінде ол жер бауырлай ұшып келе жатып, атыс нүктелерінің үнін өшіреді, снарядтармен бронь аланы мен паровозды құтталкан қылады. Екі күн өткен соң жаудың зенит батареясын шабуылданап, одан кейін үстіне бомбалар тастап, теміржол көпірін істен шығарады.

Таулы жердегі құрделі жағдайда он төрт жауынгерлік ұшуды ойдағыдай орындағаны үшін лейтенант Кошуков 1943 жылдың 17 акпанында Қызыл Жұлдыз орденімен мара-патталады.


22 акпанды ұшқыш-штурман Славянская станциясы ауданына ұшып шығады. Нысанаға жақындей бергенде оның самолеті зенит оғының астында қалып, тұра тигендіктен машинаның қапталы тесіліп, бұру рулі зақымданады. Алайда Кошуков жауынгерлік тапсырманы орынданап, самолетті аэродромға дейін жеткізіп, шеберлікпен кондырады.

Сәуірдің бір күні Вениамин алты «Ил-ды» бастап келе жатып, Қырым станциясы ауданында 37 «Юнкерске» тап болады. Неміс бомбардировщиктерінің қалың катарына сигналай кірген Кенес ұшқыштары оларға қарсы әуе шайқасын ашады. Олар өзет те шебер шайқасады. Бір самолеттінен айырылған қарсылас өлім шашатын жүгін өз әскерлерінің төбесіне тастауға мәжбүр болады.

Бір аптадан соң «ИЛ-2»-нің бір тобы сол құраммен Новороссийскінің түбіндегі бекіністі жотаны шабуылдауға ұшып шығады. Құшті зенит оғына карамастан, жүрек жұтқандар гитлершілердің далалық артиллеријасының сегіз қаруының үнін өшірді. Осыны пайдаланған біздін жаяу әскерлер басымдықта болған жотаны иемденеді. Қайтар сапарларында «ИЛ-дер» «Ме-109» истребительдерінің шабуылына тап болады. Жетекші штурмовик елеулі түрде зақымданса да, шайқастан шығып кетпейді.

1943 жылдың мамырынан лейтенант Кошуков жеке Приморск әскеріндегі 622-авиаполкін звено командирі болады. Қырымды азат етуге қатысады.

1943 жылдың 17 караашасында жас лейтенант Қызыл Жұлдыз орденін алады. Екі күннен кейін Керч түбегінде қарсыластың жағалау бекіністерін көздей жүріп, ол бораған бе-



геуші ок арасынан өтіп, жер бауырлап ұшканша төмендейді де, нысананы көріп, снарядтармен дәл үстінен түсіп, ок-дәрі қоймасын құртып жібереді.

Ерлік пен өжеттіліктің мұндай мысалдары Вениамин Кошуковтың әскери өмірбаянында толып жатыр. 1943 жылдың желтоқсанында оны авиаэскадрилья командирінің орынбасары етіп тағайындаиды.

«Лейтенант Кошуков «ИЛ-2» самолетінде ойдағыдай жауынгерлік 120 ұшыс жасады», – делінген марапат қағазында.

«...Ол 87 автомашинаны, ондаған танктерді, далалық артиллерияның тоғыз қаруын, сегіз зенит нұктесін, ок-дәрісі бар төрт қойманы, миномет батареясын, паровозды, баржаны, дзоттарды құртты...»

Жауынгерлік тапсырмаларды ұлгілі орындағаны, ерлігі, өжеттігі мен қаһармандығы үшін КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1944 жылғы 13 сәуірдегі қаулысымен Вениамин Борисович Кошуковқа Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

**Крыжановский Сава Поликарпович** 1914 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша стансасында (казіргі Тайынша қаласында) туған. Қызыл Армия катарында 1941 жылдан, шайқастарға сержант, барлаушылар тобының командирі есебінде қатысқан. 1943 жылы қазан айында жаудың тылына өтіп, автотрассада жасаған. Екі автокөлікті қолға түсіріп, 8 гитлершілердің көзін жойып, бірнешеуін тұтқынға алды.

1943 жылы 19 қазанда барлауда журіп танк пен бронетранспортерді жарып, 6 солдат пен офицерді өлтірді.

1944 жылдың басында гвардия сержанты Крыжановский-дін жеke есебінде жаудың 96 солдаты мен 5 офицерін өлтіргені жазылған және бірнеше фашист танкілері мен автокөліктері жойылған.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1944 жылғы 10 қаңтардағы Жарлығымен Сава Поликарпович Крыжановскийге Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

**Куренков Иван Иванович** 1919 жылы 25 қаңтарда Нижегород облысы Вад ауданының Крутой майдан селосында туған. 1934 жылы мектепте оқып, содан кейін Кузбаста шахтада



істеген. 1937 жылы 22 сәуірде Ленин-Кузнецк ҚӘК-ы арқылы Қызыл Армия қатарына алынған. 1942 жылдан Ұлы Отан соғысына қатысқан, атқыш, кейін вズвод командирінің көмекшісі болған. 1943 жылы кіші лейтенанттар курсын бітіріп, Брянск майданындағы 605-атқыштар полкінін вズвод командирі қызметін аткарды. 1943 жылы 5 қыркүйекте Куренков өзінің вズводымен алғашқылардың бірі болып Сейм өзенінен өтті және бірден қарсыластарымен шайқаска тұсті. Осы шайқаста ол 30-дан астам гитлершілерді жайратты. 1943 жылы 8 қыркүйекте ұрыс даласында рота командирі жарапанды. Куренков рота басшылығын колына алды және шабуылға шықты. Осы ұрыста бөлімше қарсыластарының 50-ге жуығын жоқ қылды. Десна өзенінен өтіп, Куренков өзінің ротасымен жаудың тылына шығып, күтпеген соккы беріп, 70-тен астам фашистерді жайратты.

Нежин қаласы үшін болған ұрыста Куренков жауға білдірмей барлау максатында қалаға кіріп, қарсыластарының санын, орналасқан жерін анықтап, өз дивизиясының басшыларына құнды деректер жеткізді. Оның бұл деректері жауды тез және аз шығынмен талқандауға көмектесті.

Днепрден өтуде Куренков өзінің бөлімшесімен бірінші болып өзеннің он жағалауына өтті және осы ұрыста 20 жау солдаттарын құртты. Куренков осында жарапанса да, ұрыс далаынан кетпей, басшылығын жалғастыра берді.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1943 жылғы 17 қазандағы Жарлығымен Иван Иванович Куренковқа Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

1943 жылы желтоқсанда Куренков денсаулығына байланысты әскер қатарынан кетіп, 1945 жылдың сәуіріне дейін жұмыс істемеді. 1945 жылы алдымен аудандық колхозда істеді, содан кейін ұжымшар төрағасы болып сайланды.

1949 жылдан Горький қаласына коныс аударуына байланысты ремстройконторда, кейін теміржолда жұмыс істеді. 1951 жылы Ленинск-Кузнецк қаласында тау шеберлері мектебін бітіріп, 1954 жылға дейін тау шебері болды. Бұдан кейін үш жыл Перм облысындағы «Леспромхозда» жұмыс істеді. 1957 жылы тың және тынайған жерлерді игеру үшін Солтүстік Қазақстан облысына келіп, Қызылжар ауданындағы «Ново-никольск» кеншарында енбек етті.



1970 жылы 29 тамызда қайтыс болып, «Новоникольскіде» жерленген. Ленин, Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.

**Литвинов Петр Дмитриевич** 1916 жылы 18 қыркүйекте Солтүстік Қазакстан облысы Володар (қазіргі Айыртау) ауданындағы Люботино селосында туған. Кейін Алматы облысындағы Талдыкорған қаласына коныс аударған. Қант зауытында қойма менгерушісі, содан кейін Алматы стансында вагон бақылаушысы болған. 1939 жылы Қызыл Армия катарына шақырылған. Ұлы Отан соғысына алғашқы күннен катысты.

7-гвардиялық армияның 12-минометшілер ротасының бөлімше командирі сержант Литвинов Днепропетровск облысындағы Бороевка селосы маңында 1943 жылдың 30 қыркүйегінде болған ұрыста әскери тапсырманы тамаша орындағады. Минометтен және автоматтан оқ жаудырып, жауды үлкен шығынға ұшыратты. Сержант Литвинов жеке өзі ондаған фашистердің көзін құртты. Бірақ 1943 жылы 2 казанда жау оғынан каза тапты.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1943 жылғы 20 желтоқсандағы Жарлығымен Петр Дмитриевич Литвиновке Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин, Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. Днепропетров облысындағы Бородаевка селосында жерленген. Осы облыстағы Верхнеднепровск ауданындағы Правобережное селосында оған ескерткіш қойылған. Айыртау ауданындағы Бұрлық сегізжылдық мектебінде окушылар дружинасына батырдың есімі берілген.

**Матвеев Александр Владимирович** 1915 жылы Петропавлда туған. Осында ол мектеп пен механикалық завод жаңындағы ФЗО-ны бітірді. Кала кәсіпорнында токарь, шофер болып істеді.

1940 жылдың қантарында комсомолдық шақырумен Қазан жаяу әскерлер училищесіне келіп, оны бітіргеннен кейін 1941 жылдың мамырында 15-мotoатқыштар бригадасына жіберіледі. Өзет жауынгер шайқастармен Сталинградтан Берлинге дейін жүріп өтті. Қатардағы жауынгерден гвардия



полковнигіне дейін, взвод командирінен батальон командиріне дейін өсті Александр Владимирович Матвеев.

Соғыс Матвеев үшін механикаландырылған полкта броневик командирі болып жұрген батыс шекарасында, 1941 жылдың 22 маусымында басталды. Сол күні лейтенант ұрысқа алғаш кіріспіп, жарапы болады.

Ал оның өз батальонымен қанша шайқастарға қатысқанын санап шығу қын. Сталинградтан кейін Курск иініндегі шайқас, Днепрден өту, Киевті алу, Днепр мен Пруттағы, Румыниядағы ұрыстар, ақыр аяғында Польша. Комбат Матвеевтің омырауында екі жауынгерлік орден – Қызыл Жұлдыз және Қызыл Ту ордендері жарқырады.

Тұнгі сағат үште кала алынды. Ал 16 қантарда танертен ерте Матвеев түсken олжаларын есептеді. Қаладан бір жарым километр жерде далалық аэродромда немістін 18 ақаусыз самолеті тұрды. Жанармайы мен оқ-дәрісі бар алты койма колға түсken. Шайқаста карсыластын 250 солдаты құртылып, 30 фашист, сонын ішінде 14 офицер, 2 генерал тұтқынға алынды. Зәрелері ұшқан, ұнжырғалары түсken тұтқындалған офицерлер топталған тұрып, алаулаған бетін сұрткен қою шаштыорыс капитанына қарап қалған.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1945 жылғы 27 акпандасы Жарлығымен Александр Владимирович Матвеевкеге Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Берлинді бомбылауды Матвеевтің батальоны солтүстік шетінен бастады. Тоғыз күн бойы толық мағынасында оқтың ортасында жүрді. Шайқас әр көше, әр үй, әр кабат үшін болды. Алда Кенес солдаттары Женіс туын тіккен рейхstag көрінеді. Матвеев үшін қырық бірдің мамырында Украинаның Радзивимсов шағын қалашығында басталған солдаттық ұзак, ауыр жолының аяқталған жері осы болды.

Соғыстан кейін Матвеев армияда он жыл болып, 1955 жылы подполковник шенінде запасқа босап, Петропавлға келді, астық өнімдері жүйесінде жұмыс істеді. 1972 жылдың 12 желтоқсанында дүние салды. Петропавл қаласында бір көше Матвеевтің атымен аталады.

**Малиев Михаил Алексеевич** 1923 жылы Пермь облысының Кунгур қаласында туған. Соғыстың алдында туыс-




қандарымен Петропавл қаласына көшіп келген. 1941 жылы Малиевті Петропавлдың аудандық әскери комиссариаты Қызыл Армия қатарына шакырады. 1942 жылы әскери-инженерлік училищені бітіреді.

Майданға 1943 жылы кірді. Шабуыл операциялары кезінде су шептерінен ойдағыдан өту көбіне-көп инженерлік әскер жеке құрамаларының іскерлігі мен батырлығына байланысты. 127-жеке pontонды-көпір батальонының (Дала майданының I pontонды көпір бригадасы) взвод командири лейтенант Малиев ерекше батылдығымен көзге түсті. 1943 жылғы 16 қарашада Переволочная селосы маңында (казіргі Полтава облысының Кобелянск ауданының Светлогор селосы) Днепрден өту кезінде қарсыластар өткелді қатты оқ астына алса да, pontонды-көпір бригадасының саперлері ерекше ұстамдылық пен іскерлік көрсетіп, судан үздіксіз өтуді қамтамасыз етті.

Бұл күні лейтенант Малиев он жағалаудан сол жакка паром жүргізіп бара жатты. Тура тиген артиллерия снарядынан закымдалған паром алты метр терендікке батып кетті. Он жағалауда шайқасып жатқан біздің әскерлерге оқ-дәрі, азықтүлік, қосымша құш аудайдай қажет еді. Сондықтан да Малиев қайткен күнде паромды су бетіне шығарып алуға бел буды.

Бұршактай бораған октың астында киімдерін шешіп тастап, водолаз костюмінсіз паромның тартпа тросының болтарын босату үшін ол терендігі алты метр суға үш рет сұнгіді. Негізгі жұмысы бітіп, паромның жалпак табаны су бетіне көрінуге шақ калған еді. Бірак лейтенантқа көмектесіп жүрген саперлар өз командирін су бетінен көре алмады. Алға қойған міндеттін орындағанымен, өзі қаза тапты. Оған Кенес Одағының Батыры атағы 1944 жылы 22 акпанда беріліп, Ленин орденімен коса маралатталды.

Михаил Алексеевич Малиев мәңгілік әскери бөлімше құрамының тізіміне жазылған. Малиевтің қаһармандық ерлігі Пермь мен Киев баспаларында шықкан «Прикамье Алтын жұлдыздары» (Пермь, 1947 ж. З-басылым) және «Оның сонда толар жасы...» (Киев, 1985) деген кітаптарда көнінен баяндалған.



**Михеев Григорий Яковлевич** 1919 жылы Петропавл қаласында туған. 10 класс бітірген. 1937 жылы облыстық комсомол комитетінің арнайы шакырыумен авиацияға жіберіледі. 1939 жылы Краснодардың әскери-авиациялық училищесін бітірді. 1941 жылдың маусымында Ұлы Отан соғысының майданына шыкты.

Соғыстың алғашкы күнін Батыс майданында қарсы алғып, жаудың жылжып келе жаткан колонналары мен өткелдерін бомбалауға ұдайы ұшып барып тұрды. Жау авиациясының аспандағы ұстемдігіне қарамастан, Михеевтің жауынгерлік тапсырманы орындамаған кезі болған жок.

1941 жылғы қазанның ауыр күндері фашистік командование екінші рет басты шабуылды бастағанда Михеев Мәскеу түбінде шайқасты. Мұнда әдеттегідей әскери жоғары шеберлік көрсетіл, командованиенін барлық тапсырмаларын орындал шығады. 1941 жылғы 27 казанды тапсырмадан оралып келе жаткан Михеевтің ұшағы Истра ауданында немістің бір топ «Хейнкель-113» ұшактарымен кездесіп қалады. Аспандағы шайқаста бір «Хейнкель» атып түсіріліп, калғандары жауған пулемет оғынан бытырай кашты. Михеевтің ұшағына да оқ тиіп, бір моторы іsten шыкты. Сөйтсе де Михеев ұшағын өз жеріне дейін ұшырып әкеліп, экипажды да, машинаны да аман сактап қалды. Неміс әскерлерін Мәскеу түбінде талқандау кезінде Михеев қарсылыстың екі взвод әскерін, 15 автомашинасын және оқ-дәрі тиелген 15 керуенін жойып жіберді.

1942 жылғы I мамырда Михеев жоғары шеберлікке ие әрі ерік-жігері күшті штурман ретінде 10-жеке авиациялық алысты барлау полкіне жіберіледі. Мұнда ол барлаушы-штурман ретінде қарсылыстың тылын, аэродромдарын, әскерінің жылжу бағытын бакылап, Батыс майданы I Әуе Әскеріның командованиеисіне бағалы да құнды әрі дер кезіндегі деректерді беріп отырды. Михеев Брянск, Сеша, Шаталов, Боровской, Онтүстік және Солтүстік Смоленск төңіректерін фотосуретке түсіріп алды. Оның түсірген фотосуреттері бойынша I Әуе Әскері Брянск және Сеша аэродромдарына соккы берді.

Михеев жаудың алдыңғы шебін суретке түсіруде асқан шеберлік көрсетті. 1942 жылы ол қарсылыстың 15-20 километрге дейін әрбір бөлімнің қандай корғаныс шебі бар екенін жерде-

гі командованиеге, әрбір рота командиріне жеткізіп отыруды қамтамасыз ету үшін алғы шептің 4613 шаршы километрін аэрофотосуретке түсірді.

10-жеке авиациялық алыс қашықтыкты барлау полкының командирі подполковник Родин Михеевке: «Тапсырманы батыл да дәл орында, табанды, зенитті-артиллериалық қалын оқтың астындағы алғы шептеде жұмыс істеуге барлаушы-штурманға қажетті әскери айланы терең менгерген. Барлауға шыққан әрбір ұшу сапарын дәл әрі мерзімінде орындауды, оның жауынгерлік тапсырманы орындаудына ештеге де, жаудың артиллериасы да, истребителі де кедергі бола алмайды», – деген мінездеме береді.

1942 жылғы 26 тамызда Михеев жауынгерлік тапсырман мен Уколицы, Дурнев, Ожигов, Озерск маңындағы жаудын алдынғы шебін аэрофотосуретке түсіріп жүргенінде немістің истребительдері оған екі рет шабуыл жасады. Жауды алда, жалтара ұшып, әрдайым өз территориясына өтіп кеттіп, бағытын өзгертіп, кайтадан тапсырманы орындауға шығып жүрді. Үшінші рет қарсыластың корғанысын суретке түсіріп, командованиеге табыс етеді.

1942 жылғы 5 қыркүйекте оқ боратып тұрған зенит атысана қарамастан, ол алыс қашықтыққа әрекет ететін біздің авиация үшін жаудың Смоленск ауданындағы қоймасын, эшелондары толып тұрған «Сортировочная» теміржол станциясын, гитлершілердің орталық майданының бас штабын суретке түсірді.

1943 жылғы 16 ақпранда Спас-Деменск маңын суретке түсіру туралы I Әуе Әскерінің шұғыл тапсырмасын алған Михеев оны орындауға ұшып шыкты. Қарсыластың үдете атқылаған зенит артиллериасы мен неміс истребительдерінің аткан оғы тиғен Михеевтің ұшағы бағытынан ауытқып кетеді. Оқ ұшакты он төрт жерден тесіп кеткен еді.

Михеев өз аэродромына оралған жок, өз территориясына өтіп, бағытын өзгерткен сон жау тылына бойлай ұшып, екінші рет оралып келіп тапсырманы орындаады.

Кенес әскері Волхов, Ржев, Зубцов, Погорелое Городище аймағында жүргізген операциялардың жүзеге асуына көмегі көп болған аэрофотосуреттер көптен пайдаланылды. 1941 жылғы 22 маусымнан 1943 жылға 6 наурызға дейін Ми-

хеев 114 рет жауынгерлік тапсырмамен ұшып, оның 104-ін ойдағыдай орынданап шықты. Соның ішінде бомбалауға 27 рет ұшып шығып, бәрін де ойдағыдай орындаса, алыс қашықтыққа 87 рет ұшып, 77 ретінде тапсырманы орындалды. Осы уақыт ішіндегі әскери іс-қимылдары үшін 1942 жылғы 23 маусымда Михеев Қызыл Жұлдыз орденімен мара-патталып, 1943 жылғы 24 мамырда КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Кенес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі қоса тапсырылды. Кенес Одағының Батыры атағын алған капитан Михеев Дорогобуж, Ярцев, Ельня, Спас-Деменск аймағындағы Корғаныс және алдыңғы шептерді фотосуретке түсіруді еселенген жігермен жүргізді. Осынау тапсырмаларды үлгілі орындағаны үшін 1943 жылы тамызда бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен мара-патталды.

Майдан шебі алystап, бейтаныс жерлер көбейген сайын командованиеге алыс қашықтағы авиабарлау қызметінің де-ректері көбірек керек бола бастады. Әрбір ұшу сайын шын-далған шеберлігін Михеев те ұштай түседі. Тұракты турде өзінің іскерлігі мен шеберлігіне сенген ол жаудын алыс тылына ұшып барып, аэрофотосуреттер түсіре берді. Бірақ 1945 жылғы 5 акпанда, Женіс жакындаған кезде Михеев кезекті тапсырмадан оралмады.

Оның ісі – мәңгілік, оның есімі – мәңгілік. Ол еш уақытта үрпактар жадынан өшпейді.

**Московенко Василий Иванович** 1915 жылы 8 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы Чистопол (қазіргі Е. Мұсірепов) ауданы Гаршино селосында дүниеге келген. Техникумын екі курсын бітірген. Ростов облысында тұрған. Қызыл Армия катарына 1936 жылы шақырылған. 1938 жылы Сталинградтың әскери-авиациялық училищесін бітірген. 1942 жылдың наурызынан Ұлы Отан соғысының майдандарында болған.

I Украина майданы, II Әуе Әскерінің бірінші гвардия авиация полкының звено командирі, гвардия аға лейтенантты В.И. Московенко 1945 жылдың мамырына лейін 140 рет әуеге көтеріліп, 26 әуе шайқасында жеке өзі 14 және топта 3 самолетті жайратты.



**КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1945 жылғы 27 маусымдағы Жарлығымен В.И. Московенкоға Кенес Одағының Батыры атағы берілді.**

Соғыстан кейін әскери-әуе қүштерінде қызметтін жағастырды. 1951 жылы Краснодардағы жоғары офицерлер мектебін бітірді. 1954 жылы майор Московенко запаска кетті. Житомир қаласында тұрды.

Ленин, 2 рет Қызыл Ту, 1-2 дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.

**Некрасов Василий Александрович** 1924 жылы 21 қыркүйекте Солтүстік Қазакстан облысы Володар (казіргі Айыртау) ауданы Карловка селосында туған. Енбек жолын Примор өлкесіндегі Спасс-Дальний қаласында цемент зауытында бастаған. Қызыл Армия қатарында 1943 жылдан.

Орталық майданның 13-армиясының 360-атқыштар полкының автоматшысы катардағы жауынгер В.А. Некрасов Киев облысындағы Чернобыль ауданының Городчан селосы манында 1943 жылдың қыркүйегінде фашистермен болған үрыста жанкіярлық ерлік жасады. Осы қуні гитлершілер біздін әскери бекіністерімізге шабуыл жасаған болатын. Некрасов жауынгерлерді шабуылға жігерлендіріп, өзі бірінші болып жауларға ұмтылып, автоматтан ок жаудырды. Оны басқа да біздін әскери бөлімшелер қолдап, жауды қашуға мәжбүр етті. Осы шайқаста Некрасов 12 фашистің көзін жойды. Мұндай ерлікті ол бірнеше рет қайталады.

**КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1943 жылғы 16 қазандағы Жарлығымен Василий Александрович Некрасовка Кенес Одағының Батыры атағы берілді.**

1944 жылы кіші лейтенанттар курсын, ал 1949 жылы офицер құрамының біліктілігін көтеру курсын бітірді. 1960 жылы тағы да оку – бұл жолы «Выстрел» курсында. 1962 жылы Қызыл Шығыс автомобиль училищесін алдын ала емтихан тапсырып бітірді.

1972 жылдан полковник Некрасов запаста. Краснодар қаласында тұрды. Ленин, Александр Невский, 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. Ол 1987 жылдың 25 шілдесінде қайтыс болды. Краснодар қаласында жерленген.

**Овсянников Владимир Васильевич** 1923 жылы Петропавл қаласында туған. 7 класс бітірген. Одан кейін Күйбышев қаласында тұрды. 1942 жылдан Қызыл Армия катарында. Сол жылы Пенза қаласындағы артиллерия-миномет училищесін бітірді.

Ұлы Отан соғысына 1942 жылдан катысты. Үш рет жараланды. Воронеж майданындағы 40-армияның 1664-танкіге қарсы артиллериалық жойғыштар полкінін штаб бастығының орынбасары, аға лейтенант. 1943 жылғы 19 қыркүйекте Днепр өзенін кешіп өтетін өткелдін полк тұрған участкесінде Калининвшин хуторының солтүстік-батысындағы 175,1 метрлік биіктікке күшті артиллерия атысының колдауымен 4-батареяның позициясы тұсында оны айналып өтіп, Бухалов және Виблица хуторларын басып алу үшін қарсыластар қарсы шабуылға шықты. Жауды 300 метрге дейін жақын жіберіп, артиллеристер тұра нысанамен ата бастады. Овсянников Красная Лука селосындағы (Полтава облысының Годяча ауданы) 2-батареяға тікелей басшылық жасады. Екі рет жараланса да, ұрыс даласын тастамай, батареяға басшылық жасай берді.

Снарядтар таусылған кезде Овсянников жауынгерлерін жетіп ұлгерген жаяу әскермен бірге шабуылға бастап шықты. Қарсы шабуылды тойтарып, жаяу әскердің алға жылжуын қамтамасыз еткен ұрыста ол кaza тапты.

Кенес Одағының Батыры атағы оған 1943 жылғы 23 қыркүйекте қайтыс болғаннан кейін берілді. Ленин орденімен марапатталды. Ол Полтава облысының Годяча ауданындағы Красная Лука деревнясының батыс жақ шетіне жерленді.

**Позолотин Тимофей Семенович** 1908 жылы Солтүстік Қазакстан облысындағы Явлена селосында туған. 1930 жылы казанда Позолотин Қызыл Армия катарына шақырылады. Ұлы Отан соғысының алдында Позолотин 29-мotoатқыштар дивизиясының 47-танк полкінда қызмет етті. Ол осында КОКП катарына етті.

Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың маусым айынан бастап катысты. Қызыл Армияның тұракты командирі аға лейтенант Позолотин Ұлы Отан соғысын Отан шекарасында, Белоруссияда қарсы алды. Гитлершіл басқыншылармен ауыр

корғаныс ұрыстары жүріп жатты. 47-танк полкінің жауынгерлері 29-мотоатқыштар дивизиясы бөлімшелерінің бір шептен екінші шепке жылжуын демеп, атыс жүргізіп тұрады. Танкистер арасында Тимофей Семенович Позолотин бар еді. Бір шайқаста ол жарапанса да, жауынгерлік бүйрыкты орындал жатты. Тек екінші рет жарапанғаннан кейін ғана госпитальға баруға келісті.

Жазылып шыққаннан соң Мәскеу түбіндегі шайқастарда танк бригадасының батальонын басқарды. Мәскеу түбінде жауды талқандаған шайқаста шебер басшылығы мен ерлігі, өжеттілігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды.

1942 жылы қабілетті офицер танкисті Әскери академияға окуға жіберді.

Академияны бітіргеннен кейін 17-гвардиялық танк полкінің (Оңтүстік-Батыс майданының 3-гвардиялық армиясының 2-гвардиялық механикаландырылған корпусы) командири, гвардия подполковник Позолотин 1942 жылғы желтоксанда маневрді шебер үйымдастырды.

Оның полкі Донда 2-румын және 62-неміс жаяу әскерлері дивизияларының тылына шығын, күйрете соккы беріп, қарсылас жаудын екі қурамасының 10 мың солдаттың жойын, қалғандарын тұтқынға алды. Осы операция үшін КСРО Жоғарғы Кенесінің Төралқасы 1942 жылғы 26 желтоқсанда Позолотин Тимофей Семеновиче Кенес Одағының Батыры атағын берді. Ленин, Қызыл Жұлдыз, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталды.

Қызу шабуыл шайқастарында подполковник Позолотинің даңқы шыкты. Шайқастардың отты жолдарында шынықкан, Отанға деген сүйіспеншілігі жогары, жениске деген сеніммен қанаттанған ол қарсыластың төсінін «танны», оның осал жерлерін аныктап, жауға карсы ойнап ерік-жігерін бағыттап, жаудың кез келген қарсылығын бұзуга қабілетті түрде жауынгерлерді жұмылдырып үйренеді.

«Правда» газетінің 1942 жылғы 27 желтоқсандағы Қызыл Армияның шебер басшыларына арналған «Жене білу» деген бас макаласында былай деп жазды: «Кенес Одағының Батыры полковник Т.С. Позолотин үлкен жауынгерлік жолдан өтті. Ол танк батальонының командири, одан кейін танк бригадасы командирінің орынбасары болды. Шайқаста бри-



гада командири қатардан шығып калған кезде Позолотин жолдас оның орнын басып, операцияны жігерлі қүшпен баскара берді. Өзі жараланған кезде де қатардан кетпей, ұрысқа басшылық жасады. Талап коя біletін, білікті, жігерлі командир казір де карсыластын ірі қүшін талқандау барысындағы операцияға шебер басшылық жасауда».


1943 жылғы мамыр айынан бастап Позолотин Белгород-Харьков операциясына қатысқан 19-гвардиялық танк бригадасына басшылық жасады. Неміс командованиесі коршауда калу қаупінен сактанып, Харьков маңында СС-тін танк дивизиясының қүшіне сүйене карсы шабуылға шыкты. 19-гвардиялық танк бригадасы барлық шабуылдарды тойтарып, немістердің жоспарын іске асырмады. Олар шілдеміз айларында Курск иіні тубіндегі қанды шайкастарға қатысты. 1943 жылғы 21 тамызда жараланған ол ұрыс даласын тастан кетпей, шайкасты басқара берді. 1943 жылғы 19 қыркүйекте Бабанск аймағындағы бір катты шайкаста жау оғының жарықшағынан ол жауынгерлік жұмыс үстінде ерлікпен қаза тапты.

Табытка салынған батырдың денесі ұшақпен Украина-дан Мәскеуге жеткізілді. Т.С. Позолотин Мәскеудің Новодевичье зиратында жерленді. Петропавлдың бір көшесі оның атымен аталды.

**Подорожный Николай Алексеевич** 1924 жылғы желтоқсанда Петропавл қаласында туған.

Майданның алғашқы құнінен-ак Николай Подорожный барлаушылық баурай берді. Бірак ол бірден барлауши болмады. Бұл арманы ысылған жауынгер болғандаған жүзеге асты. Орел, Брянск, Коростень... Подорожныйдың жорық жолдары женіл болған жок.

«1943 жылдың жазы аса аптап болды, – деп еске алады Николай. – Эйгілі Курск иініндегі шайкас болар алды. Біздің дивизия Орал бағытында корғаныста тұрды. Біздің батареяның бақылау пункті белгісіз бір төбенің басында еді. Біз, барлаушылар, екі қатар берене жабылған жертөледеміз. Жаудың бірінші оры жатаған төбелердің етегін орап жатыр. Ордың бергі жағында биік сым коршау тартылған. Айнала жыралармен жырымдалған, ойдым-ойдым ормандар жау-



дың көз тасаланып жылжуына колайлы-ак. Біз немістер шабуылға шығады-ау деп түйгенбіз. Бірак нак қай уақытта бастайтынын білмейміз. Мен батарея комсоргімін. Дивизион комсоргі лейтенант Шарохин мені шакырып алып жағдайдың колайсыздығын айтты. Көрші дивизияға неміс сапері қолға түсіпті. Оның айтуынша, фашисттер 5 шілде күнгі тансәріде шабуылға шыкпак екен.

Олар шабуылды Курск төбесінің түстік және теріскей тұсында бастады. Шілденің 8-і күні мен тұні кескілескен ұрыстың жалыны лаулап жатты. Бірак біздің тұсымызыда тыныш болды. Тек 11 шілдеде орман, төбелер мен сайлардың сұлбасы біліне сәуле шашылғанда артиллерия оқ жаудырды. Жер тітіркенеді. Реактивті қондырғылар мен мындаған қарулардың гүрсілдеген үндері айналаны жанғыртып, құлак тұндырады. Шабуыл белгісі берілісімен біздің жаяу әскерлер алға лап берді. Біздің алғы шептің орларында жан қалмады. Екі сағаттан соң дұшпанның корғанысы бұзылды.

Бірде полк командирі барлаушыларға «тіл» әкелуді тапсырады. Тұн ішінде су ағатын жырамен бұқпантайлаған жеті барлаушы көзге түспестен жаудың ту сыртынан шыкты. Бірак олардың жолы болмайды. Таң атканда олар орман алқабында тұрған үйді көрді. Жанында сақшы тұр. «Көзін жою керек!» – деді командир. Бірак сарайдың тасасынан тағы екі фашист шыға келді. Терезеден оқ атылды. Атыс басталып кетіп, біздің екі барлаушы жараланды. Үйде неміс қалмады. Бірак усадьбаға тағы да немістер келіп қалды. Барлаушылардың кейін шегінетін жолы жабылып қалды. 150 гитлерші усадьбаны қоршап алып, біздің барлаушылар паналап атысып жатқан сарайды өртеп жіберді. Өлген жері осы еді. Бірак өжет барлаушылар берілмеді. Фашистерді гранатамен құртып, камаудан сыйылып шыкты». Осы ерлігі үшін Подорожный III дәрежелі Данқ орденіне ұсынылып, оны армияның офицерлер курсына окуға жіберді.

Одер өзенінен өту кезінде көрсеткен өжеттігі мен ерлігі үшін Николай Алексеевич Подорожныйға КСРО Жоғарғы Кенесі Тәралқасының 1945 жылғы 15 мамырдағы Жарлығымен Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Ол соғыс жылдарында 18 мәрте үкімет марапатына ие болды.



Николай Алексеевич соғысты Эльбада тәмамдады. Соғыстан сон да барлаушы алғы шепте болып, Отанның қасиетті шекарасын қорғады. Өзінің бай тәжірибесін жас шекарашыларға дарытты. Кейін әскерден босанып, Махачкалаға келіп, Дағыстан университетінде оқыды, үстаздық етті.

**Рой Алексей Хрисанфович** 1922 жылы 12 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Целинный (казіргі F. Мұсірепов) ауданындағы Гаршино селосында туған. Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың қыркүйегінен катыскан.

Украина майданындағы 46-армияның барлау ротасындағы взвод командирінің көмекшісі гвардия старшинасы А.Х. Рой Дьер (Венгрия) қаласы үшін болған шайқаста ерекше көзге түсті.

1945 жылдың 28 наурызында ол жау жағына өтіп кетіп, гранаталармен олардың бекіністерін жойды. Барлау тобының құрамында жауынгерлермен бірге 20 гитлершілерді тұтқынға алды. Басқа да ерліктері белгілі.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1946 жылғы 15 маңырдағы Жарлығымен Алексей Хрисанфович Ройға Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Ұлы Отан соғысЫнан кейін ол Ростов облысындағы Аксай қаласында тұрды. Шыны жасау зауытында бөлім басқарушысы болып істеді. Ленин, 2 рет 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.

**Савва Владимир Артемович** 1923 жылы 22 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Красноармейск (казіргі Тайынша) ауданындағы Мироновка селосында туған. Орта мектепті Жамбыл облысындағы Меркі ауылында бітірген. 1940 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылған. 1942 жылы Гомельдің жаяу әскер училищесін бітірді. Ұлы Отан соғысына осы жылдың мамырынан катыскан. Воронеж майданындағы 3-армияның батальон командирі, капитан В.А. Савва 1943 жылдың 27 қыркүйегінде еш шығынсыз және шеберлікпен Днепрден өтті. Вышегородской ауданындағы Лютеж селосы маңында маңызды бекіністі алғып, өзіміздің әскери бөлімшелер келгенше ұстап тұрды.



**КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының** 1943 жылғы 29 кандығы жарлығымен Владимир Артемович Савваға Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Соғыстан кейін де Савва Кенес Армиясындағы қызметін жалғастырды. Ленин, 2-дәрежелі Отан соғысы, екі рет Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.

Майор Савва 1947 жылы 17 қыркүйекте қайтыс болды. Мәскеудегі Новодевичье зиратына жерленген. Меркі ауданындағы Меркі орта мектебіне оның есімі берілген. Мектеп ғимаратының қабырғасына ескерткіш такта койылған.

**Свечников Павел Семенович** 1926 жылғы кантарда Солтүстік Қазакстан облысы Сергеев ауданындағы Коноваловка селосында туған. 1932 жылы оның отбасы Фрунзе қаласына көшіп барады. Сонда ержетіп, Қызыл Армияға шақырылған.

Әскерге шақырылып, ерлікпен қаза тапқан әкесінің кегін алу үшін Павел жасына бір жас қосып алып, 1943 жылды мектеп партасынан соғыска кіріп кетті. Сөйтіп, өшпес өмір тұғырына мәнгілікке көтерілді.

317-гвардиялық истребитель-танкіге қарсы артиллерия полкының (Воронеж майданы, 47-армия) көздеушісі гвардия сержанты Свечников 1943 жылдың қыркүйегінде расчет құрамында Студенец тұсында (Черкасск облысы Канев ауданы) Днепрден өтіп, дүшпанның бірнеше атыс ошағын құртты. Сөйтіп, ол плацдармды басып алуға септік жасап, өзге бөлімшелердің өзеннен өтуін қамтамасыз етті. 1943 жылғы 17 қазанда неміс танкілерімен тіркеусіз жүретін ату құралдарына қарсы шайқаста өжеттік, табандылық пен батырлық көрсетті. Жау танкі 30-40 метр жерге келіп қалды. Свечников жекпе-жекке шықты. Ол өз қаруынан оқ жаудырып, танкті жайратып салды. Командир катардан шығып қалғанда басшылықты өзіне алған Свечников анталаған танктермен атыса берді.

Оның батыл қымылдының арқасында жаудың екі танкі жайрап, 15-тей жауынгері жер жастанды.

Осы ерліктері үшін П.С. Свечниковке КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1943 жылғы 24 желтоқсанындағы Жарлығымен Кенес Одағының Батыры атағы берілді.



Свечниковтың актық шайқасы жөнінде Кенес Одағының Батыры Г.В. Голешихин былай дейді: «Бұл Украина ССР-індегі Умань қаласының түбінде болған еді. Біздің полк алғы шепке келіп жетті. Түнде біз ор казып бекініп алдық. Біз жау танкіне карсы аттанамыз. Олар теміржол бойына орналасып, колайлы орын теуіпті. Ауыр шайқаста жау Свечниковтың қаруын киратты. Бұқіл расчет көз жұмды. Ауыр жарапанған Павел медсанбатқа жете алмай, жол үстінде жан тапсырды».

Қырғыз ССР-і Соқулук ауданындағы Қызылту селосында бір көше оның есімімен аталады.

**Сачков Виктор Михайлович** 1923 жылы Қорған облысы Половин ауданындағы Давыдовка селосында туған. Экесі кайтыс болғаннан кейін Сачковтардың отбасы Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданындағы «Қызыләскер» кеншарына көшіп келеді. Ол мектепте мұғалім болып, химиядан, сызудан, суреттен сабак береді.

Сачков Қызыл Армияға 1940 жылы алынады. Ол Белоруссияда соғысқа кірді. Ауыр соғыс жылдары басталды да кетті. Қорғаныстағы киын шайқастар кезінде ол басқа да жаяу әскерлер сиякты танктерге карсы соғысты.

Бұлардың кейін шегінуіне көмектесіп жатқан взвод жайрап қалды. Қанғырған жарықшақ Викторды сол қолының карынан жарапап кетті. Қан атып берді. Бірак Виктор санитардың жәрдемін тосып тұrmай, шептен кетпестен соғыса берді. Бірак ол тағы жарапанып, бұл жолы аяғына оқ тиді. Ол үшінші рет жарапанғандаған госпитальге барды.

Госпиталь бастығы Виктордың «Дені карным-сау. Мені шығарып, танк жүргізетін механиктер курсына жіберініз» деген өтінішін әлденеше мәрте алды. Әуелі Челябинскідегі жүргізуші-механиктер курсына, кейін Ульяновскідегі В.И. Ленин атындағы 1-гвардиялық орденді танк училищесіне жіберді. Училищені үздік бітіріп, 8-жеке гвардиялық Қызыл Тулы танк полкына жолдама алды.

Кіші гвардия техник лейтенанты В.М. Сачков жүргізген «КВ» ауыр танкі Прибалтиканы азат етудегі алғашқы ұрыстарда-ак ішінде бір «Тигр» бар немістін төрт танкісін, бірнеше тіркеусіз жүретін қаруларын және пулемет ошактарын талқандады.

1944 жылғы 24-25 желтоксанда Латвияның Пиэнава қаласының түбінде аса мықты бекінген жау корғанысын бұзу кезінде өжет жауынгер өз танкісімен жау шебіне тайсаламай жетіп, дұшпанның бірнеше атыс ошақтарын құйретті. Оның осы шебер кимылдының арқасында жау корғанысы бұзылды.

1944 жылғы 26 желтоксанда немістер жанталаса қарсы шабуылға шықты. Жаудың жиырма танкісі мен тіркеусіз жүретін карулары ұрысқа кірді. Біздің танкистер тойтарыс беріп, жаудың бетін қайтарып тастады. Ұрыс үстінде Виктордың танкіне жау оғы келіп дөп тиді. Экипаж түгелімен жарапанды.

Жолдастарына шегінуге бұйрық берген Виктор Скачков моторға от алдырмак болып әрекетке түсті. Сөйтіп, танкті қатарға қоспак болды. Фашистер оның танкіне жан-жактан окты жаудырды. Артиллерия снаряды келіп тигенде өжет танкист ауыр жарапанды. Машинаның моторы отқа оранды. Отанның адап ұлы сол оттың ішінде өзі де жанып кетті, бірақ машинасын жау колына қалдырмады.

Ұрыс даласында көрсеткен жанкешті ерлігі мен қаһармандығы үшін КСРО Жоғары Кенесі Төралқасының 1945 жылғы 24 наурызындағы Жарлығымен Виктор Скачков-қа каза тапканнан кейін Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

1968 жылы жерлесіне тағым еткен қызыләскерліктер кеншардың орталық консызында Виктор Михайлович Скачковка ескерткіш орнатты. Қызыләскер орта мектебіне оның аты берілген. Мұнда В.М. Скачковтың суреті ең көрнекті жерге ілінген.

**Скнарев Александр Ильич** 1912 жылды Солтүстік Қазақстан облысы Володар (казіргі Айыртау) ауданындағы Володар селосында туған. Еңбек жолын шахтада құрылышты болудан бастаған. Ейскінің әскери-теніз авиация училищесін бітірген. Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың тамызынан қатысқан.

Гвардия майоры, 9-гвардиялық авиаполктың штурманы А.И. Скнарев 133 рет әуеге көтеріліп, 18 торпедалық шабуыл жасады, жаудың 3 транспорты мен шхунасын суға батырды. 1944 жылды 16 қазанда жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде қайтыс болды. Әуе шабуылы кезінде самолетіне ок

тиіп, жана бастайды. Осы кезде Скнарев самолетті жау транспорттың бағыттарынан, жарды. Бірақ өздері де құрбан болды.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1944 жылғы 5 қарашадағы Жарлығымен Александр Ильич Скнаревке Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин, екі рет Қызыл Тү, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

Солтүстік флоттың мұражайының ауласына Батырдың мүсіні қойылған. Айыртау ауданындағы Володаровка (казіргі Саумалкөл) селосының бір көшесіне А.И. Скнаревтің есімі берілген.

**Тихонов Григорий Матвеевич** 1912 жылы 10 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Целинный (қазіргі F. Mysirupov) ауданындағы Князево селосында туған. Онтүстік-Орал теміржолында паровоз машинисі болып істеген. 1934-1938 жылдары Қызыл Армия катарында болған. 1940 жылы Кенес-финляндия соғысына қатысқан. 1942 жылы кіші лейтенанттар курсын бітірген. Орталық майдандағы 7-атты әскерлер корпусының 15-гвардиялық дивизияның эскадрон командирі гвардия лейтенанты Г. Тихонов Гомель облысындағы Брагинск ауданының Нивки селосы манында болған шайқаста көзге түсті. 1943 жылдың 28 қыркүйегінде оның эскадроны Днепрден өтіп, жандарымды алып Нивка елді мекенін босатты. Гитлершілдер атты әскердің шабуылына тойтарыс бере алмай, ұрыс даласында өлген солдаттары мен офицерлерін тастап селодан кетті.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1944 жылғы 15 қантардағы Жарлығымен Григорий Матвеевич Тихоновқа Кенес Одағының батыры атағы берілді. Ленин, Александр Невский, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.

1944 жылы 13 акпанда ұрыс даласында қайтыс болды. Мозыр қаласында жерленген. Осы қаладағы Данқ қорғанына оның есімі жазылған ескерткіш такта орнатылған.

**Устинов Иван Макарович** 1917 жылы 15 қыркүйекте Кемеров облысындағы Тайга қаласында туған. Кемеров құрылыс техникумын бітірген. 1938 жылға дейін Петропавл қаласындағы универмагтың директоры болып істеді. Осы жылы Петропавл КЭК-тың шакыруымен Қызыл Армия



қатарына алынды. 1941 жылы кіші лейтенанттар курсын, 1944 жылы М.В. Фрунзе атындағы Әскери академияны бітіреді. Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың маусымынан катысты. III Белорус майданындағы 2-гвардиялық армияның 21-гвардиялық атқыштар полкінің командирі гвардия майоры И.М. Устинов Шығыс-Пруссия операциясын жүзеге асыруда ерекше қөзге түсті. Ол Пиллау қаласы (Калининград облысы, қазіргі Балтийск қаласы) үшін 1945 жылы 25 сәуірде болған шайқаста полкті шебер ұйымдастыра алғып, ерлік пен батылдық қөрсетті.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1945 жылғы 5 мамырдағы Жарлығымен Иван Макарович Устиновқа Кенес Одағының Батыры атағы берілді. 1958 жылдан запасқа шықты. Мәскеу қаласында КСРО КМ сауда бас басқармасында аға инженер болып істеді.

Ленин, екі рет Қызыл Ту, 3-дәрежелі Суворов, 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.

1985 жылы 7 маусымда қайтыс болып, Мәскеу қаласындағы Кузьминск зиратына жерленген.

**Ущев Борис Петрович** 1915 жылы Петропавл қаласында туған. Оқуды Омбы қаласында оқыды. 1935 жылы Ленинградтағы теміржол транспортты институтына түседі. Екінші курста оқып жүргендеге оны аудандық комсомол комитетіне шақырып, әскери-теніз училищесіне ауысуға кенес береді. Сөйтіп, комсомолдың жолдауымен студент Б. Ущев лейтенант дәрежесін алғып, Балтық флотына жіберілді.

Жас лейтенант Ущев соғысты Таллинн қаласында бастады. Балтық флотының кемелері осында еді. Соғыстың алғашкы айында немістің «Солтүстік» тобы 8-армияның қорғанысын бұзып, Фин шығанағына қарай өтіп кетті. Эстонияда соғысып жатқан Кенес әскерлері Ленинградка қарай соғыса отырып, шегініп бара жатқан негізгі құштерінен бөлініп қалды. Міне, осында жағдайда Кенестің Жоғары Бас командованиесі Балтық флотының командованиесіне Таллиннді қайткен күнде де қорғауға бүйрек берді. Өйткені, бұл бөлініп қалған әскерлерді жабдықтаудың және оларды



бері көшіріп алудың мүмкіндігін берген жалғыз ғана айлак болатын.

Б.П. Ущевтің торпедалы катерлері неміс басқыншыларының зәре-құтын ұшырды. Олар Ущевтің торпедалы катері шыққанда естері кете қорқатын. Немістер командир катерін көрген беттен-ақ «Тенізде Ущев», «Тенізде Ущев» деп радиодан жанталаса сақтандыратын.

1941 жылғы 28-29 тамызда біздін теңізшілердің Таллиннен Кронштадқа жорығы кезінде Ущевтің звеносы «Максим Горький» крейсерін сәтті қорғай алды. Өзіне тапсырылған кемелерді бастап барған Б.П. Ущевтің катерлері Моонзунд аралдарына оралды. Осы жерде олар жаудың теңіз жолдарын бұзып, соғыс кемелерін, десант баржаларын суға батырды. 1941 жылы катершілер бригадасының командирі Б.П. Ущев 24 операция өткізді. Жауды іздеپ түнгі жорыктарға шықты. Жау тылында да батыл қимылдап, бірнеше операциялар жасады, Латвия жағалауына және Аэгна аралына үш десант тобын түсірді, Хельсинки қаласына және гитлершілердің басқа да базаларына баратын жолдарды миналады.

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы шайқастарда көрсеткен айбыны, өжеттігі мен ерліктері үшін КСРО Жоғарғы Кенесі Тәралқасының 1944 жылғы 22 шілдедегі Жарлығымен Борис Петрович Ущевке Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Ұлы Отан соғысының соңғы кезеңіне таман Ущев баскарған торпедалы катерлер дивизионы Данциг айлағына ба-сып кірді. Кенестің торпедалы катерлері коршауда қалған Шығыс Пруссиядағы неміс әскерлерін жабдықтап, көшіріп алатын соңғы ынғайлы жолдың бірі болған осы торапты оқтын-оқтын бұзып отырды. Осы жерде қаһарман капитан Ущев басқарған Кенес теңізшілері жаудың екі ірі кемесі мен екі десант баржасын суға батырып жіберді.

Ол соғыстың соңғы күніне дейін шайқастарға катысты. Соғыс біткен соң Эскери-теніз академиясы жаңындағы курсы тәмамдалған, 16 жыл бойы Қызыл Тулы Балтық флотында қызмет етті. Кемелер командирі болып, жас теңізшілерді баулыды. Ол запасқа шыққасын да қоғамдық қызметпен жігерлене айналысты. «Қазіргі жастарымыз, – деді Борис Петрович, – бейбіт күнде де, сондай-ақ соғыс кезінде де

кажетті қасиеттерге тәрбиеленуі керек. Ұұлар адалдық, имандылық, Отан мен өз халқына шексіз берілгендей сияқты нағыз адами қасиеттер болуға тиіс».

1972 жылдан бері I рангалы капитан Ущев запаста. Ленинградта тұрады.

1985 жылы Борис Петрович туған жері Петропавлға келіп, кала мектептерінде, Мемлекеттік архивте болды. Ол он бес жыл бойы хат алысып тұратын.

Петропавл қөшелерінің біріне онын есімі берілген. Соғыстың алғашкы жылында Б.П. Ущев қызмет атқарған кеме тұғырға қойылып, Балтық катершілерінің соғыстағы ерліктерінің құрметіне ескерткішке айналды.

**Хименко Андрей Максимович** 1915 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Кенес ауданындағы Елизаветское селосында туды. 1927 жылы ата-анасымен бірге Фрунзе қаласына көшіп кетті. Хат тасушы, «Союзпечать» мекемесінің бухгалтері болып істеген. 1939 жылы СОКП мүшелігіне кірген.

...Полк бөлімшелері Висла өзеніне таяп келді. 2-батальоның командирі гвардия аға лейтенанты Карнушенко 5-рота командирі Данилянчы командалық пунктке шакыртып алды.

— Жолдас лейтенант, осы әлгінде ғана полк командирінің бүйіріғын алдық. Біздің батальон Висладан өтіп, плацдармды басып алуға және оны қайткен күнде де қолда үстап тұруға тиіс. Сіздің рота бірінші болып аттанады.

Іске шұғыл кірісті. Артиллерия жиырма минут бойы оқ жаудырып, жауды жасқап алды. 5-рота өзге қарулар мен пулеметтерден оқ борап жатқанда өзенге бет койды. Рота парторғі, гвардияның катардағы жауынгері Андрей Максимович Хименко төрт жауынгермен бірге суға түсті. Жаудын окты қарша боратуына қарамастан олар өзеннен сәтін салып өтті. Олардың сонынан Висланың батыс жағалауына ротаның өзге жауынгерлері де шыкты.

Жағадан бірнеше метр жерде немістер үлкен бөген салыпты. Сол бөгеннің биік бір тұсынан ірі калибрлі пулемет жақ жаппастан окты боратады. Біздің жауынгерлер бұқпантайлауға мәжбүр болды. Парторг Хименко пулеметпен екі араны көзбен мөлшерлеп алды. Өзіне пулеметші Ардашевті шақырып алды да, жаудың атыс ошағын құртуды тапсырды.

12,4



**Чеботарев Василий Михайлович** 1918 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Целинның (казіргі F. Mұсірепов) ауданындағы Гавриловка селосында туған. Ұжымшарда тракторшы болған, одан кейін Ақмола облысында рудникте забойщик болып істеген. 1938 жылдан Қызыл Армия қатарында болған.

III Белорус майданы 19-гвардиялық танк бригадасының «Смерш» контрбарлау бөлімінің жедел өкілі, гвардия лейтенанты В.М. Чеботарев жаулармен батылдықпен, жан-қиярлықпен шайқасты. Әсіреле Бобр өзенінен өту үшін болған ұрыста ерекше көзге түсті. 1944 жылы 27 маусымда батальон құрамында В. Чеботарев Минск облысы Крупский ауданындағы Бобр селосының маңындағы жаудың тылына өтіп, ондаған гитлершілерді құртып, бір офицерді тұтқынға алды. Бірақ осы жаумен шайқаста Чеботаревтің патроны таусылып, фашистердің коршауында қалып, жекпе-жек ұрыста каза тапты.

КСРО Жоғарғы Кенесі Тәралқасының 1945 жылғы 29 маусымдағы Жарлығымен Василий Михайлович Чеботаревке Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин және Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. Рузаевка және Гавриловка селоларында батырдың атында көшелер бар. Бобр елді мекенінде ескерткіш орнатылды. Минскінің Чеботарев атындағы көшеге ескерткіш такта қойылды.

**Чепрасов Михаил Максимович** 1924 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Целинның (казіргі F. Mұсірепов) ауданындағы Шалкар селосында туған. Ұжымшарда тракторшы болып істеген. 1942 жылдан Қызыл Армия қатарына алынған. Гвардия қатарындағы жауынгер Чепрасов Орталық майданның 13-Әскерінде 75-гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамында 1943 жылдың 6 шілдесінде Курск облысы Поныров ауданы Поныр теміржол стансасы манында болған шайқаста жаудың 4 танкін және ондаған солдаттар мен офицерлерінің көзін жойды. Осы ұрыста ол каза тапты.

КСРО Жоғарғы Кенесі Тәралқасының 1943 жылғы 7 тамыздағы Жарлығымен Михаил Максимович Чепрасовка Кенес Одағының Батыры атағы берілді. Поныров ауданындағы Ольховатка селосында жерленген. Алматы облысындағы




Сарқант қаласында бір көше мен мектепке батырдың есімі берілген.

**Чижиков Филипп Васильевич** 1923 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданындағы Березовка деревнясында туған. Филипп ата-анасынан жастай айырылды. Ол Архангелька балалар үйінде тәрбиеленді.

1934 жылы Петропавл ауданының «Новая жизнь» ұжымшары балалар үйінен алты жетім баланы асырап алды. Со-лардың ішінде Филипп Чижиков те бар еді. Жылдар өтіп жатты, Филипп комсомолға өтті. 1942 жылғы 20 мамырда Петропавл аудандық әскери комиссариаты Чижиковты Қызыл Армияға шакырып, сол жерде Петропавл маңындағы Боркиде орналасқан 44-атқыштар полкының оқу батальонына жіберді. Кіші командирлер курсын бітірген сон 1942 жылдың шілдесінен бастап майданда, Онтүстік-Батыс майданы 6-Әскеріның 25-гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамында болды. Филипп Васильевич былай деп еске алады: «Бөлімше командирі дәрежесінде алдыңғы шепке келісімен-ақ сол күні ұрыска кірдім. Шабуылға шыққан фашистердің екпінін тойтара отырып, бөлімше жауынгерлері сескенген емес, қайта «Максим» пулеметі көнілден шығып, жауға дәл де тынымсыз әрі аяусыз оқ жаудырды да тұрды. 1943 жылғы наурызда біздің пулемет взводы жаудың көзіне түспей, Харьков облысының Валки қаласына кіріп алды да, жауға оқ жаудырды. Дұшпан абдырап қалды, көп шығынға ұшырады. Қала алынды, көптеген кару-жарак пен тұтқындар колға түсті».

1943 жылғы қазанда Днепрдің он жағалауына (Солонян ауданының Войсковое селосына) өтіп, 25-атқыштар дивизиясы плацдармды кеңейту үшін шабуыл бастады. Бөлімнің ұрыска кірісken алғы легінде болған гвардия сержанты Филипп Чижиков өз пулеметінен аткан окпен 30-дан аса гитлершіні жер жастандырды.

Қыркүйектегі ұрыстар жайындағы өз естеліктерінде Ф. Чижиков былай деп жазады: «Менің бөлімшемнің жауынгерлері төрт жүзден аса фашисті, екі танк пен екі дзотты құртты. Командование 1944 жылғы 22 акпандағы ерлігім үшін маған Кенес Одағының Батыры атағын берді». Днепрден ету




кезіндегі ұрыста Чижиков ауыр жарапанды. Днепропетровск қаласының госпиталінде Оңтүстік-Батыс майданы Әскери Кенесінің мүшесі гвардия сержантты Чижиковке Ленин ордені мен батырдын «Алтын Жұлдызын» табыс етті.

Жарасынан сауықкан соң III Украина майданының 69-ат-қыштар дивизиясына дивизион барлау взводының командирі болып жіберілді. Одан кейін офицерлер мектебінде оқыды, Австрияны, Венгрияны азат етті. 1945 жылғы қараашада әскер қатарынан босатылды. Түмен облысының Есіл қаласында тұрды, қоғамдық тәртіп күзеті басқармасында қызмет істеді.

**Шаталов Владимир Александрович** 1927 жылы 8 желтоқсанда Петропавл қаласында туған. КСРО ұшқыш-ғарышкері. Әуе күштерінің генерал-лейтенанты (1975), екі мәрте Кенес Одағының Батыры. Техника ғылымдарының кандидаты. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1981). Качинск Әскери-әуе күштері училищесін бітірген (1949). 1969 жылы қантар айында «Союз-4» әуе кемесімен алғаш ғарышқа үшкен. Сол жылдың казан айында үш әуе кемесі катар ұшырылған топтық ұшу кезінде «Союз-8» әуе кемесінің командирі болған. Үшінші рет әуеге 1971 жылы сәуір айында «Союз-10» әуе кемесімен және «Салют» орбиталықстансасымен ұшып барған. 1991 жылдың қыркүйек айына дейін Ұшқыш-ғарышкерлер даярлайтын орталықтың бастығы болды. З мәрте Ленин және т.б. ордендермен, КСРО және шетелдердің медальдарымен марапатталған. Петропавл қаласының Құрметті азаматы. Шаталовтың есімі қөшеге, облыс орталығындағы орта мектепке берілген. Петропавл қаласындағы Мәдениет және дімалыс паркінде батырға арналған бюст қойылған.

**Ыбраев Ысқақ Ыбрайұлы** 1911 жылы Солтүстік Қазақстан облысы казіргі Шал ақын ауданындағы Каратау ауылында дүниеге келген. Ауылдық мектепте оқыды. Оқуға деген құштарлық оны Боголюбова селосындағы жетіжылдық орыс мектебіне алып келді. Осы оқу орнын 1927 жылы бітірген Ысқақ Петропавл қаласына келіп, педагогикалық училищеге түседі. Мұнда үш жыл оқып, колына дипломын алып, оқу бөлімінің жолдамасымен Преснов ауданындағы Орталық ауылына келіп, шәкірттерге сабак береді. Он екі жыл



катарынан, яғни майданға кеткенше Орталық, Бірлік және Жарғайың ауылдарында ұстаздық етеді.

1941 жылдың мамырында армия катарына шақырылып, Горький қаласындағы саяси қызметкерлер даярлайтын жеделдетілген курска жіберілді. Осы жылдың қазан айында окуды бітірген соң Прибалтика майданына 50-полктін рота командирінің саяси істері жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Оның батылдығын және басқа да жаксы қасиеттерін ескеріп басшылар Ы. Ыбраевты Могилев жаяу әскерлер училищесіне окуға жібереді. Мұны бітіргеннен кейін оған I Белорус майданындағы 5-армияның 60-Қызылтулы дивизиясының атқыштар взводын басқару тапсырылды. 1945 жылдың қантарында Буды-Август плацдармасында ірі қорғаныс пунктін алуда Ыбраев басқарған взвод жанқиярлық пен ерліктін үлгісін көрсетеді.

1945 жылдың 27 акпанында КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Ыбраев Ыскакқа Кенес Одағының Батыры атағы беріледі.

Запаска шыққаннан кейін Ы. Ыбраев еліне Солтүстік Қазақстанға келеді. 1946 жылдың акпанынан Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің кадрлар бөлімінің нұсқаушысы болып істей бастайды, бірак қараша айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жаңындағы Жоғарғы партия мектебіне окуға жіберіледі, мұнда ол 1948 жылға дейін болады. 1948 жылдың қарашасынан 1957 жылға дейін Октябрь аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы болып істейді. 1957 жылы Новопокровка партия үйымының хатшысы болып сайланады. 1964 жылы аудандық партия комитеті оны жана ұйымдастыру «Теренсай» кеншарының партия үйымын басқаруға жібереді.

1965 жылы 13 шілдеде Кенес Одағының Батыры Ыскак Ыбраев ұзакқа созылған науқастан кайтыс болады. Ленин ауылында жерленген.


Ыскак Ыбраевтың майдандағы да, тын көтерудегі де сибебігі лайыкты бағасын алды. Лепин, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Тын және тынайған жерлерді игергені үшін» медальдарымен маралатталған.

**Янко Михаил Егорович** 1922 жылы 18 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы Володар (қазіргі Айыртау) ауданындағы Всеволодовка селосында туған. 1940 жылы Володар АӘК арқылы Әскери-теніз флотына алынған. 1944 жылы әскери-теніз авиация училищесін бітіріп, Тынық мұхит флотының авиациясына жіберілген.

1945 жылы Кенес-жапон соғысы кезінде кіші лейтенант М.Е. Янко үш рет жауынгерлік тапсырмамен аспанға көтерілді. Сөйтіп жаудың зенит батареяларын, көліктерін құртты. 1945 жылдың 14 тамызында Расин портына (Нанчжин) шабуыл жасағанда самолетке оқ тиді. Ұшқыш Янко жана бастаған самолетті жау транспортына бағыттап, оны жарды. Бірақ өзі де самолет еkipажымен бірге каза тапты.

КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының 1945 жылғы 14 қыркүйектегі Жарлығымен Михаил Егорович Янкоға Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Владивосток қаласы мен Володар селосында батырдың есімімен көшелер аталған. Қыыр Шығыста Теніз-балық шаруашылығының бір судносына Янконың есімі берілген.



## **«ДАНҚ» ОРДЕНІНІҢ ТОЛЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ**

**Батырев Яков Иванович** (21 наурыз 1910 жылы, Жамбыл ауданы Новомихайлов селосы – 1986 жылы Жамбыл ауданы Пресновка селосында) – еңбек және соғыс ардагері, 3-дәрежелі «Данқ» орденінің толық иегері. 1927-1933 жылдары Новомихайлов селосындағы «Зорька» коммунасында, Буденний атындағы ұжымшарда, 1933-1939 жылдары Преснов МТС-нда жұмыс істеді. 1941 жылдан 314-атқыштар дивизиясының құрамында Ленинград Коршауын бүзуга катысты. 1944 жылы мамырда 46-атқыштар дивизиясының жекелеген 40-мина тазалаушылар батальоны командирінің орынбасары болды. 1945 жылы қазанда тұған ауылы Пресновка келіп, тракторшы, комбайншы және бригадир болып еңбек еткен.

**Васильев Семен Ефимович** (16 акпан 1894 жылы, Солтүстік Қазакстан облысы Айыртау ауданы Проңкин селосы – 8 қыркүйекте 1972 жылы, Ресейдің Ставрополь қаласында) – катардағы жауынгер, «Данқ» орденінің 3-дәрежесінің толық иегері. Прокопьевск қаласында шахтада жұмыс істеген. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, 1941 жылдың тамыз айынан Екінші дүниежүзілік соғыстың майдандарындағы ұрыстарға қатысқан. Васильев 70-атқыштар дивизиясының 538-артиллериялық миномет полкінін байланысшысы болған. 1945 жылы армия қатарынан босатылып, Ақмола облысының «Белгородский» кеншарында жұмыс істеген. 1964 жылы Ставрополь қаласына көшіп кеткен.

**Голопятов Семен Федорович** (15 акпан 1918 жылы, қазіргі F. Мұсірепов ауданы Раисов селосы – 8 желтоқсан 1987 жылы, сол ауданда Рузаев селосында) – 3-дәрежелі «Данқ» орденінің толық иегері. Екінші дүниежүзілік соғыска қатысқан. Тракторшы, механизатор болып жұмыс істеді. 1936-1938 жылдары Қызыл Армия қатарына алынып, 1941 жылдан Ленинград



майданының 310-атқыштар дивизиясының 860-артиллерия полкінде зенбірек көздеушісі болды.

**Дәрменов Эміреш** (1922 жылы Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Жамбыл ауданы Жалтырша ауылы – 12 желтоқсан 2002 жылы, сонда) – соғыс ардагері, Екінші дүниежүзілік соғыска катысқан. 3-дәрежелі «Данқ» орденінің толық иегері. Соғысқа дейін колхозда есептеуші, санак жұргізуши болып жұмыс істеген. 1941 жылдың желтоқсанынан бастап соғыс майдандарындағы ұрыстарға катысқан.

**Зинзивер Яков Акимович** (18 тамыз 1920 жылы, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Новоприречный ауылы – 2 наурыз 1979 жылы, Украина, Донецк облысы) – 3-дәрежелі «Данқ» орденінің толық иегері. 1940 жылы Қызыл Армия катарына шакырылған, 1941 жылдың маусым айынан бастап Ұлы Отан соғысындағы ұрыстарға катысқан. Кіші сержант, 302-атқыштар дивизиясының 827-атқыштар полкінің байланысшысы болған. I Украина майданында 1944 жылдан маусым айында жаудың бораған оғының астында үзілген 27 байланыс желісін іске қосқан. Донецк облысында тұрып, жұмыс істеген.

**Кравченко Иван Степанович** (1915 жылы Петропавловск қаласы) – 3-дәрежелі «Данқ» орденінің толық иегері. 1941 жылы қазан айынан бастап Кенес Әскері катарында болды. 6-гвардиялық кавалерлер дивизиясының 28-гвардиялық кавалерлер полкінің барлаушысы. Кравченко алты жауынгермен бірге Посад және Б. Зaborovye деревняларына барлау жүргізіп, жау әскерлеріне шабуыл жасап, 12 неміс солдатын, 4 зенбірек және 2 автомашинасын жойды.

**Мосякин Кирилл Евгеньевич** (1919 жылы, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Святодухов селосы – 1957 жылы, Ресей) – 3-дәрежелі «Данқ» орденінің толық иегері. 1930 жылы отбасымен Түмен облысының Андрюшино селосына көшіп кеткен. 1939 жылдың кыркүйек айында Қызыл Армия катарына алынып, Отан соғысына 1941 жылдың аяғынан бастап катысқан. 1947 жылы әскер катарынан



босатылып, Түмен облысы Андрюшино орман шаруашылығында жұмыс істеген.

**Пуненко Андрей Алексеевич** (16 мамыр 1918 жылы, Омбы облысы Называевский ауданы Виденькино селосы – 25 қантар 1995 жылы, Петропавл қаласы) – соғыс ардагері, 3-дәрежелі «Данк» орденінің толық иегері. 1936 жылы отбасымен Солтүстік Қазакстан облысы Булаев ауданының (казіргі М. Жұмабаев ауданы) «Политотдел» ұжымшарына көшіп келген. 1938-1940 жылдары кавалерия полкінде қызмет еткен соң «Политотдел» ұжымшарында жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысының майданына 1941 жылы 15 шілдеде алынған. Солтүстік майданның 314-атқыштар дивизиясының құрамында ұрыстарға, Сталинград түбіндегі ұрыстарға катысады. Соғыстан кейін Петропавл қаласына келіп, т.б. бөлімшесінің тәрбиешісі, 1949 жылы ст-ны жабдықтармен қамтамасыз ету болімі бастығының орынбасары, 1962 жылы Петропавл нан комбинатының наубайхана менгерушісі болды. Ордендермен және медальдармен марапатталған.

**Сыщенко Николай Николаевич** (9 мамыр 1923 жылы, Солтүстік Қазакстан облысы Ғ. Мұсірепов ауданы Рузаев селосы – 10 наурыз 1979 жылы, Қекшетау облысының Щучинск қаласы) – 3-дәрежелі «Данк» орденінің толық иегері. Ұжымшарда жұмыс істеген. 1942 жылдың маусым айында Қызыл Армия қатарына алынып, Ұлы Отан соғысының майдандарында 1942 жылдан ұрыстарға катысады. 238-атқыштар дивизиясы 837-атқыштар полкінің минометшілер тобының командирі болған. 1946 жылы әскер қатарынан босатылған. Щучинск қаласында тұрып, жұмыс істеген.

**Ткачев Иван Леонтьевич** (1920 жылы, Петропавл қаласы) – соғыс ардагері, 3-дәрежелі «Данк» орденінің толық иегері. 1939 жылдан Қызыл Армия қатарында, ал 1941 жылдан майдандағы ұрыстарға араласқан. Севастопольді қорғауға катысады. Екі жылға жуық уақыт Қырым тауларындағы партизан отрядында барлаушы, рота командирі болған. Соғыстан кейін



Кемероводағы техникалық училиштеде оқытушылық қызмет атқарған.

**Толочко Петр Фомич** (10 маусым 1922 жылы, Солтүстік Қазақстан облысы F. Мұсірепов ауданының Березов селосы) – ардагер, 3-дәрежелі «Данқ» орденінің толық иегері. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына алынған. 1942 жылдан бастап Ұлы Отан соғысының ұрыстарына қатысқан. 1946 жылдың әскер көмекшісінан босатылып, жүргізуші болып жұмыс істеген. Рузаев ауданының Құрметті азаматы. 1945 жылы Мәскеу қаласында өткен Женіс шеруіне қатысқан.



## **СОЦИАЛИСТИК ЕҢБЕК ЕРЛЕРІ**

**Амбицкий Владимир Петрович** (1940 жылы, Украина, Херсон облысы Нововоронцов ауданы Фирсовка селосы) – еңбек озаты. Социалистік Еңбек Ері (1973). Еңбек жолын 1954 жылы Костанай облысында «Комсомол» кеншарында жұмысшы болып бастаған. 1961 жылдан қазіргі Уәлиханов ауданының «Чернигов» кеншарында тракторшы-комбайншы болып жұмыс істеген.

**Асадуллаев Алекпер Тораби** 1915 жылы Ашхабад қаласында туған. 1930-1939 жылдары Ашхабад қаласында шофер болып істеген. 1939 жылдан Солтүстік Қазакстан облысы Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданында шофер болды. 1940 жылдан – комбайнер, ал 1954 жылдан Баян МТС-да трактор бригадасының бригадирі болып істеді.

1952 жылы 28 маусымда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Алекпер Тораби Асадуллаевка Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Ахмедсафин Уфа Мендібайұлы** (15.07.1912, қазіргі Ақтайын ауданының 2-ауылы – 21.10.1984, Алматы қаласы) – ғалым, Қазақстан гидрогеология мектебінің негізін калаушылардың бірі, геология-минералогия ғылыминың докторы (1947), профессор (1949), Қазақстан ҒА-ның академигі (1961). Қазақстан ғылымина еңбек сінірген кайраткер (1961). Социалистік Еңбек Ері (1969). Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1980). Орта Азия индустримальық институтын бітірген (1935). 1940-1964 жж. Қазақстан ҒА Геология ғылыми институтында аға ғылыми қызметкер, сектор және бөлім менгерушісі, сонымен катар 1948-1951 жж. Қазак тау-кен металургия институтында кафедра менгерушісі; 1965-1984 жж. Қазақстан ҒА-ның Гидрогеология және гидрофизика институтының директоры қызметтерін аткарған. Оның ғылыми еңбектері Қазақстан мен Орта Азия шөлді

аймактарының гидрогеологиясын зерттеуге арналған. Ахмедсафин жерасты су көздерін, олардың пайда болу, қалыптасу, таралу занымалықтарын ашты. Сондай-ақ жерасты суларын картага түсіру, гидрогеологиялық карталарды жасаудың жана тәсілдерін қарастырып, гидрогеологиялық болжамдаудың негізін қалады. Ахмедсафин ұсынған басты теориялық және әдістемелік қағидалар тұнғыш рет Қазақстанның түбекейлі гидрогеологиялық болжам карталарын жасауға мүмкіндік берді, бұрын сусыздеп саналып келген шөл-шөлейт аймактарда көптеген тұшы сулы артезиан және грунт суларының алаптарын ашуға негіз болды. Ол жер астындағы тұзды және ас тұзды сулардың табиғи және пайдаланылатын, жылма-жыл толықтырылатын корын анықтап, оны өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығында, елді мекендерде, мал жайылымдарында, шөлейт жерлерді суаруға тиімді пайдаланудың жолдарын негіздеді. Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің депутаты (1955-1959) болды. Ленин, Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. ҚР ҰҒА Гидрогеология және гидрофизика институтына Ахмедсафин есімі берілген.

**Әбілпейісов Тұрлыбек** (1926 жылы, казіргі Айыртау ауданы Жұмысшы ауылы) – механизатор. Социалистік Еңбек Ері (1957), Қотыркөл механика мектебін бітірген (1943). Кейін Қамысқұт МТС-нда комбайншы, 1959 жылдан «Лавровский» кеншарында бригадир болып еңбек еткен. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1988), есімі ҚазКСР-нің «Алтын Құрмет» кітабына енгізілген (1986), Ленин, «Құрмет Белгісі», Еңбек Қызыл Ту, «Қазан революциясы» ордендерімен марапатталған.

**Әшімов Бәйкен** (10.08.1917, бұрынғы Ақмола облысы Көкшетау уезі, Айыртау болысы Шабакбай ауылы, казіргі Айыртау ауд. СКО – 05.02.2010 ж. Алматы) – мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері (1977). Қызылжардағы (Петропавл) ФЗО мектебін, ауыл шаруашылығы техникумын (1938), Ленинград колданбалы зоология институтын (1957), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1969) бітірген. 1938-1941 жж. армия қатарында, 1941-



1942 жж. Айыртау ауданы орта мектебінің мұғалімі болды. 1942-1945 жж. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты. 1945-1961 жж. Айыртау, Зеренді аудандарында және Көкшетау обл. партия комитеттерінде басшы қызметтер атқарған. 1961-1970 жж. Караганды, Талдыкорған облыстарын баскарды. 1970-1984 жж. Қазак КСР Мин. Кенесінің, 1984-1985 жж. Қазақ КСР Жоғ. Кенесі Президиумының төрағасы болды. Тың жерлерді игеру және Қазақстанның ауылдық жерлерінің экономикасын көтеру жұмыстарына белсene араласқан. Осы кезеңдерде Қазақстанда Қазак газ өндіре зауыты, Актау пластмасса зауыты, Караганды резина-тех. бұйымдар зауыты, Павлодар және Шымкент мұнай өндіре зауыттары, Караганды металлургия комбинатының ақ қанылтыр шығару цехы, Екібастұз және Аксу аймактық электр ст-лары, Қапшағай су электр ст., Жәйрем кен байыту комб., т.б. ірі өнеркәсіп орындары салынды, өндіріс технологиясы жанарып, ғылым мен техника жетістіктері кенінен пайдаланылды. Сол кезде өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінен Қазақстан КСРО бойынша үшінші орынға (РКФСР мен Украинадан кейін) шыкты. 1985 жылдан дербес зейнеткер. 4 мәрте Ленин, 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, 2 мәрте I-дәрежелі Отан соғысы, «Парасат» ордендерімен және медальдармен, Монголия орденімен, сондай-ақ, Польшаның ең жоғары әскери құрмет белгісі «Вертути Милитари» орденімен марапатталған.

**Әуелбеков Еркін Нұржанұлы** – белгілі мемлекет және саяси қайраткер, ірі ұйымдастырушы, Социалистік Еңбек Ері. Ол 1930 ж. маусымын 22 жүлдэзында Көкшетау облысы Рузаев ауданы Фрунзе ауылында туған. 1948 жылы Шұқыркөл орта мектебін (медальмен) үздік бағамен бітіріп, осы жылы Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясына түсіп, оны 1953 жылы үздік бағамен бітіреді. 1953 жылдан қызметте. Солтүстік Қазақстан облысындағы МТС-тың агрономы, МТС және совхоз директоры. 1961 жылдан партия-кенес қызметтерінде, облыстық Көкшетау Кенестік атқару комитетінің төрағасы.



1965-1967 жж. Қазақстан ауылшаруашылық министрінің бірінші орынбасары, ал 1967-1968 жж. Қазақстан Республикасының астық дайындау және комбикорм министрі қызметін атқарады. 1968 жылдан 10 жыл бойы Қекшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы. Осы жылдары Әуелбековтың ұйымдастырушылық кабілетінің арқасында облыс халық шаруашылығы үлкен табыстарға ие болды. Осы жылдары Е. Әуелбековке Социалистік Енбек Ері атағы берілді.

Торғай облысында 1978-1985 жж. облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрғанда да облыстың халық шаруашылығы биік деңгейге көтерілді. Ал 1985 жылдан бастап 4 жыл бойы Қызылорда обкомында бірінші хатшы қызметін атқарды. Е. Әуелбеков қай өнірде немесе қай салада қызметте болмасын, ол өзекті проблемаларды уақытында көріп, оны дер кезінде көтеріп аяғына дейін жеткізе орындал жүрді. Мысалы, ақырғы қызмет еткен жері Қызылорда облысындағы қызметінің кейбір фрагментін келтірейік:

Казакстанда бірінші болып Арас тенізі мәселелерін көтеріп, оны жалпы мемлекеттік және халықаралық дәрежеге жеткізді. Арас тенізі туралы СССР Министрлер Кенесінің Қаулысын қабылдауға мұрындық болады; Қызылорда облысының әлеуметтік жағдайын жақсарту және экономикасын жедел дамыту туралы КОКП ОК, Қазақстан КП Орталық Комитетінін, КСРО Министрлер Кенесінің бес бірдей құжатын шығартады; Жедел геологиялық барлау жүргізіліп, мұнай, газ көздері ашылып, Құмкөл байлығы іске қосылады; Осы кезде облыста «Шалқия» руднігі, «Рисмаш» заводы, аяқ киім фабрикасы, көлік-тасымал, құрал-сайман заводы іске қостырылады; барлық шаруашылық салаларындағы құрылыш жеделдетілді, тұрғын үй құрылышы 3 есеге дейін өседі, т.т. келтіруге болады.

Жоғарыда Қызылорда облысындағы кейбір ғана істелген қызметтерін келтірдік. Басқа өнірдегі қызметтері де ұшантеніз. 1989 жылдан Москвада КСРО Жоғарғы Кенесінде үлттық істер баскармасының бірінші орынбасарлық қызметін атқарады. КСРО Орталық партия комитетінің XXIV, XXV, XXVI съездеріне делегат, бірнеше шакырудады КСРО Жоғарғы кенесінің депутаты, үш мәрте Ленин орденімен, Октябрь



революциясы ордені, үш мәртебе Енбек Қызыл Ту орденімен және басқа да наградалармен марапатталған.

Өмірінің сонғы кезеңін өзі түүп-өскен Кекшетау облысы Рузаев ауданына қарасты Жаңасу мекенінде «Жаңасу» акционерлік қоғамын құрып, сол елдің адамдарына жұмыс орындарын ашып, халықтың хал-жағдайын жөнге келтірді, көптеген үйлер салдырыды, жаңындағы бұрынғы совхоздар банкрот болып жатқанда «Жаңасу» фермерлік акционерлік қоғам көптеген ауыл шаруашылығына кажет техникалармен жетілдірілді.

Туған-туыстары, жерлестері, жолдас-достары, еркін қызмет істеген облыстардың халқы өмір бойы ұлы азаматтың есімін мактанышпен айттып, ардактап жүретіндеріне сеніміз мықты.

**Байтөсов Молдай Ысқақұлы** 1917 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Мамлютка селосында туған. Енбек жоғын 1930 жылы Петропавл ауданындағы «Коминтерн» ұжымшарында катардағы колхозшы болудан бастаған. 1934 жылдан осы ұжымшарда тракторшы болып істеген. 1938 жылдан Петропавл ауданындағы «1 Май» ұжымшарында, кейін трактор-егіс бригадасының бригадирі болды. 1951 жылы бұл ұжымшар Бескөл ауданындағы «Луч Ленина» ұжымшарына косылды. Осы ұжымшарда 1978 жылға дейін, яғни зейнеткерлікке шықканша еңбек етті.

1971 жылы 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Молдай Ысқақұлы Байтөсовке Социалистік Енбек Ері атағы берілді.

**Байсарина Сәруар Мұхамедияқызы** 1936 жылы Ресейдің Новосібір облысында туған. 1953 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Белое селосына көшіп келген. Бір жылдан кейін Петропавл қаласындағы «Комсомолка» тігің фабрикасына тігінші болып орналасқан. 1964 жылы сін жогарғы разрядтағы мастер атағын алады. 1982 жылы осы кәсіпорында өндірістік оқудың нұсқаушысы болып істейді. 1966 жылы Енбек Қызыл Ту орденімен, 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады.



1974 жылы КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының Жарлығымен Сәруар Мұхамедияқызына Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен «Орак және балға» алтын медалі қоса тапсырылады. 1976 жылы КОКП XXV съезіне делегат болып сайланады. Осы жылы оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы беріліп, лауреат атанды. КСР Жоғарғы Кенесіне депутат болып сайланды. Қазақстан Коммунистік партиясының XVI съезінің делегаты болды.

Бірнеше рет облыстық және қалалық партия комитеттерінін мүшесі болып сайланды.

Сәруар Мұхамедияқызы зайыбы Таласпай Омарұлымен Еркін атты ұл, Алма атты қыз тәрбиелеп өсірді. 1986 жылы желтоксан айында дүниеден өтті.

**Бауkenов Еслям Бауkenұлы** 1915 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Ленин (казіргі Есіл) ауданы Карагаш ауылдық кенесінің Әлибай ауылында туған. Еңбек жолын 1933 жылы Мамлют ауданындағы «1 Май» ұжымшарында есепші болудан бастады. Содан кейін осы ұжымшардың басқарма төрағасы болып сайланады. 1936-1939 жылдары және 1941-1945 жылдары Кенес Әскері катарында болды. 1950 жылдан «Луч Ленина» ұжымшарының төрағасы қызметін аткарды. 1961 жылы сауын сиырлар гуртының бригадирі, кейін «Березовский» кеншары бөлімшесін басқарды.

1957 жылы 11 қантарда КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Еслям Бауkenұлына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Екі рет Қазақ ССР Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланды.

**Бекібаева Құлән Серғалиқызы** 1939 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Құспек ауылында туған. Социалистік Еңбек Ері (1973). Еңбек жолын 1956 жылы «Ақан» кеншарында жұмысшылықтан бастады. 1965 жылдан осы шаруашылықта сауыншы болып істеді.

**Бекузаров Руслан Камбулатович** 1927 жылы Солтүстік Осетин АССР-інде туған. 1948 жылдан Ростов облысында бір

кеншардың бөлімше механигі болып істеді. 1954-1956 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы «Восход» кеншарында бас инженер қызметін атқарды. Та什кенттің ауыл шаруашылығын механизациялау және ирригациялау институтын бітіргеннен кейін 1960 жылдан «Октябрь» кеншарының директоры, 1963-1981 жылдары Кенес ауданындағы Чапаев атындағы кеншарды басқарды.

1973 жылы 6 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Руслан Камбулатович Бекузаровка Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 1972 жылы ол «Қазақ КСР-нің еңбек сінірген ауылшаруашылық қызметкері» атағын алған болатын.

**Белова Матрена Павловна** 1917 жылы Челябі облысы Мокроусов ауданы Шыгровка селосында туған. 1935 жылдан Солтүстік Қазақстан облысында «Мамлют» кеншарында сауышты болып істеген.

1966 жылы 22 наурызда КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Матрена Павловна Беловаға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бірнеше жыл қатарынан ол Үүкілодактық халық шаруашылығы көрмесіне катысып, бес рет кола және күміс медальдарымен марапатталған.

**Белоглазов Леонид Яковлевич** 1929 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданындағы Николаевка селосында туған. Социалистік Еңбек Ері (1976 ж.). ҚазКСР ауыл шаруашылығына енбегі сінген қызметкер (1974 ж.). Еңбек жолын 1944 жылы «Красное знамя» ұжымшарында, казіргі Есіл ауданындағы «Николаевский» АҚ-да бастаған. Механизаторлар курсын бітіргеннен кейін тракторшы болып істеген. 1951 жылдан «Николаевский» кеншарының егістік бригадасының бригадирі болған. Үш мәрте Ленин және Октябрь революциясы ордендерімен марапатталған.

**Борицько Алексей Дмитриевич** 1922 жылы Омбы облысы Есілкөл ауданы Орловка селосында туған. 1934 жылдан осы аудандағы «Красная Орловка» ауылшаруашылық артелінде колхозшы болып істеді. 1941-1949 жылдары Кенес Әскері қатарында болды. 1949-1955 жылдары Солтүстік Қазақстан

облысы Булаев (казіргі М. Жұмабаев) ауданындағы «Чистов» кеншарында тракторшы, ал 1955 жылдың сәуірінен трактор бригадасының бригадирі қызметін атқарды.

1967 жылы 19 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Алексей Дмитриевич Борицькоға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бұған дейін ол Еңбек Қызыл Ту орденімен маралатталып, Бүкілодактық ауылшаруашылығы көрмесіне катысқан.

**Горбунов Иван Никифорович** 1913 жылы Пенза облысы Русско-Камешкир ауданы Бегуч селосында дүниеге келген. 1938 жылы Саратов зооветинститутының ветеринарлық факультетін бітіргеннен кейін бес жылдай Амурдағы ветеринарлық инспекцияны басқарды. 1943-1944 жылдары корғаныс құрылышында еңбек етті. 1945 жылы Қазақ ССР ПМН-нің ветеринарлық инспекциясын, кейін мал шаруашылығы бөлімін басқарды. 1953 жылдан Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданындағы «Петропавл» кеншарының директоры қызметін атқарды.

1966 жылы 22 наурызда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Иван Никифоровичке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Данченко Евдокия Федоровна** 1920 жылы Калинин облысы Ашевск ауданы Грине елді мекенінде туған. Еңбек жолын 1937 жылы Ленинградтағы С.М. Киров атындағы зауытта фрезеровші болудан бастаған. 1944 жылы Қазақстанға коныс аударған. 1950 жылдан Петропавл қаласындағы В.В. Куйбышев атындағы зауытта фрезеровші болып істеді.

1960 жылы 7 наурызда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Евдокия Федоровна Данченкоға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Демидов Герман Александрович** 1927 жылы Алтай өлкесі Егоров ауданы Шубинка селосында туған. Еңбек жолын 1943 жылы Омбы теміржолының Чапы стансасында автоблокировка шеберінің окушылығынан бастайды. 1945-1947 жылдары Макушин стансасында монтер болды. 1947 жылдан Петропавл стансасының локомотив депосында машинистің



көмекшісі, одан кейін паровоз машинисі, ал 1955 жылдан электровоз бен тепловоз жүргізушісі болып істеді. 1966 жылдан Петропавл стансасындағы локомотив депосында кезекші қызметтін атқарды.

1959 жылы 1 тамызда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Герман Александрович Демидовқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ол Қазак КСР Жоғарғы Кенесінің депутаты, КПСС-тің XXII съезінің делегаты болып сайланған.

**Диркс Мартын Мартынович** 1928 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданындағы Березовка селосында туған. Еңбек жолын 1944 жылы тракторшы болудан бастады. Кейін Петропавл ауданындағы «Новая жизнь» ұжымшарының трактор-егіс бригадасының бригадирі болды. 1955-1961 жылдары осы аудандағы Киров атындағы ұжымшарды басқарды. 1961 жылдан Бескөл ауданындағы «Тоқшын» кеншарының директоры, ол 1977 жылдан Петропавл облгаз тренажерінде басқарушысы қызметтерін атқарды.

1971 жылы 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Мартын Мартынович Диркске Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Донченко Андрей Васильевич** 1911 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданындағы Троицк селосында дүниеге келген. Еңбек жолын 1929 жылы «Троицк» ұжымшарында бастаған. 1931 жылдан Мамлют ауданындағы «Қызыл әскер» кеншарында жұмыс істеді. 1933-1936 жылдары Қызыл Әскер катарында болып, кейін комсомол және партия үйімдарында қызмет етті. 1944-1973 жылдары Сергеев (қазіргі Шал ақын) ауданындағы «Приишим» кеншарының директоры болып істеді.

1971 жылы 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Андрей Васильевич Донченкоға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сонымен катар ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған. Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланған.

**Ефимов Сергей Кириллович** (1918 жылы, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Тахтаброд ауылы – 1979 жыл)



лы) – Социалистік Енбек Ері (1957). Енбек жолын 1938 жылы техникумды бітірген сон Ақан ауылында агроном болып бастаған. 1940 жылы Кенес Әскері қатарына шакырылған, Екінші дүниежүзілік соғысқа катысады. Соғыстан кейін 1946-1955 жылдары учаскелік инспектор, Константинов және Тахтаброд МТС-да бас агроном, 1955-1962 жылдары Константинов МТС-ның директоры, Арықбалық ауданының ауылшаруашылық инспекциясының бастығы, аудандық жоспарлау комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған.

**Жукова Татьяна Яковлевна** 1914 жылы Пензен облысы Нижеломов ауданы Большой Мечкос селосында туған. 1957 жылдан Солтүстік Қазакстан облысы Бескөл ауданындағы «Заречный» кеншарында бұзау құтушісі болып істеді.

1966 жылы 22 наурызда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Татьяна Яковлевна Жуковаға Социалистік Енбек Ері атағы берілді.

**Қадралин Есілбай Тәлкейұлы** 1948 жылы Көкшетау облысы Қызылту ауданы Чапаев селосында дүниеге келген. Социалистік Енбек Ері (1980). Қазак КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1997). 1964-1982 жылдары шопан, жургізуші, механизатор, 1982 жылдан трактор-егістік бригадасының бригадирі, 1989-1992 жылдары ауылдық кенестін төрағасы қызметтерін атқарған. Мәскеудегі Дүниежізі жастарының кездесуіне катысады (1972), Берлинде Жастар және студенттердің 10-бүкіләлемдік фестивалінің делегаты. 1975 жылы Қазақстан жастар атынан Бирма Республикасында болып қайтты. Қазіргі кезде фермер. 2 мәрте «Ленин», Қазан революциясы ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**Кириленко Мария Ивановна** 1935 жылы Солтүстік Қазакстан облысы Возвышен ауданында дүниеге келген. 1948 жылдан «Кенесский» кеншарында тұқым себуші, кейін аға шошка өсіруші болып істеген.

1966 жылы 22 наурызда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Мария Ивановна Кириленкоға Социалистік Енбек Ері атағы берілді.



**Колмыков Иван Карпович** 1908 жылды Солтүстік Қазақстан облысы Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданында туған. Еңбек жолын колхозшы болудан бастаған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1946-1963 жылдары Баян МТС-да комбайнышы болып істеді. Кейін Киров атындағы кеншарда машина аула-сының менгерушісі қызметін атқарған.

1952 жылды 28 маусымда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Иван Карпович Колмыковқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бұған дейін ол Еңбек Қызыл Ту орденімен және «Еңбегі ерлігі үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

**Константинов Федор Васильевич** 1910 жылды туған. Еңбек жолын 1923 жылды әкесінің шаруашылығында бастап, кейін теміржолда жұмыс істеп, машина жүргізуі болды. 1941-1945 жылдары Кенес Эскері қатарында қызмет етті. 1946 жылдан Конюхов ауданындағы «Красная крепость» ұжымшары басқармасының төрағасы болып істеген.

1957 жылды 11 қантарда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Федор Васильевич Константиновқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Корабельников Яков Григорьевич** 1938 жылды Солтүстік Қазақстан облысы Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Калинин атындағы ұжымшарда туған. 1954 жылдан «Пушкин» кеншарында сауыншы болып істеген. Ол өзінің кажырлы енбекімен кез келген жағдайда сиырдан мол өнім-сүт саууға болатынын дәлелдеді.

1971 жылды 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Яков Григорьевич Корабельниковке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Оның есімі Қазақ КСР Құрмет кітабына енгізілді.

**Кузоваткина Антонида Алексеевна** (1916 жылды, Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі F. Мұсірепов ауданы Матвеев селосы) – Социалистік Еңбек Ері (1966). Еңбек жолын 1934 жылды Златоуст каласында «Уралсибспецстрой» тресін-



де жұмысшы болып бастаған. Туған селосына оралып, «Жизнь» ұжымшарында шошқа бағушы болып жұмыс істеді.

**Курбатов Владимир Федорович** 1920 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Петропавл ауданының Маевка селосында туды.

Еңбек жолын 1938 жылы Чапаев МТС-нда комбайнер болудан бастады. 1939-1944 жылдары Кенес Әскері қатарында қызмет етті. 1945 жылдан 1962 жылға дейін Приишим МТС-да комбайнер болып істеді. 1962 жылдан Куйбышев атындағы кеншардың трактор-егіс бригадасында жөндеуші болып істеді.

1957 жылы 11 қантарда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Владимир Федорович Курбатовқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Курлов Василий Николаевич** 1909 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Сергеев (казіргі Шал ақын) ауданының Ново-Покровка селосында туды. 1924 жылы қулактарға жалданып, жұмыс істей бастады. 1928-1931 жылдары «Красный кожевник» кәсіпшілік артелінде бастапқыда қатардағы жұмысшы, кейін артель төрағасы болып істеді.

1932 жылдан 1937 жылға дейін аудандық комсомол комитетінің хатшысы болды, 1937 жылдан бастап партия жұмысына ауысты. 1951-1963 жылдары Булаев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Кейін енбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Кенесі атқару комитетінде коныс аудару және ұйымдаскан түрде жұмысшы күшін жинау бөлімінің менгерушісі болып істеді.

1957 жылы 11 қантарда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Василий Николаевич Курловқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ол екі рет Қазак КСР Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланады.

**Лизунов Иван Михайлович** 1923 жылы Воронеж облысындағы Лиманск ауданының Кооперативные Дворики поселке-сінде туды. 1941-1943 жылдары Кенес Әскері қатарында қызмет етті. 1947 жылдан 1954 жылға дейін Воронеж облы-



сынын «Радчен» астық кеншарында аға агроном болып істеді. 1954 жылдың наурыз айынан Солтүстік Қазакстан облысындағы Булаев (қазіргі М. Жұмабаев) ауданының «Молодогвардейский» кеншарының директоры кызметін аткарған.

1957 жылы 11 кантарда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарлығымен Иван Михайлович Лизуновка Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Михедько Александр Михайлович** (1911 жылы, Солтүстік Қазакстан облысы Айыртау ауданы – 1979 жылы) – Социалистік Еңбек Ері (1957). Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Еңбек жолын 1929 жылы ұжымшарда бастаған. Соғыстан кейін МТС-та механик болып жұмыс істеген. 1952 жылы «Красный полевод» (Чапаев атындағы) ұжымшарының төрағасы болып сайланады. 1961 жылдан «Константиновский» кеншарында бригадир кызметін аткарған.

**Мусипов Қажым** (1912 жылы, Солтүстік Қазакстан облысы казіргі Ш. Уәлиханов ауданы – 1982 жылы, сонда) – Социалистік Еңбек Ері (1957). Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Еңбек жолын есепші болып бастап, кейіннен ауылдық кенестің, комсомол комитетінің, аудандық жер бөлімінің бастығы болды. 1945 жылы Кеңес Әскері катарынан босаған сон туған ауданында басшылық кызметтерде болып, «Ұялы» ұжымшарының төрағасы (1954), 1957 жылдан «Чапаевский» кеншарының директоры, сонғы жылдары К. Маркс атындағы кеншардың бас зоотехнигі кызметін аткарған.

**Мұсірепов Ғабит Махмұтұлы** – казіргі қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі. Оның казақ жазба әдебиетіне қосқан үлесі мол. Қазақ әдебиетіндегі әңгіме, очерк, публицистика, повесть, роман, драма жанрларының қалыптасып, дамуында F. Мұсіреповтің өзіндік орны бар. Сондай-ақ әдеби сын мен әдебиеттану саласында да оның сибігі елеулі. Жер жүзі әдебиеті мен орыс әдебиетінің классиктерінен казақ тіліне шебер аудара отырып, ол туған әдебиетінің алтын қазынасын байытат түсken ірі аудармашы да. Идеялық мазмұны



терен, көркемдік қасиеті қөзтартарлық талай-талай асыл бұйымдардың авторы Ф. Мұсірепов — қазақ әдебиетіндегі майталман жүйрік сөз зергерлерінің бірі. Оның көркемдік шеберлігі кейінгі буын қаламгерлердің үйреніп, тағылым аларлық әдеби мектебіне айналды. Қазақ әдебиетінің дамуына келелі үлес коскан ол — тек казақ еліне ғана емес, бүкіл халықка да кен танылған ірі суреткер. Оның көрнекті енбектері орыс және басқа да халықтар тілдеріне аударылуымен қатар, шетел тілдеріне де аударылып, кеңінен тарағаны мәлім. Қазір Ғабит Махмұтұлы Мұсіреповтің есімі бүкіл дүние жүзіне мәшһүр.

Ол 1902 жылы 22 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Жамбыл ауданы Жанажол ауылында кедей шаруа отбасында туған. 1908-1910 жылдары өз ауылында молдан оқып, арабша хат таниды. 1916-1918 жылдары Қостанай уезінің Обаған болысындағы екі класты орыс мектебінде оқыды. 1918-1921 жылдары Пресногорьковтағы жоғарғы бас-кыш училищеде оқып бітірген. 1923-1926 жылдары Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетін (рабфакты) оқып тамамдайды. 1926-1927 жылдары Омбы қаласындағы Ауылшаруашылық академиясында оқиды. 1927-1928 жылдары Шучинск орман шаруашылығы техникумында оқытушы болып істеген.

1928 жылдан бастап Ф. Мұсірепов Қазақстанның партия, Кенес баспа орындарындағы әр түрлі жауапты қызметтерде болды. 1928-1932 жылдары Қазақстан мемлекеттік баспасының бас редакторы міндетін аткарды. 1933 жылы Қазак АКСР Оқу халық комиссариатының өнер секторының менгерушісі, 1934-1935 жылдары алдымен «Қазақ әдебиеті», кейін «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы, 1936 жылы БК(б)П Қазақстан Өлкелік Комитетінің баспаса з бөлім менгерушісінің орынбасары, 1937 жылы Қазақстан Компартиясы саяси-ағарту бөлімінің менгерушісі болып жұмыс жасады.

Ғабит Махмұтұлы Мұсірепов 1938 жылдан 1955 жылға дейін бірынғай жазушылық енбекпен шұғылданды.

1956-1957 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органдары «Ара-Шмелъ» атты казақ-орыс тілінде шығатын сатиралық журналдың бас редакторы болып істеді.



1956-1961, 1964-1966 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы міндептін атқарды.

1959 жылдан 1985 жылға дейін КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болып сайланды. 1972 жылы 18 кантардағы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының III пленумында Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болып сайланды.

1958 жылдан КСРО Министрлер Кенесінің жаңындағы әдебиет, өнер және архитектура саласындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитеттің мүшесі. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі.

Ғ. Мұсірепов – көрнекті қоғам, мемлекет қайраткері. Қазақстан Коммунистік партиясының I (1937), X (1960), XI (1961) съездерінде КП Орталық Комитетінің мүшесі болып, 1963, 1967, 1971, 1975, 1980, 1985 жылдардағы сайлауларда Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланды.

Ғабит Махмұтұлы Мұсірепов – бүкіл халықтар жетістіктерін жер жүзіне насиҳаттап, танытуға белсенді еңбек сінірген данкты жазушы. Ол Азия және Африка жазушыларымен байланыс жөніндегі Кенестік Комитет төрағасының орынбасары, Еуропа мәдениеті қоғамының мүшесі ретінде шетелдін прогрессивті, демократ жазушыларымен мәдени, достық карым-қатынасты құшайтіп, нығайтуға да үлкен үлес қосты. Кенес әдебиетін өркендетудегі аса елеулі еңбегі үшін Ғ. Мұсірепов Ленин (үш рет), Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту (екі рет) ордендерімен, КСРО медальдарымен және Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің грамоталарымен мара-пattалды. 1970 жылы ол «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды. Оған 1974 жылы Социалистік Еңбек Ері, 1984 жылы Қазақ КСР Халық жазушысы атағы берілді. 1977 жылы «Суреткер парызы» кітабы үшін Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығы беріледі.

**Мелехин Николай Михайлович** 1929 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Соколов ауданының Николаевка селосында туды. 1945-1948 жылдары «Путь коммунизма» ұжым-

шарында тракторшы болып істеді. 1949-1952 жылдары Кенес Эскері катарында қызмет етті. 1952 жылдан 1958 жылға дейін Налобин МТС-нда еңбек етті, кейін 1958 жылдан 1961 жылға дейін «Путь коммунизма» ұжымшарында тракторшы болды. 1961 жылдың акпанынан бері «Налобин» кеншарында тракторшы-комбайнер.


1967 жылы 19 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесінің Төрал-қасының Жарлығымен Николай Михайлович Мелехинге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Мұстафин Төлебай** 1929 жылы Солтүстік Қазакстан облысындағы Преснов (казіргі Жамбыл) ауданының Кенже ауылында туды. Трактористер курсын бітіргеннен кейін 1950 жылы Преснов МТС-інде тракторшы болып істейді. 1957 жылдан «Благовещенка» кеншарында тракторшы.

1967 жылы 19 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Төлебай Мұстафинге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Окунев Василий Андреевич** (1925 жылы, Ресей, Тамбов облысы Жердев ауданы Григорьевка селосы – 1973 жылы) – Социалистік Еңбек Ері (1972). Жоғары партия мектебін бітірген (1961). Еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалім болып бастаған (1940). Екінші дүниежүзілік соғыска қатысқан. Ұрыста жарапанғаннан кейін мектепте, партия органдарында жұмыс істеген. 1961 жылы Арықбалық (казіргі Айыртау ауданының құрамында) аудандық партия комитетінің хатшысы, 1962 жылы Қызылту (казіргі Уәлиханов) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**Оразалин Қибадат** (1929 жылы, Солтүстік Қазакстан облысы Уәлиханов ауданы Жанаталап ауылы) – Социалистік Еңбек Ері (1971). Еңбек жолын 1948 жылы Қарағанды жол дистанциясында теміржол жұмысшысы болып бастаған. 1959 жылы Елтай ауылының аға шопаны болған. 2 мэрте Ленин орденімен және медальдармен марапатталған.



**Очередъко Николай Григорьевич** 1929 жылды Украина КСР-інің Винницк облысындағы Писарев ауданын Сокиренцы селосында туған. Еңбек жолын 1941 жылды бастады, бұдан кейін ФЗО-да оқып, тракторшы мамандығын алды шықты. 1955 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан облысындағы Тимирязев ауданының Богдан Хмельницкий атындағы кеңшарда тракторшы болып істеген.

1967 жылды 19 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Николай Григорьевич Очередъко Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Петров Василий Прокопьевич** 1915 жылды туды. Еңбек жолын 1930 жылды Петропавл ет комбинатында бастады, мал етін алғашкы өндіреу цехінде жұмысшы болып істеді.

1966 жылды 14 маусымда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Василий Прокопьевич Петровқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Пономарев Петр Васильевич** 1910 жылды Солтүстік Қазақстан облысындағы Приишім ауданының Ново-Михайловка селосында туды. 1931 жылды жұқ тасушы болып жұмыс істей бастаған, кейін Краснояр өлкесінің «Кругтояр» астық кеңшарында тракторшы болды. 1936 жылдан бастап, комбайннерлер курсын бітірген соң, Солтүстік Қазақстан облысындағы Мамлют ауданының «Интернационал» МТС-нда комбайнер болып істеді. 1958 жылдан «Дубровин» кеңшарында комбайнер болып істеген.

1952 жылды 21 маусымда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Петр Васильевич Пономаревке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланған.

**Попов Владимир Александрович** 1912 жылды Краснодар өлкесі, Гулькевичин ауданы Гирей станциясында туған. Еңбек жолын 1932 жылды Краснодар өлкесінде Первомай селекциялық-тәжірибе стансасында агрономдықтан бастаған. Содан кейін Ставрополь өлкесінің әр түрлі шаруашылықтарында агроном болып істеді. 1952-1954 жылдары



Ставрополь өлкесінде «Коммунар» кеншары директорының орынбасары. 1954 жылдың наурызында тың және тынайған жерді игеру үшін Солтүстік Қазакстан облысына келіп 1955 жылға дейін Тимирязев ауданындағы «Ишим» кеншарында аға агроном қызметін аткарды. 1955-1957 жылдары «Докучаев» кеншарының директоры, 1957-1961 жылдары «Дзержинский» кеншарының бас агрономы, 1961-1973 жылдары Булаев ауданындағы «Чистов» кеншарының бас агрономы болып істеді.

1971 жылы 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Владимир Александрович Поповка Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сонымен қатар ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. «Қазак КСР-іне енбегі сінген агроном» атағының иегері.

**Попов Владимир Иванович** 1936 жылы Солтүстік Қазакстан облысындағы Ленин (казіргі Есіл) ауданының Покровка селосында туды. 1953 жылы Вильямс атындағы МТС-те токардың үйренушісі болып еңбек ете бастады. 1955 жылдан 1961 жылға дейін осы МТС пен «Интернационал» МТС-де комбайннер болып істеді. 1961 жылдан бері «Белов» кеншарының комбайнери.

1967 жылы 19 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Владимир Иванович Поповка Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Прыгункова Елизавета Сергеевна** 1929 жылы Брянск облысындағы Бежицы қаласында туған. 1964 жылдың сәуірінен 1974 жылдың шілдесінде дейін Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы «Мичурин» кеншарында сауыншы болып істеген.

1971 жылы 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Елизавета Сергеевна Прыгунковаға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Росинский Дмитрий Афанасьевич** 1927 жылы Одесса облысы Песчан ауданындағы Горбино селосында туған. Солтүстік Қазақстан облысындағы Тимирязев атындағы МТС-та



тракторшы болып істеді. 1950-1956 жылдары тракторлық, 1957 жылдан трактор-егіс бригадасын кейін Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы «Заречный» кеншарының комплексі бригадасын басқарды.

1973 жылы 10 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Дмитрий Афанасьевич Росинскийге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сонымен қатар «Қазак КСР-іне енбекі сінген механизатор» құрметті атактың иегері.

**Самойленко Василий Афанасьевич** 1911 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Октябрь ауданының Дмитриевка селосында туды. 1930 жылдан «Новый быт» ауыл шаруашылық артелінің колхозшысы. 1932 жылдан 1941 жылға дейін Коновалов МТС-де комбайнер болып істеді. 1941-1942 жылдары Ұлы Отан соғысы майдандарында шайқасты. 1942 жылдан 1957 жылға дейін Коновалов МТС-де трактор бригадасының бригадирі болып істеді. 1957 жылдан Тимирязев ауданындағы «Степной» кеншарының комбайнері.

1966 жылы 23 маусымда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Василий Афанасьевич Самойленкоға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Самсонов Алексей Тихонович** 1928 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданындағы Петровка селосында туған.

Еңбек жолын 1941 жылы комбайндердің көмекшілігінен бастады, 1945 жылдан комбайнер болып істеді. 1954-1957 жылдары Преснов ауданындағы «Организованный труд» ұжымшар бригадирінің көмекшісі. Ал 1957 жылдан «Благовещенский» кеншарының № 2 бөлімшесінің комбайнері болып істеді.

1967 жылы Ленин орденімен, 1971 жылы Октябрь революциясы орденімен маралатталған. 1972 жылы 13 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының Жарлығымен Алексей Тихонович Самсоновқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Серкебаев Ермек Бекмұхамедұлы** (17.04.1926, Петропавл қаласы) – әнші. КСРО халық әртісі (1950), Қазак КСР халық әртісі (1956), профессор (1983), қоғам қайраткері.



Социалистік Еңбек Ері (1986). Петропавл қаласының Құрметті азаматы. 1941-1943 жж. П. Чайковский атындағы Алматы музикалық училищесіндегі скрипка класы бойынша оқыған. 1951 жылы Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын (вокал бойынша) бітірген. Студент кезінде Абай атындағы Опера және балет театрының шығармашылық ұжымында қызмет істеген. Абай партиясын (А. Жұбанов пен Л. Хамиди, «Абай») орындаған. 1973 жылы Алматы консерваториясын жеке дауыста ән айту кафедрасының оқытушысы болған. Серкебаев орындаған партиялардың ішінде Қожағұл, Амангелді (М. Төлебаев. «Біржан мен Сара», М. Төлебаев және Е. Брусиловский, «Амангелді»), Абай, Серке (А. Жұбанов пен Л. Хамиди. «Абай», С. Мұхамеджанов. «Айсұлу»), Тарғын, Артем (Е. Брусиловский. «Ер Тарғын», «Дударай»), Онегин, Елецкий (П. Чайковский. «Евгений Онегин», «Пиковая дама»), Петруччио (В. Шебалин. «Укрощение строптивой»), Фигаро (Дж. Россини, «Севильский цирюльник»), Валентин («Фауст»), т.б. бар. Әнші репертуарында казактың халық әндері, орыс және шетел композиторларының шығармалары бар. Шетелдерде өнер көрсеткен. Киноға да түскен. КСРО Жоғарғы Кенесінің, VIII-XI шақырылған Қазак КСР Жоғарғы Кенесінің депутаты. Вокалистер конкурсының (Будапешт, 1953) лауреаты, КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1977) және Қазак КСР Мемлекеттік сыйлығының (1972) иегері. «Музыка» номинациясы бойынша 2000 жылы «Тарлан» сыйлығын жеңіп алған. «Отан», 2 мәрте Ленин, Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**Симонов Василий Александрович** 1928 жылы Солтүстік Қазақстан облысында Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданының Казанка селосында туды. 1942 жылы «Прибой» ауыл шаруашылық артелінде енбек істей бастады. 1948 жылдан 1951 жылға дейін Кенес Әскері катарында қызмет етті. 1951 жылдан бастап «Прибой» ұжымшарында тракторист болып істеді. Кейін «Островский» кеншарында трактор бригадасының есепшісі және бригадирі болды. 1963 жылдан осы кеншардың бөлімше басқарушысы қызметін аткарды.

1967 жылы 19 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Василий Александрович Симоновка Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.



**Слонов Степан Егорович** 1927 жылды Солтүстік Қазақстан облысындағы Конюхов ауданының Правдино селосында туды. 1942 жылды катардағы колхозшы болып енбек істей бастады. 1943 жылдан бастап «Суворов» МТС-де тракторист, 1947 жылдан 1952 жылға дейін трактор бригадасының бригадирі және 1953 жылдан 1956 жылға дейін механикаландырылған отрядтың бригадирі болып істеді. 1959 жылдан «Новый путь» ұжымшарының аға механигі. 1961 жылдан бері «Суворов» кеншарының бас инженері қызметін аткарған.

1957 жылды 11 қантарда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Степан Егорович Слоновқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Сұрағанов Құрманғали** 1928 жылды Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл ауданының Баян ауылында туған. 1943 жылды «Баян» ұжымшарында енбек ете бастады. 1960 жылдары «Приишим» кеншарының комбайнери, трактор бригадасының бригадирі болды. Кейін «Баянауыл» кеншарының бөлімшесі басқарушысы қызметін атқарды.

1967 жылды 19 сәуірдегі КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Құрманғали Сұрағановқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Сыздықов Эбу** 1919 жылды Солтүстік Қазақстан облысындағы Кенес (қазіргі Аққайын) ауданының Ойшілік ауылында туған. 1936 жылдан «Киялы» кеншарында жұмысшы, кейін Шағылыш машина-трактор станциясының тракторшысы болып істеді. 1941 жылдан 1946 жылға дейін Кенес Әскері катарында қызмет етті. 1953 жылдан Шағылыш МТС-де трактор бригадасының бригадирі, кейін 1965 жылдан «Путь Ильича» кеншарында трактор-егіс бригадасында жөндеуші болып істеді.

1957 жылды 11 қантарда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Эбу Сыздыковқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Стешюк Анатолий Федорович** (1936 жылды, Украина, Черкасск облысы Жашковский ауданы Бузовка селосы) –



Социалистік Еңбек Ері (1966). КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Жергілікті ұжымшарда трактор тіркемешісі болып жұмыс істеген. Ауылшаруашылық механизациясы училищесін бітірген. Алғашқы тың игерушілердің бірі. 1954 жылдан Қызылту (казіргі Ш. Уәлиханов) ауданында «Озерный» кеншарында жүргізуші болып жұмыс істеген. Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**Төлебеков Қасым Қажыбайұлы** (1935 жылы, Петропавл қаласы) – Социалистік Еңбек Ері. Алматы зоовет. институтын, Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. 1960-1980 жж. Булаев, Сергеев және Преснов аудандарының кеншарларында зоотехник, бас зоотехник, содан кейін аға зоотехник, облыстық ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары болып жұмыс істеген. Бескөл аудандық атқару комитетінің төрағасы, Булаев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1981-1986 жж. Қостанай облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, Қостанай облыстық атқару комитетінің төрағасы, 1987 жылы Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1988 жылы Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары қызметтерін аткарған. 2 мәрте Ленин, 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, Казан революциясы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**Телюк Петр Захарович** 1925 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев (казіргі Шал ақын) ауданы Кривоцеково селосында туған. Еңбек жолын 1941 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Октябрь ауданындағы «Новый труд» ұжымшарында бастаған. 1942 жылы Ақмола-Қарталы теміржолын салуға катысқан. 1943 жылы Кенес Әскері қатарында болып, Ұлы Отан соғысына катысушы, жарапанған. 1944 жылдан партия, Кенес және комсомол үйымдарында қызмет аткарған. 1969-1975 жылдары Бескөл аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеді. 1975 жылдан Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бөлім менгерушісі болған.

1973 жылы 10 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Петр Захарович Телюкке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сонымен қатар екінші рет Ленин орденімен, екі «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. Қазак ССР Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланған.

**Тұрғынов Байман Тұрғынұлы** 1927 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Ленин (казіргі Есіл) ауданындағы Бірлік ауылында туған. Еңбек жолын 1942 жылы туған ауылында бастады. 1944 жылы Теміртау қаласындағы металлургия зауытында құюшы, құю цехының мастері болып істеді. Ауылшаруашылық техникумын бітіргеннен кейін 1955-1960 жылдары «Мамлют» асылтұқымды кеншардың №2 бөлімшесінде агроном, ал 1960 жылдан осы шаруашылықтың бас агрономы қызметін аткарды.

1973 жылы 10 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Байман Тұрғынұлына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бұған дейін ол екі рет Ленин орденімен марапатталып, «Қазак ССР-інің еңбек сінірген агрономы» атағын алған болатын.

**Ұмышев Эбілжан Ұмышұлы** 1912 жылы бұрынғы Көкшетау, Ақмола облысындағы Зеренді ауылында дүниеге келген. 1957 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алған. Еңбек жолын 1930 жылы мұғалім болудан бастаған. Ұлы Отан соғысы жылдары және одан кейін аудандық жер бөлімінің бастығы, Көкшетау аудандық партия комитетінің хатшысы, Володар аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Грачев МТС-нің директоры, Чистопол аудандық атқару комитетінің төрағасы (казіргі F. Мұсірепов атындағы аудан) қызметтерін аткарған.

1989 жылы қайтыс болды.

**Филиппенко Петр Яковлевич** 1917 жылы Омбы облысы Есілкөл ауданындағы Орловка селосында туған. 1933 жылдан «Красная Орловка» ұжымшарында еңбек ете бастады. 1935-1939 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Булаев

(қазіргі М. Жұмабаев) ауданында мектеп менгерушісі болып істеді.

1939-1943 жылдары Кенес Әскері қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысты. 1944 жылдан Булаев ауданының партия-Кенес органдарында қызмет атқарды. 1955-1973 жылдары Кенес аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. 1973-1979 жылдары Солтүстік Қазакстан облыстық партия комитетінің партиялық комиссиясын басқарды.

1957 жылы Ленин орденімен, 1966 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. КОКП-ның XXII съезінің делегаты болып сайланған.

1971 жылы 8 сәуірде КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Петр Яковлевич Филиппенко Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Хабло Иван Константинович** (1932 жылы, Ресей, Новосибирск облысы Кочков ауданы Решеты селосы) – Социалистік Еңбек Ері (1967). Алғашкы тың игерушілердің қатарында Солтүстік Қазакстан облысына келіп, Қызылту (қазіргі Уәлиханов) ауданының Бидайық ауылында комбайншы, тракторшы болып жұмыс істеген. Ленин орденімен және медальдармен марапатталған.

**Чижевский Петр Иванович** 1928 жылы Житомир облысындағы Яран ауданының Малый Торбаш селосында туды. 1954 жылдан Солтүстік Қазақстан облысындағы Октябрь ауданының «Москваецкий» кеншарында бастапқыда тіркеуші, кейін тракторист және трактор бригадасының бригадирі болып істеген.

1957 жылы 11 қантарда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Петр Иванович Чижевскийге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Шайкин Есім Шәйкенұлы** (1926 жылы, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Үлгі ауылы – 2002 жылы, Благовещенка) – Социалистік Еңбек Ері (1976). Еңбек жолын 1943 жылы туған аулында коймашы болып бастаған, кейін сол ауданының Тегісшіл ауылында есепші болып



жұмыс істеген. 1944 жылы Кенес Әскері катарына алынyp, Берлинді алуға қатысады. 1950 жылы Новорыбин май зауытының директоры, 1952 жылы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1955 жылы Преснов аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы. 1962 жылы Республика совхоз басшыларын даярлайтын мектебін бітіріп, «Заградов», «Торанғыл» кеңшарларының директоры, Соколов аудандық аткарған комитетінің төрағасы, Мәскеу, Сергеев аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, 1985 жылы облыстық әлеуметтік камсыздандыру бөлімінің менгерушісі, Жамбыл ауданы «Киров» кеңшарының директоры, Благовещенка селолық округінің әкімі қызметтерін аткарған. Ордендермен және медальдармен марапатталған. Сергеев қаласының Құрметті азаматы.

**Шварц Христиан Готфридович** 1912 жылы туды. 1934 жылдан бастап тракторист және комбайнер болып істеді. 1965 жылдан Солтүстік Қазақстан облысының Бескөл ауданындағы XXII партъезд атындағы ұжымшарда машина-трактор шеберханасының менгерушісі болып істеген.

1952 жылы 21 маусымда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Христиан Готфридович Шварцқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 1956 жылы ол екінші рет Ленин орденімен марапатталды. Қазақ ССР Жоғарғы Кенесінің депутаты болып сайланған.

**Энгель Антон Иосифович** 1929 жылы Саратов облысындағы Первомай ауданының Воскресенка селосында туды. 1954 жылы комбайнерлер курсын бітіргеннен кейін Солтүстік Қазақстан облысының Коновалов МТС-де комбайнер-механик болып істеді. 1962 жылдан Краснокут ауданының Карл Маркс атындағы кеңшарда бас инженер қызметін аткарды.

1957 жылы 11 қантарда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Антон Иосифович Энгельге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

**Эттенко Алексей Михайлович** 1937 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Лениногорск қаласында туған. Еңбек



жолын 1952 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Кенес ауданындағы «Киялы» кеншарында тракторшы-машинист болудан бастаған. Кейін КСРО-ның 50 жылдығы атындағы кеншардың №1 бөлімшесінің комсомол-жастар бригадасын баскарған.

1973 жылы 10 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Алексей Михайлович Эттенкоға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ленин орденімен, «Орақ пен балға» алтын медалі тапсырылды. Бұған дейін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған болатын.

**Яворский Борис Владимирович** (1910 жылы, Қорған облысы Борисовка селосы) – Социалистік Еңбек Ері (1957). Солтүстік Қазақстанда тың жерлерді игеру жұмысына келмestен бұрын улкен енбек жолынан өткен. Украина мен Өзбекстанда, Ресейдін шаруашылықтарында жұмыс істеген. 1954 жылы Қызылту (қазіргі Ш. Уәлиханов) ауданында ірі «Бидайық» кеншарының директоры болған.

**Яненко Иван Григорьевич** 1933 жылы Павлодар облысындағы Максим Горький ауданының Воскресеновка селосында туды. 1949 жылы Белоцерковтағы ауыл шаруашылығын мемекенділік мектебін бітіріп, «Воскресеновка» ұжымшарында комбайнер болып істеді. 1952-1954 жылдары Кенес Эскері катарында қызмет етті. 1955 жылдан 1959 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин (қазіргі Есіл) ауданының «Явленка» астық кеншарында комбайнер-шофер болған. 1959 жылдан «Миролюбов» астық кеншарында комбайнер болып істеді.

1966 жылы 23 маусымда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Иван Григорьевич Яненкоға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Оның есімі Қазак ССР Құрметті алтын кітабына жазылды.

**Янкин Илларион Павлович** 1910 жылы Самара облысын Сухоречка деревнясында туған. 1930 жылдан Куйбышев облысындағы «Новый пахарь» ауылшаруашылық артелінің колхозшысы. 1934-1946 жылдары Красногвардейск шахта-



сында забойшы, бұдан кейін Свердлов облысындағы Красноурал кен басқармасының участок бастығы болып істеді. 1946-1947 жылдары Свердлов кен институтының студенті. 1948-1954 жылдары Верхняя Пышма каласында рудник директоры. 1955 жылдан 1957 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысындағы Октябрь ауданы «Дзержинский» кеншарының директоры болды.

1957 жылы 11 қантарда КСРО Жоғарғы Кенесінің Жарлығымен Илларион Павлович Янкинге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.




## ГЕНЕРАЛДАР

**Ахмадин Элімжан Ахмадиұлы** (1937 жылы, қазіргі Шал ақын ауданының Көктерек ауылы) – милиция генерал-майоры. Алматы милиция орта мектебін, Мәскеудегі КСРО ПМ-нің жоғары мектебін (1965), КСРО ПМ-нің академиясын (1978) бітірген. Караганды облысы Саранск қалалық милиция бөлімінде жедел өкілетті қызметкер болып жұмыс істеген. 1965 жылдан милиция бөлімінің бастығы, Караганды облыстық ішкі істербасқармасы бастығының орынбасары, Караганды қалалық ПБ-ның бастығы және Шымкент (Оңтүстік Қазақстан) облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, Қазақстан ПМ-нің басқарма бастығы, Жезқазған облыстық ПБ-ның бастығы, ПМ мектебінің кафедра бастығының орынбасары, училище бастығы, ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары қызметтерін аткарған.

**Әлібеков Есет Қалиұлы** (15.05.1925, СКО қазіргі F. Мүсірепов ауданы Мұқыр ауылы – 2005) – генерал-лейтенант (1978). Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласындағы Жаяу әскерлер училищесін (1944), КСРО Ішкі істер министрлігінің Әскери институтын (1954), ал 1963 жылы ҚазМУ-ды (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) бітірген. 1943–1956 жж. Кеңес Әскери қатарында, 1956 жылдан Қазақстанның азаматтық корғаныс жүйесінде қызмет етеді. Әлібеков еліміздің әскери құрылышы, азаматтық корғаныс мәселелері бойынша көп енбек етіп, олардың дамуына зор үлесін қоскан. Оның «Азаматтық қорғаныс – халық ісі», «Азаматтық қорғаныс терминдерінің орысша-казақша түсіндірме сөздігі» (1979, 1988) атты енбектері жарық көрген. Әлібеков Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

**Бейсенов Аманжол Мұсайыпұлы** (10.01.1949, СКО қазіргі Аққайын ауданы Шағалалы ауылы) – милиция генерал-



майоры. КСРО ПМ-нің Омбы жоғары милиция мектебін (1966-1970), КСРО ПМ-нің академиясын бітірген. 1970-1974 жж. Алматы облыстық атқару комитеті ПБ-ның төргеу бөлімінде төргеуші, 1974-1983 жж. Қазақстан ПМ-нде: төргеуші, айрықша істер жөніндегі аға төргеуші, бақылау әдістемелік бөлімі бастығының орынбасары, 1984-1989 жж. Соц. Меншікті ұрлаумен күрес бөлімі бастығының орынбасары, Алматы қалалық атқару комитеті ПБ бастығының орынбасары, 1991-1992 жж. Соц. Меншікті ұрлаумен күрес басқармасының бастығы, Ұйымдастырылған қылмыс пен сыйайлар жемкорлықпен күрес Бас басқармасының бастығы, 1993 жылы ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары, Кадрлар мен оқу орындары Бас басқармасының бастығы болды. 1995 жылдан ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары. Одан кейін ҚР ПМ академиясында, көліктегі шығыс ПБ бастығы болып істеді. Қазір зейнеткер.

**Бижігітов Осман-Рұстембек Байкенжеұлы** (11.10.1952, СКО, қазіргі Шал ақын ауданы) – полиция генерал-майоры, занғылымының кандидаты. ПМ енбек сінірген қызметкери. КСРО ПМ-нің Омбы жоғары мектебін, КСРО ПМ-ін академиясын бітірген (1981). 1974 жылы РФ, Корған облысы Мокроусов аудандық ішкі істер бөлімінде қылмыстық іздестіру аға инспекторы, бастығының орынбасары, Қекшетау облыстық ішкі істер басқармасы қылмыстық іздестіру бөлімі бастығының орынбасары, 1983 жылы Қекшетау облысы (қазіргі Солтүстік Қазақстан) Зеренді ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы, 1986 жылы облыстық ішкі істер басқармасының МАИ бастығы, кейін Солт. Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасының бастығының бірінші орынбасары, 1992 жылы Ақтөбе облыстық ішкі істер басқармасының, 1994 жылы Алматы қалалық ішкі істер басқармасының, 1997 жылдың маусым айынан Шығыс Қазақстан ішкі істер басқармасында көлік бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған, 2001 жылдан ҚР ПМ-нің академиясы бастығының орынбасары. Бижігітов дзюдодан КСРО спорт шебері, каратэ-до-дан қара белдіктің иегері. Бірнеше медальдармен, есімі жазылған қарумен марапатталған.





**Бумагин Валерий Иосифович** 1946 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданындағы Советское селосында туған. Оренбург жоғарғы әскери училищесін, Совет Одағының маршалы А.А. Гречко атындағы Ленинград әскери-теніз академиясын бітірген. 1968-1978 жылдары Беларус ССР-н Быхове қаласында әскери борышын өтеген. Академияны бітіргеннен кейін полк командирі болды. 1982 жылы Калининградка, 1983 жылы Владивостокка Тынық мұхит флоты авиациясы қолбасшысының орынбасары қызметіне ауыстырылды. 1996 жылдан бастап осы флоттың теніз авиациясының қолбасшысы. III-дәрежелі «За службу Родине в Вооруженных силах СССР» Қызыл жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**Васимов Анатолий Шияпович** (10.10.1953. Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданындағы Рясин ауылы) – авиация генерал-майоры. 1975 жылы Ставрополь жоғарғы Әскери-авиациалық ұшқыштар мен штурмандар даярлайтын училищесін, 1988 жылы Венгер Халықтық Әскери-ның Әскери академиясын бітірген. КСРО (Әуе корғанысы құштері) авиациясында ұшқыштар полк командиріне дейінгі енбек жолдарынан өткен. 1992 жылдан бастап ҚР Қарулы құштерінде ӘҚҚ әскерлері командирінің орынбасары, ӘҚҚ әскерлерінің командирі, Бас штаб бастығының бірінші орынбасары, ҚР ӘК әуе корғаныс құштерінің командирі қызметтерін атқарған. 2000 жылдың шілде айынан запаста.

**Вдовин Николай Анатольевич** (1935, Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Шал ақын ауданының Рясин ауылы) – генерал-майор (1989). Енбек жолын 1954 жылы Октябрь ауданында Крещенский мектебінде ұстаз болып бастаған. Кенес Әскери қатарында (1954-1957) қызмет еткен. 1957-1965 жж. комсомол және партия органдарында, халыққа білім беру жүйесінде жұмыс істеген. 1965 жылы ҚазКСРМК жанындағы МҚКБ-на Қарағанды облысы бойынша жедел өкілетті қызметкері болып жұмысқа кабылданады. 1973 жылы Жезказған облысына, 1976 жылдан бастап Алматы қаласына МҚК кадрлар баскармасына ауыстырылған. 1981-1983 жылдары КСРО МҚК





Баскармасының Курск облысы бойынша бастығының орынбасары, 1983 жылы Семей облысы бойынша ҚазССР МҚКБ-ның бастығы, 1987-1990 жылдары Шығыс Қазақстан облысы бойынша МҚКБ-ның бастығы, 1990 жылы ҚазКСР МҚКБ-нің төрағасы қызметтерін атқарған. Медальдармен, құрмет белгілерімен марапатталған.

**Ивания Дмитрий Макарович** (1926, Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Аққайын ауданы Қиялы ауылы) – генерал-майор. 1950-1954 жылдары КСРО ПМ Әскери институтында тыңдаушы болған. Тракторшы болып енбек еткен. 1944 жылы Қызыл Армия қатарына шакырылған. Әскери қызметтін Мәскеу әскери училищелерінде курсант болып өтеген, кейіннен шекара заставасы бастығының орынбасары, бастығы, Түркістан және Батыс округтерінің шекара әскери баскармасының штаб офицері, 16 және 55-шекара отрядтарының штаб бастығы, Қыыр Шығыс шекара округінің штаб бастығының орынбасары, штаб бастығы – әскери штаб бастығы болған. 1987 жылы запасқа шығарылды. 1999 жылға дейін Киев қаласында тұрған. Ордендермен және медальдармен марапатталған.

**Игнатенко Валерий Александрович** (16.09.1943. Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі М. Жұмабаев ауданы Бугровое ауылы) – генерал-майор. Уссурийск қаласындағы Қыыр Шығыс әскери-автомобиль училищесін (1964), Қолік және тыл әскери академиясын (1972) бітірген. Әскери борышын Қыыр Шығыстағы әскери округтердің бірінде өтеген. 1994 жылдан Байкал маңы әскери округінің әскерлері командирінің орынбасары болды. 1944 жылдан Есіл ауданында Корнеев селосында тұрды. Қазіргі уақытта жұмыстан босаған, Самара қаласында тұрады.

**Клен Борис Матвеевич** (1927 жылы, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Александров селосы – 1990 жылы, Мәскеу қаласы) – генерал-майор (1983). КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Қызметтінің Құрметті қызметкері. Мәскеу авто-



мобиЛЬ жолдары институтын (1949) бітіргеннен кейін Клен комсомолдық жолдамамен МҚК-і ұйымдарында жұмыс істеген. Жедел автомашиналардың автобазасында қатардағы мемеке-ханикten бастап КСРО МҚК-тінің ірі бөлімшесінін басшысына дейінгі қызметтерде болған. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**Кужилин Владимир Филиппович** (01.10.1946, Қызылжар ауданы Барнев селосы) – генерал-майор. Философия ғылымдарының кандидаты, профессор. 1968 жылы Ташкент жоғары жалпы әскери командалық училищесін бітірген, 1974 жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтын, 1983 жылы М.В. Фрунзе атындағы Әскери академияны бітірген. Әскери қызметтің әр түрлі командалық және штабта өткеріп, сонымен катар КСРО ҚМ және РФ Орталық аппараттарында қызметте болған. 1997 жылы РФ Президент әкімшілігінде жұмыс істеді. Қазіргі уақытта РФ Президентінің Әскери кадрлар саясаты бөлімі бастығының орынбасары қызметтің аткарады. Қызыл Жұлдыз, «Мужество», «Халықтар достығы», 2 және 3-дәрежелі «За службу Родине» ордендерімен, сонымен катар КСРО, РФ және шетелдердің медальдарымен марапатталған.

**Кужилин Сергей Филиппович** (09.10.1949. Қызылжар ауданы Барнев селосы) – генерал-майор (1992). 1971 жылы Ташкент жоғары жалпы әскери командалық училищесін, 1981 жылы М.В. Фрунзе атындағы Әскери академияны бітірген, 1995 жылы РФ ҚК Бас штабының Әскери академиясын, 2003 жылы Самара мемлекеттік экономика академиясын бітірген. Тарих ғылымдарының кандидаты. Әскери қызметтің атқару кезінде взвод командирінен 1-танк Әскеріның колбасшысының бірінші орынбасарына дейінгі сатыдан өтті. Қазіргі уақытта Самара облысының әскери комиссары. «Әскери қызметі үшін», Қызыл Жұлдыз, «За службу Родине в СССР», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, сонымен катар КСРО, РФ және шетелдердің медальдарымен марапатталған. Самара каласында тұрады.



**Курматов Юрий Шамильевич** (04.10.1946, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Боголюбов селосы) – генерал-майор. 1968 жылы Ташкент командалық әскери училищесін, 1978 жылы Бронды танк Әскери академиясын бітірген. 1968-1975 жж. оку взводының, ротаның, ОДВО батальонының командири, 1975-1978 жылдары бронды танк Әскери академиясының тындаушысы, 1978-1984 жылдары ГСВГ танк полкі командирінің орынбасары, командирі, 1985-1987 жылдары ВО Балтық жағалауындағы мотоатқыштар дивизиясы командирінің орынбасары, командирі болған. 1987-1991 жылдары танк оку дивизиясының командирі, 1991-1997 жылдары КР Қорғаныс министрінің Әскери дайындық жөніндегі орынбасары, 1997-2000 жылдары КР Қорғаныс министрлігінің Әскери дайындық басқармасының бастығы, 2000 жылдан КР Қарулы құштер Бас штаб бастығының орынбасары, Әскери дайындық департаментінің бастығы. Қызыл Жұлдыз орденімен және медальдармен марапатталған.

**Мәжитов Марат Элімжанұлы** (11.11.1959 жылы Солтүстік Қазақстан облысы М. Жұмабаев ауданының Құралай ауылы) – генерал-майор. 1981 жылы КСРО ҰҚҚ Дзержинский атындағы Жоғарғы шекаралық басшылар училищесін, ал 1983 жылы Ресей Федерациясының карулы құштерінің Бас штабының Әскери академиясын бітірген.

Қызыл Тулы Шығыс шекара округінде және Қазақстан Республикасының шекаралық әскерлерінде қызмет аткарған. Ауғанстанда болған әскери шайқастарға катысқан. Чундымск шекаралық отрядының бастығы, КР-ның ҰҚҚ әскери институтының бастығы, шекара қызметі Бас штабы бастығының бірінші орынбасары қызметтерін аткарған. Ал 2006 жылдан КР-ның ҰҚҚ шекара қызметі директорының бірінші орынбасары – Бас штабтың бастығы. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Ресей Федерациясындағы шектеу қызметін жедел тобының бастығы болып тағайындалды.

Өзінін әскери қызметін үлгілі аткарғаны үшін жедел медальмен марапатталған.



**Михайличенко Николай Иванович** (18.11.1927. Қазіргі Шал ақын ауданы Садов селосы) – генерал-майор. Эскери училищенні (1951), М.В.Фрунзе атындағы Эскери академияны (1983), КСРО Қарулы Құштері бас штабының академиясын (1971) бітірген. Эскер катарына алынғанша ұжымшарда жұмыс істеп, 1944 жылы Кенес Эскеріна шақырылған. 1951-1959 жж. командалық офицерлік қызметте, 1959-1969 жылдары дивизияның, округтың штаб қызметтерінде болды. 1971-1981 жылдары КСРО Қарулы Құштерінің бас штабында, 1981-1983 жылдары КСРО Қарулы құштері бас штабының Эскери академиясында оқытушы болған. 1983 жылдан зейнеткерлік демалыста, Мәскеу каласында тұрады.

**Мұстафетов Есенгелді Әбілмазинұлы** (09.04.1943. Солтүстік Қазакстан облысы Мамлют ауданы Калугин селосы) – генерал-майор. Тәжікстан мемлекеттік университетін (1969) бітірген. 1962-1965 жылдары Қарулы Құштер катарында әскери борышын өтеген. 1969 жылы Тәжікстан МҚК-не жұмыска алынады. Қазір ҚР ҰҚҚ-нде қызмет атқаруда. Бірнеше медальмен марапатталған.

**Нұрмаганбетов Қадыргали Нұрмаганбетұлы** (22.04.1925. Солтүстік Қазакстан облысы Айыртау ауданы Дәуқара ауылы) – генерал-майор. Енбек жолын 1942 жылы Дәуқара ауылындағы орталу мектепте ұстаз болып бастаған. 1942-1943 жылдары Фрунзе жаяу әскери училищесінің курсанты, 1943 жылы взвод командирінің орынбасары болды, 1944 жылы II Украина майданында кіші лейтенанттар курсынан өтті. 1945-1946 жылдары взвод командири, рота командирінің орынбасары, 1948 жылы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне қызметке алынып, 1987 жылы наурыз айында Жамбыл облысы МҚК басқармасының бастығы қызметінен зейнеткерлік демалыска шыққан. 1-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет Белгісі», 2 мәрте Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**Рахымжанов Төлеген Шаймерденұлы** (30.08.1948, СКО Петропавл каласы) – милиция генерал-майоры. Алматы милиция мектебін (1973), КСРО IIМ Қарағанды Жоғары



мектебін (1984), КСРО ПМ Академиясын (1989) бітірген. 1970 жылы қантарда Қенес Әскері катарынан босатылған сон Красноармейский аудандық комсомол комитетінің жолдамасымен Қостанай облыстың милиция бөліміне жіберілген. 1973 жылы желтоксанда Тайынша облыстың қылмысты іздестіру бөлімінің инспекторы, кейін Қекшетау облысы Шучинск АПБ бастығының орынбасары, 1984 жылы Қарағанды-Сортировочная облыстың ПБ бастығының орынбасары, бастығы, 1990 жылы Торғай облыстық ПБ кадрлар бойынша бастығының орынбасары, 1995 жылы Қарағанды облыстық ПБ бастығының орынбасары, 1997 жылы Батыс Қазакстан ПБ-ні, 2001 жылы Атырау облыстық ПБ-нін, 2002 жылы Солтүстік Қазакстан ПБ-нің бастығы болды. 2003 жылдан құрметті зейнеткерлік демалыста. Есімі жазылған қарумен және «КР ПМ енбек сінірген қызметкери» төс белгісімен марапатталған.

**Рыспаев Женіс Қайыржанұлы** (25.01.1949. Петропавл қаласы) – генерал-майор. И.С. Конев атындағы Алматы Жоғары жалпы әскери командалық училищесін (1975), Әскери Қарсы барлаушылардың жоғары курсын (1978), КСРО МҚК ПГУ жоғары курсын (1984) бітірген. Жалпы әскери бөлімінің командирі, КСРО МҚК Ерекше бөлімінің аға уәкілі, 1986 жылы КСРО МҚК секторының Орталық Азия әскери округі бойынша аға уәкілі, 1987 жылы әуе ұшқыштар кадрларының білімін жетілдіретін орталық курсы бойынша КСРО МҚК бөлімі бастығының орынбасары (Фрунзе қаласы), 1989 жылы КСРО МҚК Жоғары курсының шет тілдері кафедрасы менгерушісінің орынбасары, КСРО МҚК МСБ Түркістан әскери округі бойынша әскери қарсы барлау бөлімі секторының бастығы, 1992 жылы бөлім бастығының орынбасары, КР ҰҚҚ әскери қарсы барлау басқармасы бастығының орынбасары, КР Қорғаныс министрлігі Бас барлау басқармасының бастығы, 1997 жылы мамыр айынан КР ҰҚҚ төрағасының орынбасары, 1997-1998 жж. КР ҰҚҚ «Барлау» қызметтінің директоры. Қызыл Жұлдыз орденімен және медальдармен марапатталған.



**Спичев Владислав Петрович** (20.06.1934. Солтүстік Қазакстан облысы казіргі М. Жұмабаев ауданы Ганькин ауылы) – дәрігер, медицина қызмет көрсетудің генерал-майоры (1979). Бурят АКСР-інің енбек сінірген дәрігері. 1955 жылы Н. Щорс атындағы Омбы әскери-медициналық училищесін бітірген соң әскери фельдшер болып қызмет атқарған. 1964 жылы Ленинградтағы Әскери-медицина академияны бітірген. 1968 жылға дейін Солтүстік Қазакстан әскери округінде әскери міндеттін өтеген. 1970 жылы академияның білім жетілдіру факультетін бітіріп, Байкал маны әскери округіне жұмысқа жіберілген. 1982-1987 жылдары Мәскеу әскери округінің медицина қызмет көрсету саласын баскарған. Ауғанстанда қызмет бабымен іссапарға барып қайтқан, Чернобыль АЭС-ында болған жарылыш кезінде адамдарды құтқару жұмысына қатысқан. 1987-1989 жылдары Сирия Араб Республикасының ішкі істерінде кенесші қызметтің атқарған. 1990-1992 жылдары Әскери институттың басшысы болған. 200-ден аса ғылыми еңбектің, оның ішінде бірнеше монография мен оқу күралының авторы. Кызыл Жұлдыз, «КСРО Қарулы Құштерінде Отанына қызметті үшін» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**Сырцов Александр Михайлович** (26.03.1936. Солтүстік Қазакстан облысы Мамлют ауданы Казанка селосы) – генерал-майор (1980). Қызыл Тулы Омбы жалпы әскерлік командалық училищесін (1958), Фрунзе атындағы Әскери академияны (1969), КСРО ҚК БШ академиясын (1978) бітірген. 1969-1976 жылдары Кенес әскерлері Батыс және Орталық топтары дивизиясының командирі. 1978-1980 жылдары БелӘО танк әскери қолбасшысының бірінші орынбасары, 1980-1982 жылдары Кампучия Республикасы Корғаныс министрінің әскери аға кенесшісі, 1982-1992 жылдары КСРО Корғаныс министрлігінің Құрлық әскерлерін әскери даярлау Бас баскармасының, бағдарламалық-қаулы баскармасының бастығы қызметтерін атқарған. Ордендермен және медальдармен марапатталған.

**Тайжанов Ерлік Серікбайұлы** (30.05.1960, казіргі Жамбыл ауданының Есперлі ауылы) – зан ғылымдарының кандидаты,



генерал-майор. ҚР ҰҚҚ-нің құрметті қызметкері, Қарағанды қаласындағы КСРО ПМ-нің жоғары мектебін бітірген (1984). Еңбек жолын 1977 жылы Благовещен селосында механизатор болып бастаған. 1984-1993 жж. КСРО Қауіпсіздік комитетінің құрамында Қызылорда облысы бойынша оперативті және тергеу бөлімдерінде қызмет аткарған. 1993-2000 жж. ҚР ҰҚҚ-тіндегі жауапты қызметте болды. 2000-2001 жж. ҰҚҚ СҚО бойынша департаментінің, 2001 жылдан ҚР ҰҚҚ Астана қаласы бойынша департаментінің бастығы. Құқық қорғау ұйымдары үйлестіру кенесінің мүшесі. Тайжанов самбо және коян-қолтық спортынан спорт шеберлігіне кандидат, Солтүстік Қазақстан қаратә федeraçãoсының Құрметті президенті. 4 медальмен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10 жыл», «Ұлттық қауіпсіз етуде үлесі үшін», 2 белгімен марапатталған.

**Тасболатов Абай Бөлекбайұлы** (21.09.1951 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Николаевка ауылы) – генерал-лейтенант (2002), тарих ғылымдарының докторы (2006), Ресей Федерациясы Қарулы күштері Әскери академиясының жоғары академиялық курсын бітірген (2007), профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Ресей Федерациясы Әскери ғылымдар академиясының мүшесі, 1973 жылы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесін бітірген, 1983 жылы М.В. Фрунзе атындағы Әскери академияны бітірген, 1991 жылы Мемлекеттік корғаныс комитеті жанындағы жоғары оқу орындары және әскери емес штаб дайындығы бөлімінің бастығы қызметтін аткарған, 1992 жылы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесінің бастығы, 1997-2002 жж. – Әскери академияның бастығы, 2002-2006 жж. – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, 2006 – 2011 жж. – Республикалық «Ұланның» колбасшысы. 2012 жылдан бастап бесінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының мүшесі, партиялық тізім бойынша сайланған. Бұрын оқырмандарға еліміздің Қарулы Қүштерін құрудағы және дамытудағы Елбасымыздың рөлін ашатын «Жоғарғы Бас



колбасшы – әскери қауіпсіздік кепілі», «Қазақстанның әскери тарихы» және «Дауылпаз баба – Қожаберген» атты кітаптарымен танымал болды.

I дәрежелі «Данқ», II дәрежелі «Данқ», III дәрежелі «За службу Родине в Вооруженных Силах СССР» ордендерімен және «За боевые заслуги» медалімен марапатталған.

**Тоқышев Қалиакпар Жұбанышұлы** (06.08.1949. Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Жамбыл ауданы Есперлі ауылы) – генерал-майор. КСРО ПМ Ленинград жоғары әскери-саяси училищесін (1974), В.И. Ленин атындағы Әскери-саяси академияны (1983) бітірген. 1967-1968 жж. бастауыш мектеп мұғалімі болып жұмыс істеген. 1968-1970 жж. Кенес Әскері катарында әскери борышын өтеген. 1974-1994 жж. – ҚР ПМ Ішкі әскерінде әр түрлі қызметтерде, 1994-1997 жж. ҚР ҰҚҚ Әскери институтында факультет басшысы болды. 1997 жылдан ҚР ПМ ІЭ колбасшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Соның уақытта «Қорғау» республикалық корының директоры. Медальдармен марапатталған.

**Тимофеев Андрей Иванович** (1915, Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі Есіл ауданы Явленка селосы – 1984, Украина, Севастополь) – контр-адмирал, 1930 жылы «Жанажол» ұжымшарында жұмысшы, кітапхана менгеруші болып жұмыс істеген. 1932-1933 жылдары аудандық оку бөлімінің нұсқаушысы, кейін комсомолдық қызметтерде болған. 1937 жылы Әскери-теніз флотында борышын өтеп, әскер катарынан босатылған соң Омбы теміржол төлкүжат бөлімінің бастығы, 1939 жылы Омбы қаласының Ленин ауданының атқару комитетінде хатшы, ал 1940 жылдың мамыр айынан бастап мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде қызмет істеген. Ұлы Отан соғысы кезінде әскери карсы барлау қызметінде жұмыс істеп, бандиттік жасырын әрекеттерді жоюдағы чекистік-әскери операцияларға қатысқан. Соғыстан кейінгі жылдары Балтық, Тынық мұхит, Қара теңіз флоттарында әскери карсы барлау мекемелерінде басшылық қызметтерде болды. З мәрте Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» орден-



дерімен және медальдармен марапатталған. КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің Құрметті қызметкері.

**Шевцов Леонтий Павлович** (14.03.1946. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Акжан ауылы) – генерал-полковник. Ташкент жоғары жалпы әскери командалық училищесін (1968), М.В. Фрунзе атындағы Әскери академияны (1977), Бас штабтың әскери академиясын (1990) бітірген. Германияда Кенес Әскерлері тобының Кенес құрамында әскери қызмет атқарған. 1973 жылы ЗабӘО-нде: штаб бастығы, полк командири, дивизия командири болған. 1990-1992 жылдары 8-гвардиялық армияның штаб бастығы, 1992 жылы ЗГВ 1-гвардиялық танк Әскерінің, ал әскерлерді Ресейге шығарған соң Бас штабтың негізгі Шұфыл істер басқармасы бастығының орынбасары қызметтерін атқарған. 1994 жылдың желтоқсан айынан 1995 жылдың сәуіріне дейін Шешенстандағы Құрама топ әскерлері штабының бастығы болды. 1995 жылы РФ ҚМ Шұфыл жұмыс тобының бастығы, Босния мен Герцеговинада әскерлердің Ресей мемлекеті бойынша тұрақтандыру күштерінің Жоғары Бас колбасшысының орынбасары, 1997 жылдың шілде айынан РФ Ішкі істер министрінің орынбасары – РФ ПМ Ішкі әскерлерінің Бас колбасшысы болды. Қазіргі уақытта Ресей-Белоруссия одағының шұфыл жұмыстарымен айналысады.



## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлкей Марғұлан. Ежелгі жыр-аныздар. – А.: «Жазушы» баспасы, 1985 ж.
2. Әнвар Дербіалин, Мұхаммедрахим Жармұхамедов. XIX ғасырдағы казак аныздары. – А.: «Ғылым» баспасы, 1988 ж.
3. Қазак әндерінің антологиясы. Құрастырған Ж. Кәрменов. – А: «Өнер» баспасы, 1991 ж.
4. Ғабит Мұсірепов. Ұлпан. – А.: «Жазушы» баспасы, 1975 ж.
5. Ғабит Мұсірепов. Құнделік. – А.: «Ана тілі» баспасы, 1997 ж.
6. Сәбит Мұқанов. Өмір мектебі, 1-кітап. – А.: «Жазушы» баспасы, 1970 ж.
7. Қазак Кенес энциклопедиясы. Төрт томдықтың 4-томы. 1989 ж.
8. XIX ғасырдағы казак поэзиясы. – «Ғылым» баспасы, 1985 ж.
9. «Айтыс» жинағы. I-II томдар. – «Жазушы» баспасы, 1988 ж.
10. Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. «Қазак колжазбасының ғылыми сипаттамасы», 2-том. – «Ғылым» баспасы, 1979 ж.
11. «Ел аузынан» жинағы. – «Жазушы» баспасы, 1985 ж.
12. Е. Рахмадиев. Время и музыка. – «Өнер» баспасы, 1986 ж.
13. М. Мұқанов. Из исторического прошлого. – «Алматы» баспасы, 2000 ж.
14. Қекбай Жанатаев. «Абылай хан», жинақ. Құрастырған Сейітқали Қарамендин. – А.: «Дария-пресс» баспасы, 1993 ж.
15. Сәбетқазы Акатаев. Інжу-маржан секілді. – А.: «Өнер» баспасы, 1995 ж.
16. Серік Негимов. «Ақ бота», жинақ. – «Жазушы» баспасы, 1992 ж.
17. Нәбиден Эбуталиев. Сегіз сері. – «Жалын» баспасы, 1991 ж.
18. Нәбиден Эбуталиев. Шок жұлдыз. – «Алматы» баспасы, 1998 ж.
19. С. Әбілғазин. Нұржан Наушабаев шығармалары. – Қостанай, 1999 ж.
20. Төлеш Сүлейменов. Сегіз сері. – «Өнер» баспасы, 1991 ж.
21. Қаратай Биғожин, Социал Жұмабаев. Сегіз сері. Таңдамалы шығармалары. I-II кітаптар, 2003 ж.

22. Қаратай Биғожин, Социал Жұмабаев. Қожаберген жы-  
рау. Таңдамалы шығармалары. – Петропавл, 2002 ж.
23. Дәүлеткерей Кәпұлы. Гауһар тас. – «Елорда» баспасы,  
2004 ж.
24. Республикаға танымал өлкетанушы Қаратай Биғожин-  
нің жеке мұрафаты.
25. Социал Жұмабаев. Тұған ел шежіресі. – Петропавл,  
2007 ж.
26. Бекет Тұрғараев. «Бабалар сөзі – даналар көзі». – Пет-  
ропавл, 2009 ж.
27. Женістің қыын жолымен. – Петропавл, 1995 ж.
28. Солтүстік Қазакстан облысының энциклопедиясы. –  
Алматы, 2004 ж.



## **МАЗМҰНЫ**

### **Қызылжар өңірінің тарихынан**

Солтүстік Қазақстан облысы туралы жалпы мәлімет ..... 3

### **Қызылжар өңірінен шыққан батырлар мен би-шешендер**

Батырлар мен би-шешендер .....	43
Кенес Одағының Батырлары .....	148
«Данқ» орденінің толық иегерлері .....	205
Социалистік Еңбек Ерлері .....	209
Генералдар .....	236
Пайдаланған әдебиеттер .....	248

## **ЕСІМДЕРІ ЕЛ ЕСІНДЕ**

**Құрастырған Абай Тасболатов**

Редакторы *Аяужан Бұркітбаева*  
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*  
Көркемдеуші редакторы *Женіс Қазанқапов*  
Корректоры *Шолпан Оразбаева*  
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*



Басуға 05.11.12 қол қойылды.  
Пішімі 60x90  $\frac{1}{16}$ . Офсеттік басылыш.  
Шартты баспа табағы 15,75.  
Тапсырыс №134. Тарапымы 2000 дана.

1200 ₸

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13





Республикасы Парламенті Халықаралық істер, әне қауіпсіздік комитетінің мүшесі, генерал-рих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ассы Ұлттық жаратылыстану ғылымдары ың академигі, Ресей Федерациясы Әскери ғылымдар ың мүшесі – Абай Тасболатов бұрын оқырмандарға ың еліміз Қарулы Күштерін құрудагы және рөлін ашатын «Жоғарғы Бас қолбасшы – әскери тәпілі», «Қазақстаниң әскери тарихы» және аба – Қожаберген» атты кітаптарымен танымал

ызға тиіп отырган «Есімдері ел есінде» кітабына қірінен шыққан батырлар мен би-шешендер, Ұлы батырлары мен Еңбек Ерлери жайында зерттеулер

ISBN 978-601-292-599-9

9 786012 925999